

СЭКЕН

СЭКЕН
СЭЙФУЛЛИН

СЭКЕН

СЭЙФУЛЛИН



7



T
E
S
T
K
E
D
I
C
H
O
R
U
S

СӘКЕН



КӨП ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ

СЕЙФУЛИН



7

Оқу
құралы

0 5 5 4 8 2

1/2 б

ОРТА ДЫКТАНДЫРЫЛГАН
КІТАГХАНАЛЫҚ ЖҮЙЕ



Алматы
КАЗИФУРТ
2007

*Қазақстан Республикасы
Мәдениет жөнө ақпарат министрлігінің
багдарламасы бойынша шығарылды*

Редакция алкасы:
**С. Абдрахманов, Н.Аскарбекова,
Р.Асылбекқызы, К.Ахмет, Г.Әбуғалиева,
А. Кәкен, Т.Кәкішұлы, Т.Көпбаев**

Құрастыруышылар:
Тұрсынбек Кәкішұлы,
Қазақстан Республикасы
ғылымына еңбек сінірген қайраткер, профессор.
Күләш Садыққызы Ахмет,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Сейфуллин Сәкен
С 31 Көп томдық шығармалар жинағы. — Алматы: «Қазығұрт»
баспасы, 2007. Т.7. — 416 бет.
ISBN 9965-22-208-8

Казак әдебиеттің негізін калаушы көрнекті жазушылардың бірі
Сәкен Сейфуллиннің бүл томына казак әдебиеттің тарихына талдау
жасайтын «Казак әдебиеті» атты шыгармасы еніп отыр. Сәкениң бүл
енбегі кітап оқушыларға көп мағлұмат береді, қызықты оқылады.
Kitap көпшілік оқырманға арналған.

ББК 83.3 Қаз

C 4603020000
482(05)-07

ISBN 9965-22-208-8 – (Т.7)
ISBN 9965-22-000-X

© «Қазығұрт» баспасы, 2007

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТИНДЕ ЖАНА ЭРА

Іүкіл адам баласы, оның ішінде қазақ халқы үнемі оркендеу, орлеу жошында келе жеткісаның жақсы білеміз. Бұның бөгөтсіз жазық жермен тар-та беретін даңғыл еместігі де, алғы беретінде ылды мен өрі, құзы мен шызы, жиіттарысы мен бұрылысы, аскары мен асуы көп екендігі де бізге мәлім.

«Елді ер бастайды» дегіді қазақ мәтепі. Тарихи коши өркендеу, орлеу жиітнінда келе жеткісан барлық елдің де, олардың ішінде қазақтың да бастаудын ерлері бар. Сондайлардың біреуі және бірегейлерінің біреуі жасы жиіттікке, әдебиеттік қызметі елуғе толуын бұкіл республика тоілап отырған Сәкен Сейфуллин.

Бұл арада «бірегей» деген сөзге тоқтала кету қажет. «Ел – аласыз, тоң – жағасыз болмайды» дегіді қазақтың даныштан мақалы. Рас. Ешір сүйіліп еши уақытта аласыз, яғни бастаушысыз жасасаған күні жоқ. Ондай бастауышының болмаса, ел де болмас еді.

Бірақ бастаушы мен бастаушының арасында айырма бар: ел көшінің әкімдік жүргісінде бастаушы бар да, Сәкениң тілімен айтқанда, ол көштің «таптап кешу, тар жолдан» отерде бастаушысы бар. Сәкен Сейфуллин сөзін жүйеге жеткіттің бастаушы. Енді осы сөзді дәлелдеуге тырысайык.

Катак халқының социалистік Ұлы Октябрь революциясына көштепі, патриархалды-феодалды түрмиспен, шала сауаттылықпен, сол түрмисқа сәлікес ой-санамен жетуі бізге мәлім. Адам баласының өркендеу беретінде жиңіза, жарқын, ершіл жол ашқан Октябрь революциясына осындаи халде көліккен қазақ ұлттың, ұлы Лениннің тілімен айтқанда, капитализмді ат-таптап отіп, социализмге жеткізу – оңай жол болған жоқ. Бұл, тагы да Сәкениң сазымен айтқанда, «тар да, тайғанак та жол» еді. Қазақтан осы жиіткілік алғаш түскен азганға адамдардың бірі және бірегейі – Сәкен Сейфуллин.

Бұл арада «бірегей» деген сөзге тагы да тоқтала кетейік. «Аврора» шылдрагендің даусымен оның, Октябрьдің қызы күресіне белсеніп түседі көткен қазақ большевиктерінің саны бірталай. Солардан Сәкен Сейфуллинді жеке тен алатын себебініз: оның қолында, өзге большевик қазақтардың қолында жоқ қару болды, оның аты – көркем әдебиет.

Қазақ әдебиетінің тарихында, оның барлық жсандығыда Октябрь революциясының тақырыбына, пролетариат диктатурасының тақырыбына, советтік құрылыштың тақырыбына бірінші болып сойлеу, тек Сәкен Сейфуллиннің гана маңдайына жазылған бақыт. Революцияның алгаашы уш жылында, қазақ тілінде бұл тақырыптарға Сәкенниен басқа шыгарма жазған қазақ жоқ.

Кейінгі бес-алты жылдың ішінде, қазақ республикасында жарияланған саяси және тарихи бастауыш докumentтердің бәрінде, «Сәкен Сейфуллин қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушы» делінуі сондықтан. Бұл – ешкім таласа алмайтын тарихи шындық.

Сәкен қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаған жазушы гана емес, сол негіздің үстінен салтанатты сарайын да салысқан адам. Бұл әдебиеттің алгаашы жиырма жылында, барлық жсанды да Сәкеннің сіңірген еңбекі ұлан-байтақ. Сәкен қазақ кеңес әдебиетінің барлық жсанды да алдыңғы қатарда болып, бәрінде де ескірмес, өштес үзгілерін жасады. Мысалы, сол бір тұстагы қазақ кеңес әдебиетінде мазмұн жағынан да, түр жағынан да: поэзияда «Советстан» мен «Қөкшетаудың» алдына, прозада «Тар жол, тайғақ кешу» мен «Жер қазғандардың» алдына, драматургияда «Қызыл сүңқарлардың» алдына түсер шыгарма болған жоқ. Бұл шыгармалар – қазақ әдебиетіндегі жасалған социалистік реализм әдісіндегі шыгармалардың түңгышшары.

Сәкен қазақ кеңес әдебиетін бірінші бол бастауымен бұл жөнде, барлық жсандар да құнды шыгармалар түгызумен қанагаттанбай, вінен басталған қазақ кеңес әдебиетінің кадрларын жасауда да ұлан-байтақ еңбек сіңірді. 1922 – 1925 жылдар арасында, қазақ республикасының басқарушы газеті – «Еңбекші қазаққа» (кейінгі – «Социалистік Казақстан») редактор болып қызмет атқарған Сәкен, осы жылдарда, қазақ кеңес әдебиетінің ага жазушылары: Бейімбет Майліннен, Амангали Сегізбаевтан, Жиенгали Тілепбергеновтен, Самат Нұржановтан, Елжас Бекеновтен бастап, жаңа әдебиеттің жас кадрларына газеттің бетінен кең орын ашты, алардың шыгармаларын газетке үздіксіз жсариялат тұрды. Қазақ кеңес әдебиетінің бірінші үйімы – КазАПР, 1925 жылы осы жазушылардан құрылып, үйімді Сәкен мен Бейімбет басқарды. 1927 жылы бұл үйімнің алгаашы альманагы – «Жыл құсы», 1928 жылы бірінші журналы «Жаңа әдебиет» шығып, оларды да Сәкен басқарды. Қазақ кеңес әдебиетінің кадрлар қатары молая түсті.

Сәкен қазақтың кеңестік жас әдебиетінің жас кадрларын тәрбиелеу, осіру ісінде, мектептік магынасындағы мұғалімнің де қызметтің атқарды. Алғаш Ташиенттегі қазақ педагогика институтында (1928-30 жылдар), одан кейін қазақтың Алматыда ашылған педагогика институтында (1929-37 жылдар) профессор болып лекция оқыған, оның алдынан қазақ кеңес әдебиетінің қазіргі атақты жазушылары мен сыншылары: Тайыр Жароков, Әбділда Тәжібаев, Жұмагали Саин, Фали Орманов, Қажым Жұмалиев, Хам-

за Есенжанов, Дүйсенбек Еркімбеков, Мұхаметжан Қаратеев, Есмагамбет Әйсмайлов, Белгібай Шалабаев, тағы басқалар оқып шықты.

Казақ әдебиетінің революциядан бұрынғы дәуірін жөнен кеңестік дәуірін ірттеп өзілімін еткөң жазуда да Сөкениң қызметі көп. Солардың ішіндең күрделісінің жөнен көлемдісінің біреуі – «Казақ әдебиеті» аталаатын кітабы.

Сәкен саяси, гылымдық, жазушылық істерінің бәрінде де социалистік Ұлы Октябрь революциясының ісіне, пролетариаттық идеологияның ісіне пайда келтіру мақсатымен гана еткөң атқарған адам. Бұл істерінің бәрінде де ол ең алдымен күрестер болышевик: бәрінде де жастапқа, жаст идеология соққы беруші. Ол «Казақ әдебиеті» аталаатын гылымы еңбегін де тек осы түргідан қарап қашаған.

Революцияның, кеңестік құрылыштың алгаашқы жылдарында өз мақсаттарын іске асыруда қайрат жасаған байыл-ұлтылдар, «қазақта алеуметтік таптар жоқ, сондықтан бұл елде таптық әдебиет те жоқ» деген сапиқтастырылған үгіттеді. Осы теріс пікірge қазақтың әдебиеттәнү гылымының ой-санасында бірінші рет қарсы шыққан адам – Сәкен Сейфуллин. Бұл қарсылығын ол, алғаш үсақ мақалалардан бастады да, отызының жылдардағы басында жасырық, көрген «Казақ әдебиеті» аталаатын қалың кітабында туғыннедеді. Бұрынғы мақалаларында да, бұл аталаған кітабында да, Сәкен марксизм-ленинизм қағидаларына сүйене отырып, «Әдебиетте таптармысының құралы» деген пікірді айтты. Бұл – қазақтың әдебиет тану гылымында Сәкен Сейфуллин кіргізген жөнен дұрыс бағытта кіргізген жаңалық.

Бірақ, мына еткөң қазақтың әдебиеттәнү гылымына алгаашқы тартиләп сурлеу болғандықтан, солы, комескі жері де аз емес. Мысалы, «қазақ мәдениеті де тап тартысының құралы» дей отыра, Сәкен аталаған кітабының сөттіне «Білдер дәуірінің әдебиеті» деген қосымша есім тағады да, қазақ көзчындағы қанашуы тапты – билер табы деп атап, (олай атап да дұрыс емес – С. М.) XIX ғасырдан аргы қазақ әдебиеті «білдер әдебиеті» деп, яғни «қанашуы таптың әдебиеті» деп санайды. Сойте тұра, мысалы, «Шора өттір» жырын «қанашуы тап идеологиясы тұгызған» дейді. «Камбар» жырын еткөкші, яғни қаналушы таптың санасынан тұган дейді. Сойтін, өз кітапта Сәкен өзін-өзі қайши келеді. Кейін, 1934 жылғы оку құралы кітабында, Сәкен ол қайшылығын жойып, қазақ әдебиетінің барлық дәуірінде де тап тартысы сипатталатынын ашып айтады.

Сөкениң «Казақ әдебиеті» аталаатын кітабында әдебиеттік талдау-шар ойдағыдағы жете бермейді. Ол әдебиеттік талдаулар біраз жерде жеке шығармалға талдау жасаудың орынша, одан мысалға үзінділер алumen қанаплаттаптын отырады. Бұл да әдебиеттәнү гылымының сол кездегі жасаңдылана күді.

«Казақ әдебиетінің» басында Сәкен қазақ тарихына біраз шолу жасалған. Қолденең қарған кісіге бұл шолу – нақ осы кітапқа қажет емес сияқты. Расында олай емес. Сәкен бұл кітабын жасаған шақта, қазақ тарихы жүнде қоінілмаған, қазақтың тарихында марксистік еңбектер әлі жаса-


салмаган кез. Сондықтан, егер Сәкен бұл кіріспе тарауды жазбаса, талдағалы отырган әдебиет мұралары да толық түсінікті болмас еді. Кіріспе тарау кітаптың кейінгі әдебиеттік мол жағын ашып беретін кілт ролін атқарып тұр.

Егер Сәкен тірі болса, жалпы республика гылымымен, оның ішінде әдебиеттану гылымымен бірге сөсер еді де, «Қазақ әдебиетінің» кіріспесіне де, негізгі боліміне де соңғы тұръыдан көптеген өзгерістер енгізеді. Жеке адам-га табыну ісі өйтінегі мұмкіндік бермегі, Сәкен мезгілсіз қайылы қазага ұшырады. Солай бола тұра, бұл кітап қазіргі үрпаққа да, болашак үрпаққа да оте пайдалы шыгарма. Бұдан үрпақтар, қазақтың марксистік әдебиеттапу гылымының, қайдан, қандай дәрежеде басталуының айқын ізін көреді. Ондай ізсіз, бұл гылымының қазіргі даңызы, жарқын жалы да жасалмаган болар еді. Сондықтан да бұл кітап, азгантай гана қажетті қысқартумен, өзгерісіз басылып отырып.

Міне, осынша мол еңбектерінің бәрін қосып айтқанда, Сәкен Сейфуллин қазақ әдебиетінің тарихында жаңа эра демеуге хакымыз жок. Бұл оның қазақ тарихынан қайраттымен де, еңбегімен де алған аса құрметті және мәңгі жасасайтын тұрақты, көрнекті және басқа адамның ортагы жок, жеке орыны.

1964 жыл

Оқу құралы



СӨЗ БАСЫ

Журналдарға, газеттерге жазылған кейір макалалар болмаса, «пәлен ақынның, түтөн жазушының жазуы пәлендей» деп жазылған кейір үстірт сөздер болмаса, бүгінге дейін казақ әдебиеті туралы жазылған арнаулы еңбек жок.

Әсіресе ескі «ел әдебиеті» туралы жазылған ештене жок. Ескі «ел әдебиеті» туралы ештене жоктығы былай тұрсын, сол ескі ел әдебиетінің жинактары да жок... Радловтың, Диваевтың, Мелиоранскийдің, тағы баскалардың жинағандарының жаңылыстары тым көп. Радловтың теріс түсініктері де бар. Бұлар туралы бұл арада тексеріс қылмаймын...

«Казак әдебиеті» туралы мектептерде сабак бергенде колданатын ешбір құралдың жоктығының үстіне, «ескі ел әдебиетіне» келгенде, коріп, оқып, текстерітін ескі ел әдебиетінің жинағы да жок.

Сондыктан, «Казак әдебиеті» туралы бірдеме жазу, «ескі ел әдебиетін» іздең құрастырып, жинастыру оте қажет екендігі сонғы жылдарда тым катты сезілді. Қазақ әдебиеті туралы бірдеме жазу, ескі ел әдебиетін жинастыру, казак атаулы ел арғы ескі заманда, жабайы рушылық дәуіріндегі үстемшілік жүргізген таптың көсемдері мен ру бастықтарының әкімшілігінде жүрген заманнан қалған әдебиет жүрнектарымен, одан бертінгі орталық замандағы хандар, сұлтандар, билер, байлар, батырлар көсемдік қылған үстем таптың кол астында жүрген дәуірден қалған әдебиет нұскалары кірді... Бұл өзі екі дәуір болып каралуга тиіс еді. Бірак бұл екі дәуір әдебиетін мен біріктіріп, тек, билер дәуірінің әдебиеті деп атады... Екінші кітапқа қазақ атаулы ел Россия патшасының әкімшілігіне бағынған дәуірден қалған әдебиет нұскалары кірмек. Сондыктан хан-

лар, сұлтандар, батырлар, билер, байлар табының әкімшілік құрған замандарын, жалпы қыскартып айтканда, билер дәуірі деуді жөн көрдім.

Ескілікті тексеріп келгенде, сол ескіліктегі үстем таптың зан срежелерінің тұтқасының жуан ортасын ұстаған, үстем таптың санасының ұлы құзетшісі, ұлы үгітшісі билер болған сиякты. Билер аргы ерте қиманда ру бастықтары мәнінде болып, одан берірек орталық заманда нағызы би (бек, феодал) мәнінде болған. Бірақ мен аргы ертедегі ескіліктегі ру бастықтарын да, одан берігі орталық замандағы ру бастықтарлы да бір-ак сөзben «билер» дедім... Ескіліктегі хандардың, батырлардың, байлардың би ыспаты барлары, оте мықты болған тәрізді. Онсон, хандардың ақылгойлері де билер болып, хандардың жарлықтары билердің дегенімен болған тәрізді.

Сейтіп, ескіліктегі үстем таптың ең зор «құралы», зор күші билер болған сиякты...

Бұл, «билер дәуірінін» әдебиеті кірген бірінші кітапка әдебиет нұскалықтарын әдейі молырак, толығырак кіргіздім. Әйткені бұл кітап, бір жағынан, ескі ел әдебиеті туралы жазылған кітап болса, екінші жағынан, сол ескі ел әдебиет нұскаларының жинағы тәрізді материал болсын дедім.

Және, ескі ел әдебиетін оқығандар, казак атаулы елдің бұрынғы тарихи деректерінен табылған мағлұматтарды білмей болмайтындықтан, бұл кітаптың басына қыскаша тарих мағлұматтарын кіргіздім. Бірақ тарихи тексеріс жазуға мүмкіндік болмады.

Және, ескі ел әдебиетін құрастырғанда, таңдал, сұрыптаپ құрастырып шығаруға, колға түскен, табылған әдебиет нұскалары, материаллар көп болмады, колға түскен, табылған әдебиет нұскалары тек осы сияктыларға болды.

Ескі ел әдебиеті туралы жазылған бұрын ешбір із болмағандыктан, кітап қоңілдегідей жазылмады.

Кітаптың жазылуы әрі киын тиді, әрі асығыс болды. Ескіліктегі үстем тап, қыскасынан айтканда, билер табы болғандыктан, барлық әдебиет сол әкімшілік жүргізген үстем таптың санасымен шығып, үстем тап өз дәуірінің «тұрмыс қаймағын» бұздырмау ретінде мықты құрал болған. Бұл жәйтті бұл кітапта келтірген әдебиет нұскалары айқын суреттейді.

СӘКЕН.
16-наурыз. 1931 жыл. Алматы

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНАН ҚЫСҚАША МАҒЛУМАТ

Қазактың ескіліктен, алыстан жазылып келген, айтылып келген тарихы болмаған. Үлкеннен кішіге жатқа айтылып келген қазактың шежіресі, әңгімелері өмір өткен сайын қомескіленіп, көбі ұмытылып қалған болу керек. Өткен шежіре, тарихымыздың тек бөлшектенген қомескі жүрнектары ғана біздің заманымызға жетіп отыр. Біздің өмірдің басына шейін, көшпілігі құлан киікше қыыр далаларда жайылған мал өсімімен құнелткен, хандар, билер, байлар, батырлар табының билігінде, ықпалында жүріп, жерге, малға таласып, ұстем таптың шокпарын сындырып, коныс қуалап жөнкілген, салдырлаған көшпелі надан елдін тарихының тағдыры мұндай болуы – таңданарлық іс емес. Қазак тәрізді тіршілік қылып келген елдін өткен көне өмірінің шежіретарихының жазылып келмегендігіне, сол елдің өзінің тұрмысы, тіршілігі айыпты.

Қазактың ескіліктен жазылып келген тарихы болмағанмен, түрік-монгол жұрттарының бұрынғы замандардағы жайынан жазған Азия мен Еуропаның кейбір тарихшыларының, жолаушыларының әңгімелерінен құрастырып және қазактың өзінін ел аузында жатқа айтылып келгенінен қалған ескі сөздердің бөлшектенген жүрнектарын жинап құрастырып, сонғы жылдарда казактың шежіре-тарихын корытуға талап қылышылар болды. Бұл – қазак тарихын құрастырып, корытуға талап қылышылардың ішіндегі жинакты еңбек Мұхаметжан Тынышпайұлынікі. Бұл кісі, Еуропа мен Азия тарихшыларының, шежіре жазушыларының, қомескі болса да казакқа мензеген сөздерін, не казаклен қандас, тілдес түрік руларының қазакқа мензейтін сөздерін ерінбей төрғен тәрізді.

Және, өткен өмірдегі жазушылардың «қазакқа» мензейтін сөздерінен, және қазак туралы осы сонғы замандағы жазған жазу-

шылардын сөздерінен, онан соң, қазактың өзінің ел аузындағы ескі сөздерінен қалған кейбір дерек жүрнектарын бір-біріне салыстырып, жалпы түрік-монгол жүрттарының шежіре тарихымен байланыстырып, және орыс тарихымен жанастырып, өзінше талқылап корытканы көрінеді. Әрине, бұл Мұхаметжан корытындысының да, мениң қарауымша, теріс жерлері, кате жерлері, жетімсізділктері бар. 1) Бұл кісі қазакты өлімсактан келе жатқан тұтас «ұлы ел» дегісі келеді. Бұл – теріс пікір. 2) Корытындыда тәртіп жок.

Қазақ сияқты елдің тарихы тәрізді нәрсесінің алғашкы мағлұматтарын талқылау, әрине, кемшіліксіз болуы мүмкін де емес.

Бұл күнгі қазақ атандып отырған ел – монгол-түріктің бірнеше руларынан құралған ел. Бұл қазақ атандып құралып отырған елдің: Найман, Дулат, Жалайыр, Керей, Конырат, Қыпшак, Арғын деген белгілі рулары Шыңғыс ханының тарихында айқын аталатын түрік-монгол рулары. Түріктің жіктелген рулары Орта Азиядағы Алтай тауынан, Ыстыққөл манынан шығып, жайлы мекен, кен коныс қуалап, құншығыс пен құнбатыска тараған. Құншығыска – Байкал көлінің манына, ар жағына шейін; құнбатыска – Қара теңіз манына, Қырымға шейін, Кіші Азия, Арабстанға шейін тараған.

Шыңғысхан 1227 жылы өлді. Біреулер – 66 жасында өлді лейді. Екінші біреулер – 72 жасында өлді дейді. Олай болғанда, не 1161 жылы, не 1155 жылы туған болады. Шыңғыстың әкесінің қиманында Жалайыр, Конырат, Найман, Керей, Татар деген рулар – сол Шыңғыстың әкесінің руымен аралас, көршілес, Байкал көлінің манында, Онон, Керөлен, Орхон деген өзеннің өлкелерінде отырған. Сол манда Қырғыз рулары да болған.

Шыңғыстың әкесі бір татардың катынын тартып алған. Одан Шыңғыс туған. Шыңғыстың Бөрте деген бейбішесі – Конырат қызы. Кіші катынының бірі – Бисует катын есімді татар қызы.

Коныска таласып, жауласып, бірін-бірі шабысқан, мал өсіріп қүнелткен, оның үстіне аңшылық қылған көршілес руларды Шыңғыс өзіне бағындырып, 1189 жылы хан болған. Содан кейін, тагы да манындағы руларды бағындырып қүшейіп, 1206 жылы өзіне «Шыңғысхан» деген ат алған. Шыңғысханның тума аты Гемушін (Теміршін) екен. Темушін деген бір Татар руының бастығының аты екен. Тарихшылар «Темушін» дегенді, түрікше «темірші» деген сөз дейді. Мениң өйрімшама, олай дегеннен көрі «теміршын» деген сөзден бұзып алып жүрген есім деуге туралуа келеді.

Шыңғыс деген сөзді тарихшылар – «ұлы, құшті, биқ хан» деген сөз деп баяндайды. Олай болғанда, «шыңғыс деген» ат, – «шың-құз» деген сөз болады. Шыңғыс («шың-құз») атты – оларда, 1206 жылы, Теміршының ру бастыктарын шақырып құрган үлкен жиылсызында (құрылтайында), жиылдып отырған топқа шығып сөз сөйлеп: «Теміршын хан енді кішкене хан емес, бұл енді – ұлы, биқ хан болды. Көктегі тәнірдің әмірі бойынша, мұның есімі енді «Шың-құзхан» болсын!» деп жар қылған Конырат руынан Менлеке баласы «тәңірі бұты» атанған, Көкше деген баксы Шыңғыс («шың-құз») әскерінің он канатының бастығы болған.

Хандар билеген Азияның әр жеріндегі өзара жауласкан рұларды тегіс женіп, өзіне бағындырып, Шыңғыстың шұбырған қалың қолы күншығыстан күнбатысқа қаптап, Каспий теңізін жағалап, Кавказдан асып, жүрген жерлерін жаншып отырып, орыс жерін келіп алған. Шыңғыстың қалың қолының ішінде Күншығыстағы түрік руладынын бәрі де болған. Күншығыстан күнбатысқа қаптаған бетінде, түрік руладын қырғанын қырып, жаратқанын әскеріне қосып ала берген. Ақыры күншығыс Қытайдан – Орхон, Керөлен, Онон өзендерінен Кара теңізге шейін, Қырымға шейінгі кең жайлған екі арадағы бытыраған түрік рулады Шыңғыстың кол астында болған. Күншығыс пен күнбатысқа жайлған. Шыңғыстың кол астына біріккен қалың түрік-монғол руладының көпшілігі көшпелі, шаруашылығы көбінесе мал өсіру болып, ішіп-жемдері көбінесе малдың кесектей пісірген еті, ішкілігі қымыз болған. Бауырын көтерген еркегі кару-жарақ ұстап, әскер санаған. Әскер ылғи атты болған. Еркегі жасынан ат үстінде өсken. Бұлар – мал өсірген көшпелі, конысқа таласып, малға таласып жауласкан руладар болғандықтан, еркектері жасынан жауынгерлікке үйреніп, күндіз-түні бірдей, жорытқан бөріше, шабуылға шынықкан, көнтерілі, ыстыққасуыққа, аштыққа-шөлге шыдамды болған. Тұрмыстары ылғи жаугершілік болған соң, қасиетті малдары көбінесе жылқы болған. Жылқының еті мен сүті ен қасиетті, ен асыл тамак санаған. Қысқасы, ескіліктегі түрік-монғол руладының көпшілігінің тұрмысы мал өсіру болған.

Шыңғыс әскерінің орыс әскерімен тоқайласып женген жылы – 1223 жыл. Сол ұлы жорығынан кейін Шыңғыс, әлті күншығыс Қытайдан, күнбатыстағы Кара теңіз, Россияға дейінгі, өзінің

шұбырыған, жәнкіген, жер қайыстырғандай қалың көшпелі қолынан ат түккілгенде таптаған, ұзак көслігендегі жерлерді бәйбішесі Һарғыс мен туған Жошы, Шағатай, Ағатай (Үкітай), Төлі есімді төрт ұлына үлестіріп, бөліп беріп, өзінің туған жеріне қайтады. Бәйбішесінен туған кенже ұлы Төліге берген үлесі – Шыңғыстың өзінің туған жері және соған жалғас құншығыстағы аймактар болды («Кара шанырак»). Одан күнбатысқа қарай жалғасқан жерлер Аттабайдың үлесінен тиіді. Бірақ өзінен соң ұлы хан Ағатай (Үкітай) болтуын икемдеген. Сонымен, Шыңғыс өлген соң, ұлы хан – Аттабай болады. Ағатай үлесінен күнбатысқа қарай жалғас жерлер – Жагатай үлесіне. Ал одан күнбатысқа қарай жалғасқан (ең ұнбағын жақ шеттегі) Кара теңіз, Россияға шейінгі жерлер – Жошы үлесінен тиіді. Шыңғыстың төрт ұлына тиіген осы үлестердің барынше де түрік рулары болған. Бұл күнгі құралып, казақ атасынан отырган түрік-монгол рулары – Жошы үлесі мен Шағатай үлесінде болған. Содан, бірсызыра уақыттан соң, Шағатай үлесіндегі түрік-монгол рулары – Жошы үлесінен көшкен. Бұл рулар Шағатай үлесінен Жошы үлесінен көшкеннен кейін, құралып, көзірғі қызық атасынан отырган түрік-монгол рулары: Жалайыр, Қанлы, Аттын, Қыпшак, Қоңырат, Манғыт, Үйсін, Арғын, Найман, Қерей, тағы басқалары – Жошының үлесінде болған. Сонымен қоныр і қазақ атасынан құралған түрік-монгол рулары, ол кезде Қырымнан Еділ-Жайыққа, Құнбатыс Сібірге, Қаратаяу – Алатауға шешін жайылған, Жошы ханның үлесінде болған.

Жошы Шыңғыстан бұрын өлген. Жошыға тиісті үлескесе Жошының бес ұлы ие болған: Ежен, Бати, Береке, Шайбак, Тоқай-Темір. Жошы ханның иеленген жерлерін осы бес ұлы үлесіп болған алып, әрқайсысы өзінің үлесінен тиіген жерлерге хандық құрған. Бірақ өстіп бөлек-бөлек хандық құрғанменен, Жошыдан туған бұл бес ханның ұлы ханы – Бати болып, Батидың ордасы – Алтын орда болып аталаған. Өзге төртеуі – сол Алтын ордаға қарай-шын болған.

Жошының, жана аталаған бес ұлкен ұлынан басқа да ұлдары болған. Сол кіші ұлдарының белгілі біреуі Могол есімді болған. Моголдың немересі – Ноғай деген, көшпелі түрік руларының алакты мықты ханы болған. Жошы тұқымынан Батидан соңғы мықтылық данқы шыққан – сол Ноғай хан. Ноғай кіші хан болса да Алтын ордадағы ұлы хан Ноғай ханның дегенін қылып тұрған. Мықтылық данқы шығып тұрған Ноғай ханның атымен, кол

астындағы рулардың жалпы аттары «Ноғайлы», «Ноғай» болып аталған. Қазак атанып қалған, жөнкілген көшпелі түрік-монгол руларының көбі-ақ сол Ноғай ханның және оның ұрпағының қарамағында болған. Сондыктан көзіргі казак атымен отырған түрік-монгол руларының көбі, көп уақытқа шейін «Ноғай», «Ноғайлы» атанып жүрген. Ақыры бір кезде, Алтын ордаға қараған елдерді өзге көршілес елдері тегіс «Ноғай» деп ататын да болған. Жошының ұрпағынан таралған, хандар билеген қалын рулар бір-бірімен араласып жататындықтан, кейбір рулар жайлышының куалап, бір ханның жерінен екінші ханның жеріне көшіп барып, және одан қайта көшіп, не тіпті, үшінші ханның жеріне көшіп бара берген.

Атакты Ноғай хан 1306 жылы өлген... Ноғай хан өлген сонда көпке шейін Алтын орда руларын қөршілес елдер – «Ноғайлы», «Ноғай» атап келді. Алтын орда іріп-тозып, әлсірей бастап, уақ хандар билеген рулар өз беттерімен дәуір сүре бастаған кездері Ноғай ханның көшпелі рулары тіпті көпке шейін Ноғайлы аттынып келген. Бұл күні кеше Ноғай атымен қалған рулар да бар. Олармен бірге Ноғайлы, Ноғай атанып келген елдердің ішінде біздің қазак атаулы елдер де болған дедік. Қазақтың батырлар туралы айтылып жүрген ертегі-әнгіме, жырларының көбі – сол, көзіргі казак атанып отырған рулардың – Ноғай, Ноғайлы болып жүргендегі тұрмысы әнгімеленген жырлар. Сол себепті, көзіргі қазақтың жыр қылып жүрген «Алпамыс», «Шора батыр», «Қобыланды батырларының» ертегілерін және «Қозы Көрпеш – Баянды» Қырымдағы, Қазандағы, Астрахандағы, Сібірдегі, Башқұртстандағы Татар, Ноғай, Башқұрт атанып отырған түрік-монгол руларының бәрі де біледі... Олар да бұл ертегі-әнгімелердегі аттары аталағын батырларды өзіміздің тұмаларымыз деп санайды. Өйткені Ноғайлы атка бәрі де ортак болған. Бұл ертегі-әнгімелер сол Қырым, Қазан, Монгол рулары – бәрі бір ел болып Ноғайлы атанып, Ноғайлы болып жүргендегі көзіргі қазак-батырды ертек-әнгіме қылған жырлар.

Елдін аты – сол елді билеген атакты бидін, атакты ханның атымен атанып кететін, ескіліктен келе жатқан, өсіресе түрік руларында ескіден келе жатқан әдет.

Әзбек хан – Шыңғыстың Жошысының тұқымы Ноғай өлген сон, біраздан кейін Алтын орданың ханы болған кісі. Бұл оншалық мықтылықпен атағы шыққан емес, Шыңғыстың қол астындағы

олдердің біразы бұрыннан да мұсылман болғандарымен, Өзбек хан оғанда мұсылман дінін мықтылау орнатқан. Сондыктан мұның аты шықкан.

Осыреке мұсылмандық занын ертерек, мықтырак күрган жерде Өзбек ханының аты қөбірек шықкан. Мұсылмандықты бұрыннырак, мықтырак жүргізген Түркістан – Бұкар түріктері, Өзбек қол астындағы елдерді: «Өзбек елі» деп атайдын болған. Бұрын мұсылмандыққа бағынбай жүрген, Өзбек ханмен бірге мұсылманды болған кейбір түрік-монгол руладының өздері де кейін «өзбекпіз» дейтін болған. Қазак атанған түрік-монгол руладының ши бірсыптырасы бір кезде «өзбекпіз» деп жүрген. Өзбек хан үрпағының қол астындағы ел Түркістанды – Бұхарды келіп алғаннан кейін, бұларды «Өзбек» деп атау қалыптанғандай болған. Сондыктан сол замандағы Үргеніш жеріне орнаған, «Өзбек» атанған түрік-монгол руладынан көзіргі қазак атасып отырған Қонырат руының ертедегісінен казакша ертек-әңгіме-жыр болып жүрген қылактын, «Алпамыс батырын» «өзбек» деп те айтады. Көзірде «өзбекпіз» деп отырған Самарқан – Бұхар түріктері «Алпамыстың» «өзіміздін тума батырымыз» деп жыр қылып, ескі әдебиетіне кірізіп жүр. Үргеніш манындағы қарақалпактар да «Алпамыстың» «өзіміздін тумамызыз» деседі. Өйткені «өзбек» деген атка Өзбек ханың қол астында болған елдердің бәрі де ортақ болған...

Ұлы хан болып, Алтын ордаға ие болған Жошы ханының баласы Ішти үрпағы 130 жылдан ұлы хан болды. Бұл 130 жыл, тарихта Алтын орданың дәүірлеп тұрған кезі деп саналады. Енді, бұл арада Алтын ордаға қараған елдердің ыдырап, бет-бетімен жауласа бастаптан кезден былай болған заман түрін елестету үшін, біраз оқнігілардың басын шолып өтейік...

Мын-мындан төрт түлік мал өсіріп, қазандап ет асып, сабалып қымызы сапыруға ғана салынған хандар, билер, батырлар, байлилар табының қол астындағы жайылыска, коныска сыймай, жаулисулары үзілмей, аза бастаған, калың түрік руладын бәлшектеп ғилемеген Шынғыс тұқымы Батидын ен ақыры үрпағы өлген сон, Алтын орданың ұлы хандығына Жошының өнге үш баласының үрпағы таласты: Еген, Шайбак, Токайтемір үрпактары. Осы үшсөйнін үрпағынан 20 жылдың ішінде 15 хан бірін-бірі түсіріп, қалып өтті. 1372 жыл кезінде Алтын ордаға қараған жерлердің құншығыс жағын Орын хан билеп, құнбатыс жағын Мамай хан

10 5 5 4 3 9

билеп тұрды. Орын хан қүшейіп, Алтын ордадағы Токтамыс ханды күйп жіберді. Токтамыс, сол заманда замандағас болып хандық күрүп тұрған Ақсақ Темірge келіп, одан көмек алып, Орын ханмен неше рет соғысып, женіле берген сон, Темірдің өзі аттанды. Темір аттанған кезде, Орын хан өліп, оның орнына хан болып тұрған баласы Темірмөлік деген, Темірмен соғысып, женіліп, өзі өлтірліді. Сонан сон Токтамыс бүкіл Алтын ордаға хан болып, Мамайды да куды.

Сонан сон, Алтын орда үкіметі тағы да қүшейген тәрізді болады. Енді Токтамыс пен Ақсақ Темір соғысып, 1391 жыл мен 1395 жылдарда, Темір Токтамыстың әскерін киаратып женеді. Содан кейін Токтамыс пен Едіге батыр жауласады. Едіге белгілі атқамінерлер тәрізді, хан тұқымдарын бір-біріне карсы қылыш салып, кайта-кайта бір ханды тұсіріп, бір ханды оның орнына отырғызып, мырзалардың, батырлардың бастығы болып, шынында хан-хан емес, Алтын орда билігі Едіге батырдың қолында болады.

Сонымен Алтын орда мемлекеті аталған, ет жеп, қымыз ішіп, мың-мың қылыш мал өсіріп жаюғағана салынған, үстем таптың ықпалындағы қалың түрік рулары, кен-байтақ құба жондарға сиыспай, өзара қағысып, шабысулары ұлғасып, іріп, шіріп, тозып, жыртылып, әр жыртындыға ие болған хандар, жалпы Алтын ордаға қараган жерлерге өз өкімшілігін жүргізуге тартысты қүшетті.

1419 жылы Едіге батыр өлген сон және Едігемен жауласкан Токтамыс ханның баласы Қадырберді өлген сон, Алтын ордаға Жошының 5-ші ұлы Токай Темір үрпағы, ұлы Мұхаммет хан көтерілген. Оған, Алтын ордаға қараган жерлердің күншығыс жағын билеген Орын ханның немересі Барак хан карсы әрекет қылған. Және Алтын орданың «тағына мінбек» болып жүрген, тағы сол Орын ханның шебересінің баласы, кіші Мұхаммет, 1428 жылы Барак ханды өлтірген. 1432 жылы кіші Мұхаммет ұлы Мұхамметті женип, қуып шықкан. Ұлы Мұхаммет солтүстікке кетіп, 1439 жылы Казан хандығын жасаған. Бұрындағыдай мықты болмаганмен, өлі де болса да, Алтын ордада отырған хан баяғы Жошы хандығына қараган жерлердегі уақ хандардың үстінен қарайтын «ұлы хан» атанип отырған. Ұлы Мұхаммет 1439 жылы жасаған Казан хандығы да Алтын ордадағы ханды біраз уақыт «ұлы ұлан» деп қарап отырған. Кіші Мұхаммет 1432 жылдан 1460 жылға шейін Алтын орда ханы

богып отырған да, 1430 жыл мен 1450 жылдың арасында, Алтын ормана қараған жерлердің күншығыс шетінде, Шайбак үрлағынан Абылқайыр деген хан күшейіп тұрган. Сол жылдарда Абылқайыр үйкіл Алтын ордаға қараған жерлердегі хандардың күштісі болған. Абылқайырдың билеген үлесіндегі ногайлы-өзбек руларының мактысы – өз алдына бастықтары бар көшпелі ногайлар (ногай-шыры) болған. Алтын орданың ханы кіші Мұхаммет өлтірген Барак шинин балалары Жәнібек пен Керей 1456 жылы Абылқайыр ханмен өкпелесіп, өзінің сонынан ерген біраз көшпелі ногайлының срін, озге ногайлы, өзбек елдерінен жіктеліп, күншығыска қарай, Мүнгістан шегіне, Хан тауына көшіп кетеді.

Мине, осы азғана ногайлыға Жәнібек хан болады. Бұл азғана ногайлар: Арғын, Керей, Қыпшактың біразы, Алшынның біразы, Қатайыр руы еді. Бұлар Жәнібекті хан сайлап, өздері енді «казак» шапташ. Қазак хандығының алғашкы коры, үйиткысы өсылар болады...

Соңғылар, Алшынның біразы, Арғын, Керей, Қыпшактың біразы, Қатайыр руларынан құралған азғана ногайлы, ногайлар, 1456 жыны, озге калың ногайлыдан, өзбектен бөлініп шығып, Бал-шын ортасында оңтүстігіндегі Хан тауына көшіп келіп, «казак» атап болып Казак хандығын құрды. Бұл Казак хандығы да Алтын орманда отырған ханды ұлы хан деп қараған. Кәзіргі казак болып отырған калың елдін өзге рулары, көпшілігі, ол карсанда, әлі де Алтын ордана қараған калың ногай болған калпында, ногайлы мыр-шырының, хандарының, өзбек хандарының кол астында еді. Гүрек монгол руларының ескілігін қарастырған орыстың кейбір ғалымдары казак атаулы елді тек өзбек елінен бөлініп шықкан болып тұрады... Ол казак атаңған елдін ескілігін жете білмегендіктен шығып соғыс, ол қазак атаулы елдін ногай ханның елі болып, көп шығып «ногайлы» атап болып жүргенін білмегендік...

Егер бұл ногайлар «казак» деген атты қайдан тауып алды дегенде үзүн тұады. Ол сұрауға жауап беріп өтпей болмайды.

Кирил латын туралы 2 – 3 ертек бар. Бір ертек: перінің қызы – «ак қаз» болып келіп, сол «ак қаз» деген сөзден «казак» деген ат атқарылған зейлі. Бұл, әрине, казактың ертеғіге нанатын, «жалғыз солғын тоу бар», «перінің қызы бар» деп жүргендегі осындайға на-зариялы қыннан шықкан ертек. Казак «ак қаз» деген сөзден шыққан деген ертекті кәзір тек киял ертек кана деп қарауға болады. Бұл ертекке бұз күнде айналудың да керегі шамалы. Оナン соң қа-

зак – «қашақ» деген сөзден немесе, «казы-қақ» деген сөзден шыққан екен деген екі әңгіме бар. «Қазак» деген аттың мәнісін іздең адамға біраз айналып қарауға тұратын, міне, осы екі әңгіме. Және қазакты пайғамбар заманындағы Анас деген сақабадан тараған екен деген бір ертек бар. Бұл да қазақ не болса соған нанатын заманда шыққан қазактың түбін Мұхаммед пайғамбарға жанастырам деген қиялмен шығарған ертек.

Ал «қашақ» деген, «казы-қақ» деген сөзге келсек, бұл екі сөздің қай-қайсысын да қазақ деген атқа кисындырып жанастыруға болады.

1456 жылы, бастап Арғын, Алшынның біразы, Керей, Қыпшактың біразы, жалайыр руы, Жәнібек, Керей бастаған біраз ногай Абылқайыр ханмен араздасып, құншығыска қарай Монғулстан шегіне, Хан тауына көшіп кеткені тарихта рас оқиға. Түрік-монғол руладының тарихын түбірлей тексеріп жүр деген Бартольд деген ғалым, тарихта болған осы оқиғаны айтып, «қазақ» деген атты – казак сол Абылқайырға карсы болып, бөлініп кеткендік үшін алды. Ол заманда бір адам өзінің руынан бөлініп кетсе не бір хан үрпағы таққа таласып, женіліп, шеттеп шығып, тағы да топ жинап, өзін женіп таққа отырған туысына, реті келгенде, тап берудің ылажын андып жүрген болса, ондай адамдарды «қазақ» дейтін еді дейді... тек Бартольд қазақ атанған елді, өуел, Абылқайыр ханның өзбектерінен гана бөлініп шыққан еді дейді. Онысы тарихтың ол арасын жете білмегендік. Қазак атанған елдің көбінің Ногай ханның кол астында болып, көп заман «ногайлы» атасып келгенін білмегендік... Соңғы жылдардағы тарихты зерттеу бұл ретте, Бартольдпен пікірлестердің бұл сөздерін жетпей айтқан сөз екенін көрсетті. Және, қазактың тарихи ескі әдебиеті де Бартольдтың сөзін жетімсіз екенін, қата екенін айқын көрсетеді...

1. Ал өлгі, қазақ дейтін сөз – «қашақ» деген сөзден шыққан екен деген әңгіме, тарихшы Бартольдтың бұл молтак – шолактау сөзінен аулақ кетпейді. Ондай шеттеп, топ жинап, өзінің туысымен жауласып, тап беруге ылаж андып, реті келгенде тап беріп жүргендер, әрине, колына түсken, жауласқан туысын аямайтын болар. Жауласқан туысының, реті келсе, қанын үрттап» кету ондайлардың үйреншікті істері болар. Олай болғанда шетке шығып алып, үйтіп жүрген жау туыстарын, ана қалған елдегі туыстары «қашақ» десе де, тіпті «қасақы» десе де мүмкін. Ал қалың

олегі тұыстары бөлініп жау болып жүрген тұыстарын «қашак», «қасакы» дегенде, «қашак», «қасакы» атандып жүргендер, өздерін оңдери: «Біз қашак», «қасакы» емес, «казы-қакпыш...» деулері де мүмкін. Жаумен соғысканда: «өлтірсек – казымыз, өлсек – шейіт-ші» дейтін казактың ескіден қалған сөздері бар. Жауласып, «қашап», «қасакы» болып жүріп, «біз казымыз, және ісіміз ак деулері» деген мүмкін.

Әр тарихшылардың «казак» туралы жазған мағлұматтарын іеріп келіп Мұхаметжан Тынышпайұлы былай дейді: «Алшын деген ел қазак атандып, Кара теңіз бен Кавказ тауынын солтүстік жағында болған, кейін ол қазактар көшіп Еділдің аяғына келген. 11 ғомірде (ғасырда) Сібірдің, Түркістанның көшпелілері «казак» деп аталған. 15-шы, 16-шы ғомірлерде (ғасырларда) Жәнібек хан-шының құрған, қазак елі атанған хандығымен катар, бұрынғы Алтын Орлиның жерлеріндегі халықтардың бәрі де «казак» атанған дейді.

Бул кісінің тарихшылардан терген «казак» туралы мағлұматтарының ішіндегі айқындаулары мыналар: Парсы жұрттының 1020 ғасыр кезінде ғомір сүрген атақты Фердауси деген ақынның жазған «Рустем» деген дастанында «казак», «казак ханы» деген сөз ойрекен.

2. Карамзин деген орыс тарихшысының айтуынша, Свято-Ільяс деген орыс князі 968 жылы Кара теңізге құятын Кубань деген оңтүстік солтүстік жағында «косек» дегендерді женипті.

3. 10-ғомірде (ғасырда), Византи елінің патшасы Константин Порфириородный деген кісі, әлгі Кубань өзенінің алкабын «казак» (казахия) деп атапты.

4. Еберс деген тарихшының айтуынша, 956 жылы өлген, араптың Максуды деген жазушысы жазған бір сөзінде, «қашед» деп, сол, олға айтылған жерді айткан.

5. Ников деген орыс шежіреші: «1223 жылы, Шынғыс әскері Қыпкіт тауынан асып келіп, «қасак» (касах) жерін басып, қыпниктарды киратып, соңан соң орыстарды киратқан» деп жазған.

6. Атақты Ноғайханның заманында, Кавказдан черкестерді шыкырып келіп, Рылск деген каланың маңына орнатқан. Сол черкестер өздерін-өздері «казакпыш» деген.

7. 1397 жыл мен 1410 жылдарда Қырым татарларының біразы Литва сліне ауып барған. Литва королінің хат тасуушысы қызметтілік болған татарлар «казак» атанған. Ол кезде орыстын «казак-орыс» легендері шықпаған кез еді.

8. Күншығыс жакта, 1456 жылы Жәнібекті хан көтерген ногайлар – қазак атасып, бастап Қазак хандығын құрғанда, 1474 жылы Қырым ханы Менлікерей, 3-інші Иван атты орыс князына жазған хатында: «Сенің жерінді тартып алуға, мен ұландарымды, мырзаларымды, казактарымды жібермеймін» деген.

9. 1523 жылы Морозов деген орыс түрік сұлтанына айткан сөзінде: «Сенің казактарын бізге тие береді» деген.

Бұл мағлұматтардан көрінетін нәрсе мынау: көп елінен екшеуел шығып, жауынгершілік кәсібінде болғандарды «казак» деген. Күншығыстағы Абылқайыр ханға араз болып, әлгі Хан тауына көшіп барып, қазак атасып, Қазак хандығының негізін құрған, Жәнібек бастаған аз ногайлардан басқа да, Алтын орданың бөлек-бөлек хандарының бәрінін де жауға аттанғандай алып шығатын күшінін бір түрлісін – казак деп атаған. Оған дөлел, әлгі Қырым ханы Менлікерейдін орыс князы 3-інші Иванға жазған хатынан көрінеді. Және, 1471 жылы, орыстың Новгород деген қаласына аттаныс қылғанда, Қасымлықтар мырзасы Данияр деген, өзінін «қазактарымен» барған.

1481 жылы Алтын ордадағы Ақмет ханға қарсы аттаныс болғанда, Шайбак үрпағы Ыйбак хан мың «казакпен» келген. Және, Мұса мен Жанбыршы деген ногай мырзалары он бес мың «казакпен» келген.

Карамзин жазады: 1499 жылы, татар ордалық «казактар» және азовтық «казактар», – «Олешне поселкесін келіп алды» дейді. Және, 1508 жылы, Қазан ханы Әбділлатип, орыс князы Василийге жазған хатында: орыспен соғысуға «казактарын жібермеске» уәде қылады.

Бұдан кейін, тарихта 1531 жылдан 1587 жылға шейін, Қазан хандығы мен Қырым хандығының «казактары» туралы көп айтылады. Вильяминов-Зернов деген орыс тарихшысы:

«Қазанның, Қырымның жабайы татарлары, 15 – 16 ғасырларда қазак делінетін еді. Олар өздерін «казақпыз» дейтін еді», – дейді.

1598 жылы парсы шаһы Аббасқа жіберілген, Жировой-Засекин деген ногай уақиғалары туралы жазғанында: «Сібір ханы Көшім далаға қазак болып кетті» дейді.

Фишер деген белгілі тарихшы: «Көшім хан – Мұртаза баласы – Шайбак үрығынан, «казак» ордасынан, – Жайық пен Сыр арасындағы қырдың «қазағы» еді» дейді.

Бұған қарағанда, — Хан тауына көшіп барып, Жәнібекті хан сиілгап, казак атанып, бастап Қазак хандығын құрған 4 – 5 рудан ғана құралған азгана ногайлардан басқа да қазак аттылар көп болған. Жөне бұл тарихи мағлұматтарға қарағанда, «казак» атанғандардың не ханға қараши, косын, өскер, жігіт болған адамдар екенілігі, не ордалы елінен шығып, далаға, қырға, аулакқа кетіп, «қара болып кеткен» адамдар екендігі көрінеді.

«Казак» атанғандардың ханға қараши яки «қара халық» болғандар екенінде мензейтін қазак ел әдебиетінде де сөздер бар. Қайырылған Атентакының «Шикәйт» деген кітапшасында мынадай бір өлең бар:

...Жиыдып барып отырдық
Сыйлыққа келген құлаша.
Қара казактың бас көтерген адамын
Касына алды онаша...

Жөне 1908 жылы Қазанда басылып шықкан «Мұрат ақыншының Омар Қазы ұлына айтқаны» деген кітапшада «Нұрым ақыншының Алай Атамбекке айтқаны» деген сөзде мынадай өлең бар:

...Қараның ұлы казакта
Бар ма еді сенің олишесің?
Шайтан кірмей арана,
Өсіп еді еркенін...

Іүріктер өскерді «қосын» дейді. Қосыннан «косак» деген сөз шығады. «Казак» деген сөз осы «косакқа» да ойысатын сияқты... «Косак», «кашак», «қасакы» «кезек» деген сөздердің бәрі де казак толымысына үйлеседі...

Ақыры, жіктеліп шығып, не ханға қараши жігіт болып, не шабуыл далаға кетіп «қара тобыр» болып, манайдағы елдерге шабуыл жасауды «қәсіп» қылып алғандарды — «қазак» дейді екен штеппен корытындыға, әлгі айтылған мағлұматтардың ешбіреуі қарасты смес. Кайта әлгі айтылған тарихи мағлұматтардың бәрі де, сол, рузырынан жіктеліп, хандарға, сұltандарға, батырларға қараши болып, шабуыл жасаушыларды «қазак» деп айтады екен деген соңғы жағдандыруға мензейтін мағлұматтар.

Оисон бұл арада айта кететін бір сөз, казак атанған елдің «жіншік» деген сөзді өзінің қалай жұмысайтындығы. Қазак, кейде «жіншіктың» айтқанда, басқа бір бөтен адамды айтқан тәрізденетін сипатты. Бір казакқа екінші қазак кейігенде: «Қазактың өзі бір

түрлі!» – дейді. Және: «Мен бұ казакқа тиіспеймін», – дейді. Және, «Менде басқа қазактың не ақысы бар!» – деп айтатын әдет бар. Өзге елдің өзін бұлай айтатынын мен естігемін жок...

Енді «алаш» деген қайдан шыкты деген сұрауга қысқаша жа-уап бере кетсе болады.

Казакта «Алаш—алаш болғалы, Алаша хан болғалы» деген сөз бар. Атбасар мен Ақмоланың онтүстік жағында, Кенгірлі деген өзеннің манында Жошы ханның моласының касында Алаша хан-ның моласы бар деп көргендер айтады.

Бірақ казақ туралы жиналған тарихи мағлұматтарда «Алаша» деген казак ханының аты көрінбейді... Тарихи мағлұматтарды тексеріп келіп Тынышпайұлы Мұхаметжан «Алаш» деген ханды Ақназар ханға үйғарады.

«Алаш» деген сөз монгол тілінде, қалмақ тілінде «кісі өлтір-гіш» деген сөз екен. Және жаны ашымай хайуанды көп өлтіретін аңшыларды да қалмақтар «алашы» дейді екен деп «Қазак» газетінің 1913 жылы шықкан 15-санында жазған.

Және «алаш» деген ұран, казак болған түрік руладында көптен бар, ногайлы заманындағы ұраны екендейгіне тарихи мағлұматтар бар.

«Алаш» деген сөздің, казак болған руладың ногайлы заманынан бар ұраны екендейгіне қазактың ауыз әдебиетінде де келетін мензөулдер, дәлелдер бар.

Казактың белгілі шежірешісі Шекерім Құдайбердіұлының айтуынша, казактың Ақмет ханы қалмакты шаба берген. Қалмак Ақмет ханды «қан ішер, жауыз, кісі өлтіргіш» деп, өз тілінше – «алаш» деп атайды. Ақмет хан: «қалмак, корықкан сон ондай ат қойып отыр. Енді қалмакқа тиғенде, қалмактың үрейін алу үшін «алаш» деп шабындар» – дейді. «Сонан сон, казак ханы Ақмет «алаш» атанип, қазактың ұраны «алаш» болып кеткен дейді. «Алаш – алаш болғанда, Алаша хан болғанда қалмакка не қылмадык» – деген содан калған сөз, – дейді.

Казактың бір ертеғінде: «Қасқыр қарақұлак деген аннан қорқады. Сондыктан, «қарақұлак десе, – қасқырдың шамы» – деген казакқа макал болған десседі». Бала күнімізде: «Қасқыр көрінсе «қарақұлак!.. қарақұлак!..» деп айқайласақ, қасқыр корқып қашады» – деуши едік. Шекерімнің «алаш» деген сөздің қайдан шыкканын баяндауы, сол, «қасқырды корқытамыз деп» «қарақұлак, қарақұлак» деп жүгіретін ұранымызды еске түсіреді...

«Алаш» деген, «алаша» деген сөздің шығуына мұны қисын-шығанмен «алаш» деген ұран ертерек кезден, жалпы ногайлы руладың ұраны еді деген тарихи мағлұматтардағы сөздерге карағанда, бұл ұранды казақ ханымен байланыстыру жаңылыс сөз. Шокөрімнің Ахмет ханы казақ ханы болса, казақ атанған руладың ногайлылардан бөлініп шыққан соң, 1535 жылдардың шамсында қалған қалың ордалы көшпелі ногайлылардың бастықтарымен жауласып жүргенде колға түсіп, көшпелі ногайлы батыры Орак батырдан өлеңтін, Ақмет хан болуы керек. Одан басқа Ақмет атты казақ ханы болмады. Және бұл Ақметтің өзі де жалпы казақ ханы емес. Қасым хан өлген соң, Жәнібек үрпағы «бақыл» таласып, казақ бір ыдыраған кездегі, бір бөлек қана казаққа атты болған.

Оисон 1494 жылы казақпен соғысып, казакты 2 – 3 рет женип Шагатайлы ханы Ақмет хан деген, «Алаша» атанған. Соныннан кийім маекен Шөкөрім?..

Кілай болғанда, «алаш», «алаши», «алаша» – деген сөздер, бір соң, қалмақ, монгол тілінде – «кісі өлтіргіш», «кан құмар», - «жоғары» деген сөз екендігі дұрыс. Және, «алаш» деген сөзді, казақ шашын руладың қазақ болмай жүргенде колданған сөз екені дұрыс. Одан тарихи мағлұматтарда айқын дәлелдер бар. Және, казақ пен шашының халық әдебиетінде де дәлелдер бар.

Орак батырдың Карасай деген баласы, жылаған шешесінен кийім беріп айтқан жырында мынадай сөзі бар:

...Мен кабан құлак кара атты
Катырып тұрып мінермін.
Мен көрмеген алаш жок, –
Бәріне де тиермін!...

Мин, мұндай «алаш» деп, жау болып тиетін жат елді айтады.
Салынының әкесінің:

... Эжептәуір құрбының
Алдына алып сүйгізіп,
Алашка атын билгізіп,
Ұл қызығын көрmedіm...

Оған соңнегі «алаш» дегені де, «жат» ел мәнісінде айтылған...
Ағаң, Салының батыр жылқысын елсізге салып, Алладан жаутілей-
ді. Салының тілсеген жауы – Алаштың батыры болады:

...Күні-тұні Алладан,
Жау тілей береді:
Кайла кеткен алаштың
Найза ұстаган батыры?
Тап менің тұсында,
Еркек мулде таусылын,
Қалған ба жүрттың катыны?

дейді...

«Алаш» деген сөзді ұран қылып алған ел, біраздан соң, ел атынан өзін «алаш» деп атайдын болған. Ел аузындағы: «ноғай, қазак – бәріміз бір алаштың баласымыз» деген сөз, «алты алаштың баласы» деген сөздер сонан шыққан болады. Ал онымен қатар «алаш» деген сөзді алғашкы, өзінің шын мәнісінде, – «жат», «бөтен», «жау» мәнісінде де айту осы күнге шейін үзілмей келді. Бұған, қазактың қалыптанған сөзінде де және казак пен татар елінің әдебиеттерінде де дәлел бар. Қазакта: «Е-е, мен сенің ағайының емей, алашың ба едім!» деген үйреншікті сөз бар. Бұлай айтқандағы, «алашың ба едім» деген сөз, «дүшпаның ба едім!» деген сөздің мәнісінде жүреді... Ғылман Шарып ұлы деген адам ел аузынан жинап, 1909 жылы Қазанда бастырылған, «Қазақ шығырлыры» деген кітапшада мынандай қазак өлеңі бар:

...Жакыныңды кемітпес алған үшін
Арам іске кіріспе талас үшін.
Жалғыз жатар жерінді ойнана ал,
Отка тұспе біреудің бәлессі үшін...

Және, сол, 1909 жылы «Шора» журналы жасаған тіл жарысына жазған татар жазушысы Нади Атлас үлінің: «Бір түрік бикешінің өзінің үліна айтқан үгіті» деген әңгімесінде «Алаш» («Алаши») деген сөзді, – «жау», «жendet», «қан төккіш» деген сөздің мәнісінде айтқан. Анасы баласына: «Сенің ата-бабаларың ер еди. Сенің кәзір жаудан қоркуың лайыксыз», – деп үгіттеген сөзі мынау:

«... Бұрынғылары лашын, алып, темір балық аттарымен атанған әкелердің балаларына, – бұл шактағы қаршығалардың тырнектарының астында езілу, қан шашқыш алаштардың кескін қылыштарының астында туралу келіспес, бала!» дейді...

Және, 1909 жылы Уфа қаласында басылып шыққан «Наси-хат казакия» деген кітапшада мынандай өлең бар:

...Есекті көлік қылдық ат орнына.
Агайын алаш болды жат орнына.
Өсекшілер көбейді бүл уақытта.
Тараған колдан колға хат орнына.

Енді өлгі жіктеліп шығып, қазақ атанып, Жәнібекті хан көтешіп, қазақ хандығын құрған жөнкілген көшпелі елімізге келейік.

Бұлар Абылқайыр ханнан 1456 жылы бөлініп шыққан дедік. Абылқайыр ханның қүшесінде қауіпсініп, калың елді бөліп-бөліп (үлесін алып), хан болып, билеп отырған, жыл санап іріп, тозып шашырауы қүшейген Шыңғыс балалары Абылқайырды өлтірген. Абылқайыр өлген соң, 1465 жылы оның қол астындағы ноғайлы-төвек рұлары бытырап, бірсызырасы Жәнібек қол астына шығып, «қазақ» болып кеткен.

Араздасып шыққан Абылқайыр хан өлтірілген соң, Жәнібек қол астынан жөнкілген қазақ құншығыстан құнбатыска, Еділ – Қалыңтын құйылышына лықсып көшіп келіп, өздерінің көпшилігінде «қара шаңырағы» тәрізді, төркін елдеріне – көшпелі ұлы ноғайлы елдеріне іргелесіп конады. Осы оқиғаға мензейтін қазақтың ауызы әдебиетінде, «Жәнібек ханға Асан қайғы» айтты деген ғылур бар.

...Кырында киік жайлаган,
Суында балық ойнаган,
Оймауыттай тогай егіннің,
Ойна келген асын жейтүгін,
Жемде кенес қылмадын, –
Жемнен де сліді кешірдін.
Ойыл деген ойынды,
Отын тапсан тойынды.
Ойыл – козлің жасы елі, –
Ойылда кенес қылмадын, –
Ойылдан сліді көшірдін.
Елбен-елбец жүгірген,
Ебелек отка семірген,
Екі семіз қолға алып,
Ерлер жортып күн көрген,
Еділ деген киянға,
Еңкейіп келдің тар жерге,
Мұнда кенес қылмасаң.
Кеңестің түбі нараду.
Жәнібек атты жаксы хан
Еділ мен Жайыкка
Көпірге кала салдырдын,

Ақылды белден шалдырыңы
Көнілді жаман калдырыңы.
Көніл калмай не болсын.
Төнірек жұзді, кой көзді
Әспеттеген баланды
Атасы нәлест көпірге
Күндердің күні болғанда
Бас бұлғамай берерсін.
Нәлест біздің жүрікс
Еділ менен Жайыктың
Бірін жазға жайласаң
Бірін қыста қыстасаң
Ақ колынды маларсын
Алтын менен күміске.
Арқадан жатып ақырған
Аламанды шакырған,
Камалды көпір алғанда
Қиямет-кайым болғанда
Жәнібек атты жақсы хан
Баланы сенен сұрармын.

Жәнібек сол Еділ өзенінің тәменгі өлкесінің бір жеріне кала салдырған. Мына жырдағы «көпірге қала салдырыны» деген сөз соған мензейтін тәрізді. Жәнібек көптін ақылына салмай, ішіне көшіп барғанына, қала салдырғанына Асан Қайғы наразы тәрізді.

Бұл арада айта кететін бір сөз мынау: Бұл кітапта келтірген өлең-жырлар билер табы билеген ескі надан заманның сөздері болғандықтан, мазмұн-пікірлері дұрыс болмайды. Мысалы: Мұсылманиң басқа салтты елдерді «көпір», «жау» деп атайды. Мұны естен шығармау керек...

Жәнібек хан содан Астрахан қаласында хан болып тұрған. Онан Жәнібек хан туралы айтылатын әңгіме түрліше шығады.

1477 жылы бір Жәнібек Қырымның ханы болып тұрып, 1480 жыл шамасында 3-ші Иван деген орыс князына келіп, Ковно қаласында өлген. Кейбір тарихшылар, – (Гаммер), осыны, қазактың Жәнібек ханы дейді.

Казак хандығы, казак атанған көшпелі жөңкілген ногайлы көшіп Астрахан, Қазан атыраптарынан, Еділ, Жайық өлкелерінен Ұлытауға, Түркістанға, Хан тауға, Сыр бойына, Алатауға келіп, жөңкіліп жүрген. Жылдың, заманың ынғайына қарай осы жерлердің бірін бір жыл жайлап, бірін құзделеп, бірін қыстап, қаптап жүрген. Осы айтылған жерлердің бір жағын жау алса, бір жағына жөңкіліп ауған. Кайтадан ол жерді, және тағы да жапсарлас жерлерді көршілес елдерден өздері де тартып алып жүрген.

Жөнібек хан мен Керейдін балалары бастаған қазактар Түркістан каласын алмак үшін, Жағатай ханның үрпактарымен, Шайбак хан үрпағымен неше рет соғысып, женіп, женіліп, татуғышты, жауласып жүреді. Казак болған руларды ұлы ноғайлар қызының, сол кезде казак Еділ – Жайық бойынан ығысып, Түркістан. Хан таусы жақтарына келеді.

Сол кезде, 1495 жылдан bylай, Шайбак үрпағы Абылқайыр немесе Мұқамет Шайбаны Түркістан аймағын өзіне каратуға прект қылыш жаткан болады. Керейдін баласы Бұрындық үлкен қызынанып, Жәнібек ханның 3-ші баласы Қасым хан қазактың құппиығыс жақ бөліміне хандық қылыш тұрған. 1508 жылы Бұрындық хинди қазактар қызып жібереді.

Сол 1503 жылдан, Қасым қазактың бір күшті ханы болады. Қисынның тұсында, сол уақытша ноғай атанып жүрген – Алшын руының бірсызырасы қазакка косылады. 1513 жылы Қасым басшылықта Сайрам қаласын алып, Абылқайыр ханның баласы Сұннишін қожа билеген Ташкент манайын шабады. Қасымның тұсында қазак хандығы қүшейіп, өз өлінше дәүірлеген болады.

«Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы» деген, қызынанып ереже сөздерінің ішіндегі Қасым хан, осы Қасым.

Қисын хан 1523 жылы өлді дейді. Қасым өлген сон, Жәнібек ханының балалары өзара жауласа бастайды. Азғана қазакты бөліп-бөлгөн алып, бірнеше хан болады.

Қисын өлген сон, баласы Манас хан болып, өзара жауласып ғұрганда, ұзамай өлтірілген. 1524 жылы, Жәнібектің 4-інші ұлы Ақоліктің баласы Тайыр – хан болған, Жағатай хан үрпағы, Сейіт ханының кол астына қараған үйсін руы мен қырғыздар 1526 жылы Тайыр ханының кол астына, қазаққа косылған.

Бай қабакты екі бұтының арасына байлайды. Көсе оны біліп: «Айай, енді мен жүремін!» деп, орнынан тұрып, байдын көріскең болып, байды құшактап, олай-бұлай шайқайды. Сонда қабактағы шіран байдын бұтының арасына төгіліп мазасын алды. Байдын шапуы келіп – «Ит-ай, сен-ак ішши!» деп, айранды Қосеге алғып берді. Көсе ішіп алады. Бай ол күні тағы аш қалады. Кешке кой-жап келген сон катынына сыйырлап айтады: «Қосеге білдірмей отка наң көміп бер. Даала апарып жейін!» деп айтады. Көсе оны шапы сезіп қалады. Ертеменен бәйбіше Қосеге көрсетпедім ғой жеп, оттан наңды алғып, жалма-жан байдын қойнына тығады. Бай шапы тығып алғып, шығып бара жатканда, Көсе: «Мен, енді, бұғін жүремін. Сізбен амандасып кетейін!» деп, байды құшактап кокіргіне қысады. Ұстық наң байдын қеудесін күйдіріп бара жаткан сон бай ашуланып: «Сен-ак жеші!» деп, наңды Қосеге алғып береді. Көсе наңды жеп алады. Не қылса да бай Қоседен құтыла алмайтын болады. Қосенің мініп келгені қасқа ат еken. Іші ашумен сол атты соймақ болады. Көсе ол ниетін тағы біліп қойды. Қосенің аты байдын бір жаксы атымен бір тұрады еken. Көсе тұнде өз атының қасқасына күйе мен сиырдың боғын жатып, байдын атының маңдайына бор жағып қасқа қылып қояды. Гүл ортасы болғанда бай дауыстайды: «Конак! Конак, атың өлейін деп жатыр!» дейді. Онда Көсе айғайлайды: «Бауызда, бауызда, арам болмасын» дейді. Бай атты бауыздап тастайды. Таң аткан сон қарасы, бай өз атын бауыздап тастапты. Бұдан жаман қапа болып, Қоседен калай құтылар амалын таба алмайды. Енді Көсе, өзі кету-

ге ойланып, байдан сұрайды: «Байеке, бізініз бар ма етігімді тігіп алайын, содан кейін кетейін» – дейді. Бай: «Бәйбішеден сұра, бепер» деді. Бай малын айдал ұзаңқырап кеткенде, Қосе бәйбішеге айтады: «Бай, Бізбикешті маган берсін деп бүйірды!» дейді. Байдын қызының аты Бізбике екен. Бәйбіше ашуланып: «Сен жындысын ба? Саған қызы бер десе, байдың өзі маган айтпас па еді?» дейді. Қосе: «Нанбасан, байыннан сұрайық!» деді. Екеуі үйден шығып, Қосе дауыстап: «Ау, бай! Біз білен бермейді! Бермейді!» дейді. Бай ашуланып ақырады: «Уә, бер! Бер! Көпірдің көзін жоғалт, жылдам кетсін!» дейді. Бәйбіше жылап, қызын Қосеге шығарып береді. «Аларынды алдың, қыларынды қылдың, енді көзінді жоғалт!» дейді.

Сонымен Қосе атын ерттеп, қызды мінгестіріп алып кетеді.

АЛДАР ҚОСЕ МЕН ТАЗША ҚОЙШЫ

Бір жолмен жүріп келе жатса, алдында бір қойшы қой бағып отыр екен. Ол қойшының басы таз екен, Қосе оған айтады: «Байғұс, басынды таз болғалы емдел пе едің?» – дейді. Қойшы: «Жок, емдеген емеспін!» дейді. Қосе: «Мен емдел берейін, бір жылғы ту қойын бар ма?» дейді. Тазша: «Бар!» дейді. Қосе: «Алып кел, соның каны мен жыннымен емдеймін!» дейді. Тазша қойды алып кеп сояды. Қосе қойдың бокты қарнына таздың басын тығып, терісін үстіне жабады: «Қойың үстіне жусар, өзің кимылдағанда дүр етіп үркер, сонда: «Шай-шай!» деп жатқайсын. Кешкे таман қойың жайылар. Ол уақытта кимылдағанда үрікпес. Сол уақытта карыннан басынды шығарып, қойынды айдал қайтарсың!» – дейді.

Қосе қойларды алдына салып қуып кетеді. Тазша басын карынға тығып жатады. Мұның үстіне қарақұстар жиылып, таз кимылдаса, қарақұстар үшады. Тазша байғұс, қой жатыр екен деп, «Шай-шай» деп, жата береді. Кеш болған соң қарақұстар үшып кетіп қалады. Тазша карыннан басын алып, орнынан тұрып, жанжағына караса, қой түгіл дәнеме жок.

АЛДАР КӨСЕ МЕН ЕГІНШІ

Көссе койды айдап келе жатса, бір адам кос өгізбен жер жыршып жүр екен. Көссе сәлем береді. Ол сәлемін алады.

Көссе: «Е-е, сіз өте шаршаған екенсіз, біраз демалыныз. Косынышы мен айдай тұрайын!» дейді. Ол бейшара: «Жақсы, балам!» деп оған Көсеге тапсырып, өзі жатып үйыктап қалады. Иесі қатына үшкінші кеткен кезде, өгіздерінің құйрықтарын кесіп алғып, жерге қалап койып, өгіздерді бір кырдан асырып тастайды. Біраздан соң адамды оятады. Түре келген адамға айтады: «Бай, өгіздерініздің бұрынғы мінезі осындай ма еді, жок мен айдаған соң осындай болыма?.. Өгіздерінің өкіріп-өкіріп жерге кіріп кетті. Құйрықтары мындау, көрініп тұр» деп, шаншылып тұрған құйрықтарды көрсетті. Імін: «Өгіз жерге кіруші ме еді!» деп, барып құйрыққа жабысып шыртты. Көссе: «Ойбай, тартпа, құйрығын үзіп аласын. Өгіздеріннің ошашын бұрынғы мінездері болса, шығар!» деді. Көсенін айтканына болмaston ашууланып, тартып қалып еді, өгіздердің құйрығы жұлынышты. Көссе: «Мен сізге айттым ғой, құйрығын үзіп аласыз деп, оған болмадын» деп, кейіген болып кетіп қалады. Көссе үйіне келіп, мал мaldанып, жан жанданып, мұратына жетеді.

ХАН МЕН ӨТІРІКШІ ТАЗША БАЛА

Ертеде бір хан жарлық шашыпты. Жарлығында: «Кімде-кім мұдірмestен қырық өтірік айтып шықса, қызымын беремін, өзін жоне өзіме үәзір қыламын. Егерде айтқан сөзі үйлестеп, создерінің ішінде бір ауыз шын сөз косылса, басын аламын!» лепті. Бұған талай адам қырық ауыз өтірік айтамын деп келіп, үйлестіре алмай өлтіріліпті. Талай адам айтамын деп келсе де, жүрек токтата алмай, ханның алдына кірмей кайтыпты. Ақырында бір тазша бала мен айтамын деп ханның алдына бала келіп, мұдірмestен мынашын сөйлепті:

«Өткен заманда, атамнан тумай тұрып, ту атамның жылқысын бақтым. Бағып жүргенде тумаған ту ала бием жоғалды. Сол биені іздеп қыдырып жүргенде, жермен бір тегіс тауга кез болыым. Төбесіне шығып, атымның үстіне шығып биемді қарадым, көрінбеді. Атым үстіне құрығымды тігіп, оның үстіне камшымды

жалғап қарадым, көрінбеді. Олай-бұлай қарасам, омырауымда, тумаған шешемнен қалған тебен ине бар екен, инемді жерге кадап, үстіне шығып қарасам, ту ала бием алты дарияның ар жағында, бес дарияның бер жағында, айға қарап желіндеп, күнге қарап құлын-дап түр екен. Алты дариядан, құрығымды қайық қылып, қамшым-ды ескеқ қылып өтіп бардым. Ту ала биемді мініп, құлынды өнгеріп суға түстім. Бием алып шыға алмады. Құлынға мініп енесін өнгеріп түсіп едім, құлын алып шықты. Кетіп бара жатыр едім, алдынан бітпеген бетегінің тубінен тумаған ту ала қоян тұра кашты. Қуып барып мылтығыммен аттым, өлмеді. Құрығыммен ұрдым, өлмеді. Қамшыммен ұрдым, өлмеді. Қөтеріле беріп едім... жалп ете түсті. Қоянның ішінен бір ернеусіз шелек, бір түпсіз шелек май шықты. Жаңбыр болып жауған қарды қалап жағып, қоян етін пісіріп жедім. Қоянның майымен етігімді майлап едім, бір етігіме жетті, бір етігіме жетпеді. Бір жапыракты шатыр қылып үйыктап жатыр едім, сартылдаған бір дауыс шықты. Үйыктап жатып қарасам екі етігім төбелесіп жатыр екен. Ку етігімді құлакқа ұрып, майлы етігімді басқа ұрып жатқыздым. Ертенінде тұрсын майлы етігім бар, ку етігім жок. Тұра салып екі аяғымды бір етікке тығып, іздеп кеттім, бір ордалы құланның тойында ку етігім табақ тартып жүр екен. Байпағым сорпа беріп, ұлтарағым су құйып жүр екен. Қөзімді қысып қалдым. Ұшеуі сасқанынан бас табақ, қорыққанынан қос табақ, бір өзіме бес табақ әкеп тартты. Етті жеп тойып, етігімді киіп кайттым. Келе жатсам, жолда бір ұлken көл мұз болып қаткан екен. Су ішейін деп, құрықпен соғып мұзды жара алмадым, қамшыммен соғып жара алмадым, басымды мойнынан сұзырып алып, шекеммен мұзға тық еткізіп ем, көл қақ айырылды. Су ішіп қанып алдым. Келе жатсам, жердегі шөптің бәрі «Мына кісінің басы қайда?» деп мазактайды. Қолымды ұмытып кетіп, аяғыммен басымды сипап қарасам, басым жок. Дереу манағы мұз ойған жерге келсем, мұздың астынан шықкан алпыс ала үйрек, жетпіс жел үйрек мұртышма ілініп қалыпты. Бәрін ұстап алып, бір тырнаға саттым. Тырнам нардан зор. Шыныраудан иілмей, шегеннен бүгілмей су іshedі!» деді.

Сонда, хан: «Е, құдығын саяз-дағы?» депті. «Ай, таксыр! Саяз болса болар, ертеменен тастаған тас түбіне кешке әрең жететін еді!» депті, Хан: «Күні қыска-дағы!» депті. Бала: «Ие, таксыр! Күні қыска болса, болар, ертемен кашкан кашар, кешке тоқырайтын еді!» депті.

Сонан соң, хан балаға қызын беріп, өзін уәзір қылыпты.

Іншінгайтылғандай, арғы, ертедегі шикі, бағы надан заман-шоғарылыштың койнында өмір сүрген, жаратылыс «жұмбак-сарайы» білімдері жетпеген, анша жайылған мал өсімімен орнішк қылған ру басы – билер табының ықпалындағы қөшпелі әдебори түлік малмен араласып, өздерінше олармен «сырлас» болған, тіршіліті мал тіршілігімен араласқан. Және аншылық ғылыми, аңдардың неше түрлі сыпаттарымен, тіршілік-мінездікімен де өз әлінше жете таныс болған. Тіршілігі малмен, анмен, ғылыми араласқан надан қөшпелілер, жоғарыда айтылғандай, әртүрлі малдың, әртүрлі жануардың, анның білімі, сезімі адаммен бірдей деп білген. Олардың да тұрмысы адамның тұрмысындағы деп білген. Олардың да мінездері, қылыштары адамдықіндей деп білген.

Сонымен, үстем тап өсерімен құрылған санасты бойынша, қөшпелі әртүрлі адамның өзгеден айрықша сыпаттарын, сырлашын жете таныс әртүрлі хайуандардың сыпаттарына мысал қылып төнсетен.

Мысалы: ханның азық дайындаитын озбыр бекеуілін және соңайларды қасқырға тенеп, «қасқыр» дегенді озбырлық, тамак-сұлыштың суреті қылатын болған. Ханның қу жасауылына тұлқіні тенеп, тұлқіні құлытын, алдаушылықтың суреті қылатын болған.

Люды топас, икемсіз қара күштің суреті қылып, жауына шабын батырды жолбарыска тенеп, батырлықтың суретін жолбағын қылған. Өзге хайуандарды да түрлі сыпатта мысал қылған. Іүлардың бәрі туралы неше түрлі өз әлінше «қызықты» әнгімелер шыгарған.

Хандар, батырлар, билер байлар табының қол астында өмір сүрген надан қөшпелі канішкіш бүркітті құстың батыры, патшасы деп, сұнкарды төресі деп, қаршығаны жендеті деп. Аккууды алаң құстың төресі деп білген. Құстардың ішінде бүркітті ер, кекті леп, сұнкарды сыпа, кіді, кінөмшіл деп, байғызды ойши, карақұны жемтікші деп, ителгін тамаксау, есер деп, аккууды киелі деп білетін. Бұлар туралы да неше түрлі өз әлінше әдемі әнгімелер шыгарған.

Әсіресе, бүркіт пен акку туралы әнгімелер көп. Көп ертектерде «пері» патшасының қыздары адамға акқу болып келеді.

Аккуды «киелі» деп, қазақ болған елдін көп жерлерінде, сонғы кезге шейін атпаған...

Бүркіт, ақку, аксұңқар, бидайық, түйгін, қаршыға, каз, сұксыр, кезқұйрық, жапалак, қаракүс, су бүркіт, күшіген, қырғи, қарға, қызығыш, тағы да басқа көп жануарлар, адамның түрлі мінез, түрлі сипаттарына үлгілі мысал болған. Бұғынгә шейінде, әдебиетте, адамның түрлі мінез-сипаттарына түрлі жануарлар мысал болып келеді...

Ерте мен кешке шейін жапан далада, құзды тауларда қүнелткен, малмен жанасып жүрген түрлі андардың, елсізегі түрлі хайуанның жүріс-тұрыс тіршіліктерін күн сайын көріп жүрген малшы – бәріне де ку, сөз тапқыш болып сипатталады. Әлті, жоғарыдағы, мысал үшін келтірген төрт, бес ертекте осылар айқын көрінеді.

Және бұл мысал үшін келтірген ертектердегі «Тоғыз Тонқылдақ, Бір Шіңкілдекте» «көптің зорлықшыл болуын», «аздың зорлыққа қарсы тұруын», түрлі ылаж іздеуін көрсетеді. Қошпелі елдің мал бағып, от басында отырған момындары, әрине, зорлықшылдарды жаксы көрмейді. Сондыктан, «Тоғыз Тонқылдақ, Бір Шіңкілдекте», көпшілігімен зорлық қылған тоғызды масқаралап, ақымак қылып әнгімелейді. Ақыры, оларды құрткан айлалы жалғызды ақтағандай қылып шығарады. Және, бұл ертекте, «екі катын баласының, екі рұлы ел» болып жауласатынын көрсетеді.

Керекті бүйімдарды сатып алуға базары жок, жапан дүзді, құба жондарды, елсіз тауларды кезген, коныстан қоныска ауып, қанғырып жайылған қошпелі ел қонақасы бермеген адамды да жақсы кісіге санамаған. Жақсы кісіге санамағаны былай тұрсын, қонақасы бермеген адамды айыпты адам деп санаған. Сондыктан, «Шық бермес Шығайбай» деген ертектегі сондай қонақасыға сарапдық қылған адамды корлап, мазактап суреттейді. Оны корлап, мазактауга, ойын мен құлықты көсіп қылған Алдар Қесені жібереді. Қоға кісінің ойыншы, құлықшыл, келемежшіл болатынын көрсетеді. Ескіліктегі ұstem таптың ұstem санасының ықпалындағы от басындағы момындар ойын мен құлықты жас адамға лайық қылған. Ақ сақалды адамға салқын түсті, маңызды, терен ойлы, нақыл сөзді лайық қылған. Оナン сон, «кара сақал», «кер миыкты», «агалардың» бос сөзді болмай, билік айтып, «шаруа камын» істеп жүруін жөн көрген. Ал өмірі құлық, келемеж,

мыссылмен болған адамның аксақалды «батагейге», «қара сақал көрнішкіт ағаға» үқсамауын дұрыс көрген. Өмірі құлық, мыс-
шыл, клемеж болған адам, өмірі жастық өүенінде болғандықтан, оның ішінде адамның сақал, мұрты жоқ болуын, жылмиған көсе болу-
ын да жағынан көрген.

Екинші жағынан және бұл ертектердегі бір сөз: не қылса да
«жапкан» адамның ісін теріс көрмеген санада көрсетеді.

Ертектері әңгімелердің бәрі де көктен түскен әнгіме емес. Інде сол адам баласының қай дәуірдегі тұрмысының қандай
бынаның көрсетеді. Сондай тұрмыспен қүнелткен дәуірдегі адам-
ның санаасының, сезімінің, нанымының қандай болғандарын
көрсетеді. Жапан дүзде, елсіз құба жондарда аң аулап тіршілік
кылған «қара мерген», «құла мерген», «сұр мергендер» – аншы-
лық қамандағы құштілер үстемдік қылған көшпелілердің арман
кылған, «үлгі» қылған батырларының бірі. Құштілері, садакшы
мергендері үстемдік қылған, жұрттың үлті қылған, арман қылған
ерлерінде, өзге жабайы адамдардың істерінен оғаш, үздік ерліктер
ғанасырады. Әнгіме болған, неғұрлым ескірек заманның ері бол-
са, согұрлым, оған жапсырған ерліктердің оғаш қоспалары көп
боғады. Негұрлым, заманның ескілігіне қарай жылжи берсен,
согұрлым, адамның анмен араласқан кезінде хайуанаттарға жа-
қын кезіне таянасын. Және жаратылыстардың түрлі құбылыста-
рыны, түрлерін кереметті, «тәнір» деп таныған надан кезіне бара-
сын. «Жалмауыз кемпірлермен» «жез тырнактармен», «жалғыз
кошлі ләулермен» алысқан «қара мергендер», ескіліктері аншы-
лықпен тіршілік қылған, құштілері үстемдік қылған көшпелі
жұрттың, үстем табының үстем санаасы бойына ардакталған: «жігіт
болса, осындан болсын!» деген ерлерінің бірі. Елсіз құба жон-
шыруа, елсіз жапан дүздерде, әлсізін құштілері алып жеген, аншы-
лықпен, мал асыраумен тіршілік қылған кезек жұрттың жалғыз
жұртіп, «қара мергендерше», «жалғыз көзді дәуілерше» өмір
сүргендері де болған.

«Балгер», «жәдігөй», «жалмауыз кемпірлері» де болған.

Іірак, бұлармен әр мерген алысқанда, қара құшке бағынған,
жаратылыстың әрбір түрін «кереметті», «киелі», «иелі» деп нана-
ның анкау адам, әлгілерді жабайы адамдай емес, адам бейнесіндегі
қүшті, «сикырлы» бір заттар деп білген. Жабайы адамдай емес
екенін дәлелдеу үшін, «дәудін көзі жалғыз» екен және «манда-
шында екен» дегенді шығарған. «Жалмауыз кемпір» неше түрлі «си-

кыр» істейді екен дегенді шығарған. Жапан дүздегі от жаққан мергенге әйел киімін киіп келген адамның «саусактары, тырнактары жez екен» дегенді шығарған.

Бұл арада, «жез тырнак» туралы айта кететін бір сөз бар: жез, темір тырнакты адамның бар болғанының өзі рас нәрсе. Мұз теңізі жақта, ит жеккен жағында, қолдарына өткір темір тырнакты қаттау киіп жүретін саяктар болады екен. Қалай Тәтім ұлының қайнисы – Шәкітайдың ауылдарында (Каркаралы ауданында) патша заманында «каторгіге» (Сібірге) 20 – 30 жыл айдалып барып келген Айдау Түсіп деген бір кісі бар. Сол кісі каторгіде айдауда 20 – 30 жыл көрмеген киыншылықты көріп қайтқанда, сол жақта жүргенде колына киген өткір темір тырнакты қаттауын ала келіпті. Жыныс ормандарда жүргенде, неше түрлі қанішер андармен немесе жол тосып адам талайтын жаулармен ұшырасып алысқанда женілмеуге қолдарына темір тырнакты қаттау киіп алды екен. Темір қаттаулы, өткір темір тырнакты қол, «өлтірем!» деп шапкан жаудың алқымына бұрынырақ жабысса, жаудың жаны «темір тырнактың», «жез тырнактың» уысында болмак.

Осылан қарағанда, казак ертегіндегі жез тырнакты заттардың да болуы рас. Болғанда, бірақ, «сикырлы зат» емес, нағыз адамның өзі болған. Темір тырнакты қаттауды қазак аңшылары бүркітке де кигізеді...

Ертектегі: «отты, сулы, жақсы жай іздел кетіп бара жатқан», даңғырған түйеге әртүрлі жануардың жолдан қосылып, «жолдас болайық!», «болсак болайық!» деп, жолдас болып кете беруі де, сол ертедегі тентіреп, «жақсы жай іздел», қанғырған, киырсыз құба жондарды кезген көшпелілердің мінездеріне мензейді. Ол замандарда «жақсы жай іздел бошалаған көшпеліге, немесе, жорыққа шығып, мал ізденген жортылшыға, жолдан өздеріндей, Мұрат ақынның «Қазтуғанындей» жолдасты жолай ізденген жолдастар да қосыла беретін сияқты. Жолдас болып келіп, ақырында бірін-бірі жеп те кеткендері болуға тиіс. Ертектегі, – «түйе, арыстан, қасқыр, тұлқіде» әлгі жолай қосылған жортылшыларда, кейде бірін-бірі талап кететін мінездері де болған іс.

Казак болған елдін тұрмыс-тіршілігі ескіліктердегі болмаса да сонғы уақытқа шейін анқаулық, надандық тұманынан шыға алмай келген. Сонғы уақытқа шейін ескі уақыттағы үстем таптың санасынан да, нанымынан да түгел шыға алмай келген. Сондықтан

сондың көзге шейін, жаратылыстың кейбір түрлерінің құбылысаралының, хайуанаттарының және адамның, мaldың кейбір індегінин «иелері» бар деп сеніп келген. Және адамның өнерлерінің «креметті иелерінің» «киелері» бар деп нанып келген.

Мысалы: акындықтың, әншіліктің касиетті, кереметті «иесі» бар деп және ол иелер «сүйген пәндесіне ғана қонады» деп нашып келді.

Галай акынның: «түсімде бір ақсақалды карт келіп: «шырағым, не аласың?» дегенде «өлең алам» деген сөзаузыма түсті, ояна көксем, түсім еken. Содан кейін акын болдым...» дегендегі ел тушиппа аныз болып тараған әңгіме.

Аргында бір атадан тараған екі әкенің баласы бар. Бір әкенің туғандары бай болып келді. Екінші әкеден туғандары шетінен алынып өлеңші болып келеді. Осы, бір атадан тараған екі әкенің балаларының әкелері жас күнінде, бір күні екеуінің де түсінде бір «аксақалды карт» адам: «Шырағым, көген аласың ба, өлең аласың ба?» дегіті-мыс. Бірі: «Өлең аламын» деп, екіншісі «Көген аламын» дегіті-мыс. Содан, көген алғанның үрпағы бай болып, өлең алғанның үрпағы акын болыпты-мыс. Жұрт осыған шынымен шынып өңгіме қылышады...

Кырдағы мал бакқан көшпелі казак, қаладағы бірін онға сатып саудагер елді жек көреді. Сол саудагер елдерді корламакқа киім өртүрлі ертек айтады. Ертегінің бірі «өлең» туралы. «Өлең бір олкеге келіп, әдемі дауыспен өн шырқап, барлық елден кісі анып, өн үлестіріпті-мыс. Эр елдің адамдары барып әдемі үнді, көркем «өлеңнің» үлестіріп жатқан әндерін үлесіп алысады. Эриңе, оның алдыңғы катарында казактың адамы болады. Саудакес соллердің адамдары сауда істеп кешігіп, өлең кетіп қалған сон келеді. Кешіккендердің бірі келсе – «өлең өн үлестіріп жатыр» депен жерде бір ит, ұлып тұр еken. «Үлестіріп жатқан өн осы екен» деп, ол иттін үнін өн қылып алып кетеді. Екіншісі келсе: «бір есек алырып тұр екен». Ол есектін үнін өн қылып алып кетеді. Соншыктан, көркем үнді сұлу «өлеңнің өзінен» өн алған казактың шілдері сұлу келеді-мыс. Ал әлгі жұртты алдауға салынып, сауда-кесікпен кешігіп келіп, өлеңнің жұртында қалған ит пен есектің шілдерін алып кеткендердің әндері, сол есек пен иттін үніндей болатындаи болған-мыс.

Онан сон, үсталық, мергендік, саясатшылық, домбырашы, кобызшылықтардың да «қонатын», «даритын», «иелері» бар деп

нанатын. Бұлар туралы да талай өнгімелер айтылатын. Және бұлар туралы өлендер де айтылатын...

II. САЛТ ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАРЫ

Бұл салаға қазактың билер, хандар, батырлар, байлар үстемдік қылған ескілік тұрмыс-салтындағы, сол үстем таптың салт-санасымен құрылған мереке, сауық үстінде айтылатын өлең-жырлары кіреді. Оның бірі – той мерекесіндегі айтылатын «Тойбастар» өлеңі.

ТОЙБАСТАР

Үстем таптың салт-санасының көрінісі болған және нашар таптың нашарлығы да көрініп қалатын қазактың тойларында, тойдың түріне қарай, түрліше ойын-сауыктар істелетін. Тойларда және астарда үстем тап күші айқын көрінетін. Сондықтан, «Той – тондынікі. Ас – аттынікі...» деген сөз аныз болған. Мұнда ойын-сауыктар істелердің алдында, тойға келген көптің ішінен, жолдасып, бір өлеңші яки жыршы той бастайды.

«Тойбастар» өлеңінде, жыршы той қылышының «сәрсенбі сәтті құні» істеген тойына көптің атынан «құтты болсын» айтады. Той иесінің қуанышын көтермелеп «тойының тойға ұласуын» тілеп, той істеуші мал иесін «акпейіл», «шүлен» деп оның «акпейілдігі», «шүлендігі» үшін, мал басына «қызыр даруын» тілейді. Және тойды «тәнір қазынасы» деп тойға шығарған шығынды «тәнірдің өзі төлейді» дейді. Ақырында той бастаушы өзінің «жолын» той иесі толымды қылып істеуін тілейтінін де сездіреді. Той иесі, той бастаушының жолын береді. Соナン соң тойдың ойын-сауықтары басталады.

Жиын тойда өлең айтып, жұртты аузына қаратып, жарқыратып «жол» алып шығуды «талағында биті бар», «ауызының желі бар» жігіттің бәрі-ақ өнер көретін...

Әр айтуши өзінше үйлестіргенмен той бастаушылардың айтынатын өлендерінің бәрі үйренуге, айтуға женіл, бір-біріне ұксас, бірқалыпты болады. Кейбіреулер сол айтыла-айтыла бір қалыпта түсken өлеңді үйреніп алып та айтады...

«Тойбастардың» бір түрлісі міне:

Багылған серке,
маркаска кой бастайды
Кой алдында жапуар ойқастайды.
Күтті тойга кес болған жолды жігіт,
Бұрынғының жолымен той бастайды.
Күнап койын шайлатып сойлырган үй,
Табак-табак ет тартып тойдырыған үй,
Сәтті күні сәрсенбі той қылышыз,
Күтті болсын тойыныз, той қылған үй!
Жорашиға лайык жол тұралы.
Жампоз нарга лайык ком тұралы.
Күтті болсын тойыныз, той иссі,
Той ессенін Тәңірім толтырады.
Котан толып койыныз койға үлассын!
Қырга сыймай шуласын ойға үлассын!
Күтті болсын айтамыз тойынызға,
Той иссі, тойыныз тойға үлассын!..

Екінші түрлі тойбастар өлеңі міне:

Кез келдім мерекеге тәңірім айдал,
Кызыл тіл бұлдыр күспа сойлер сайрап,
Жүйрікпін тоptан озған суырылып,
Сан тоңта топ жарып жол алған сайлан.
Сәлемет отырысыз ба, жоғарғы қыз?
Ишарат сіздерге де, томенгі қыз!
Орынға бізден бұрын отырыпсыз,
Жаксыдан жаман менен не көрдініз?
Сұраймын кетер қыздан, насыбай деп, –
Сөз айттым, құрбым, саган асыл-ай деп!
Ак отау штекте тіксе жылайсыныз, –
Әкемнің сыйлаганы осы ма-ай деп?
Үстінде төсегінің әкен жылар, –
«Алланың ак бұйрығы осылай» деп.
Алдында саба аяктың шешен жылар, –
«Қыз қылыш әлпештеген басым-ай», – деп
Еріліп сен жылайсың «слім-ай» деп.
«Құрбылас ойнап-күлген тәңім-ай» деп.
Елжіреп жүрек-бауыры шешен жылар,
«Ашыған тар күрсағым белім-ай!» деп.
Мінгенді ат үстіне, досың жылар, –
«Біздерді кеткен тастап шыны ма-ай» деп.
Ойларсын бір күн жатып екінші күн, –
«Оң жакта ойнап-өскен күнім-ай!» деп.
Ассаламуәаликім, жиналған көң!
Бұл тойға тәңір айдал келіппіз дәп.

Болыпты жұрт көрмеген бір ұлы той, –
Таңқалып қарғандай жер менен көк.
Бұл тойға жер менен кок таң қалғандай
Лайрылып ақылынаң сандалғандай.
Біздің соз хан төрсөнің көңесіндей.
Зер басып ақылменен ағарғандай
Ежелден ұлті қөрген ер болмаса,
Кім істер мүшдай тойды бұл жалғанда-ай!
Үстіне мерекенің кез келген соң,
Армансыз бір сейлейін капы қалмай.
Ән салып сөзлін басын бастанған соң,
Бере көр, құлай, медет шыбын жаңға-ай!
Белгілі бұл казакка тілдің желі, –
Той қылдың жұрт жиналған мерекелі.
Сәрсенбі, сәтті қүні той қылыпсыз
Тойыңыз тойға ұлассын берекслі!..

ЖАР-ЖАР

Арғы құштілер табы үстемдік қылған, «мереке» үстінде айтылатын, ескіліктен келген өлең – жырдың екіншісі жігіт пен қыз екі жар болып отырып айтылатын, «жар-жар». Бұл қыз ұзатарда, той басталғаннан кейін айтылатын, билер табы үстемдік қылған тұрмыстың салт өлеңі. Бұл өлең де ылғи, белгілі бір тақырыпқа ғана айтыла бергендейтін, бір-ак қалыпқа бекінген өлең. Бір-ак тақырып туралы ғана айтылатын болғандықтан, өлең бір-ак қалыпта, женіл түрде құрылатын болған. Сондықтан ескіліктегі қыз бен жігіт, «аужарды» ойынан шығарып өүре болмай-ак, бірер естігеннен кейін үйреніп алып айта беретін.

Қыз ұзататын той, жиі болған «мереке». Ойынан шығарып, жана түрде «аужар» айтатын жігіт пен қыз ол жиі тойларға тура келе бермейді. Сондықтан да айтылатын өлең бір-ак тақырып туралы болғандықтан, «аужар» өлеңі, ескіліктегі қыз бен жігіттің бәрінің-ак айтуға әлі келетін түрде, бір-екі естіген соң-ак үйреніп алып айтатын, женіл түрде болып келеді. «Той бастардың», «Аужардың» өлеңі де, сарыны, әсемдігі де шамалы, жаттап алып айтуға өте онай, жабайы түрде айтылып қалыптанған болады. «Аужардың» және «тойбастардың» өлеңі, белгілі, біраз ғана сөздерден құралған болады. Бір құралған өлденеше сөз бір түрде, қайта-қайта айтылып отырады.

Тегінде, ауыз әдебиетінің құрылышы жатқа алуға, жатқа айтуға женілдік әдісін қуалап құралған болады. «Аужардың» сары-

ны шырқаған, құйқылжыған өсем ән емес, онай дауысты сарын.
Негұрлым ескілікке жылжи берсен, солғұрлым ескіліктегі казак
руғарының әндерінің де айтылуға да, үренуге де онай, жабайы
көпшілдігін көресін...

«Тойбастар», «жар-жар», «беташар», «айт, келін», «бесік
жыры», тағы да басқа түрлі ескіліктегі салт өлең-жырлары-
шын борі де, билер табынын үстем санасымен құрылғанын, осы
жолтірген өлең-жырлардан оқушы айқын көреді. Бұл өлең-
жырларда, ылғи байды, байлыкты дәріптеуді, батырды ардақ-
тан, ханды дәріптеуді, шешен-бilerді құрметтеуді айқын
коресін...

ЖАР-ЖАР

Жигім

Алып келген базардан,
Кара насар, жар-жар-ау!
Кара мактал сәүкеле,
Шашың басар, жар-жар-ау!
Мұнда әкем қалды деп,
Кам жеменіз, жар-жар-ау!
Жаксы болса кайын атан,
Орын басар, жар-жар-ау!

Кыз

Есік алды кара су,
Майдан болсын, жар-жар-ау!
Ақ жүзімді көргендей,
Лінам болсын жар-жар-ау!
Кайын атасы бар дейді,
Надан казак, жар-жар-ау!
Ліналадын әкемдей,
Кайдан болсын, жар-жар-ау!

(Осылай: «алып келген базардан кара насар» деп бастап, қай-
та-қайта жігіт айтып, «есік алды кара су майдан болсын» деп бас-
тап қайта-қайта қыз айтып барлық кайын жұрты мен қыздың төркін
жұртының туыстарын сыпыра айтып шығады.)

Жигіт

Ак коян қашар жоталап, жар-жар-ау!
 Ак тайлак өсер боталап, жар-жар-ау!
 Мүнша неге жылайсың, жар-жар-ау!
 Артыңнан інін барап апалап, жар-жар-ау!

Қыз

Текеметтің шет бауын,
 Оя тұрсын, жар-жар-ау!
 Той басына ту бие
 Соя тұрсын, жар-жар-ау!
 Мен шешеме айтайын
 «Әкеме айт» деп, жар-жар-ау!
 Мені десе, былайша
 Коя тұрсын, жар-жар-ау!

Жигіт

Кызыл қыршын замандас,
 Кызыл қыршын, жар-жар-ау!
 Кызыл қыршын ішінен
 Қыргы үшсын, жар-жар-ау!
 «Әкем бар» деп, арқага,
 Медеу қылма, жар-жар-ау!
 Алып кетер мал берген
 Сен бір құссын, жар-жар-ау!

Қыз

Тұндігімнің төрт бауы –
 Бас бауымды, жар-жар-ау!
 Алты женгем сураса, –
 Аласын да, жар-жар-ау!
 Айналайын, жан әкем,
 Каласың да жар-жар-ау!

Жигіт

Мінген атың кара-ды, жар-жар-ау!
 Жал-құйрығын тарады, жар-жар-ау
 Мүнша өксіп жылама, жар-жар-ау^{Рек.}
 Шешен ертіп барагы, жар-жар-ау!

Kыз

Түндігімнің төрт бауы
 Макта, шеше, жар-жар-ay!
 Кызың кетіп барады.
 Жокта, шеше, жар-жар-ay!
 Он екі айда айналып
 Бір келермін, жар-жар-ay!
 Сар інгениін ботасын
 Сакта, шеше, жар-жар-ay!
 Шалшық пісекен, су ма екен,
 Сарқыраган, жар-жар-ay!
 Ак сұт беріп, шеше скен
 Асыраган, жар-жар-ay!
 Ак сұт берген шешеме,
 Не көрсеттім, жар-жар-ay!
 Жат кісінің баласын
 Жоллас еттім, жар-жар-ay!

Жигіт

Есіктің алды кия еді, жар-жар-ay!
 Кияга біткен мия еді, жар-жар-ay!
 Екен берген камка тон, жар-жар-ay!
 Етіне кайтып сияды, жар-жар-ay!

Kыз

Токпак жалды торы айғыр,
 Етті ме, әке, жар-жар-ay!
 Төркіндегі үйімнен,
 Кеттім, әке, жар-жар-ay!
 Кыз да болсам сізге мен,
 Перзент едім, жар-жар-ay! –
 Жалғыз басым сыймластай
 Несттім, әке, жар-жар-ay!

Жигіт

Есіктің алды құмдакты, жар-жар-ay!
 Құмдактан коян зымырапты, жар-жар-ay!
 Атасы басқа жау женгем, жар-жар-ay!
 Отаяуга салып тыңдаңты, жар-жар-ay!

ЕКІНШІ ТҮРЛІ «ЖАР-ЖАР»

Жигіт

Бір толарсак, бір тобық,
Санда болар, жар-жар-ау!
Қырық кісінің ақылы,
Ханда болар, жар-жар-ау!
– Экем-ай, – деп жылама,
Байғұс қыздар, жар-жар-ау!
Әкең үшін кайын атан,
Онда болар, жар-жар-ау!

Кыз

Жазды құні ақша қар,
Жаумак қайда, жар-жар-ау!
Құлын-тайдай айқассан
Оң жак қайда, жар-жар-ау!
АЗар жаксы болса да,
Кайын атам, жар-жар-ау!
Айналайын әкемдей
Болмак қайда, жар-жар-ау!

(Әстіп, қайталактап, «бір толарсак, бір тобық санда болар»
деп бастап жігіт, «жазды құні ақша қар, жаумак қайда» деп қыз,
барлық туыстарын айттысып шығады.)

Жигіт

Шымылдығың серпе сал, –
Көрсін әкен, жар-жар-ау!
Көзінің жасын көл кылып
Тексін әкен, жар-жар-ау!
«Жылда-жылда ногайдан
Бұл алушы ем», жар-жар-ау!
«Бір міндеттен күтылдым»
Десін әкен, жар-жар-ау!
Шымылдығың серпе сал, –
Көрсін шешен, жар-жар-ау!
Көзінің жасын көл кылып
Тексін шешен, жар-жар-ау!
«Жылда-жылда бок жама
Бояушы едім», жар-жар-ау
«Бір міндеттен күтылдым,
Десін шешен, жар-жар-ау!..

(Бұл да, солай айтыла береді: «ағаң көрсін», «інің көрсін», «жен-ген көрсін»... деп.)

Кызы үзатыларда тойға келген, «аузының желі бар» жігіттің көбіләк қызбен «аужар» айтысып калуға талаптанатын. Бұлардың кейбіреулері тек сауық үшін айтса, кейбіреулері жол алу үшін айтаптын. Ал кейбіреулері қызбен көнілдес болғандықтан айырылыш бара жаткан ғашық жарына махаббат мұнын айтып калу үшін, соң қалдыру үшін, ғашығынан ескерткіш алып калу үшін де айтаптын. Кыздар да жігіттерге жауаптан кем қалмайтын. Кетіп бара жеткан сүйіскең жарына махаббаттың күйіктерін айтып калу үшін «аужар» айтысқанда, өлеңнің ішіне ишаратпен көніл күйін білдірерлік, махаббат күйін білдірерлік, касірет мұнын білдірерлік соңдер де айтылады. Қазақ атаулы елдің көркем сырлы әдебиетінде, олсен-жырларында бұл тақырыпты махаббат күйін айтқан, айтқанда жұмбактап, мысалдап айтқан неше түрлі сырлы жырлар, сырлы өлеңдер күні кешеге шейін көркем сөздің бір көрнекті саласы болып келеді. Мысалы: Ақан серінің «Сырымбет» деген онимен айтылған өлеңі. Ақанның «Ақку құс», «Ақ сұнқар», «Ақ сұлу» деген сүйіген ғашығына, көп ішінде ишарат қылыш айтқан мүнди қасіретті өлеңі сондайда айтылған өлең. Өлеңі міні:

Аулым конған Сырымбет саласына,
Ғашық болдым акқу құс баласына, е-ей, еркем,
Бидайдыққа лайық, қарағым-ай,
Құладынға кор болып барасын ба, е-ей, сркем,
Ғашық жар-ай, енді есен бол-ай!..
Алтын кайық жарасар күймесімен
Жолдас болмас акқу құс сүймессімен,
 сй, сркем!
Кос көл жакқа барғанда киіп барған
Бешпентінді беріп кет түймесімен, е-ей, еркем,
Ғашық жар-ай, енді есен бол-ай...
Жайындағы акқу құс сынқылдаған,
Құладынға айналса, шынқылдаған.
Ақку құстың тұнғиық төсін құшкан
Қүйге түсед үхілеп ынқылдаған.

Сүйіген сұлуын акқу құска мысалдап тенеу сонғы уақытқа дейін қазактың көркем әдебиетінде қалмай келген. «Роман жазсаныз осыны қөп материалдың бірі қылышыз...» деп жақында бір адам маган бірсыпира әңгіме-жырлар жіберді. Әңгіме-жырларына жағанды, бұл сүйіген жарының кеткен жағына карап мұнайған ғашық-

тың жазған сөздері болса керек. Мұнда да жалаңаш негр сыйкты «пакыр» колына түсken ғашық, сүйген сұлуын көлдегі сөүлетті акку құска тенеп мысалдайды. Бір жыры мынандай:

Көлдегі акку ак сұуым
Кеттің алыс айдынға.
Кел шетінде калдым жалғыз,
Саған құшак жайдым да.
Кел шетінде көз суземін,
Киыр айдын жыракка.
Калын камыс-жасыл жібек,
Судыраган құракка.

Жан еріткен сұлу үнін,
Естілмейді, үзілді.
Сен кеткен жакқа қарай,
Мұнмен көзім сүзілді.

Сулу үнді ак мамыгым,
Кайда кеттің, қайдасың?
Көлдің керкі ак саулетім,
Көзір қандай жайдасың?

Көрдім күміс айдынынан
Калай қанат қагындың?
Ак мамыгым, ак ұлдірім,
Ак сұуым, сағындым!
Акку құсым сағындым мен
Еркелейтін назыңды.
Жан сүйдірген, жан қүйдірген,
Сулу үнді сазыңды.
Сулу үнді ак мамыгым,
Келсейші тез Жайыкка!
Сен келмесен мен іздеймін,
Жалғыз мініп қайыкка.

Жана сауықка, мерекеге жиналған екі жар болған жастар арасында айтылатын өлең болғандыктан, және сол ескі тұрмыстың салты бойынша қызды жұбатып, көnlін көтеру жөнімен «аужар» өлеңіне жігіттердің жұбатуымен, махаббат мұнымен, қыздың мұнымен бірге, көбінесе, қалжын, әзіл сөздер де кірінкірейтін.

Бір тойдан жазылып алынған мына бір «аужар» өлеңін келтірейік:

Жігіт

Айт дегенде, айтайын, той қылған қыз!
 Семіз бие тойына сойғызған, қыз!
 Ұзатылу, той қылып, үлкен қызық.
 Кетемін деп, үйінен, ой қылған қыз!

Қыз

Сөз таба алмай, замандас, сасайып ба?
 Бұрынғының жолынан асайып ба?
 Бұрынғының дәстүрі болғанинан соң,
 Елден аулақ жапаңга қашайып ба?

Жігіт

Жас күнімнен өлеңге койдым қадам.
 Ескі досын ұмытар кейір падан.
 Бір сөзім бар сактаган айтайын деп,
 Болмағанда қасында бөтен адам.

Қыз

Мен де өзіндең өлсіңгे күрдым дүкен,
 Бері жортар кой аңдып, бүкен-бүксің.
 Сөзің болса, бүйымтай, онаша айттар,
 Түйе болып түндес кеп үйге сүйкен.

Жігіт

Түп үйкымды сен үшін бөлемін де
 Торышаммен түн катып желеңмін де.
 Түйе түгіл, бол лессен, бота болып,
 Түнде боздап тұсына келемін де...

Тағы бір жігіт пен қыздың «аужар» айтысқаны:

Жігіт

Жердің сәні болмайды ел кеткен соң.
 Жұқ көтермес кара нар, бел кеткен соң.
 Кетерінде сінліне тапсырып кет,
 Өгейсітіп жүрмесін ер жеткен соң.

Kыз

Бір камшым бар қолымда жез бауырлак.
 Ілікпедім өсекке сөзді ауырлап.
 Ісің еске түскенде, беу замандас,
 Жатамын да жылаймын жер бауырлап.

Жигіт

Мына көлдін басында құстар отыр, жар-жар-ay!
 Оны көріп каршығам үшқалы отыр, жар-жар-ay!
 Әшкере қып айтпағын мұндай сөзді, жар-жар-ay!
 Достарың аз, касында дүшпан отыр, жар-жар-ay!

Kыз

Боз казанат дегенге, боз казанат, жар-жар-ay!
 Сінлім артымнан болды азамат, жар-жар-ay!
 Өмірің қыска жалған жар, ойбай, елім, аман бол.
 Кетерімде сінліме тапсырайын, жар-жар-ay!
 Жігіт болсан жол тауып кел бір замат, жар-жар-ay!
 Өмірің қыска жалған жар, ойбай, елім, аман бол!

(Сонда, қыздың шешесі келіп, үялған болып, қызына ұрып, бетін шымшып: «Загипа-ay, жынды болдың ба?.. Басқа өлең құрып қалды ма? ...» — депті. Загипа оған болмай айта беріпті дейді.)

Kыз

Әке менен шешенің мейірі катты.
 Өз баласын, қызығып малға сатты.
 Өмірің қыска, жалған жар, ойбай, елім, аман бол!
 Байлап беріп жат елге танымаган,
 Жетім балаға ұсатып жалтаңдатты.
 Өмірің қыска, жалған жар, ойбай, елім, аман бол!

Жигіт

Буынғаным беліме кісен бе еді, жар-жар-ay!
 Бекем бусам белімнен түсер ме еді, жар-жар-ay!
 Әкең барып шешенді ап келмесе, жар-жар-ay!
 Мұндай азап басына түсер ме еді, жар-жар-ay!

Бұл дүниеде бар ма екен қыздай байғұс,
Ала бөтсін өзгеден тиген карғыс!
Өмірің қыска, жалған дос, ойбай, слім, аман бол!
Бұралқы иттей, әркімге ілеседі.
Жиырма қызы бергенше үл бер жалғыз!
Өмірің қыска, жалған жар, ойбай, слім, аман бол!

Қызы ұзату, қызын малға сатып жат елге келін қылып беру –
біндер табы үстемдік қылған ескі казак салтында көшпіліктің
істейтін ісінің бірі.

Ата-анасынан, туған-туысканынан, құрбы-құрдасынан, ел-
▲ұртынан айырылып жат елге кету, кеткенде, қебінесе, қызы бен
▲шіттің қаласуымен емес, үстемдік жүргізген билер табының
үстем санаы бойынша – үлкендердің дегенімен, мал берген адам-
ның сатып алғаны болып кету қызыға қандай қызын екені өзінен-
оғи гүсінікті.

Сүйіскең жастардың өз еріктерімен бір-бірімен қосылуы би-
ндер билеген ескі заманда өте қызын нәрсе. Сондыктан, бұрын
қызы болған женгелер: «әкенің он жағында ойнап күлгеннен бас-
қы не қызық бар» деп қыздарға нақыл айтатын сиякты. Ол на-
қылды өзге жастардың бәрі де теріс көрмейтін сиякты болған.
Қызылардың жас шағындағы қөретін махаббаты, сол «әкемнің он
▲шіндеғи кезі» ғана тәрізді болған. Қыздар да осы «накылға»
«үйіттің» сиякты болған.

«Атаның он жағындағы» «еркін» заманынан айырылып, ойнап-
күнген құрбы-құрдасынан айырылып, біреуге мүлік болып, жат
спе келін болып аттану, әрине, жылаусыз, зарсыз болуы мүмкін
болжаған. Сондыктан, бұл реттегі өлең-жылардың мұны ашы-
рық болатын, қыздың бакталайына мал беріп алайын деп отырған
▲шіттер, «көзге толымды» болса, қыздың баратын жері малды үй
болса, қызды «бақытты қызы» деп санайтын. Ақыры, қыздың қебі-
лік, өзілері де, әлгідей болса «шүкірлік» қылып, ырза болатын...

Ондай күйеуге баратын қыздың жылауын, жұрт тек «ел-
▲ұртын қимай жылады» дейтін. Қыздың баратын күйеуі толым-
сын болса, кем болса, онда қыздың зары да ашы болатын. Мал
ашының үйлерден басқа жүрттың жастарының, әйелдерінің іші де
онан тым катты ашитын:

Кара суды жагалай каз барады.
Анасынан айырылған қызы барады.

Кара суга каш қүйсаң – агар, кетер...
Жат кісіге кыз берсең – алар, кетер...

Акку көнбес һеш кімнің байлауына.
Кайтар ән сап ак сұлу жайлауына.
Қыздан сорлы бар ма екен, тәнірі-ай деген,
Әкссінің кетеді айдауына?..

Уылжымай акша бет қуарсайшы!..
Мөлдіреген екі көз сұалсайшы.
Бір жаманға кор болып кеткенінше,
Өліп кана кыз сорлы уаисайшы!..

Неге өсті екен кыз сорлы смылауменін,
Тал шыбыктай тал белін қынаумені?
Анасынан онан да тумасайшы,
Өксітегінше өмірі жылаумені?! –

деген тәрізді өлеңдер оған дәлел...

Үйтсе де, қызды малға сатып «қалын мал» алуды билер табының кол астындағы жұрт сол таптын үстем санаңы бойынша, бұзылмайтын заң деп, солай болуга тиіс деп санайтын. «Қызды мал берген адам алуға тиіс» деп, «қызды тәнірі жат жұрттықка жаратқан» деп санайтын. Сондыктан, қыздың жылауына жұрттың кебі үйреншікті көзбен қарайтын.

Ұзататын қызды көттеп-көмектеп жұбатып, қалжындап ойнап, ақыл айтып, үгіттеп, «мереке» қылыштып шығарып салатын. Зарлап, сыңсып, жырлап-жылап отырган қызды сезбен де жұбататын. Әдемілекен, қалжын-оыйн аралас өлең-жырмен де жұбататын.

Сол қалжын әзіл аралас жұбату, үгіттеу өлеңдері: «тойбастар», «жар-жар», «жұбату», «үгіттеу», «баталар».

Қызды ұзатқанда да, кыз келін болып түскенде де қуаныш қылған үйлердің қуаныштарының үстінде айттылатын бұл салт өлеңдеріндегі үгіт, нақылдың бәрі – қызды сол надан ескілік, билер табы билеген заманының салтына толық бағындыру, көндіру болған. Сатылуға, құлдыққа мойынұсындыру болған. Билер табы билеген ескілік замандағы екшеліп қалыптанған надандық салт бойынша, қыздың ұзатылып барғанда әйел болып істейтін толып жатқан ауыр «міндеттерін», құлшылығын құлағына құйып ұғындырып, сол құлшылыққа үйиту болған. Соларды қабыл алдыруға үгіттеу болған.

Енді, қыздың сыңсып айтатын зар жырымен, қызды жұбатып, «ақыл» қылыштып айтатын жұбатудан нұскалар келтірейік.

СЫҢСЫМА

Кыздын шерлі, «сыңсыма» жыры түрліше болады. Бірақ, үйткенмен, жалпы «сыңсыманын» ұзын-ыргасы, сарыны біркашынты, мұн, зар, шер болады. Сөздерін онша келістіріп көркем-лен баптай алмайды. Эні де, тек зарлы сарын болады.

Замалым өтті басымнаи,
Дәуренім өтті басымнаи.
Бұл не деген іс болды?..
Көлінен кеткен күс болдым –
Бұлгактап жұрген заманым,
Каңдай да жерге тұс болдым!?
Ата-анам еді дәүлестім, –
Мен жұрттыма жау ма саді?
Жат жұрттық болып кеткен соң,
Кетер-ау бастаң сәүлестім!
Айналайын ел-жұрттым,
Не болар менің заманым?..
Дәуренім менің өткен соң,
Бұралқы иттей кеткен соң,
Естіле жүрер дейсіз бе,
Не болып жұрген хабарым?
Заманым киши болар-ау!
Көкірекке кайғы толар-ау!..
Ел-жұрттым, сенен айрылып,
Санаңен жүзім солар-ау!..

ЖҰБАТУ МЕН ҮГІТ

«Жұбату» мен «үгіттеудің» мазмұны үйреншікті, бір қалыпта болады: «Бұрынғы-сонғының жолы осы... Әуелі пайғамбар да қынын ұзаткан. Жылама! Өз еліне баrasын, тек өзін жаман болма! Жаман болмаймын десен, үлкендерге кішілік қыласын. Құлша, күнше жұмыс істейсін. Байынды күтесін, ұрса да бетіне қарсы келмейсін. Кайын атан мен кайын ененді күтесін. Өз алдына үт тігіп, мал малданасын. Әсіресе, әлдилеп бала сүйесін», – дегендег үстемдік қылған табының салт-санасына құл қылатын сөздерді айтады. Көніл котеру үшін сөздерінің арасына қалжын да кіргізіп қояды.

Жылама, бикем, жылама!
Көзінің жасын бұлама!
Ұл бол тусан әуелден,

Сені мұндақ кыла ма?
Бүркендіріп коя ма?
Көзді жаспен бояма, –
Біз бермейік десек те,
Мал бергенің көм ма!
Жылайсың неге «йім» деп,..
«Жиганым қызыл бұйым» деп?..
Әкең сениң ойлайды, –
«Отырган балама киын» деп,
Сен ойлайсың «барсам» деп
«Үйге тұлға болсам» деп,
«Өз алдымға мал салып, –
Адамшылық құрсам» деп,
«Ақша отауға кірсем» деп,
«Барша, манат кисем» деп,
Тілеуін, бикем, алдында, –
«Әлдилеп, бала сүйсем» деп.
Осылай шығар ойыныз...
Сәрсенбі сәтті тойыныз...
Тілеулі-күтті тойында,
Көң жылауды койыныз!..
Жыламай құлақ салыныз,
Бұл сөзіме наныныз, –
Мен айтамын өснет, –
Тыңдал, үғып алыны!
Мұнан көшіп кетерсін,
Шын еліне жетерсін.
Тен құрбың шыкса алдыннан,
Ойын-күлкі етерсін.
Құрбың келс құлгейсін,
Әдеппенен жүргейсін.
Салмакпенен сөз сөйлеп,
Жақсы жауап бергейсін,
Бұл барғаннаң баарсын.
Ата-енене баарсын.
Дүниесін құрметтеп,
Қабагына каарсын.
Шашылғанын жігайсың
Құлдай малын бактайсын.
Қүідей жұмыс қылгайсын.
Ата-енеңе жаққайсын.
Қүйеуінді күткейсін,
Өз басын құрмет еткейсін.
Канша конілің қалса да,
Бір-бірінді тұтпейсін.
Жыртық қылма киімін,
Шашпа жиган бұйымын.
Қүйеуің келсе бір жактан,
Оңай қып түр киынын.

Шаригаттың белгісін
Білсен жақсы үлгісін.
Сөзге сиңық қылдырмай,
Күтсөн жақсы құрбысын.
Аз асынды көп етсөн,
Бар асынды жария қып.
Конағын сыйлап жөнелтсөн
Мұнша қызымет қылды деп,
Алғаным тапты жолды деп,
Күйеуін көнілі жай болар,
Малым адам болы деп,
Күн жұмсасан, корлама!
Тіл алмаса зорлама!
Тәтті, дәмді асынды,
Онаң бөлек үрлама!
Құл жұмсасан ұрманыз,
Оған корлық қылманыз.
Жетім қақын ойланыз,
Бұл сөзімді тыңданыз.
Өзің сараң болмаңыз,
Сараңдық ат алмаңыз.
Конак конса үйіне,
Табағына ішк-қарын салманыз
Жаман катың белгісі, –
Әр иден жок үлгісі.
Сасық болады иісі.
Лас болар киім кісі.
Айғак болар құмғаны,
Колың малып жуганы.
Үсті-басы бок болып,
Кас құлайдың үрганы.
Ол адамнан үялмас,
Дүниеслігін жия алмас,
Өзінің малың танымас,
Дәңсемеге жарымас...
Мінгенде атың боз гана,
Күйеуің жап-жас бозбала.
Пайғамбар қызын үзаткан, –
Соның бір салған жол гана.
Кесте бір тіктің гүл пара,
Лайттырып жар-жар сиңсұма!
Әкениң тәуір баласы,
Обалың қырық бір жылқыға.
Мінгенде атың жиреніш,
Тықырышып тұрмас мінгеніш,
Сен ақылың кіргеніш,
Ақ тайлак шығар іңгеніш.
Сірәда мауқың басылмас,
Әлдилеп баға сүйгениш!

Мінгенде атың боз ғана,
Күйеуің жап-жас бозбала,
Тана бір моншак тақкалы,
Тұңғышың болсын қыз ғана.
Еділсан үшкан екі каз,
Жайыктан үшкан жаңғыз каз.
Бірі шанкан, бірі боз.
Сандығың толған сары боз.
Мінгенде атың ала-ды.
Тен күрбын мұнда калады.
Жыламай аттан, бикешім,
Жаз бір, күз бір барады.
Мінгенде атың тенбіл көк,
Тен күрбын калды мұнда көп,
Орамал берсөн – барша бер,
Мактайды сені мына көп!..

БЕТАШАР

Билер табы билеген казактың ескі салтында келін түсіру, үйлену – айрықша мағына беретін ісінің бірі. Әрине, жапандағы мал бакқан ауылға келін түсү – үлкен мереке. Казактың бұрынғы қара құшпен құнелткен, билер табы үстемдік қылған заманында көршілес рулармен ылғи жауласып, шабысып, малға, коныска таласып, шокпар санақсан, «балшықтан кісі жасай жүрген» заманында, қызды сатып алатын заманда, катын алу айрықша мағыналы іс болған.

Казактың: «Әуелі байлық – денсаулық, екінші байлық – ак жаулық». «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды». «Карыздан да катын ал, катының қалар жанына». «Аяғын көр де асын іш, анасын көр де қызын ал». «Ат биеден туады, алып анадан туады...» деген тәрізді макалдары бар.

Бұл макалдардан, қазақ атанған елдін, билер дәуірінде, катын алуға, ең алдымен шаруашылық, тіршілікке керектік көзімен қарағандығы көрінеді.

Катын алсан шаруанды істейді. Үйіне, дүниене ие болады. Үл табады. Үл азамат болып, куат, күш болады. Қайратты, мықты «алып» туған үл көп болса, әрине, алдымен, үстем тапқа күш, онсон сол билердін кол астындағы әкеге де күш, ауылға да, руға да күш болады. Сондықтан, катын алғанда еркектің, ауылдың, рудың тілейтіні – катын үйге, шаруаға ие болатын болса екен. Би, ақсал, ру бастықтарының – үстем таптың күзеткен салтын толық

қибыл тұтып, сол салтқа сөзсіз бағынып, иіліп тәжім қылып ұүретін болса еken. Сол салттың азаматы боларлық бала тауып, «күтты», «үлгілі» ана болса еken дейтін... Мұндай болмаған өйелге билер табы билеген ескілік салт он қарамаған...

Сондыктан, жаңа тілеумен отау тікпек болып отырған мереңнін үстінде ауыл болып, ру болып келінді қарсылап үгітке алатын. Қайын жұртымен таныстырып, келіннің бетін ашып, қайын жұртын көрерде қалжын-ойын араластырып, ескі, билер табының санасы үстем салтқа өбден табындырып бағындыру үшін, келінгे үгіт-насихат айтылып бағатын.

Үгіт-насихатының мазмұны – билер, ақсакалдар құзеткен үстем таптың, белгілі ескі салтқа иілтіп, бағындыру. Сол салттың түгел құрметтету. Сол салттан туған, келінгे арналған «әдепті» түгелімен жас келінге сініру. Келіннің, енді, малға, үйге ие болатынын өбден білдіру, ие болғанда: «ұлкендерге иіліп тәжім қыл, конак келсе күт, не десе де ата, ене, байына қарсы келме. Тек байын үшін, ата-ене, ру бастықтары үшін, табатын ұлын үшін, үйге, малға ие болып құл болып, «күтты» катын бол!..» дейді...

Айтылатын үгіт сөздер, «беташар», «айт, келін», шеберленіп тізілген жырменен, тақпак ырғағымен айтылатын. Жөне жырдың басында отка май құйып табындырып, жырдың ара-арасында ұлкендерге тәжім қылдыратын. Қазақ болған елдің бұрынғы, түрлі заттың «иесі» бар деп нанатын кездеріндегі көп «аруак», көп «тәнірі-иелерге» табынатын, оның ішінде «от тәнірісіне» табынатын заманнан қалған ырымдарды істететін.

Ислам дініне кірген соң қазақ мұндайларды бірте-бірте қойды. Бірак, отка май қуюды соңғы кезге шейін коймай келді. «Беташар» мен «айт, келіннің» де ырғағы, ұзын-ұрғасы үйреншікті, қалыптанған сөздерден құралған болады.

БЕТАШАР

Келін, келін, келіп тұр!
Келіп, үйге еніп тұр!
Қайын жұрты-халқына,
Иіліп сәлем беріп тұр.
Үйдің іші толы адам, –
Бәріңді келін көріп тұр.
Көргенменен, танымай,
Қайсысы алыс, кім жақын,

Сол жері көнілін бөліп тұр.
Көрімдік берсе көп адам, –
Талай мал өзір болып тұр.
Кайнаға, кайны, карт ата,
Саранына кез қылмай,
Мырзасына жолықтыр,
Не қылсан, халық, өзің біл!
Жат елден келіп жас келіп,
Жана мейман болып тұр.
Келін келді қабынып,
Женсіз желен жамынып,
«Келіп келді» деген соң,
Ат айғыр қалды сабылып.
Не ғып тұрсын, келіншек,
Май салып отка табынып?
Жай болды ма көнілін,
Іздегенің табылып?..
Әуелі сізге айтайын,
Жасы үлкен, балалар!
Есі болса келіншек
Мал өнер жерін шамалар.
Үлкендерден алған соң,
Тәмен карап жагалар.
Үлкендер түйс бермесse,
Дос, дүшпаны табалар,
Алмадай жүзі қызырып,
Келіншек пакыр үялар.
Жоғарғылар нар берсе,
Жетслеп келін ала алар.
Үлкендерден үйреніп,
Кимылдар мырза балалар...
Келін келді, көрініз,
Көрімдігін берініз!
Жат елден келіп жас бала,
Жана көрген еліміз.
Әуелі бастан аксакал
Үміт еткен жеріміз.
Берер болсаң жылдам бер,
Келінменен косылып.
Түрегеліп отырып,
Ауырмасын беліміз.
Нар берсөніз, мая бер,
Үстіне кілем жая бер.
Одан артық айтуға,
Еркін келмес ебіміз.
Маяның даусын есітіп,
Каша көрме, көбініз!
Не берсөн ырза келіншек,
Қыстаймыз ба сені біз!

Ақсакалдан күр қалсақ,
Оңай болмас кебіміз.
Ол бермесе, не берер,
Кейінгі құрбы тенінің?..
Жылқы берсөң, биеден,
Кем болмасын түйеден.
Сүтті болсын ак бейіл,
Сауғанда келіп иеген.
Жұрт жолында бар нәрсе,
Құтылмайсың ешкайсың,
Кашканменен жүйеден.
Тон жапсанызы, камқадан
Жібектен есіп бау таққан.
Келіншек оны кийіз,
Ақсакалдар, тұрыңыз,
Мархамат болса қылыңыз.
Қыз келіп шаршар иіліп,
Қолтығынан сүйеген.
Сиыр берсөң, қызылдан,
Шұбалан құйрық ұзыннан,
Алыстан келді деменіз,
Келіннің ақын жеменіз.
Кем көрменіз келінді,
Өзіннің тұған қызыңан.
Бермесеніз не өнер,
Пайласы жок мылжыңнан?
Келінге болар абиыр,
Еліңе болар тағы үйір.
Еті қызған мырзалар,
Беріп салса қызумен,
Осы отырган көп адам,
Әркайсы берсе калмастан,
Келін байғұс шаршайды
Күндікке түйе тізумен.
Ақсакал тәүір көрмесе,
Көрімдікке түйе бермесе,
Әуре болар бет ашкан.
Күндікке сабын езумен!..
Кой берсөң, үлкен ағынан,
Алмайды келіп жағынан,
Егіз болсын козысы,
Болмасын жалқы ағынан!
Ендігі жылы тұмаса,
Көрелі келіп бағынан.
Косактанызы, байеке
Жұндісі, ірің жағынан!
Бұл малдың бәрін алған сон
Корасына салған сон,
Бай боп калар бүл келін,

Өзінің озып табынан.
Карын-карын май жинай,
Құрты кетпес кабынан.
Бұл келінді көргенін,
Семіз мал болсын бергенін,
Отау үйдің шөбі жок.
Болмасын арық-коызынан.
Кимасан ағын, байсек,
Колынның болсын карасы,
Жұлынса жүнге жарымас,
Болмасын тағы аласы.
Ногайы койды койыныз,
Жайдары тұқым баласы.
Тандалауды койды көп берер,
Мырзаның аскан саласы.
Бересінді жылдам айт,
Бермененің үйге кайт,
Келіннің жок сіздерге,
Жасырын берер парасы,
Берсен калар куанып,
Бермесен бар ма шарасы!?
Нысап қылсын, агалар,
Бұл келіннің иіліп,
Сөлемін қылған карашы!
Үндемейсін ешкайсын,
Бермейсің-ау, шамасы!?
Үлкендерден дәме етіп,
Ауыз басын шаң етіп,
Бір отырып, бір турып,
Ұлгайды келіп жарасы,
Бермен сон ұлғайып,
Ашылды сөздің арасы.
Ешкі берсен, жағалдан,
Сөукеле кара сакалдан.
Мүйізді болсын бөрі де,
Токал ешкі тағы алман!
Сүтті болсын емшегі,
Сүтсіз болса, саяу алман.
Аксак, тоқсак болмасын,
Есебін құрттап таба алман.
Кетеген болса күрсыын,
Егінді жерде баға алман.
Кетіп калса сұылдап,
Жаяу оған бара алман.
Мынау келін сыйырлап,
Аузы түр гой жыбырлап,
Алмаймын деп түр, ешкіні,
«Пайдаласы аз» – деп, залалдан.
Нөзік жерде жарам бар,

Наңбасандар қараңшар!
Жоғалса, іздел ешкіні,
Атка мініп шаба алман.
Кім үстайды қуалап;
Кашкан ешкі лағын?
Ойнектап кетсе көрінбей,
Ішіне кіріп жыранын,
Қуалап кетер құрагын.
Егінге түссе, дикандар,
Отап тастар құлагын.
Алмай-ак кой, алмасан,
Ешкіні, келін шырағым!
Сенің үшін бұл көптен,
Сонша мадды сұрадым,
Беретін болды бәрі де,
Құлагын әбден бұрадым.
Борекелді, көп жаса,
Бір отырып, бір тұрып,
Күндікке әбден шыладын!..
Кейін сараң, кейін мырза,
Кейін капа, кейін ырза.
Барша жұртты сыйналын!
Біреуі сиыр, түйені,
Біреуі кой мен биені,
Беріп жатыр әркайсыны,
Кайсынын тәуір үннаттың?
Бай болыңдар, ағайын.
Келінді нәумез қылмадын!
Түйс мен жылкы, кой, сиыр,
Төрт түлік мадды құрадын!
Кыздарын конып кияга.
Ұлдарың консын үяга.
Баршаңызға ракмет! –
Асыл болсын мұратың!..
Екінші сөлем келіннен,
Кара сакал билерге,
Той тамаша жер менен
Келіншек кірді үйлерге.
Луыздарын бармайды
«Көрімдікке шапан ки!» – дерге.
Лайтырын тілер еп пе еді,
Біздер мейман сіздерге!
Бұл келіннен аяну,
Жок еді бұрын дестүрде.
Асып келген келіншек,
Аса жүрт деп сый жерге,
Әуелі бастап аксакал,
Үлкеннен алдық маяны,
Маяга бура керек – деп,

Тағы да колын жаяды.
Бере берсен бұл келін,
Кай нәрсенді қояды.
Көрімдік деп бергеннің
Кайбірін алмай тояды.
Аксакалды қөрген сон,
Ашылды келін араны,
Оттай жангап ку нәпсі,
Не қылганда тояды?
Бозбалалар, асықпа,
Сендерге де барады.
Бірте-бірте бұл келін
Бәрінді де сояды,
Әуелі алып, жымырды,
Мая менен биені.
Кара сакал билерден,
Білмейін, не мал тиеді?
Биелер қысыр қалар деп.
Айғырды қөnlі сүйеді.
Тұр-тұрімен сұраган,
Бозбалалар, құлмендер,
Келіннің сөзі жүйелі.
Босқа берсе, келінжан,
Талай малды үйеді.
Кетсе кетер біреуден,
Келіннің несі қүйеді?
Айғыр берсен, мініп ап,
Шапан берсен, киеді,
Тон берсеніз кымбаттан,
Жырта карыс жиегі.
Бозбалалар жеткізер,
Кемірек болса сүйемі.
Үшінші тұлік, үлкеннен,
Сиыр деген мал алды
Шаруа малы көп болса,
Ешкім тартпас залалды.
Ак сакалды жымқырып,
Кара сакал билерге,
Ал, келін енді қадалды.
Бұл сиырға бұка жок.
Құле берме, бозбала,
Өздерін тап амалды
Күлгенінді жактырмай.
Көnlіне келіп шам алды.
Жөн сөзімді теріске алып, –
Не десен болар заманды?
Үлкендерден колкалап, –
Койды да келін көп алды.
Ак, карасын айрып,

Атын ата, деп алды.
Кошкар таппай көп койға,
Келіннің ойы камалды.
Сумандаган, егіншіл –
Ешкіні өңшен тағы алды.
Текеден сасып тағы да,
Таба алмай түр амалды.
Төрт түлік малға сай болып,
Келінгे дәулет жамалды.
Іздегені табылып,
Өріске малы жайылып,
Бакыты келін онады...
Әзір бол, келін, малына,
Көпшілікпен ес көрмей,
Тай тулағын жогалды.
Алдындағы ақынға,
Сене берме келіншек
Жинасканы болмаса,
Карасуга дөғал-ды!..
Сендерге енді келейін,
Жапсардағы отырган,
Жастары үлкен аналар!
Ақылы артық данаалар!
Сіздерге де қуаныш,
Жасы кіші балалар!
Бұрынғының бір жолы,
Келінді көрген адамнан,
Көрімдікке мал алар.
Келінің, балан бір теніді.
Қосылышты сайнына!
Осындај жаксы келінді,
Көрімдігін атамай,
Көресіндер ме жайына?
Не берсендер де, актан бер,
Өсеріне бактан бер.
Тым болмаса ен салдыр,
Түйенің кенже ботасы
Бисенің кіші тайына.
Малға шамаң келмесе,
Берсен де ырза боламыз,
Калтағы құрт пен майыңа!..
Беремін деген кей катын,
«Бергенім осы, менің» дер.
Алыстан келген кей катын,
Шығарып беріп жанынан,
«Берер едім аямай,
Жакын емес елім» – дер.
Бермейін деген кей катын,
«Дүниемнің билігін,

Үйдегі білер ерім» – дер.
Сылтау қылып кейбірі:
«Өкпелімін бұл тойдан.
Беретін жок жерім» – дер.
Желдіртпелем кейбірі:
«Сабыр қылып тұра-тұр,
Берейін саған кейін», – дер.
Кейін барып сұрасан:
«Ойнамай жүр мемімен,
Мен емес сенің тенін» – дер!..

АЙТ, КЕЛІН

Бетінді, келін, ашканым:
Жана жүртқа косканым.
Жасы үлкенді сыйлап жүр,
Құрмет қылып жасканып.
Балалық күнің өтті енді,
Аналық күнің жетті енді,
Жана дәурен есігі,
Алдыннан енді ашылды.
Бейбішелер келтіріп,
Шараларын толтырып,
Шашулары сатырлап,
Есіктен төрге шашылды.
Айт, келін, енді, айт, келін!
Атынын басын тарт, келін!
Кыз көнілден кайт, келін!
Сауысканнан сак, келін!
Жұмыртқадан ак, келін!
Күйеуіне шак, келін!
Ел жұртына жак, келін!
Өзін бір ақыл тап, келін!
Ата-ененді бак, келін!
Кісі келсе үйіне,
Кигізінді как, келін!
Атанды бұрын жатқызып,
Тұндігінді жап, келін!
Шөугүміне су күйип,
Сонан кейін жат, келін!
Сүйгеніңмен сүйісіп,
Адалдан бала тап, келін!
Калдырмай ақыл айтайын,
Құлакты, келін, саласын.
Катасты болса сөзімнің,
Осы отырган әлеумет,
Сынға салып карасын.

Құлағың салып қарап түр,
Келін-жан, мәнің тілімді!
Әдеп жолын үйренбек, –
Жас кісіге білімді.
Ақылсызға айткан сөз, –
Далаға кеткен шығын-ды.
Бәрі саған керек іс,
Тыңдасан, келіп, жырымды.
Жырга косып айтамын,
Бар еснет сырымды.
Бұрынғы қунің – балалық,
Ер жеткен қунің бұ күнді,
Өзім айткан сөз емес,
Осылай деген бұрынғы.
Келін боп келмек оң жакка,
Ата-ананың мұрасы.
Бұрынғы үйін бекер-ді,
Мекенің осы тұрысы.
Өз үйінде тұрмак жок,
Ұл боп тумай әүелде,
Қызы болған сон, расы.
Келін боп келген қызы іс,
Жаңа еспірім балаға,
Қызмет қыл иіліп,
Ата менен аяға,
Өзіңнен үлкен адамның
Бетіне тік қарама!
Үлкен кісі келгенде,
Катарласып отырмай,
Кейін отыр панаңа.
Ылажы боса шығып түр,
Кайтқанынша, далаға.
Бар айтканым бұл емес,
Құлағың салып тыңдал, түр,
Сөз бар айттар және де,
Тұратын болса ата-анан,
Отырып қалма орнында,
Тұрып барып есік аш.
Еріп шықпа сонына.
Дәрет сүнн көтеріп.
Қарап та түр жолына,
Орамалын алып бер,
Ұмытып кетпе оны да.
Бұрынғыдай ойламай,
Сабыр етіп шыдам қыл,
Аштық пенен тоғына.
Ынтыменен қызмет қыл,
Кудай қоскан еріне.
Құле сөйлемп жауап бер,

Оның айткан сөзіне.
Тең күрбынан артық бол,
Үлкен емес, кіші емес,
Косылысың теніне.
Еріннен асыл адам жок,
Карасаң ата тегіне.
Құйеуін үйге келгенде,
Қагып көрпі салып бер,
Отыратын жеріне.
Бір нәрсеге жұмсарда,..
Алыстан «ай» деп, айтқызба,
Төсегін салып шешіндір,
Ерте тұрса киіндір,
Киімін тұрып алып бер,
Белбеуін байла беліне...
Менін айткан бұл сөзім,
Бәрі саган керек іс.
Абайлап кара ұғынып,
Сөлекет болып отырма,
Еркектей болып жүгініп.
Бір тізелеп жән отыр,
Тәмен қарал бүгіліп.
Катты қылышп сөйлеме,
Ақырын сөйле мұдіріп,
Майдалығы сөзіннін,
Кеткендей болсын үгіліп,
Бір нәрсеге барғана,
Көп кешікпе, кідіріп.
Үй арасы болса да,
Катты жүрме жүгіріп.
Бозбалала қарама
Артық аса тігіліп.
Сыпсын болып біреумен,
Өсекке жүрме ілініп.
Жасырынбай, жаман ат,
Ақыр бір шығар білініп.
Жаман атын бір үшікса,
Кетеді елін түніліп...
Тәжім етіп, сәлем ет,
Үлкен үйге кірерде.
Сыртынан шығып жүрерде.
Есіктен шығып жүрерде.
Бір киын іс дүниеде,
«Пәленше келін сондай» – деп,
Сыртынан әркім құлер ме!
Ерте тұрып тундік аш,
Ерініп жатпай төсекте.
Мезілсіз келгенд үйқыны,
Өзіне жақын дос етпе.

Жана түскен жас келін
Жақын болар есекке.
Катынға көрі айып жок,
Мінсе де теріс есекке...
Сөйлеген кезде, еркектей,
Дауысынды қатты кенеме.
Нәзік сөйлес ерінмен,
Не жұмыс қылсан жылдам қыл,
Шұбалан келін атанба.
Тастама белбеу белінчен,
Жүріп жұмыс қылғанда.
Бәрімен ұста колыңның,
Ұстама жалғыз жеңінмен.
Ата-ана мен жарынның,
Бетіне тіке қарама,
Алса да таспа теріннен.
Касына бала келгенде,
Қабағың түйіп тыржып,
Жылатпа тұртіп колынмен.
Орынсыз жаман іс қылып,
Әркімнің тілін тигізбе,
Ата-анана тегінмен.
Ұзын сөздің қыскасы:
Жаксы болып, іс қылып,
Жұртына жак слінмен
Бар айтканым бұл емес,
Құлагын сап тыңдал тұр,
Літтылар кейін қалғаны:
Отырган адам көзінше,
Әр жеріңі касыма.
Жаулығыңы шұбалтпай,
Дұрыстап ұста басынá,
Астынан шығып жүрмесін,
Ие бол жұр шашына.
Колын үстап бетін сүй,
Бала колссе касына.
Кайныңды сыйлап қалірле,
Қарама үлкен-жасына.
Жасы құрбы екен деп,
Жаманға болма ашына.
Ойынның жоні осы деп,
Әркімгі берме шашыла.
Біреу жаман айтты деп,
Болымсыз іске жасыма.
«Пәленшес бүй деп айтты» – деп,
Жарына сөзді тасыма.
Есітсен де жамағ сез,
Жүргенің жаксы жасыра.
Көніліңе келіп жүрмесін,

Айтты деп сөздің киынын.
Бү күнде жаман көргенмен,
Көніліне теріс келгемен
Бәрі де саған пайдала,
Ағаның айткан жырынын...
Айт, келін, тағы, айт, келін!
Атының басын тарт, келін!
Сауысканнан сак, келін!
Жұмыртқадан ак, келін!
Келін, келін, келіншек!
Алдыңы түйен итіншек, –
Итіншек түйе екен деп,
Басқа сокпа, келіншек!
Артқы түйен тартыншак,
Тартыншак түйе екен деп,
Көтке сокпа, келіншек!
Өзің жатып тесекте,
Касында жаткан байына:
«Тұр-тұрлама», келіншек!
Каптың аузы бос тұр деп,
Құртты ұрлама, келіншек!
Жаман болса келіншек, –
Құлқісін тіпті тымайды.
Кісі келсе даладан, –
Кесілген бұтын жимайды.
Көрінгенмен ұрсысып,
Ауылдың бәрін былгайды.
Қырыстанып үйінде,
Беті-колын жумайды.
Ел қыдырып інірден,
Кісінің үйін тыңдайды.
Шакырсан үйде тұрмайды.
Көргені жаман екен деп,
Есіткен ауыл шулайды.
Жаксы болар келіншек, –
Ондайларды қымлайды.
Осынша айткан ақылды
Демегейсің, келіншек,
Кайнаға-акын, такылдан,
Мұнша неге жырлайды...
Ал, бітірдім жырымды,
Айтып boldым сырымды!
Терде отырған бабалар,
Кара сакал ағалар,
Жапсардағы аналар, –
Жамагатка бір сөлем!
Жұрт билеген адамға.
Үлкен болған дәuletін:
Әлемді басқа сәuletін

Ықпалың жүрген шағында,
Таңдал конған пәубетін,
Бектікпенен ағарды
Кара сакал қауметін!
Төрде отырган ағексөң бір сәлем!

Мырза адамға:
Өзі тені адамнан
Мырзалығын асырган,
Көрген жан колың қусырып,
Сәлем беріп бас ұрган,
Жаксылығын жайылтып,
Жамандығын қашырган,
Жаксы кісі атаңған,
Мырзекең бір сәлем!

Сараң байлаға:
Тай-қуианың мактаган,
Шебі көп жерді жактаған,
Сексен сомға бір атын,
«Сат» десе де, сатпаган,
Жазы-кысы өмірі,
Жайлы жерге жатпаған,
«Көрімдік бер» деп, айттар деп,
Жан-жағына бақпаган,
Сараң байға бір сәлем!

Жомарт адамға:
Бедеу атка жем берген,
Тылдалан дабыл өңгерген,
Нан тілессе, май берген.
Бай кісі мен байғусты
Бәрін бірдей тен көрген,
Шөлдеп келген кәріпке,
Бал, кант косып шай берген,
Жомарт байға бір сәлем!

Таз кісіғе:
Таз үлкені Күлшықпай,
Кейбір таздың бастары,
От шықпаган күмшыктай,
Жүсіп таздың бастарын,
Төрт-бес күрт келіп шымшыпты-ай!
Таздың аты Батыrbай,
Кей таздардың бастары,
Шөп шықпаган такырдай,
Түгел тазға бір сәлем!

Дүниекорға:
Даладан отын тасыған,
Оракпен бұтын қасыған,
Насыбай атып түкіріп,
Аузы боктай сасыған,

Көмекейі ашыған,
Отырып көрмей іш рахат,
Ертенді-кеш жүгіріп,
Бейнет көріп жасыған,
Бетінің нұрын кашырган,
Капыл қалған акылдан,
Бұрынғы еткен нақылдан, —
Дүниекорға бір сәлем!

Өтірікшіге:
Арғымак мініп жемдеген,
Пайдалы жокка ермеген.
Өз айтканы болмаса,
Бөтенге тіпті сенбеген,
Мың жолы өтірік айтса да,
Жалған сөзден өлмеген,
Калайық жаман десе де,
«Өзімдікі жөн!» леғен,
Пайда ал десе, үш тынын,
Сом бермесе қонбекен,
Бытбылдықка бір сәлем!

Биғе:
Биіміз тұрган өлілет, —
Жалған ба, осым,
жамағат?
Келіңжан, тұр, тәжім ет! —
Биекене бір сәлем!

Міне, келін тұскендеңі айтылатын «беташар», «айт, келін» осындай болған.

Бір келін тұскенде бір жыршының айтатынын бұл арада түгелге жақын келтірдік. Ауыз әдебиёттің белгілі бір түрі осы «беташар» мен «айт, келін» болғандықтан және мұнда қазақтың билер табының үстемдік қылған ескі салтының санасы қандай екені бірсыныра молырақ көрінетіндіктен, бұл, бір-бірімен байланысқан екі жырдың бір жерде айтылатын нұскасын түгел келтіруге тырыстық. «Беташар» мен «айт, келіннің», тағы, басқа түрлі құра-лып айтылатындары да бар.

БЕСІК ЖЫРЫ

Ойын, мұн, қуанышпен байланысып тұрган жырдың әдетке кіргенінің бірі бесік жыры. Бесік жырында, билер билеген ескі тұрмыстан туған, ескі салттан туған, әйелдің мұны да, сол билер

табаның үстем санасынан туған «қуанышы» да, үміт, тілегі де үштегендерді. Сол ескілік салттағы үстем таптын, үстем санасынын, шыммаг ретіндегі, үлгі-өрнегі де көрінеді. Билер билеген ру бонаң, шоқпар санасып, таласқан, шабысқан заманда, билер табынан үстем санасы бойынша, азamatka үлгі-өрнек қылатын сыйниғар: «Айыр қалпақ қиіскен, ақырып жауға тиіскен» бөтен елді, өйтеп руды шауып, малын, қызын «олжалайтын» батыр. «Құрағын майырган, түнде жылқы қайырған, жаудан жылқы айырған» ер. Не, «кен балағын түріскен, аруактап топта құрескен», балуан. Не, сөз ру ел арасы шиеленіп, түйіскен топта: «тандаイラры тақылдап, соңғынде сөз бермеген шешен». Не, «қазы көртіп жал жеген бай». Ал, келей болса, «бармактары майысқан, түрлі ою ойысқан, шебер үстә». Баласын әлдилегендеге, ол замандағы билер табының ықпапашына қылатын үлгісі, өрнегі – осылар. Ңұска үшін, енді жыршына бірін келтіреік.

БЕСІК ЖЫРЫ

Әлди-әлди, ак бөлем!
Ак бесікке жат, бөпем!
Жылама, бөпем, жылама!
Жілік шағып берейін,
Бай котаның құйрығын
Жіпке тағып берейін.
Әлди-әлди, аптағым!
Койдың жүні калпағым,
Жүртқа жаман болса да,
Өзім сүйгіп аппағым!
Әлди-әлди, шырагым,
Көлге біткен құрагым,
Жапанға біткен тірегім,
Жаман күнде керегім!
Әлди-әлди, апашым!
Койдың терісі шанашим.
Жүрт сүймесе сүймесін,
Өзім сүйген, жанашым.
Конак келсе, кой, бөпем,
Кой тоқтысын сой, бөпем,
Құйрығына той, бөпсем!
Айналайын, айымыз!
Алты карын майымыз!
Жеті карын жентіміз,

Алуа секер кантымыз.
Дауыл сокса бакан бар,
Бәйбішеге токал бар.
Сом темірге балға бар.
Сомсынғанга алда бар.
Калкам менің кайда екен!
Аскар-аскар тауда екен.
Онда не қып жүр екен?
Алма теріп жүр екен.
Алмасынан кайда екен?
Жана теріп жүр екен.
Әлди, бөпем, ак бөпем!
Ақ бесікке жат, бөпем,
Астына терлік салайын,
Үстіне токым жабайын,
Тойға кеткен апанды,
Кайдан ізден табайын,
Жылама, бөпем, жылама,
Атекенді кинама!
Ариша ма екен бесігі?
Ала ма екен әкесі?
Әрік пе екен бесігі?
Сүйе ме екен әкесі?
Жиде ме екен бесігі?
Жігіт пе екен әкесі?
Жылама, балам, жылама,
Ата-ананды кинама?
Құрығынды майырып,
Түнде жылқы кайырып,
Жаудан жылқы айырып,
Жігіт болар ма скенсің?
Айыр каллак киісіп,
Ақырып жауға тиісіп,
Батыр болар ма скенсін?
Бармактарын майысып,
Түрлі ою ойысып,
Ұста болар ма екенсің?
Тандайларын тақылдап,
Сейлеменде сез бермей.
Шешен болар ма екенсің?
Кен балағын түріскең,
Ұлы топта құрессең,
Балуан болар ма екенсің?
Бал кайнатып, шай ішкен,
Казы кертіп, жал жеген,
Асты болар ма екенсің?
Ұзак жасап, көбірек,
Басты болар ма екенсің?
Карағай наиза колға алып,

Жауға тиер мә скенсін?
Кашқан жаудың артынан
Түре куар ма скенсін?
Жылама, бөпем, жылама,
Апекенди кинама!
Алтынмен шоктап такия,
Берсек пе екен осыған?
Біз садага, біз зекет,
Кетсек пе скен осыдан?
Менің тәттім кайда екен?
Қыздарменен тойда скен.
Тойда болса, отырсын.
Колына жүзік толтырысны!
Әлди, балам, алла жар!
Армансыз дүниес кімде бар?
Біреудің болып көнілі шат,
Армандылар – аһ ұрап!
Жездей-жездей колыннан,
Жезделерің айналсын.
Аппак-аппак колыннан,
Апаларың айналсын!
Әлди, балам, батыр балам!
Шауып келе жатыр балам.
Отыз қызды олжалап,
Алып келе жатыр балам.
Олжа-олжа, – дегенгс,
Әрбіріне бір қыздан
Беріп келе жатыр балам.
Көзімнің ағы-карасы.
Жүргегімнің парасы.
Уайым-кайың ойлатпас,
Көңілімнің санасы.
Айналайын, шырагым!
Келге біткен құрагым!
Майдайдағы құлдызымы.
Аспандағы жұлдызымы.
Әлди, балам, ак балам!
Айналайын, балам-ай!
Айналсын сенен анаң-ай!
Әлдилеп сені сүйгенде,
Атанның көнілі болар жай!

КОШТАСУ МЕН ӨСИЕТ ЖЫРЛАРЫ

Казактын билер табы (хандар, билер, батырлар, байлар табы)
ұстемдік жүргізген ескі түрмис салтынан шықкан өлең-жырлар-
лының бір түрі коштасу мен өсиет өлең-жырлары...

Билер табының қол астында ру-руға жіктеліп, көшіп-қонып, мал өсіріп, мал баккан, коныска, өріске, жер-суға таласып, шабысқан заманнын аз руға, әлсіз руға, саны көп, әлді ру зорлық қылып жүрген, билер билеген заманның белгілі адамдары өлерінде, немесе бір себептермен үйренген жер-сұынан, ел-жұртынан екінші жат жаққа ауарында, қоштасып сөз сөйлейтін... Қоштасу сөз айтқанда, бұрын айтылмай жүрген сөздерін айтып, кейінгілерге өснет қылатын. Сондай сөздер де жатқа алынып, «кейінгілерге тәжірибе «ұлғі», көркем сөз, әдебиет болған. Қөпті қөрген тәжірибелі тұмасы айырыларда, қалатын жұрт: «бізге не айтып кетесін?» – деп сұрайтын. Сұрағанда, көбінесе, бұрын айтылмай жүрген, не қымбатты деген сөздерін – ақырғы өснеттерін, ақылын, іштегі тілегін сұрай айтқызатын болған.

Қоштасқанда айтылған сөз, жатқа алынуға ынғайлы болуын, женіл болуын қуып, қүліл таклакпен, жырмен айтывлатын болған.

Өлердегі, яки, жат жаққа кетердегі адамның қоштасатын заттары: «жер-су, ру-рудың бастықтары, өткен өмір, өткен дәуренмен және тіршіліктегі өзінің барлық сүйіктілері. Осылар туралы не бұрын айтылмай жүрген сөздерін, не бір қымбатты деп білген сөздерін өснет қылып қалдырған.

Қоштасу, өснет-жырлары – сыршылдық өлендерінің ертеден шыққан айқынырақ бір түрі.

Өмір етіп, өлім тұнғиғына мінбелеп төніп тұрғанда айтылған сөз болғандықтан, не жер-судан, ел-жүрттан тірідей айырлып жат жаққа мұлде кетерінде айтылған сөз болғандықтан, бұл түрлі өлең жырлардың күйі де, сөзі де мұнды болады. Бұл реттегі өлең-жырлардың түрі де сырлырақ болады. Онсон, бұл реттегі өлең-жырларда, билер табының санасы өте айқын қөрінеді.

Қоштасу, өснет өлең-жырларының үш-төрт нұскасы мына төмендегі келтіргендеріміз.

Өлер алдында қоштасып айтқан, өснет сәлемге мысал көрсетейік: «Арғын Тәти Қоқанның бектер begіne келіп, сөйлесіп, арбасып, шекісіп жүргенде, бектер begі u беріп өлтірген. Сонда Тәтидің өлеріндегі сөзі деп айтатын сөзін келтірейік:

Менен тегіс сәлем де,
Ак жолдың ұлы Арғынға!
Атпен желі тарттырган
Кереге бойы шалғынға.
Есіл менен Нұраны

Еңкейс барып жайласын.
Орта жұздін ішіне,
Атымды тұлдап байласын.
«Мен адаммын» дегендер,
Елдің камын ойласын.
Бұрыншан-ак білуші ем,
Аманатын тәңірім,
Алмай сірә коймасын:
Тағы сөлем дегейсің,
Кареке мен Мойынга,
Әлібек пен Калыбек,
Конушы еді киянга.
Аралбай мен Сармантай,
Өз теңтегін тыяр ма!
Еліме арыз айтқанша,
Шыбын жан шықтай тұрар ма?
Келтіріп тілді орамға.
Тағы сөлем Корамға!
Тәңіріне жазбасын,
Мал азайып кетті деп,
Консыны қеуlep қазбасын!
Мың-миллион кетсе де,
Төре алдына бармасын,
Жалынганша зәлімге,
Жата жанын кармасын.
Тағы сөлем дегейсің,
Куандық, Аргын елінс!
Сарыаркасы беліне!
Айдан шалкар көліне!
Камалған кайран ел-жүртүм,
Өлмәдім мен ортанда,
Күйіп іште шеріме!

Мал өсімімен тіршілік қылған, кен қоныс, кен өрісті өте қым-былты қөретін қөшпелінің үйренген жер-суынан ауарында, қошта-сын айтқан сөзіне мысал үшін Қаркаралыдан ауғанда ақын Құдері қожаның баласы Құлет ақын айтты деп жырлайтын мына бір жыр-шы келтірейік: (және осы тәрізді бір жырды жерінен ауғанда қал-мыктар айтқан екен деп те айтады.)

Каркаралы, қазылық,
Жатушы едін жазылын,
Жаз келіп карды ескенде,
Бауырның ел қөшкенде,
Қоштің жолы сүрлеу бол,
Калуши еді қазылып...
Бауырның мал толған тау,

Егізімнің сынары,
Жатып калған жас козы,
Жайылып кой болған тау...
Бірін соїса той болар,
Калған бірі балқаш бол,
Бағлан козы кой болар.
Сайғагышың төрісі,
Бір өзі тонға бой болар...
Каркаралы, кайран тау,
Тишиң еді панаң тау.
Пайласының белгісі:
Үйімде тұрган ұлтісі, –
Үлгісінің белгісі:
Шанырагым, уыгым,
Адалбакан сырғым,
Ат үстайтын құрығым.
Казанымға каклағым,
Желі бір согар токпагым.
Арба менен арыс белдігім.
Ел қыстауға келгендеге
Төрт тулік бірдей мал сойып
Тогайының көрген кеңдігін.
Ат жүре алмас аралдым,
Ішінде бұғы-маралдым.
Бұғы да марал жаткан жер,
Мерген де таңдал аткан жер,
Мерекеге баткан жер.
Артығын алып саткан жер.
Бай тәбеті маңқылдан,
Байсал тауып үрген жер.
Балалық каздай майпандап,
Бәйбішес дәурен сүрген жер.
Әкем бір күйеу болған жер,
Шешем бір келін болған жер.
Ак бұркениңік салынып,
Ала берен киген тау.
Кестейін деп кетпедім, –
Төңірегім толған жау.
Сайында копа камысым,
Тамам бір жұртқа танысым.
Бораңда малым ықпаган,
Үйімді дауыл жықпаган.
Шагыр бір жусан изендім,
Сенен де кеттіп күйзелдім.
Байлаулы атқа пішеним,
Матаулы атқа кісенім.
Ат арқандар казығым,
Балаларға азығым.
Кестейін деп кетпедім,

Жаудан болды жазығып.
Он екі казылық,
он тұнек.
Маңырап жатқан кой-тұнек.
Есіл, Нұра – екі су,
Еңкейіп одан бетің жу!
Біріңде шекер, бірің бал.
Кай бірінді айтайдын,
Бетеге, көде, жауылша,
Шулап тұрган бәрің мал.
Кош, есен бол, тұған жер.
Кіндік, кірім жуган жер!

Олерінде, коштасқанда айтатын сөздерін табан жерде күйлі
жармен, әнді өлеңмен айтып кететін, әрине, бұрынғы жырлау-
шыр, ақындар, шешен билер болған. Бірақ, олардың көбінің сөзі
бынға жеткен жок. Тек соңғы заманың ақындарының, билерінің
соңдегілері деген азын-аулақ сөз бар. Соңғы заманың ақындары,
көбінесе, мұн қылыш, тек өлім туралы, өз басының касиеті тура-
ны, катын-баласы туралы ғана айтқан. Соған мысал үшін, Әсет
Акын көнілін сұрай келгенде ауырып өл үстінде жатқан Кемпіrbай
акының айтыпты деген өлеңді, соңғы замандікі болса да, бұл араға
келтірейік:

Әсем

«Ассалаумагалсайкүм, с, с, Кемпіrbай!
Дертіне шипа берсін патша құдай!
Сыртынан «ауру» деп есіткен соң,
Мен келдім әдейі іздел көнілің сұрай!»

Сонда ауырып жатқан Кемпіrbайдың айтқаны:

«Көнілді Әсет келді көтергслі, –
Болмайды кеуде шіркін жөтегелі,
Алып бер, домбырамды, ана тұрган!
Басымды жастыкпенен көтер бері!
Артыма бір-екі ауыз сөз тастанын,
Конғаның, елең шіркін, бекермеді?
Боз шапса, боз озбай ма буырылдан?
Мен шапсам жер шарасы куырылған.
Жай тастап, аяғымды алып жылдам,
Жабының күнде озуши ем тұғырынан.
Алашка алтын жүзді жакын болмак,
Адамның әр не қылса пигылынан.

«Ер дәуіт» екі жаста иектеген,
Кыдырын суын іштім құдығынан.
Кешегі заманымның аманында,
Мен-дагы асып жүрдім бұғылымнан.
Ұша да канат байлап аспанменсі,
Өлімнің кім күтылар құрығынан?
Сұрасаң кал-жайымды, Әсстежаным!
Жатырмын үшайын деп тұғырымнан!..
Әсстежан, осы аурудан өлем білем!
Алланың аманатын берем білем.
Кеудемнен көк ала үйрек «кош!» деп үшты:
Сол шіркін кәрі жоллас – өлең білем...
Басымда қимай отыр біраз токтап,
Кетпей жұр бөтен жакка, айналсоктап,
«Серігім, кош-аман бол, Кемпіrbай!» – деп.
Жылайды бұрынғы өткен кунді жоктап!
Әсстежан, осы ауру коймас білем.
Алланың әмірі екі болмас білем.
Соны айтып, кайырылмастан үшып кетті:
Осы өлең Серкебайға қонбас білем.
Сәлем айт, Арқадағы хан-карага!
Хан Бертіс, каркаралы жандарға.
Атыгай, Карапыл мен өрдегі Үйсін, –
Караөткел таныс едім екі арага!
Семейде топырағым болар білем,
Кемпіrbай, дұға қылсып, бейшарага!»

Міне, бұл өлеңде Кемпіrbай, жалпы жұртқа белгілі өлімнен тірі жан құтыла алмайтынын айтады. Өзі білген Арқадағы жалпы елге мұнды сәлемін айтады. Онан соң, көбінесе, өз бойындағы қасиетін айтады. Ол қасиеті – үстемдік қылған билер табының санасының ықпалындағы елдің ескіліктен келген нанымы бойынша, адамға «талған қона тын қасиетті құс» – өлең. Сол ескіліктен қалған наным бойынша, жаратылыстағы әрбір заттың «иесі» болады-мыс. Әрбір шеберліктің, өнердің «иесі» болады-мыс. «Иесі» дегені әр заттың, әр өнердің өз алдына бөлек тәнірі-иесі болады деген. Солармен катар, өлеңнің де «иे тәнірі» болады дейді. Сол өлеңнің «ие тәнірі» – «аруак құс». Ескілікте ол құс кімге қонса, кімге қонып жатса, сол ақын болады дейтін.

Міне, сол құсты Кемпіrbай – «көк ала үйрек болып қеудемнен үшты» деген пернелі сөзбен бейнелейді. «Өлең құсы» «өзім өлгенде, мұра болып, балам: – Серкебайға қонбас білем» дейді. Ескіліктен қалған наныммен жүрген Кемпіrbай, өзінің қасиеттеген сырын, киялына «көк ала үйрек» болып елестеген ақындығының «ие құсын» – ең жақын серігім деп біледі. Сол қасиетте-

төңсерігінен айырылатындығын арман қылады. Айырылғанда, тым балмаса баласына конып қалмайтындығына мұнданады.

Өткен дәуренін, өткен өмірін, жас шағындағы батырлығын үлгі қылу үшін кейінгі жастарға жыр қылып айтқанға мысал үшін бір батыр айтқан деген мына бір жырды келтірейік:

«Мен. мен едім, мен едім,
Кантарда мінсен қажымас,
Кас кара нар мен едім.
Шабуыл шапса, шаршамас,
Шыны тұлпар мен едім.
Касарысып келгенде,
Кап түбіне сыймаган,
Таза болат мен едім.
Каймактан үшкан ку ілген,
Анық сұнқар мен едім.
Тегеуірінім теріс біткен,
Тепсе жілік сындырган,
Қыран бүркіт мен едім.
Картайдым да кор болдым,
Күн сенікі, жастарым!
Көріп, біліп бастадым.
Көрілікке жеткізсе,
Талайды көрер бастарын.
Заманымда өзімнін,
Жасаныскан жау көрдім,
Белсеніске дау көрдім, –
Үрікпедім де саспадым,
Бірі өтірік болмасын,
Табаным тайып кашпадым,
Тәуекел – ердін жолдасы,
Тілекtes болған дос-жарым.
Сол дәүлеттің тусында,
Самарқанды сапырын,
Шапқан шөптей жалырып,
Аспадым да саспадым.
Канды көйлек жолдасты,
Сары алтындей сактадым.
Менің көрген затым бұл,
Төкпей-шашпай колданып,
Ортаңа сүреп тастаным...

Ру-руға жіктеліп, көптік санасып, «балшықтан кісі жасай алмай жүрген» билер-хандар табы билеген заманда, қай ру құшті, көп болса, соның сөзі үстем болып, бақкан малға тандаулы кен коныс сонықі болған заманда, наиза ұстауға, кару ұстауға жа-раған ереккі кіндіктінің керегі үстем тапқа және үстем тап ықпа-лындағы өр руға айрықша зор болған дедік. Сол заманда бала-ның туғаны үстем тапқа және оның ықпалындағы руға қандай қымбатты, кадірлі болса, ердің өлгені де өте батымды шығын болған.

«Әуелі баһрә ашылса,
Акку шомар көлдерге,
Тусыканы кімнің көп болса,
Үлкен медеу белдеуге... —

десетін.

Бір рудың әйелі ер бала тапқанда алдымен ата-анасы, туған-туысканы қуанысып, олардан соң үстем тап-ру бастықтары қуанып және үстем тап ықпалындағы ру қуанатын. Ал үстемдігі жүрген таптың: батырдың, бидің, ханның, төренің немесе ат пен асы мол байдың әйелдері ереккі бала тапқанда, өте қуанғандықтарын көрсету үшін, әрі болса түгел бір рудың, бері болса бір тұқымның адамдары «сүйінші» беріп «сүйінсе», еркектері өлгенде де сонша қүйінетін.

Ереккі бала ру ішіндегі неғұрлым күшті адамнан туса, солғұрлым оның «қуаныштары», ойындары да көп болатын. Батырдың, бидің, немесе ат пен асы мол байдың катындары үл тапса, «шілдехана» да, «қуаныш» қылып, сауық қылып, ән салып, өлең айттысу да, зор істелетін той да үлкен болатын. «Құттықтау да» көп болатын. Ол бала өсіп, ашамайлыш атқа мінерде де той қылатын.

Міні, осының бәріне де ру боп қатынасатын. Неғұрлым рудың ұлы қарапайым, бұқара, кедей болса, солғұрлым, оның туған ұлының да қуаныштары шағын, «қарапайым» болатын. Әйткенмен, ол қарапайымнан туған ұлды да батырлар, билер, ат пен ас мол байлар табы және артық шоқпар керек қылған ру «өзімдікі» дейтін. Қарапайымнан, кедейден туған үл өзгеден көсем шығып, үстем тап шоқпарын, үстем табының қол астындағы ру шоқпарын мықтырақ соғып, рудың жауласқан елдеріне қарсы үздік қайрат

Корсете алса, о да батыр атанаңп, рубасы болып кететін. Не өзгеден үшілік шешен болып, бұрынғы-сонғылардың ережелі, түйінді. Әкімнің сөздерін жақсылап жинап жатқа алып, үстем табының мікпалындағы ру сөзін, ру «намысын», үстем тап сөзін өзгеден шебер жоқтай алса, ондайлар би болып, ру басы болып кеткен.

Рудан өлген еркек те өлгі туған балаларша бағаланатын. Өлген аймам неғұрлым сол батырлар, билер, ат пен асы мол байлар билеген руға ықпалы жүретін болса, үстем тапқа қадірлі болса, сол-түрлым оның қүйігін де үлкен санайтын. Үстем табы бастап ру болып жылайтын. Ру болып дауыс қылатын, бірін-бірі жұбатаңын. Өлімді бір-біріне жұбату сөзбен естіртетін. Жұбату сөзбен үйр-біріне қөніл айтатын. Жұбатып естіртуді, жұбатып қөніл айтуды өлген адамның жан-жақындарына уысы қашықтаулары айтатын, тату және жақын рулар айтатын. Айтқанда сырлы тақпак-пен, қөнілге тоқтау бергендей, қөнілді балқытып, сырлы, күйлі соғыбен сипағандай көркем сөзбен айтатын. Өлген адам ру басындарынан, үстем таптан болса, батыр, би, бай немесе осыларға таяу адамдардың бірі болса, олардың жан-жақындарына айтылған естірту, қөніл айту және ол өліктерге айтылған жоқтау точык шеберленіп жеткізе айтылатын...

Өйткені, ескі заманда, қазактың көркем сөз, тіл өнерінің, ән-қүйінің, әдебиетінің бәрі сол руды билеген таптың – батырлар, билер, байлар, хандардың қызметінде болғаны белгілі. Мұны ес-теп шығарма керек.

Өлікті жоқтап айтатын сөзді жан-жақындары, туыстары айтатын.

ЕСТИРТУ НҰСҚАЛАРЫ

Жиренше шешеннің Қарашаш деген данышпан катыны олғенде Жәнібек ханының Жиреншеге естіртуі деп айтылатын онғіме былай келеді:

Жәнібек: Е-е, Жиреншем, атасы өлген қалай екен?

Жиренше: Е-е, аскартауы құлады, бәйтерегі сұлады десейші, жайлауын жау алды, қыстауын өрт алды десейші!

Жәнібек: А-а, Жиренше, шешесі өлген қандай екен?

Жиренше: Ағар бұлағы суалды десейші! Еділ – Жайық екі сұым құрып та қалды десейші!

Жәнібек: Ағасы өлген қандай екен?

Жиренше: «Оң қанатым үзілді, тас қорғаным бұзылды десейші!

Жәнібек: Інісі өлген қандай екен?

Жиренше: Сол қанатым қайырылды, болат қылышым майырылды десейші!

Жәнібек. Е-е, баласы өлген қандай екен?

Жиренше: Е-е, аузыма шок түсті, өзегіме өрт түсті, күйігі ауыр дерпт түсті десейші!

Жәнібек: А-а, Жиреншем, катыны өлген қандай екен?

Жиренше: Уа, дариға! «Қараашаш сұлу өлген екен ғой» деп қамшысын таянып отыра бергенде, қамшысының сабы сыныпты.

Жәнібек: «Ендеше, «қатының өлді – қамшының сабы сынды, уайымдама!» депті.

Міні, бұл әнгімeden ескілікте, батырлар, билер, хандар, байлар табы билеген, сол, билеген таптың ықпалымен құрылған, қазақ руларының салтында, ерекк емес, әйелге, оның өліміне қандай қарағаны айқын қөрінеді. Жиреншениң катыны Қараашаш сұлу үздік ақылды, үздік сұлу болған екен деседі. «Қырық кісінің ақылы болады» дейтін ханнан да, Жиренше төрізді сөз тапқыш шешеннен де артық ақылды еді деседі. Міне, сондай әйелдің өліміне де тек «қатын өлді – қамшының сабы сынды» деп кана қараған. Тек өзіндей үл тапқан, емшек сүтін беріп асыраған, үйде, ошақ басында, колына шөміш ұстаған, піспекті сабаның аузына күзет болған ананың өлгені – «ағар бұлағы суалғаны» төрізді деген...

Естірту, көбінесе, тұспалдаған, мысалдаған сөзben басталып, жұбату, көніл айту сөзben біtedі. «Дүниеде өлімнен құтылатын жан жоқ» екені айтылады. Өткен дәуірде және сол дәуірдің үстем тап санасы бойынша, үстем тап ықпалында болған елге нендей жан асыл, артық саналған болса, солардың аты аталағып, солардың да өлгені, өлеңтің айтылып немесе жоғалатыны, жойылатыны айтылып, өлімнен ешкімнің құтылмаған және құтыла алмайтыны айтылады.

Айшуак би өлгенде, баласы Байғараға қыпшак Ызбасты бидін естірткені деген сөзде естірту былай делінеді.

Уә, Байғара, Байғара!

Құлақ салып, бері кара!

Бір сөзім бар, айтамын,

Айтамын да, кайтамын,

Тыңдағанға бір пара!
Ел шетіне сөз келді...
Қолымды ақша бір күсқа сермелім,
Сермелім де, білмедім,
Білдіруші бар ма екен,
Алып арыстан сұласа!
Су беруші болар ма скен.
Аккан дария күрьыса.
Жан беруші бар ма екен,
Хан сұлтандар құласа!
Аргы атаң сенің даркан,
Казак пенен калмактын.
Дұспандығын айырған,
Бергі атан сенің Тұрсын хан,
Жауды көрсө кымсынған.
Өз атан сенің Айшуақ, –
Жайма шуақ, жай шуақ, –
Алтын тектан тайыпты,
Естіре алмай отырған
Көп жамағат айыпты!!!

Естіруді, жұбатып көніл айтуды кейде домбыраның күйімен айтқан. Өлікке дауыс қылуды, зарлаған үнді шаң қобызбен де айтқан. Шыңғыстың үлкен баласы Жошының өлімі Шыңғысқа бек ауыр тиетін болған сон, еппен естіртуге Шыңғыстың жаксы коретін ұлы Жыршы деген жыршыға домбырамен күйлі жырлармен айтқызыған екен дейді. Сонда, жырлы күймен ишарат қылып естірткендегі айтылған сөз екен деген естірту сөз мынандай:

Ж ы р ш ы

Теніз бастан былғанлы, –
Кім тұндырар, ей, ханым
Терек түптен жығылды: –
Кім тұрғызар, ей, ханым!

Ш ы ң г ы с а ү т а д ы

Теніз бастан былғанса,
Тұндырар ұлым Жоши дүр.
Терек түптен жығылса, –
Тұрғызар ұлым Жоши дүр.
Көзің жасын жүгіртед,
Көнілің тұлды болмай ма?
Жырын көніл үркітед,
Жоши өлді болғай ма?

Ж ы р ш ы

Сөйлемсеккесркім жок,
Сен сөйледін, ей, ханым!
Өз жарлығың өзіне жең,
Не ойладын, ей, ханым!

Ш ы ң г ы с (жылан)

Құлышын алған құландай
Құлышынан айырылды.
Айырысан Аккудай,
Ер ұлымнан айырылды!..

Атбасар – Ақмола округінің онтүстігіндегі Жошы ханының моласының айналасындағы елдерде домбырамен шертетін «ақсак құлан, Жошы хан» – деген жырлы күйі бар. Бұл жырлы күйді бала қүнімізде үлкендер домбырамен жырлап шертіп отырганың естуші едік. Жырлы-күйлі ертектің бір түрлі мазмұны мынау: Жошы ханының ашамайға мінгізген жас баласы аңшылармен бірге жүргенде, бір жерде қашып келе жатқан бір ақсак құландағы құлып кетіпті-мыс. Ақсак құлан, жосып жүйткіп бара жатқан бір топ құланға қосылыпты-мыс. Баланың астындағы еріккен тұлпар құнан елігіп, өрбіп, құйрықтарын шашып құйғытқан құландармен ілесіп кетіпті-мыс. Сонан соң, құланның әңгісі баланы шайнап өлтіріп, жұлмалап жеп кетіпті. Баланы іздеп таба алмапты-мыс. Жошы аңшыларға қаһарын төгіп, баламды тауып бер деп, қалың кісіге іздетіпті-мыс. Баламды «өлді» деп естірткен адамның көмейінен корғасын құям депті-мыс. Бір жерде баланың жұлмаланған қолын табады. Енді ешкім баласының өлгенін Жошы ханға айта алмайды-мыс. Көпшілік ордада отырып, домбырамен бір күйші жыршыға айтқызады-мыс. Жырдың ұзын-ырғасы мынау сияқты еди:

Уа, иеміз Жошы хан,
Домбыра не деп жырлайды,
Сарнап бір даусын қырнайды, –
Құлагың сал осыған...
Аскак құлан, ку құлан,
Кияннан кашкан ту құлан.
Киырсыз куба далада,
Анда жүрген балага
Кез болып бір қашыпты, –

Белден белге асынты:
Аксак құлан, Жоши хан!..
Елсіз құба далала.
Кат-кат бұдыр салада,
Мекендең өрген, өрбісіп,
Ордалы құлаң жосыған.
Куып, аксак құланды,
Еріккен тұлпар құланды
Ордалы үріккен құланга
Құйытып ойнап косылған...
Өлім деген тәңір ісі
Желіккен құлаң әңгісі,
Құлаң мен тұлпар еліккен,
Жосыған құлаң желіккен,
Баланды шайнап өлтіріп,
Жұлмалап жаимап кетіні,
Ордалы құлаң шошыған.
Жұрттың аузы бармаган
Сөзді айтып жырлап зарлаган
Домбыраның баланды,
Естірткені осы, хан!
Өзгеге артпа жалаңды,
Еліктірген баланды
Сол ку құлаң, ту құлаң.
Аксак құлаң, Жоши хан!..
Нансайшы, ханым, осыған!!!

КӨҢІЛ АЙТУ

Көніл айту сөзінің билер дәүіріндегі ескіліктен келген, ел арасына жайылып қалыптасқан нұсқасы мына төмендегідей болады:

Акку үшып көлге кетті,
Сүңкар үшып шөлге кетті.
Ол аласып кеткен жок,
Әркім барап жөнге кетті.
Аргымактың түяғы,
Тасты басса кетілер,
Сазды басса жетілер!
Екі арыс аман болсын
Жетпесті кума,
Келмеске жылама!
Өлі арыстаннан,
Тірі тышкан артық:
Ләк сүңкар үшты үядан,

Кол жетпейтін киядан...
Канаты бүтін сұнкар жок,
Тұяғы бүтін тұлпар жок.
Тозбасты үста сокпайды,
Өлмestі тәнір жаратпайды.
Топырагы торқа болсын!
Калғанға өмір берсін!
Өлгеннің сонынан өлмек жок.
Өлген кайтып келмек жок...

Осы тәрізді такпактармен жұбату, көніл айту сөздері тізіледі.

ЖОҚТАУ

Жоқтау жырлары қазак ескілігіндегі ұзак дәуірлерде көп шықкан. Рудың үstem табынын өрбір белгілі адамы өлгенде жоқтау айтқанда, өлген адамның, рудың үstem табына бағалы болған өнерлері айтылады. Батырлығы, ерлігі, шабысқан, жауласқан дүшпанға қарсы көрсеткен қайраты айтылады. Немесе үstem табы бастаған екі ру ел егес болып, араздасып түйіскендігі, толқынды топта шығып сейлеп, таласқан дүшпанмен айтысканда тіл өнерін көрсеткендігі айтылады. Не байлығы айтылады. Не мырзалығы, жомарттығы айтылады. Тағы осындай сипаттары көтермеленіп айтылады. Және, сол замандағы үstem тап санағы бойынша, «жақсы» деген мінездері, қасиеттеген сипаттары айтылады.

Жалпы жоқтаудың жалпы сарыны бір қалыпты болады. Бірак үйткенмен, әркімнің «өнері» әртүрлі болғандықтан және әркімнің замандағы қадірлекен өнері, қасиеті, сипаты әртүрлі болатындықтан, өрбір өлікті жоқтаған толғау жыр сол өліктің өзіне ғана арналып шыққан болады. Сондықтан, жоқтаулардың жалпы сарыны бір болғанмен, әр өліктің жоқтауы басқа-басқа болады. Рудың белгілі адамына бөлек жоқтау айтпау, – ол өлген адамның қалған жан-жакындарына намыс тәрізді болады.

Жоқтауды не қыздар, карындастары, не анасы, не катыны, не басқа жан-жакын жарынан айырылған әйелдер айтады. Өлген адамға жақын қыздар, әйелдер жоқтауды өздері шығарып айта алмаса жыршыға шығартып алып, жаттап алып айтады. Бірак әйелдердің өздері жақсылап жоқтау шығарып айтса, жұртқа мақұл көрінетін болғандықтан, өздері шығарып айтуга тырысатын... Өйткенмен де, рудың, рудың үstem табының аса артық

Киңілдіктің адамы өлсө, оған белгілі жыршылар жоқтау шығарылышы...

Жоқтау айту, жылау айту орыс халқында да болған. Бірақ, орыс халқында жылау айту, бір-ақ қалыпты, жаттамалы болған. Алемін өлген үй жылауды жатқа билетін өйелдерді (плакальщицы) қолдан өкеп айтқызының болған. Орыс халқының «жылауы» мен кімік атаулы елдің «жылауы», «жоқтауының» айырмасы көп.

Жоқтаудың бір-екі нұсқауларын көлтірейік.

Бектер бегі өлтірген Тәтиді жоқтаған бір жыршының жоқтаудың көлтірейік: (Тәтиге жоқтау шығарған бір ғана жырши болмаса керек. Өйткені Тәтидің 2 – 3 жоқтауын есіттім.)

Кара бір таудын жылғасы...
Халқына болған толғасы.
Куандыктың ағасы,
Алтыннан салған сырғасы.
Алаштан дүшпан сөз келсе,
Алдына жүрер колбасы.
Кара бір таудын, өлкесі...
Алты алтайдын серкесі.
Жарлығы жалған болмаган
Хан-каралың еркесі.
Жақсыдан калған көз елі,
Елілдің кызыл желіндей,
Саулап бір тұрган сөз слі,
Айдыны таудан зор еді.
Дәүлеті көлден мол елі.
Өзім бір деген алашқа
Аласы бір жоқ тұра елі.
Айғыр бір күған құлындаі,
Адам ұлын жактаган.
Әлілдікке салғанда,
Көпір, казак мактаган.
Құрама жиып ел қылып,
Косын таза сактаган.
Тілі шайпау тентегін,
Ақылменен тоқтатқан.
Көлдегі акку дауысты,
Ләк сүңқар құстай дабысты,
Ерсекесіп дүшпанга,
Лайдаһардай шабысты.
Канга ай түскен асылдай,
Калшайғанмен карысты.
Екі ле тізгін бір айыл,
Бір өзім деп салысты.
Толқын топка барғанда,

Топ ішінде шығып сөйлесен.
Ертең өткен азандай,
Елдің камын ойлаган.
Сүйіндіктің баласын,
Өз ұлындаі билеген.
Куандықпыш екен деп,
Ешкімге зорлық кылмаган...
Мұнарадан жол алған,
Бұхарадан қол алған.
Аруакты ердің өзі еді...
Ескіден қалған көзі еді,
Көс конысын сұрасаң,
Кояңды мен Жыланды, –
Мын-мың жылқы айдаған,
Тай қысырап қалмаган,
Топ-топ қысырап байлаған.
Тай мен құлын ойнаган,
Көк ирім сұына
Жылқылар шомып бойлаған,
Кереге бойы шалғынды,
Көк майса, мия балғынды,
Шалқыган өріс жағасы,
Найза болған ағашы,
Ұзын аккан бойында.
Мекен қылды Нұраны.
Жесір катын, жас бала,
Кайырымынан жұбанды.
Мал байлығы бір асты,
Біткен казак алаштан.
Бетіне жан келмеген,
Майқыменен таласкан.
Үш мейрамның ұлында,
Куандық пен Сүйіндік
Жан болмаган таласкан.
Ексе де слге бітер ме,
Мырзадай мүндей жараскан?
Жиырмадан өткен сон,
Енді отызға жеткен сон,
Саликалы би болды.
Жесір менен жетімге,
Тіріп бір койған үй болды.
Жесір менен жетімнің
Болып етті азығы.
Куандық пен Сүйіндік
Аз күн болды казыбы.
Өз бауырим деп жан тартпай,
Тіл жаздырып дәт айтпай
Әділдікке салғанда іш
Бар ма еді жазығы?..

Ұтымды сөзбен жеңген соң,
Қоканның калша немесін.
Касакы калша кас болды
Алмай ақыл-кеңесін
Тас кесер есіл болаттың
Ұзғен соң морт жебесін,
«Барса келмес» Мұхиттың,
Мініп бір кетті кемесін.
Сарғайғанмен өлмек жок,
Уайымнан өнбек жок,
Токтатайын сөзімі,
Әлем білген Тәтиді,
Жоктаусыз калды демесін!..

Іопы төренің карындасты қүйеуі өлгенде жоқтағаны деген
жоктау:

Күдері белбеу белімде,
Азалы болдым слімде.
Бопекем жарлық бергсін соң,
Жүре бердім жәнімс...
Бас-бас елім, бас елім!
Басынан келген осы өлім.
Жапырағын жалпайтып
Жалыны алған осы өлім.
Құдай досы Мұхаммед,
Оны да алған осы өлім.
Қылышынан кан тамған
Әліні алған осы өлім.
Өлімнің несі ойбайым!
Бұл істі салған Құдайым!
Кара бір шашым жаяйын,
Жаяйын да жияйын.
Күнелі бармак жез тырнак,
Күнін де канға бойын.
Албыраған акша бет,
Сүйегіне таяйын
Мөлтілдеген кара көз,
Жаспен оны ояйын.
Алшындал жүрген жас төрем,
Ориныңа кімді кояйын?
Өркеш те өркеш өркеш тау,
Бауыры толған көк бастау!
Тол ішінде киын-ды,
Жалғыз енді сөз бастау,
Бастамаска шарам не?
Басыма салған карам не!
Мен жыламай кім жылар:

Бетімдегі жарам не!
Бұгана басын өрт алды.
Жүректің басын дерт алды,
Он жеті жасар Бижанды
Корасан деген дерт алды,
Асылда гауһар, болатым
Ұшайын десsem канатым.
Әкекем коскан косактан,
Айырды шебер құдіретім.
Алты атанға жұқ арттым.
Ала арқанмен бес тарттым.
Алдынан жүрмес атекем,
Құшактап тұрып сөз каттым!
Аргымак үйірін сагынса
Артқы аяғын қагынар.
Алғанын бейбак сагынса,
Каннан ендік жағынар...

Бұл жоктауда, өлген жас жігіттің рудын үстем табы бағаларлық «өнері» әлі көріне қоймағандықтан, жас әйел өлікке тек өз басының қүйігін айтқан. Бұрын, үлкендер отырған топ ішінде сөз бастап қөрмеген жас әйелге сөз бастау киын болса да, елдін ескіліктен келе жаткан салты, жоктау айтуды оған міндетті қылған соң жас әйел шарасыз жоктау айтады.

«Топ ішінде киынды жалғыз енді сөз бастау, – бастамасқа шарам не? – басыма салған қарам не? мен жыламай кім жылар? – бетімдегі жарам не?!..» дейді.

Жоктау айтқанда, өліктің руға белгілі, рудын үстем табынын санасы бойынша, мактарлық сипаттары болмаған соң, әйел тек өзінің қүйінгендігін айтады. Ондайда «қүйінгендігін» айтпаған жас әйелді билер санасының ықпалындағы ескілік салт міндет қылған. Сол себепті, жас әйелдің «қүйінбеске», «қүйіндім» демеске де шарасы жок болған. «Қүйінгендігін» қөрсетуге жас әйел бетін де жыртып тастанып. «Бетімдегі жарам не?» дегені сол.

Мына төмендегі жоктауда, жоктаушы өліктің «өнерлерін» өзінше былай айтады:

Уайда сұнкар түлеткен,
Киядан сұнкар тілеткен,
Алтай қызыл тұлқі аткан,
Киядан барып теке аткан,
Баршаны бөздей жырттырган,
Жібекті жұндей тұттірген,
Конак келсе, кон – деген,

Кой семізін сой – деген.
Шылаушын салп ат мінген,
Шыңыраудан алып су ішкен.
Шыңжырлы кауга тектірған
Кайыниан астая шаптырган.
Каптатып жылқы жаптырган...

Және бір өліктің жоктауында, руға белгілі болған «өнерлери», ру үstem табының шокпарын қаттырак соғып, ру мен жау-
шықсан елдерге істеген жауынгерлігін, мына төмендегідей қылыш
түшті мактайды.

...Калмактан жылқы кудырған,
Құлының жолда тудырған.
Жеті рудан көл жиган,
Алыстан дүспан аттанса,
Кар-жаңбырдай бораған.
Жақыниан лұспан аттанса,
Карт бурадай жараган...
Толарсактан саз келс,
Кажымай оған жүретін.
Кабыргадан кан келс,
Кажымай оған күлестін.
Арғын, Найман, Орта жұз.
Қылыш жанай жүретін.
Тұғырга конған сүңкарды,
Суытып койған тұлпары,
Алпыс басты ак орда,
Ақ сүңкар үйде тұрганда,
Күні де түні базарым,
Аллашан кайтты назарым...
Жаздың күні болғанда,
Күннің көзі байланы.
Ақ сүңкар үшып айналды...

Арғын Алыпкаш батыр 69 жасында Қыпшакқа барымтага
бірганда жорықта өлгенде, Арғын Дәulet ақынның жоктағаны
метен жыры.

Орайда-орай, оқ аткан,
Он екі тұтам жай тартқан.
Таз карамың тайлак жүн.
Өзі жұнделеп өзі аткан.
Бас бармактай бөдене,
Басынан байлап көзге аткан.

Азулыдан бөрі аткан.
Есіктен қабан ақырткан.
Төріне сұнкар шақырткан.
Кара аргымак катырган,
Кара лашын қашырган.
Көк бертені жайлаган,
Көктілі жылқы айдаган.
Сары казы шайнаган.
Арыстан деген ан болар,
Асауын үстап байлаган.
Калмакы ерді жастанған,
Құба түзді баскарған.
Көк бесті мініп көп жорткан,
Көк бөрідей түн каткан.
Санап жұлдыз батырган,
Ұйыктамай таңды атырган.
Кесегелі жерлерден
Кесілтіп жылқы кудырган.
Құлынын жолда тудырган.
Шындауыл шықлас жерлерден,
Шыңғыртып асау сойдырган
Асылдан шыккан болатым,
Шықшырдан шыккан бек затым.
Баска жаудан өлмедің
63-ке жеткенде,
Қыпшакқа барып өлгенің
Со да бір болды-ау арманың!..

Ескілікте, қыз өлгенде, шешесінің жоктап айтканы:

Ақ ешкі келе жатыр лагына,
Сүт берген ак үрпінен шырагына,
Косылып, кел, екесуміз зарланайык
Алланың жетер ме екен құлагына!
Тапқаны ак ешкінің егіз лак,
Біреуі лагынын салпан құлак
Ақ ешкі, көкке карап зарлай берме,
Табарсын, есен болсан тағы да лак.
Ақ ешкі, сен де мүізды, мен де мүнды, –
Жаралтты Алла неге біздей сұмды?
Ақ ешкі, көкке карап көде жейсін,
Құдайым берер ме екен бізге түяк?
Доскениң бауырында жалғыз тамды,
Бар құдай аямаган жалғызы алды
Келгенде елу бескे сұмырай Бетен,
Айрылып жалғызынан анырап калды.

Мал осіріп шаруа қылған ел малмен сөйлесіп, малмен мұнда-
сум белгілі нәрсе. Кызы өлген ана, бұл жырда, егіз лағынан айы-
румының, зарлаган ак ешкімен мұндасып, ак ешкіні өзі тәрізді адам-
тың болған көрмей, елжіреген жүрек пен егілген көnlді сұлу сөзбен
♦ ұбытады. Мал бақкан көшпелінің өйелінің сана-сезімін бұл ай-
ынан көрсетеді.

Келіншектің жауда өлген ерін жоқтағаны:

...Есіктің алды балдырган,
Бармагын жezге малдырган.
Көшкенде көшін бастатын,
Көп жоргасын салдырган.
Мендей де сорлы бар ма екен,
Жалғызын жауга алдырган?..
Бірге барған он бес ит
Конілімді жаман калдырган...

Үстем таптың санасты бойынша, руға мактарлық сипаттарын
көніліріп айтып мактаумен қатар жалпы өлімге, тағдырға шағым
қылмыш, зарланып айтқан жоқтауға мысал үшін мына төмендегі
ғырлыш келтірдік. (Бұл жоқтау, Россия патшасына бағынғаннан
жүрінгі замандікі тәрізді. Олай болса да, мұны салыстыру үшін,
мынараға кіргіздік):

Сүм дүние, сагым боларсын,
Баршасын жалмап тынарсын.
Жылтырайсың сыртыннан,
Өртепген ішін шынарсын.
Абайлаттай адамға,
Ақыр бір күн құларсын.
Кешегі кеткен нар Жампоз,
Кайткенде естен шыгарсын!
Сөзімнің басы бисмилла,
Бисмилласыз іс қылма!
Құдірет салды-ау күрығын,
Айдынды туған ұстынга!
Керуен кәшісे – жол қалар,
Өткен дәурен сон қалар.
Капасы катты дүние-ай!
Көзімнің жасы соргалар,
Сүм дүние, күзер көшесін,
Өткіздін ердін нешесін!
Бес күндей қызық көрсетіп,
Аласың ақыр есесін.

Біреудің алып баласын,
Жылатып койдың шешсін.
Жетім қылдың жасында,
Біреудің алып әкесін.
Тыңдасанызы, жаксылар,
Әүел сөздің басынан,
Өлім жакын адамың
Көзі менен касынаи.
Ешкім жакын болғап жок,
Ол Мұхаммед досынан.
Сол ерді де зарлаткан,
Жалғызын алып жасынан.
Ойласандар, ағайын,
Жаман іс бар ма осыдан!
Мұн тыңдаған, ағайын,
Мұнымды айтып шағайын,
Кешегі жұргын Жампозды
Кайдан іздел табайын.
Неше би өткен, неше хан,
Бұрынғы өткен пайғамбар,
Бәрі өлімге болды тән!
Бар кісіге жарасар,
Өлімге де қылған сән.
Құні, тұні зарланып,
Карлығып түр біздің ән.
Жапырагы алтын шынарым,
Жалын тимей сынар ма?
Сылдырап аккан жүйрік су!
Өз бетімен тынар ма!
Алдырыым, жұртым, кайтейін,
Алтын сапты найзамды.
Жерошактай тессік жер,
Жұтып салды дайрамды.
Өзім деген кісіге,
Қылушы еді кайранды.
Қысылған жерде жол тауып,
Тигіздің жұртқа пайданды.
Жұрт сандалып сасқанда,
Табушы едін айланды.
Жайнап шықтың жасынан,
Сексеулдің шоғынлай,
Тұскен жерін ұсаткан,
Зенбіректің оғындей.
Тынбай шапкан жүйрігім,
Ашың менен тоғыңда-ай!
Айырылдың, халқым, нарынан
Көтерген ауыр құмынды-ай!
Қайырга шалкар көл еді.
Дүшпанаға аскар бел еді,

Кай тендікке, ағайын,
Тигізбей кетті қолынды?
Табынаң озған даткалар,
Такқа мінген патшалар,
Салынбай калмас табытка.
Жаткызбас кімді бұл тектай!
Әуелі құдай данасын,
Момынға өзің панасын!
Казаң соғып құлатты-ау?
Халқымның бійік қаласын.
Біреудің алып баласын.
Жылатып койдың анасын.
Біреудің алып анасын,
Жылатып койдың баласын.
Ойлап тұрсам сүм елім,
Кімдердің тұтпас жағасын!..

Жоғарыдағы келтірген жоқтаулардан көрі бұл жоқтау жыр-
лы ислам санасының әсері құштірек, теренірек көрінеді. Бұл жоқ-
тау – қазақ елі орыс патшалығына бағынып, бұрынғы, шет
коршілес елдермен шабысусы қалып, Россия патшасының темір
құрсауына түсіп, патшаның темір ноктасы бұрынғы жайылған,
жонкіген казақтың басына киілген кездерде, камалып токыран-
қыраған казақ елінің арасына кожалар, молдалар, ишандар
кобірек жайыла бастаған кездерде, казак атанған елдің көпшілігі
кайғы, мұн, зар-күйге көбірек берілінкіреген кезде шықкан жоқ-
тау болуға тиіс. Бұл жоқтаудың жалпы сарыны, сөз құрылышы,
шар, күйі – осы айтылған дәуірдің қүйіне үйлеседі...

Мәселен: бұдан гөрі әрірек заманға мензейтін мына бір тे-
мендегі келтірген жоқтаудың сөз құрылышы, жалпы сарыны, зар-
күйі әлгі жоқтаудың сөз құрылышы мен жалпы сарынының едөуір
айырмасы бар. Міне оқып көрейік:

Күміс жұген айшыкты.
Былтыргы құлын тай шыкты.
Күнде жылап жоқтаймын, –
Қыс өтіп жазғы жай шыкты!
Күміс жұген төкпелі,
Мен тәнірге өкпелі.
Өкпелі болмай кайтейін,
Бір жүрсе біраз көп бе еді?...
Есік алды шок кияк,
Қалмады сенен бір түяк.
Қалғаңда сенен бір түяк,
Жылар ма едім мен шұпак.

Койда бағылан козы еді,
Жылқыда шанкан боз еді.
Жау айбынар ер болса,
Жайсаным сонын өзі еді...
...Жайсаным батыр-ер еді.
Ел кайғысын жер еді.
Ел шетіне жау келсе,
«Мен барайын» дер еді.
Айтып-айтпай немене, –
Айтулы ердін бірі еді...

Міні, ескілікте үстемдік жүргізген билер табының дегенімен құрылған салттың, өлең, жыр, тақпактарының, барлық көркем сөз, әдебиетінің мазмұны, санасы — сол билер табының санасымен айтылған екені айқын көрінеді. Және сол дәуірдегі әдебиет түрі де, сөз құрылышы да, сарын-күйі де сол дәуірдегі үстем таптың сарын-күйін, ықпалын, өсерін көрсетеді. Мұны кейін талдан-қырап айтамыз...

III. ЕСКІЛІКТЕГІ ДІН САЛТЫНАН ТУҒАН ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАР, ТАҚПАҚТАР

Казак атанған рулардың, мұсылман болмай тұрғандағы ескілікте, діні «аруак-тәнірлер» бар деп, соларға құлшылық қылу еді дедік.

«Аруак-тәнірлер» бар деп нанып жүрген ескілік — надан заманда, дүниедегі жаратылыштың түрлерін, құбылыстарын, жаратылыштың әрбір сырларын, әрбір бөлек-бөлек «тәнір-иелердің» сырлары деп сенетін.

Казактан басқа халықтар да ескілікте үшікі, надан кезінде солай нанатын... Ескілікте елдін аң тәрізді өте надан кездерінде жаратылыштың түрлі қыншылығына карсы жеткілікті шара, ылаж істей алмай жүрген кезде, адамзат жаратылыштың түрлі сырларының айбатынан жапырақша қалтырап коркатын.

Аспанды — ұлы «тәнірі» дейтін. Жаратылыштың өзге сырларының бәріне де бөлек-бөлек «тәнірі-ие» деп нанатын. «Мысалы: үйі жок, күйі жок анша жүрген адамның, жердегі коркатын да, қадірлеп қымбатты көретін де затының бірі – от болатын. Оны да бір «тәнірі» дейтін. Көкке де, отка да табынатын, жалбарынатын. Отты «жарылқайтын ана» дейтін. Сейтіп, күштілер табына

Шыңған және сол таптың санасы билеген надан жүрт, жаратылым күшіне де бағынып, жаратылыс күштерін «тәнірлер» деп, тәнірлерді үстем тапқа ұксата жасай алған. Үстем тап тәнірлерді (лилі) өзіне ұксата жасап, сол дінді (тәнірлерді) өзінің тап құрамы қылған. Эрбір діннің құрылсы, колданылуы осы негізді болды. Сондыктан, жаратылыстың әрбір құбылсынын, һәрбір сырынын жаны бар деп сеніп, және жаратылыстың құбылстыарын, сол коп «тәнір-иелердің» өздері деп сенетін. Мысалы: көктің құркіреуші, наизағайды, құйын-дауылды, боран-шашынды, ай мен күн, кыс пен жаз, жұлдыздарды – бірін қаһарлы, бірін ракымды «тәнір-иелер» деп сенетін.

Тағы бұлардан баска да толып жатқан «тәнір-иелер» бар деп сенетін. Солардың бірі адамзатқа кастық қылады, бірі достық қылауды деп сенетін. Жан-жануардың әрбір табынын да бөлек-бөлек «тәнір-иелері» бар деп білетін. Жан-жануарлар адаммен бірдей қылмен, бірдей сезіммен әрекет қылады деп білетін. Жаратылыстың түрлі құбылсы, түрлі сырлары, жан-жануарлары адамның ғлілін біледі деп нанатын. Сол жаратылыстың түрлі құбылсымен, түрлі сырларымен, жан-жануармен тілдесуді, сөйлесуді мүмкін деп ыліп, өзінше сөз тауып, өзінше «арбасатын».

Адамзаттың жан-жануармен катысуы адамдардың, өзара қыгысуынан айырмасы жоқ деп білген. Адамзатқа зиян келтіретіндеріне карсы әрекет қылған болып, пайда келтіретіндеріне құрмет қылыш «арбайтын».

Тілдесу, сөйлесу, арабау сөздерді «сырлы» қылып айтуға тырысатын. Оған қайдағы «тыйымды», «сырлы» сөздер іздең, тізіп шытатын. Сол ескіліктегі билер табының санасы үстемдік қылған шыным бойынша, адамзатпен катысқан сансыз иелерді өзінің маңсұғына ию үшін істелетін ырым мен «тыйымды», «сырлы» сөз табылып айтылса, маңсұт орындалады деп білген.

Отка май тамызып: «от ана, май жарылка!» десе, жарылкайлы деп білген. Көк құркірегенде, «сүт көп, көмір аз» десе, тәнірі не дегенінді орындаиды деп нанатын. Құйын соғып келе жатканда: «тұпа-тұпа, таздың үйіне бар, таздың үйіне бар!..» деп түкірсе, құйын оның үйін жықпай кетеді деп сенген.

Бірте-бірте ел шаруашылығына өзгеріс кіріп, жүрттың санасына да өзгеріс кіріп, қазак болған руларға мұсылман діні кірген соң, бұрынғы көп «тәнір-иелерге» құлшылық қылатын замандағы ырымдарға карсы құрес ашылып, ол ескі ырымдардың көбін

бірте-бірте қойғызған. Ислам діні орнаған соң қалған ескі діннің ырымдарымен бірге айтылатын «сырлы» сөздері де, такпактары да ұмытылып қалған. Ал ескі діннен қалмай кете берген кейбір ырымдар ислам дінінң өзімен қатысып бірте-бірте өзгеріске түсіп, кейбіреулері тек «әдет» болып қана қалған. Ондай ырымдардың кейбіреулері түгел ислам дініне сініп, «Алланың», «құдайдың» («жалғыз патшаның») «әмірінің істері» деп саналатын болып қалған. Кейбіреулері ислам дінін нанымымен араласып, екінші түрге айналған әдет, ырым болып қалған.

Бұларга мысалы: 1) адамзатқа зиян келтіруді аңдыған кейбір «иелердің» адамзатқа, малға істеген кеселдерін кетіру мақсатымен істелетін ырымдар мен «тыыйымды», «сырлы» арбау сөздер. 2) Жауын болмай құрғакшылық болып, жер шөлдегендे бұлт-жауын шақырып істейтін ырымдар мен айтылатын «сырлы» сөздер. 3). Адамға «қас» жыланнын, құрттардың тілін «байлау» мақсатымен айтылатын сөздер. 4) «Қылышын сүйреткен қыс» өтіп, жарқырап шығатын жаз басталардағы жыл басы «наурызда» істелетін ырымдар мен айтылатын сөздер. Және осы тәрізденгендер.

Міне, осындаған ретте айтылатын «сырлы» сөздер, халықтың ауыз әдебиетіндегі билер санасты үстемдік қылған ескіліктегі дін салтынан туған өлен, жыр, такпактарға қосылады. Әрине, бұған және, ислам дінімен байланысан ырым, әдет өлендері қосылады.

Билер табы үстемдік жүргізген казак болған рулардың және басқа түрік руларының жаратылыстың түрлі құбылысын, түрлі сырларын бөлек-бөлек тәнірге балап жүрген исламнан бұрынғы, замандарында — тіршіліктері өуенін райымен ете қатты байланысты болған. Тіршіліктері ауыз жайылысындағы анша жайылған мал өсімімен ғана және аншылықпен ғана болғандықтан, өздері де ан тәрізді, жаратылыстың қойнында жүрген, құштілер табына бағынған түрік руларына, қыстын, жаздың мезгілдері айрышка зор мәнді болған.

Пішени жок, салынған жылы үй-қорасы жок, малын тек «тәнірлерге» тапсырып, аяқ жайылыска, ауыз жайылыска коя беріп, құннің құбылысына қарап отырган, билер табы билеген өздері де мал тәрізді елге қыс — «қылышын сүйреткен қаһарлы жау» тәрізді болып көрінген де, жаз — жанды жадыратқан ракым анасы тәрізді болып көрінген. Қыс өтіп жаз басталғанда, ел демін бір алып, көнілі жадырап, қуаныш қылатын. Сол қыс өтіп, жаз

Он галатын рақымды мезгілдің басын «наурыз» деп атап куаныш, мейрам кылатын.

Бұл куанышта істейтін ырымдар болған. Куаныш айтылатын, риқымлы жаздан тілек тілеп сырлы көркем сөздер айтылатын. Ол көркем сөздер өлең-жыр болатын болған. Ондайда айтыла-пап олең-жырлардың көбі біздің заманға жетпей үмытылып қалған. Бірақ, өйткенмен «наурыз» туралы айтылған бірнеше өлең. Құндақтарын бұл араға келтірейік. Бірақ, бұл келтірген өлендердің, «наурызға» ғана арналған өлендер деп, кесіп айту киын тәріз-шіл. Ескілікте де көшпелі нағадан елдің наурыздан басқа да мейрамшары болған. Бұл ескіліктегі наным дін салтынан туған өлең-жырлар да үстем таптың санасымен құрылған екендігі айқын көрінеді... Сонымен діннің де бұрынғы үстем таптың құралы болғандығы көрінеді...

ЕСКІЛІКТЕГІ МЕЙРАМ ТАҚЫРЫПТЫ АЙТЫЛҒАН ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАР

Ұлыс күні казан толса,
Ол жылы ак мол болар,
Ұлы кісіден бата алсан,
Сонда олжала жол болар...
Ұлыстың ұлы күнінде,
Бай шығады балбырап,
Касында жас жёткіншек
Тұлымшағы салбырап.
Бойбішес шығар болпышп.
Күндігі баста кайынп.
Келіншек шығар керіліп,
Сәукессі саудырап.
Қыз шығады қылмиып,
Екі көзі жаудырап,
Ақ бөкендей сырқырап,
Кул құтылар құрықтан,
Күң құтылар сырқытан,
Кестік ыдыс шөміштің
Буы кетер бүркырап.

Және мынадай сөздер бар:

«... Амансыз ба, ұлыс он болсын!
Ақ мол болсын!
Кайда барса жол болсын!...»

«Ұлыс бакты болсын!
Төрт түлік акты болсын...»

«Ұлыс береке берсін,
Бәле-жала жерге енсін!»

Тағы:

«Ұлыс күні көрі-жас,
Құшактасып көріскен.
Жана ағыткан козыдай,
Жамырасып өріскен.
Шалдар бата беріскен:
«Сактай көр» – деп терістен.
«Кел таза, бак, кел!» десіп,
«Ием, тілек бер!» десіп,
«Көш кайраган, көш!» десіп,
«Кез көрмestей, өш!» десіп...»

Тағы:

«Есік алды кара су бойлаганым,
Жалғаниң қызығына тоймаганым,
Көмілсем де кетер ме көкейінен,
Калкаммен ұлыс күні ойнаганым!...»

Міні, бұл жырларда, үстем талтын санасымен құрылған өлең болғандықтан және шаруашылық ретінен тұган дін мейрамының жыры болғандықтан, шаруашылыққа қожа болған байларды өдемілеп суреттейді...

Онан соң, бұл өлең-жырлардың сөздерінде, «тәнірі иелерге» құлшылық қылып табынған кездердегі ескі, кетік ыдыс шөмішті отка жағып, ескі пәлені «кет!» деп қуалап, «иесінен» жана бак тілейтін кездердегі билер табының ықпалындағы елдің санасы көрінеді. Өзі де анша тіршілік қылып, анша жайылып өскен мал есімімен құнелткен елдің тіршілігі малдың өсімімен, малдың ағымен ғана екенін айқын қөрсетеді.

...Айналайын өкекем!
Неге бердін кедейге?
Канша акылды десен де,
Кедейді кедей демей мә?
Байға берсен, өкекем!
Казысы карыс айғырды,

Сүбесі сүйем кошқарды,
Ұлыс күні соймас па ем?
Тамам сорлы тоймас па ен?
Жұп шырак жағып коймас па ем?» –

Леген өлең жұрнағында да мейрам күні «тәнірігे» жұп шырак ғана, отқа табынып құлшылық қылатын салтты көрсетеді. Және ескілік заманнан-ак бай мен кедейдің түрмисының бір-біріне үйлеспегенін көрсетеді. Ескіліктен-ак байдың үстем болғанын, «жаша ақылды болса да» кедейдің кем саналғанын көрсетеді.

Бұл келтірген өлең жұрнақтарын наурызға ғана айтылған екен асу күнін тәрізді. Ескіліктегі елдің мейрамы тек қана наурыз болмынға керек.

Ескіліктегі дін салтынан қалған өлең-жырлардың сонғы кезеңшійн айтылып келген молырақ түрінің бірі бақсылар жырлары. Сондықтан бақсылар жырларынан да нұскалады молырак кіріземіз.

БАҚСЫНЫҢ ЖЫРЛАРЫ

Сөздің басы бісмілла,
Бісмилласыз іс кылма!
Бісмилла десси құдай бар.
Жын-шайтан көрінсе,
Сыртымдан әрі қуа-ай бер...
Бабаларым дәм берген,
Өздеріне кол берген.
Үлкен ата ер аруак
Талай жерден жол көрген.
Әулиеге дәм берген,
Лайтар сөзге ем берген,
Жеті өлікке жан берген,
Жеті пірге кол берген.
Акшора бабам коллай көр.
Жын атасы Барлыбай,
Шакырганда келдің бе-ай?
Жын атасы ер коян,
Шакырганда кел коян.
Койкап тауын өрлеген,
Каптың тауын жерлеген.
Арқадан шайтан айдаган,
Жын-шайтанды байлаған,
Енді артына карама.
Енді артына карасаң,

Каптаған кара бұлттай,
Қайнап біткен бұлактай.
Сайдан шықкан құлактай,
Женсіз берен киінген,
Лашын құстай түйілген,
Қас-қабағы бүрілген,
Жараган бүкір мықынды,
Кара бұлттай кекілді,
Айдаһардай айды Орак,
Айбалтасы қанды Орак,
Қайдан келдің жауды орап?..
Жауланбай-ак келініз,
Мына ауруды көрініз:
Етер бұған ем бар ма?
Салар бұған дсм бар ма?
Айтатұғын мал бар ма?
Шығатұғын жаң бар ма?
Төніректі болжаныз.
Ақылменен толғаныз,
Әуелі құдай елді онда,
Елді ондасаң ерді онда,
Мұхаммедтей пайғамбар,
Айналайын, сен де онда!
Калам шәріп мойныңда,
Дүғаларың койныңда,
Төнірекке көзің сал,
Әлеумет отыр үйінде,
Санап жұлдыз батырган,
Саргайтып таңды атырган,
Мың кісіге барабар,
Ақсакалды бабаныз,
Біз де сіздің баланыз
Сәукеле кара сакалым,
Патсайы шапан жамылған.
Қырга шықсам қызым деп,
Өрге шықсам ұлым деп
Қуралай көзі қызарған,
Кудай боп шашы ағарған.
Ақсакалды бабамыз,
Біздер сіздің баланыз,
Алпьс отау кара жын,
Кайда кеттін мұнда кел,
Атты келме, жаяу кел:
Катты келме, баяу кел.
Енді сөйле бәлігер,
Анықтап сөйле дәрігер,
Үлкен жұзді білгішім,
Кіші жұзді жарғышым,
Болжай отыр байғусым.

Кайдан келдің сабылып?
Мінгендей атың шабылып?
Батырым алып келіпсіз,
Жетпіс де батпан темірлі,
Жалғыз өзін жамылып,
Балалы каздай ыныранып,
Бәйтеректей бұралып,
Батыр, терек, сен сөйле!
Тұлкілі кара серігім,
Осындаға керегім.
Жасы кіші ауды алған,
Өжет кісі жауды алған.
Сойлемеші сиді, құлдық бас!
Сойлемесең байғұсым,
Болады маган жаман іс,
Ақ түйғынным, бопам-ай!
Томаган сенин күмістен.
Аяқ бауың жібектеї,
Екіде бірдей барышын құс,
Баурын шұбар аршын құс,
Құйту-құйту, сары құс!
Жеген жемің барін дұс!
Темір канат кара құс.
Сексен сегіз күмарлым,
Токсан тоғыз түмарлым!
Сол иығың сөүкелем,
Оң иығың үкілім,
Кызылда жирен ат мінген,
Жал-құйрығын шарт түйген,
Екі наиза түйіскен.
Айқайлад жауга тиіскен,
Кызыл калпак киіскен.
Құйын жауға тиіскен,
Екі бірдей торы атым,
Құйысканды құла атым –
Кызыл шұбар айдаһар,
Кара шұбар жолбарыс,
Маңдайының калы бар,
Арканыздын жалы бар,
Өзі бір ерке болмаса,
Бой бермейтін жаңуар!
Бір мүйізің көк тіреп.
Бір мүйізің жер тіреп,
Согу жерге барабар,
Балақ шудаң балқылдан,
Азу бір тісін сақылдан,
Арка басың тақылдан,
Лайналайын карт бура,
Келші бермен жакындан!

Ай кожа мен күн кожа,
Сыйынған пірім, сен кожа!
Сыйынған кожа пірлер-ай!
Тентек кара ерлер-ай!
Буыны жок былқылдаپ,
Кайдан келдін сылқылдаپ?
Сары майдай толыксып,
Сұыткан аттай бұлыксып?..
Сол-сол, сол-сол, сол жатыр,
Жағасында соңын кол жатыр,
Сонша қолдың ішінде
Шойынқұлак деген алып жатыр.
Аспандагы көп пері,
Көп перінін ішінде
Аты жаксы дәу пері,
Су ішінде су пері,
Сұмырайға ұқсапан қу пері!
Жын ішінде жын пері!
Жынданбай-ак жұр пері!
Ай астында ак пері,
Жеті пері келер ме!
Толыксып тұған айдай бол
Жеті ласкер жатыр ма
Өз алдына дардай бол?
Құдай досты Мұхаммед,
Шариардың досы екен,
Шайтан менен өзірейіл,
Пенденізге кас екен,
Кастығы мұның осы екен,
Бісмұлла десе дуа бар,
Жын-шайтанды куа бар!
Аспандагы төрт атты,
Төрт аттының ішінде,
Кайраты артық бөрте атты,
Енді сейле, тор тайым,
Әр нәрсеге онтайым,
Жан ағама жан жолдас,
Жан жолдасым жан кимас,
Кабыргаға кан катса,
Кайрылар күнің кайда бар!
Тұмсығына мұз катса,
Бүрілер күнің кайда бар!
Жан-жагына караган,
Құлаштап шашын тараган.
Жауған қардай боратып,
Пердемен жұзін караган,
Өркеші жок нар ма екен,
Судан шықкан сүйірік пе,
Сурылып озған жүйрік пе?

Топтан шыккан тұлпарым,
Аздан шыккан сүнкарым,
Жапуарым, сөйлесі!
Көріп жанды камышылап,
Сілекейін тамышылап,
Аспандағы көп пері!
Көп перінің ішінде.
Аты шұлы көк пері!
Каражал, жазған касқырым,
Таси берші тасқыным!
Енді сейле, елші қыз,
Елге хабар берші, қыз,
Ақ боз атка мінші, қыз,
Үкілі балак, сексен шоқ,
Бармагың бар өңшең шоқ,
Енді сейлер сүр тайым,
Әр нәрсеге оңтайым!
Базар кеткен бар таяқ,
Бұхар кеткен жексаяқ,
Отыз тісін тізіліп,
Аш белін сенің үзіліп,
Кайдан келдін жазған-ай?
Сен сойлеши азгана-ай!
Кереге бойы кер жылан,
Керілмей-ак кел жылан,
Үй айнала сүр жылан,
Сумандамай жүр, жылан!
Алты жылан ат етіп,
Екі жылан камшы етіп,
Алты құлаш ак жылан,
Белдемеден сок жылан,
Сені улар жок, жылан!
Белдемеден сен соксан,
Екі құлаш үш жылан,
От орнындей ордалым,
Қырық мын саны наизалым,
Осындаға пайдалым,
Арбан-арбаң жүр скен,
Адымы жерлі күрган,
Адымыннан күйлды,
Табанышаш суырылды.
Жылатпай тұман ашылmas.
Жығылмай жүйрік басылmas.

ШАҚАР БАҚСЫНЫКІ ДЕГЕН САРЫН

Уай, терегім-терегім!
Бір күніме керегім.
Бейбактың оты жаңбайды,
Бейшараның үйіне,
Шакырса конак конбайды.
Арам ойлы жігіттің
Жұрсө жолы болмайды.
Арық атпен камиши ойнар,
Жыртық үймен тамшы ойнар,
Кебік карда тұлқі ойнар,
Каулан көлде жылқы ойнар...
Мен Жаманның ұлы Шакармын,
Көпті көрген макармын,
Ойбай да терек, уай терек,
Маган бір пөле такалдың!

ЖАМАНСАРТ БАҚСЫНЫКІ ДЕГЕН САРЫН

Болат бір пышак жаңға кас,
Қып-қызыл талға киналса,
Ер жалғыз үй конбайды,
Катын бір шайғай болмаса.
Оңайлықпен дүние жок скен,
Ту жығылып құласа,
Айғыр айтып, ат айтып.
Ағайыны еңіress,
Сонда да тәңірім коймайды-ау,
Алауына үнаса.
Әсіре бір таудан жол салған,
Көп қаптан барып жол алған.
Көкте екенін көрмесген,
Жерде екенін білмесген,
Аласа бойлы жатаган,
Ажырыкка түйе матаған,
Әкесі еліп ас беріп,
Алпыс бір ала коңыз атаған,
Жарғышта жын да сен арсыз,
Бейбак адамзатта мен арсыз!..

БЕРІКБАЙ БАҚСЫНЫҚІ ДЕГЕН САРЫН

Ал періңмің, періңмің,
Періленген серіңмің,
Калың бір өйтек ішінде
Аз ауыл бекем болсам да,
Таңдал бір конған жеріңмің.
Өзім бір деген кісіге
Өзегімді беремің.
Егескен жауым кез болса,
Аузы бір қанды боріңмің.
Кекілітей жоргалап.
Кара бір қаным соргалап,
Алладан әмір келгенде,
Өстіп бір жүріп олермің.

АРҒЫН ДОСМЫРЗА БАҚСЫНЫҚІ ДЕГЕН САРЫН

Әуелі, құдай, сен оңда,
Сен ондасан мем мұнда,
Құрық бойы қар жауса,
Жұтамайды сауыскан.
Қанды қаллақ кисс ле,
Киыспайылы туыскан.
Жакындықтың белгісі
Бар-жогын алыскан.
Алыстықтың белгісі,
Ту байласып согыскан...
Жын атасы Берлібай,
Шакырганда келдін бе-ай,
Келші бермен жын пері,
Шакырганда кел пері!
Айда шіркін жындар-ай!
Кесіктің нағып мұндар-ай!
Әуелі құдай жын берген,
Отірік бермей шын берген,
Келші бермен, сары қыз.
Айткан сөзің дәрі қыз,
Үш жұз алпыс жасаган,
Жак сүйегі босаган,
Айқайда менің жан апам,
Шакырганда кел сана!
Оң иныгыма мін сана!
Айда бермен палшы қыз
Ақ боз атқа мінші, қыз,
Айғай сурет салыны, қыз!
Палшы да карам, сен сәйле,

Өтірік айтпай, жөн сейле,
Өтірік айтсаң өлгсің,
Казбай жерге көмгенің,
Айтылатын мал бар ма?
Шынkalы түрган жаң бар ма?
Тебінгіде тер бар ма?
Тепсініп түрган ер бар ма?
Канжыгала кан бар ма?
Каптай шапкан жау бар ма?
Болжаушы кара, болжай кел,
Төңіректі шолгай кел!..
Айда бермен, жирен тай!
Сен келгенде көнілім жай,
Сары аяктай сріндім,
Сарымсактай азулым!..
Шыңыр-шыңыр кісінескен.
Киын өзі иіскеекен.
Төрт аяғы болатты,
Жал-құйрығы канатты,
Адымы жерді күрган,
Ашуы шөпті сұырган,
Киган камыс құлактым,
От орныңдай түккілім,
Үзенгісі үзбе алтын,
Тебінгісі терме алтын,
Құйысканы құйма алтын,
Жұғсі бар түйме алтын,
Ку найзалы жириен тай.
Ку найзанды колына ал,
Бал болса, ойна ал!
Тәмен кеткен төрт аттым;
Жоғары кеткен бөрте аттым,
Арқага кеткен ала аттым,
Жал-құйрығым канаттым
Сөукеле кара сақалдым.
Батсайы ала шапандым,
Келші бермен көр тайлым,
Әр нәрсеге оңтайды.
Бейістін шөбін оттаган,
Өзге шөпті таптаған,
Шаклақ мүйіз көк кошкар,
Бір мүйізін көк тіреп,
Бір мүйізін жер тіреп,
Келші бермен, жануар!
Ай астында ай кожам,
Күн астында күн кожам,
Ойда жүрген он кожам,
Кырда жүрген кырык кожам,
Кырык кожаның ішінде

Лайыр сакал сары кожам,
Келші бермен, сен кожам...
Айда бермен, көп батыр,
Алпыс найза қырык шатыр,
Келер болсан жылдам кел.
Алдыңда толы жау жатыр!..
Айда бермен, сүр канышқа,
Онаң кір де мұнан шық!
Кер-кер жылан, кер жылан!
Керілмей-ақ кел, жылан!
Ұзындығың қырык құлааш,
Көлденеңнің секссін кез,
Айда бермен, сүр жылан!

Міні, бақсылар жырлары да үстем таптың сана, тұрмыс суреттің жақсылап көрсетеді. Бұл, бақсылар жырлары да үстем тап сипасымен шыққан екендігі айқын көрінеді...

Бақсы жырларының басы ел аузындағы үйреншікті жырлар-лың жүрнектарынан құралған болып келеді. Бақсы жырлағанда, оғарлі сол ел аузындағы үйреншікті жырлардың жүрнектарын құрастырып жырлап, сонсон, қызынқырап алған сон, бақсылар-лың өздерінің ғана жырлайтын жырларын боздатады. Кейде кейбір бақсылар бастап, жай жабайы адамдардың жырындай, өз ойынан шығарған жырларды да айтынқырап алғып, сонсон қызып алған сон, «бақсылық» жырга түседі. Жоғарыда келтірген бақсы жырларының бәрінің де бас жағы көбінесе ел аузындағы үйреншікті жырлардың жүрнектарынан құралған. Ал кейбірінде, өздері ойынан шығарған жабайы жыр тәрізді басталғандары да бар. Мысалы:

...Жесісіз берен киінген,
Лашын қустай түйілген,
Кас-кабағы бүрілген,
Жараган бүкір мықынды.
Кара бүлттай кекілді.
Айдаңардай айды Орак,
Айбалтасы қанды Орак,
Кайдан келдін жауды орап?.. –

леген жыр жүрнегін Орак батырдың жырынан алған.

Бақсылардың қай-қайсының болса да ел аузындағы жырлар-лың жүрнектарынан құрастырып жырлағандары, жырларының біс жағында айқын көрінеді.

Баксылардың жырлары ислам дінінен бұрынғы «аруак тәнірі» «ие» дініне құлшылық қылған заманың нанымынан шықкан жырлар. Кай заманда, кандай дін болса да билер, хандар, байлар табының құралы болған. Баксы ислам дінінен бұрынғы заманда пайғамбар, әулие тәрізді болған. Билер, хандар табының мыкты тірегі болған. Теміршының шақырған ұлы жиылсында калың топта отырған ру бастықтарының алдына шығып сөз сөйлеп, Теміршынға Шыңғыс атты берген Конырат руынан Көкше баксы. Көкше «Теміршың енді ұлы хан болуы керек, «көк тәнірінің» маған берген жарлығы бойынша Теміршының аты енді Шың – құс хан болады» деген. Көкше ақ боз атқа мініп, әр түні «көкке ұшып келем, көк тәніріден хабар алып тұрам...» дейтін!

Көкше баксыны жүрт «тәнірі бұты» дейтін. Бұл да баксылықтың аза бастаған кезіндегі баксы. Бұдан бұрынғы заманда баксы тіпті қадірлі болған. «Көк тәнірінің» нағыз «бұты» саналатын, «Тәнірі бұты» деген – тәнірдің суреті деген сөз.

Мал есірумен құнелткен, билер табы үстемдік қылған рулар, бері келе, тіршілік қылу ретінде, аздал болса да тәжірибе, білім корын қасықтап жинап, көп тәніріге жығыла құлшылдық қылу қалыбы босап, баксылық азғындей берген. Содан қазақ болған рулар мұсылман дініне кірген сон, баксылықпен кейбір «иелерге» «аруактарға» нану мұсылман дінінің нанымымен катысып екінші түрге тұскен. Баксылық, аруак, тағы да мұсылман діні қабыл алған сондай «иелер», Алладан болатын «керемет» деп саналатын болған. Бұрынғы «көк тәнірінің» орнына «исламның «Алласы» орнап, баксылық пен аруактар, ескі діннен қалған кейбір «иелер» исламның Алласына сиынған. Сөйтіп, исламнан бұрынғы діннің баксылықка, аруактарға, көп «иелерге» құлшылдық қылатын санасы мен ислам дінінің санасы араласып бітісіп, баксылыққа нану, «аруакқа», көп «иелерге» нану жана түрге тұскен. Баксылықты жынның, перілердің қуатымен, Алланың әмірімен болады деген.

Жын, пері екі түрлі болады, бірі – адамзатқа зияндас, қастық қылады, бірі – достық қылады. Баксы сол адамзатқа достық қылатын жынның қуатымен баксылық қылады деп нанатын болған. Билер табының санасымен құрылған сол кездегі наным бойынша, кейбір «иелер» мысалы: баксылық, ақындық, әншілік, байлық, бак, «Алланың әмірімен» қалаған пендеге конатын «ие» деп билетін болған. Оған мысал: жоғарыда көлтірген «Берікбай баксының жыры» деген жырдағы: «Ал перінмін, перінмін, аз ауыл

Ішкем болсам да, тандап бір конған жерінмің» деген сөз: «Кемпірбай ақынның «кеудемнен көк ала үйрек кош деп ұшты, сол шіркін күрі жолдас өлең білем» деген сөзі. «Осы өлең Серкебайға қонбыс білем» деген сөзі. «Басында дәулет құсы конған екен» деген отел сөзі. Міне осындейлардың бәрі, жоғарыда айтылған, билер азуіріндегі жаратылыстың түрлі сырына да бөлек-бөлек «тәнір-ісе» бар деген нағымды көрсетеді.

Баксы жырларының сарыны халықтың өзге сарын-қүйлерінен бөлек, өзгеше болады. Баксы жырларының күйі сұық, жат сарынды, тыңдаған надан адамның сезіміне сұық киял елестеткендей, надан адамның бойын шымырлатып, ойын түршіктіргендегі болады.

Казак арасында болған бұрынғы баксылардың ең зоры, ең ескісі Коркыт деп саналады. Коркыт – баксылардың атасы деп саналады. «Коркыт өлімнен қашкан екен... қайда қашып барса жа, алдынан қазылып жатқан көр кез бола берген» екен. Қайда барса да коркыттың көрі болған сон, «өлімге берілген...» дейді.

Баксылардың тартатын қүйлерінің ең әсерлісі, ең жақсысы Коркыт күйі саналатын. Коркыт күйі деген күйді кобызышылар өнімдің өмірдің басына шейін тартып келді. Баксы жырлары да сол жағт, сұық сарынға, баксыға құрал болған кобызыздың аныраған үшін лайық, тыңдаған надан жұртты сесін алатындағы енсесін ысып киялына, ойына коркыныш сездіретіндей, бір түрлі әсер беретіндей сөздерден құралған болады. Тыңдаған надан жұртқа албатты, «әруакты», алапатты суреттерді елестететіндей болады. Жөне неше түрлі жат ойындар істейді. Өзінің жат, «сырлы», аруалкы, суретті жырына, жат сарынды қүйіне, істеген жат ойындағына баксының өзі де қатты әсерленеді. Өзінің де барлық сезімі киял тенізіне шомып, калқып өседі...

Жат, сұық сарынмен кобызызды сарнатып, елдің, билер табының үстемдігімен құрылған санасындағы албатты, әруакты суреттерді елестеткендей «сырлы» сөздерді үйлестіріп, сабалап, бураша күркілдеп, шабынып, әртүрлі жат кимылдар істеп, жыныш-сарнап, тыңдаған надан халықтың сесін басып, «қорғалатып», баксы мүлде өзіне бағындырып, өзіне иландырып алады. Албатты, алапатты суреттерді елестетерлік, «сырлы» сөздерінің түрін «огарғы баксы жырларынан окушы айқын-ак көреді.

Оған мысал баксылар жырындағы мына суреттер: «Шабыншын, күркіреген карт бура...» «Пейіштің шәбін оттаған, бір мүйізі

жер тіреген, бір мүйізі қек тіреген, шакпак мүйізді қошкар...» «Бейтерек». «360 жасаған сары қыз». «Бекініп жаткан, келетін жау». «Алпыс найза, қырық шатырлы батырлар»... «Ақ сәлделі қаптаған қожалар», «Токсан қойдың терісінен тон шықпаған жара бас дөү», «Ұзындығы қырық құлаш, кереге бойлы, қаптаған неше түрлі жыландар»... «Айдаһарлар»... «Аспандығы көп перінің ішіндегі дөү пері». «Калың колдың ішіндегі шойын құлақ алып»... «Жан-жакқа шаптырған кос-кос аттылар». «От орнындағы тұқытты жириен тай». Тағы, толып жаткан «әруақ иелі», жат суретті «жындардың», «перілердің» аттары.

Міне, солардың бәрі, сол тындаған надан жұртка сол замандағы билер табының ұstemдігіндегі айбатты, алапатты суреттерді елестетіп, әсер етерлік, аласұрып салған сұық сарын мен қобызға қосылған жанталасып үйқастырылып тізілген «сырлы» сөздер. Бұл айбатты, алапатты суреттердің бәрі де – батырлар, байлар, хандар, билер табы ұstemдік қылған жаугершілік замандағы казактың өз тұрмысынан алынған. Сол замандағы казактың тұрмысын, санасын айқын көрсетеді. «Алпыс найза, қырық шатырлы батырлар. Бекінген, тепсінген жау. Тебінгідегі қан. Айбалтасы канды, айбынды, Орак батыр». Жөне осы тәрізді суретті сөздер, әлгі айтылған батырлар, байлар, билер табы өкімдік қылған шабыншылық, жаугершілік, ру-руға жіктеліп, бірін-бірі шауып алып жүргендегі заманның суреттері. Мұхаммед, Алла, қожа, пір дегендер – ислам дінінің қасиеттейтін заттары, казак атанған рулар ислам дініне кірген соң қосылған қоспалар.

БАКСЫ ТУРАЛЫ БІР ӨЛЕҢНІҢ ЖҰРНАҚТАРЫ

Койлыбай баксылардың үлкен пірі,
Олардың таусылмайды айтса жыры,
Халайық үлкен-кіші қозі қөрген,
Көп еді ол ерлердің қөрген сыры.
Койлыбай жан кетпеген жастарынан,
Кетпеген бакыт дәулет бастарынан.
— Үлкен пірі олардың Қорқыт ата,
Бата алған тамам баксы аскарынан.
Койлыбай баксы болып өтті бұрын,
Айтайын кариялар қөрген сырын,
Көркаптан қыз перінің келтіргенде,
Көргеннің алады екен көзден нұрын.

Ак сарай алтын канат кіреді үйге,
Сөз айттар ұлкен ага, кіші бигс,
Тан калып жұрттың бәрі тұрады екен,
Койлыбай көбіз алып тартқан күйге...
Койлыбай әулиеге жалбарады,
Құдайға мінажат қын зарланады,
Дауысы он шакырым жергес кетіп,
Көргендер мидай балқып таңданады.
Жамагат Аллалайды жалбарынып,
Айтайлай көбіз тартып жын шакырса,
Дауысынан кете жаздар жер жарылып.
Коркады ол келгенде отырган жан,
Калмайды зәресі ұшып жүзінде кан,
Жұртынан дәү перінің ластаркан көп,
Жамагат отырганға береді наң...
Койлыбай көбіз тартып салалы ұран.
Істеткен жындарының бәрі қыран,
Ыскырган ызгарына жан шыдамас,
Келеді онан кейін айдар жылан...
Әуелі баксы пірі Коркыт ата,
Тілеймін ғапу ет деп кетсс ката,
Адамнан ер Сүлжімсін өткіншін сон,
Мойнына көп жамагат салған бата.
Койлыбай Коркыттан сон дәурен сүрген.
Әр жерде ак сарайдай үйге кірген,
Өзіне қылған екен шын қызметкер,
Шайтанды үстап алып жалғыз жүрген...

ШАҚЫРУ, АРБАУ, БАЙЛАУ ЖЫРЛАРЫ

Шақыру, арбау тақпактары деп мысалы: бұлт шакырган, жа-
үнн шакырган жырлар тәрізді «сырлы» сөздерді айтамыз. Бұ да,
мықсының «жындарын» шакырган сарынды, «сырлы» жырлары
горізділеу болады. Бұл да, көшпелі рулар жаратылыстың койнын-
да болған замандағы құштілер табының әкімшілігінде, сол үстем
мікпалымен құралған сана бойынша, жаратылыстың түрлі күбы-
лысын, түрлі сырын жанды зат деп танып, соларды «төнір-иелер»
деп құлшылық қылған ескіліктегі дін мен мұсылман дінінін каты-
сип, бітіскендігінде нағымды көрсетіледі.

Шақыру, арбаулар, көбінесе, сөздін қуатына, сөздін сырына
кітты сенгендікті көрсетеді. «Сырлы» сөздерге шакырушуның
о и де катты әсерленіп, бар сезімнің киял теңізіне шоматынды-
ның көрсетеді.

Шақыру, арбауларда, көбінese «сырлы», «жат» сөздерді үйлестіріп тізіп жырласа, «тәнір-ие» делінген жаратылыстың құбылысына тіл қатып, соган тіл алғызуға, соган әсер етіп, өз тілегіне бағындыруға болады деп сенген жаратылыстың жаны бар заттары – жануарлармен, мысалы – жылан, шаян, бүйі, каракүрттармен арпалысуда, сондай түрмен айтылады. Билер табының ықпалимен құрылған сана бойынша, ескіліктеі адамзат барлық жан-жануарларды да, сондай «сырлы», «жат» сөздердің қуатымен, «кереметімен» «дегеніне бағындырам» деп сенетін. Жылан, шаян, каракүрт, бүйі, бәленгі, адамды яки малды шакса, шағылған жанды алдына койып «оқитын». Окуы әлгі «сырлы», «жат» сөздерден үйлестірген жыр.

Әрбір жылан, яки шаян, ұлу құртка әсер ететін бір «сырлы» сөз болады. Сол «сырлы», кереметті сөз табылса, әлгі адам арбауна алған жылан, яки құрт адамның дегеніне бағынады, женіледі. Ал шағылған адам жазылады деп сенген... және, әлгі «жат» сөздердің «сырлы» сөздердің бірі ізделінген ең керекті сөз болады. Ол сөз – жыланның яки шаянның аты болып шығуы мүмкін. Толып жатқан сөздерді айтып отырғанда, бірі әлгі жыланның аты болып шықса, жылан женіліп, уыты өзіне жайылып өледі. Шағылған адам яки мал оналады деп сенген...

Бұл жырлар қысқа-қысқа такпак тәрізді болады. Ұзак болса, ылғи «жат» сөздерден құралған жырды жатқа алу, жатқа кайта-кайта оку қызын болар еди.

КҮН ЖАЙЛАТУ, БҮЛТ ШАҚЫРУ

Күн жайлатау шарты: қылан, ақ боз жылқының, яки маралдың ішінен шығатын қызыл тасты бір ыдыска салып, үстіне су құйып, арбау – шақыруды оқиды. Егерде дем алып оқыса күн жайламайды-мыс, қызыл тастың зорлығы асыктай болады-мыс. Атын «жайтас» дейді. Алматы уезінде Топар елінің қазағы Бұйғамбай деген болған дейді, онын арбау шақыру жырын баласы білелі дейді.

Мұны жазып алушы – Сабыржан Шәкіржан баласы, айтушы – Есік Іле елінде Абай Атабек ұлы.

«Күн жайлатау» тасымал ішінен шығады деп, басқа түрік жүрттары да ескілікте сенеді екен.

Так Сүлеймен, Сүлеймен,
Сенен медет тілеймін!
Ат басындей ақ бұлт,
Алла, сенен тілеймін.
Кой басындей көк бұлт,
Кожам, сенен тілеймін.
Когалы көлдер күрьиды,
Күба жондар шөлдеді.
Колдан кара жауын бер,
Кара сабам қаусады,
Сары аягым саусады,
Касымнан караш-қураң кетті гой,
Матайтынан аны шуак етті гой,
Жандай досым, ақ бұлт,
Омыраудан сок, бұлт!
Танай-танай ақ бұлт,
Омыраудан сок, бұлт!
Есек желді, сүр бұлт,
Еріктірмей жсте көр,
Мен тасымды торлайын,
Торсықа салып корлайын,
Тәлірі өзің берсөн зорлайын,
Түңғызың кара көлдерден,
Шөп алайың, ақ бұлт,
Омыраудан сок, бұлт,
Ербек-сербек бай атай!
Еркек канаң құрсаң тай.
Шиып кара, шиып кара.
Құлан-жылан бұлан тай
Мартай-мартай,
Тері тоқым мар тұргай, кай тұргай.
Тұрлен, кара бұлтым!
Мен де сенің үлтyn:
Дария шор!
Дария шор!

БҰЛТ ПЕН ЖАУЫН ШАҚЫРУ

Темір, темір, теміржан!
Темірдің ұлы каугажан.
Тасыргасаң тас жаудыр.
Қаһарлансан қар жаудыр.
Бұрқандаңсан мұз жаудыр.
Мұздай темір құрсаңдыр.
Кел, кел, бұлт, кел, бұлт!
Екі енеге тел бұлт!
Ағысы катты сулардан,

Шырай соғып кел, бүлт.
Шөптің басы жерлерден,
Жұғрә соғып кел, бүлт.
Қайың басын қайыра сок,
Ариша басын айыра сок,
Тобылғы басын толгай сок,
Атан түйе жыға сок!
Ат бауырынаң өте сок!
Үзенгіні үзе сок!
Тебінгіні тесе сок!
Мәнкі байды баса сок
Кошкар байды қоса сок,
Тұрлі таудан тау қойма,
Тұнық судан су қойма,
Ақ атыма мінейін,
Алладан сені тілейін,
Кек атыма мінейін,
Көктен сені тілейін.
Оныменен көк жирен.
Көк Сүлеймен пайғамбардың деміменен,
Тәнірімінен медет тілейін,
Ербек-сербек бай атай,
Еркек кана құрен тай.
Шиып кара, шиып кара.
Құлан-жылан бұлан тай,
Тартай-мартай,
Түрлен, кара бұлтым,
Мен де сенің ұлтың,
Дария шор, лария шор!

ЖЫЛАН ШАҚҚАНДА УЫН ҚАЙТАРУ АРБАУЫ

Кер, кер, кер, жылан,
Кереге басты мер жылан,
Бір жылан бар сүм жылан,
Бір жылан бар сүр жылан.
Бір жылан бар жеті жылғы ту жылан.
Құралай таудың басынан
Құып келген ку жылан.
Пайғамбардың демімен
Дегелек келді шық жылдам...
Ақ жылан, аты жылан,
Кіші жылан, мышы жылан,
Сары жылан, сары бас жылан,
Көл жылан, көбер жылан,
Шық, тәнірден парман келді!
Парманнан катты жарлық келді!

Мары-мары, мары жылан,
Ұзын-ұзын, ұзын жылан,
Ұзын шашы келте жылан,
Маркary, саркary,
Былдыр-шылдыр болған түшінің басынан
Лек-лек келді шық, жылан!
Ат жылан, кат жылан,
Ыс жылан, кара жылан,
Отыз бес көлі,
Кырык жүzlі,
Орман түшінің басынан
Лек-лек келді шық, жылан!

БҮЙІ ШАҚҚАНДАҒЫ АРБАУ

Бүйі, бүйі, бүйі, шық!
Бүйі келді камбар шық!
Заһарыңды жаймай шық!
Отыз омыртқадан шық,
Кырык кабыргадан шық.
Менің атым пайман-ды,
Ту биенің стін
Турап берссің тойман-ды,
Енді сені қойман-ды!

КАРАҚҮРТ ШАҚҚАНДАҒЫ АРБАУ

Лай-кай мекрі, кай мекрі,
Жылан мекрі, шаян мекрі,
Күллі, күллі, күллі мексен,
Күллі ср мұрт,
Әзкер, мұзкер.
Жия-жия, пара-пара,
Сыйыргында, сескеркында,
Ғылабуз күлс настан,
Кара келді, кой келді,
Аман келді, күн келді,
Күмән келді, шыксын,
Сүлейменнен медет келді.
Бибіби-бибіси, тілепжи, кілебжи,
Ала комды, бала комды,
Әрі сана, бері сана,
Әй мекрі, койма, мекрі,
Шаян мекрі, ден мекрі,
Алба маңыра, койша маңыра,

Шише маңыра, өлтір мені,
Жытыр мені, шәкір жолдас болармын,
Шық, тәніріден парман келді!

БӘЛЕНГІ ШАҚҚАНДАҒЫ АРБАУ

Бау-бау, бәленгі!
Бауры шұбар бәленгі,
Кой келді, козы келді,
Сары тонды үрпек бастың
Өзі келді.
Әуеден боз ала торғай келді,
Жерден сары ала байтал келді,
Шық, тәніріден парман келді!
Келен-келең, келенгер,
Бауры шұбар келенгер,
Үсті шұбар келенгер,
Тас тәбенен түсемін,
Тан үргандай қылармын,
Танауынды тілермін,
Шатты-бұтты қылармын.

ТҮЙЕНІ ШАҚҚАНДАҒЫ АРБАУ

Дау-дау, дауың бар ма түйемде!
Дауың болса түйемде,
Жүрші былай бірсуге,
Кудай тағала бак берсе,
Төрс тиер біздерге,
Орман таудың басында,
Дегелек түр сакылдал,
Моңтаны түр такылдал,
Кара түкк басына
Шығайын деп жақындал,
Шық, тәніріден катты парман келді!

БАЙЛАУ СӨЗДЕРІ

Бастан-бастаң, бар бастан,
Күм күрайда, құлтап нұрайда,
Шикі зенде шимиті керез,
Ағаштай байлан, тастай кат!
Абыр-абыр абырлама,

Мен тұрганша жыбырлама,
Кой корадан өрген жок,
Бала-шага тұрган жок,
Мерт байладым, шарт байладым.
Тұра жыланның аузын байладым.

БӘДІК

Ислам дінінен бұрынғы құштілер табы үстемдік жүргізгенде көп «аруақ», көп «тәнірі иелерге» құлшылық қылған заманнан күлған әдеттің бірі – «бәдік» айту.

Сол ескіліктегі үстем санамен құрылған нағым бойынша орбір ауру, індettін де «тәнір-иесі» болады-мыс. Адам ауырса, шош мал ауырса, әйел-ерек жиналышп, ауырған малды камап алыш екіншіден косылып, шулап өлең айтады. Өлең айтқанда ауру «иесін» көркітып, «жын» ойнағандай қылып ойнап айтады. Бұл шошті «бәдік» дейді. Бұл да ылғи айтылып, жатталып, қалыптанған олең болады. Сөздері ойын араласқан сөздермен үйлестірілген, ауру, індет «иесін» көркіта мазактай сөйлеген сөздерден кұра-шырылған болады. Эрбір ауыз өлеңінің ішінде, не сонында «көш, өмір!» деседі. Тәуіпптердің «көшіру, аластау» ырымдары мен «өмір!» айту біртүрлі нағымнан туған зат.

«Іодік» деген адамға, малға қасақы ауру, індettін «тәнір-иесін» аты болуға тиис.

«Іодікті» кешке айтады. Бері келе «бәдік» айтуды сұлтаянған, жиналған қыз-бозбала, катын-калаш ойнап, өлең айтыған. Бірсыпыра «ауыздарының дәмін алыш» қалатын болған. «Іодік» олеңіне мысал үшін мынаны келтірейік:

Лайт дегенин айтамын ау бәдікті,
Кара макпал тоғым бар барша әдіпті.
От оттамай, су ішпей жатқа берсе,
Бәдік емей имене бір көдікті... ай, көш!
Бәдік кетіп барады жатқа таман,
Жұген ала жүгірдім атқа таман,
Құдай оңдап бәдікті қолға берсе,
Итере сал кәпірді отқа таман... ай, көш!
Бәдік, бәдік деседі,
Бәдік желдей еседі,
Аскар-аскар тауларға,
Ағыны катты сулаарға
Айналға соккан құйынға

– Ай, көш! – десс,
Көшеді.
Ай, көш!
Көшер болсан, ай бәдік, мекеге көш!
Кемпір мыны мұжіген шекеге көш!
Кош айласын білмесен мен айтайын,
Койдан койға жүгірген текеге көш! ай, көш!
Көшер болсан, ай бәдік, арқага көш!
Қарағайды как жарған жанқага көш!
Көш айласын білмесен мен айтайын,
Койдан койға жүгірген марқага көш!.. ай, көш!
Көшер болсан, ай бәдік, жыланға көш!
Құйрығы жок, жалы жок құланға көш!
Көш айласын білмесен мен айтайын,
Жердің жүзін қаптаған тұманға көш! ай, көш!
Жұрқага көш, ай бәдік, жұрқага көш!
Құлан-кійік жайланаң қырқага көш!
Көш айласын білмессі мен айтайын,
Құресінін күл шашқан бұқага көш!.. ай, көш!

ҚЫЗ БЕН ЖІГІТТІҢ «БӘДІКТЕ» АЙТЫСУ ТҮРІ

Жиғим

Кара тауым дегенге кара тауым,
Тау басынан соғады кара дауыл,
Сіздің үйде бір бәдік бар дегенге,
Қаптай көшіп кследі, біздің ауыл!

Қыз

Бәдік кетіп калыпты таудан асып,
Таудан аргы бүлтпен араласып,
Енді екеуміз бәдікті тауып алып,
Шын күмардан шығалық сабаласып.

Жиғим

Жемір бәдік дегенге, жемір бәдік,
Ку қыздардың шекесін кемір бәдік,
Семіз қыздың ішіне кіріп кетіп,
Бүйрек майын же-дагы семір, бәдік.

Kыз

Бәдік кетіп барады мекесіне,
Ешкі арығын білдірмес текесіне,
Онаң көшер жайынды мен айтайын.
Бар да жабыс жігіттің шекесіне.

Жигіт

Каратаяудан ксй бәдік асып кеткен,
Аулак жерде қыздарды басып кеткен,
Етегіне бір табак топырак салып,
Көрген қызының көзіне шашып кеткен.

Kыз

Үлкен таудың көш, бәдік, басына көш!
Сұлу жігіт қаламдай қасына көш!
Онаң көшер жайынды мен айтайын,
Шүйдесі үлкен жігіттің басына көш!

Жигіт

Ыстық үйдін көш, бәдік, пешіне көш!
Онаң көшер жайынды мен айтайын,
Жұма менен айт күннін кешіне көш!
Сұлу-сұлу қыздардың шашына көш!

Kыз

Тон кигеніңің көш, бәдік, койнына көш!
Кішкене балаардың ойнына көш!
Жайынды онаң көшер мен айтайын,
Жігіттің жұдырығы зор мойнына көш!

Жигіт

Кашкан қызының көш, бәдік, соңына көш!
Тұнде жүрген қыздардың жолына көш!
Онаң көшер жайынды мен айтайын,
Сұлу қызыны нәзік бел колына көш!

Kыз

Бозбаланың көш, бәдік, ағына көш!
 Абат қылған орыстың бағына көш!
 Онан көшер жайынды мен айтайын,
 Жігіттердің керауыз жағына көш.

Жигіт

Ақын қыздың көш, бәдік, тіліне көш!
 Бакта ашылған сарттардың гүлінс көш!
 Онан көшер жайынды мен айтайын,
 Баратұғын қыздардың еліне көш!

Kыз

Бәдік кетіп барады жер жазықка
 Жеті бидай алыпты жол азыққа,
 Құдай колға сол жауды берер болса,
 Басын байлап кестейік ку казыққа.

Жигіт

Енді бәдік сарттардың бөзіне көш!
 Өлең қылған қыздардың сөзіне көш!
 Онан көшер жайынды мен айтайын,
 Сұлусынған қыздардың көзінс кеш!

Kыз

Бай ауылдың көш, бәдік, құртына көш!
 Көшіп кеткен әр жерде жұртына көш!
 Онан көшер жайынды мен айтайын,
 Батырлардың үрискан мұртына көш!

Жигіт

Калың шөптің көш, бәдік, құрагына,
 Бар да жабыс қыздардың құлагына,
 Онан көшер жайынды мен айтайын,
 Көшіп бар түс қыздардың тұрағына.

Kыз

Үлкен кәрі, көш, бәдік, кісіге көш!
 Ақ меруерттей жігіттің тісіне көш!
 Онаң көшер жайынды мен айтайын,
 Жаңа өспірім жігіттің ішінс көш!

Жиғим

Бәдік кетіп барады Сусамырга,
 Жолда жатыр кайкайып ку кабырга,
 Құдай оңдан бәдікті қолға берсе,
 Басын байлан кетейік бір тамырга.

Kыз

Бәдік кетіп барады шатка таман,
 Тағы жүрді мінгелі атқа таман.
 Құдай оңдан бәдікті қолға берсе,
 Итерелік көпірді отка таман.

Жиғим

Бұрын заман бар екен бүкпә бәдік,
 Құндіз-түні жегелі жұппа бәдік,
 Үлкен қыздың ішінс кіріп кетіп,
 Ойбай олдым лесе де шыкла, бәдік.

Kыз

Бәдік шабар дегенге, бәдік шабар,
 Жаксы бие аргымак құлының табар,
 Тойданғызық ауылында бәдігің бар,
 Хабарласып тұрмасан қудай атар.

Жиғим

Енді көшсен, көш, бәдік, сазыға көш!
 Жазды қүнгі ораулы казыға көш!
 Онаң көшер жайынды мен айтайын,
 Кыз ауылында кабаган тазыға көш!

Бәдік десе барушен шаба-шаба,
Суга салса жібіді каткан саба,
Көшпейтүғын бәлдігін кайдастын, – леп,
Көшіруге келгенім құдай тоба!

Кызы-кырқын, қатын-қалаш естіп жиналып алып, екеу-ек
ден жұпталып бәдік өлеңін айтысып, «ауыздарының дәмде
алып» болған соң, тұрысып, етек-жендерін сілкініп. – «Біз де ке-
тік, сен де көш!» деп ауырган малды етектерімен ұшықтап кет-

Жанағы айтылған жырлардың бәрі билер табының қол
тындағы көшпелі, надан рулар көп «тәнір-иелерге» құлышы-
қылған замандағы сол билер табының ұstem санасынан ту-
кетіп, қазак атанған елге ислам діні орнаған соң, сол ислам діні
нанымымен қатысып бітіскең сананың жырлары.

ЖАРАПАЗАН

Қай дін болса да, күштілер табының санасымен құрыл
құралы болғандықтан, жарапазан да билер табының санасы-
шықкан жырлар...

Жарапазан – қазақ атанған көшпелілер ислам дініне кір
соң шықкан жыр. Ислам туғызған жарапазанда да, жарапаз
ның бата жырларында да ислам дінінің үгіті бар болуымен бі
анша жайылған, мал өсімімен құнелткен, ру-руға жіктеліп қон
ка таласып, шабысқан, билер, батырлар, байлар ұstemдік қылғ-
солардың ықпалы жүрген елдің санасының айқын сәулесі ё
Мұнда да, билер табының әкімдігінде ру-руға жіктеліп шаб-
қан елдің мұраты, тілегі айқын көрінеді.

Ескіліктен өлең-жыр айтып көсіп қылып, елден «сый» ал
жыршылардың нашар түрлері жарапазан айтууды пайдаланға

Бұл жыр отыз күй оразада айтылады. Оразада бұл тәрізді ›
айту салты барлық мұсылман елдерінің бәрінде де бар. Мұс-
ман түгіл, христиан діндеріндегі елдерде де айтылады.

Әр елдің қандай салт өлеңінде болсын, онымен бірге дін-
тының өлең-жырларында болсын, бәрінде, сол елдің түр-
сәулесі болатыны белгілі. Сондықтан, қандай өлең-жырла-
алып қарасаңыз да, сол елдің түрмисының қандай болғанын, 1
дай екенін, қандай таптың әкімшілік қылғанын, оның салт-с

Синиң кандай болғанын айқын көре аласыз. Жарапазан жырларында да үстем таптың көріктегі айқын көрінеді.

Жарапазан өлеңдері, бата жырлар біртүрлі қалыптанған, көбінесе жаттама болады. Өйткенімен де кейбір жыршылар жарапазанды өзі де шығарып айтады.

Көбірек қалыптанған жарапазан өлеңіне мысал үшін мына ғомендеңі өлеңді келтірдік.

ЖАРАПАЗАН ЖЫРЫ

Үйің-үйің үй екен,
Үйдің көркі ши екен,
Саба көркі – бис екен,
Сандық көркі – түйе екен.
Әшекейлеп сырлаган,
Ақ сарайдай үй бар,
Ақ бөкендей койы бар,
Кара сакал, кер миық,
Кандай байдың үйі екен.
Мұхаммед үмбетінә жарапазан!
Адыр-адыр таулардан
Айғыр мініп біз келдік,
Ауыздығы бой бермей,
Бай үйінә кез келдік.
Бұдыр-бұдыр таулардан,
Бұка мініп біз келдік,
Мұрындығы бой бермей,
Бай үйінә кез келдік.
Кірсін дәулет, шыксын бейнест!
Айтамын байлар сізге жарапазан!
Молдалар ертең ерте айттар азан!
Айтканға жарапазан кайыр берсөң.
Барғанда ақыретке болмас жазаң,
Лйтамын жарапазан қожакайлан,
Жылайды кожа молда түбін ойлап,
Тірлікте кайыр-зекет бермеген жан.
Тұрады ақиретте тайдай туласып,
Лйтамын жарапазан слінізге,
Байланыз жаксы орамал белімізге,
Кетеміз мактай-мактай слімізге.
Айтканмен жарапазан тойған бар ма?
Әдетін бұрынғының койған бар ма?
Әдетін бұрынғының койып кетіп,
Барғанда ақыретке онған бар ма?
Айтамын байдар саған жарапазан,

Айыпка бұйырманың есіткен жаи,
Айтамың үмітпенен жарапазан,
Көнеки мырзалығың сиді маган?
Айтқаның жарапазан сауабы бар,
Берсөң де, бермессөң де ніс камым бар.
Астыма мінгел атым шу жануар!
Айтамың жарапазан жапсарыңа,
Дарысың күт-берекет бастарына, —
Конады кедей байгүс қастарына,
Айтамың жарапазан үйінізге,
Үстаган үй айнала шийнізге,
Кой берсен, козы берсөң көпсінбеймін,
Келіпсіз биылғы жыл қүйінізге,
Ак үйін айға қарап орда болсын,
Жиылың ұлы-қызың молда болсын,
Алғанда жау жағадан, борі етектен,
Пәйдасы молдалықтың сонда болсын.
Айтамың үйінізге жарапазан,
Алыш шык жылдамырак, жепеше жан!
Келгенде кайыр-зекст бере алмасаң,
Жібермес акырытке менің назам!
Жарапазан айтамың мактап кана,
Тұсына жетіп келдік актап кана,
Тұсына келгенімде жаткан байлар,
Күтіл ал, мейманыңды мыктап кана.
Мінгел астымдагы жиреді дейді.
Намазды бес уақыт үйренбессең
Шынжырлап дұзакка сап сүйрер дейді.
Бай үйіне берекет,
Каша берсін бәлекет,
Кірсін дәулет ссіктең,
Шыксын бейнет тессіктең.
Жарапазан жарыктық,
Жақсы дейді есіткен,
Үйің-үйін үй екен,
Үйдің іші ши екен.
Саба көркі бис екен,
Сандық көркі түйе екен.
Қарағай наиза қаптаған,
Басына темір саптаған,
Сабы сырмасы сырлаткан,
Ұшы болат қырлаткан,
Жауға білеп сайдаткан,
Белдеуге бедеу байлаткан,
Кайсы бір байдың үйі екен?
Адыр-адыр таулардан,
Айғыр мініп мен келдім
Ауыздығы бой бермей.

Сіздің үйге кез келдім.
Бұжыр-бұжыр таулардан,
Бұка мініп мен келдім,
Мұрыныңы бой бермей,
Сіздің үйге кез келдім...
Мінгепін пайғамбардың кара қаска,
Жапынала мұсір қылыш, бауы басқа,
Ашуланың шабады кара тасқа,
Кара тас как айырылар екі басқа.
Мінгепін пайғамбардың кер дейімісін
Ақканы кекілінен тер дейімісін,
Оразаң былтыр кеткен биыл келді,
Бітіріп жылдамырак бермеймісін?
Ораза жыл он екі ай бір-ак келер,
Баласын мұсылмандың жинал келер
Айтқанға жарапазан жылқы берсс,
Карасат майданында пырак берер,
Дегенге, жарапазан, жарапазан!
Келеді таудан құлап жарық казан,
Белдеуден үстап кемпір түзге отырар.
Алып шық жылдамырак, женеше жай.

Астындағы танауды,
Жатайын деп барады.
Құдайың құні еңкейіп,
Батайын деп барады.
Касымдағы бала еді,
Кайтайын деп барады.

Ассалаумагалейкүм, жатқан байлар!
Коныр кой кора толып жатқан байлар!
Ол койды ел көшкендे кімің айдар.
Өтіз бен коныр шолак құлың айдар
Ассалаумагалейкүм, актаң келдік!
Ауылы аргын-найман жактан келдік.
Жарапазан айтумен үміт қылып,
Балалардың азығы жоктан келдік.
Бай айтады: «бокшадан жаулық бер» – деп,
Бәйбіше айтады: «корадан саулық бер» – деп,
Байдың берген саулығын өнгерелік,
Бәйбішенің жаулығын тең бөлелік.

Аяқ-табақ сылдырап,
Құрт бергелі жатыр ма?
Аузы-басы жылтырап,
Май бергелі жатыр ма?
Сары аяқка салып бер,
Сары майға малып бер,
Кыздар берме, өзін бер
Кыздың колы сұғанак.
Жеп койды гой бағана-ак...
Шанырағы осы үйдін шап-шаш кана,

Осы үйдегі женешем аппак кана.
Сақылығын көрген сон ырза болып,
Женешемді жүремін мактап кана!
Жаралазан айта келдім есігіне,
Кошкардай кос ұл берсін бесігіне.
Кошкардай кос ұл берсе бесігіне,
Жауга шауып батыр болсын несібіне.

ЖАРАПАЗАН БАТАСЫ

Жарапазанның көбірек қалыптанған батасына мысал үшін
мына бір батаны кіргіздік.

Байдың көңілі жай болсын,
Мың жылқылы бай болсын.
Айдағаны кой болсын,
Шайнағаны май болсын.
Азын-аулак дәулеті,
Күнде өзіне той болсын.
Жұртта калған жұрыны
Домалап келіп кой болсын.
Жұртта калған тулағы,
Тулаң келіп тай болсын.
Тай болсын да тұласын,
Бір тамыры сұрасын,
Сұраса да бермесін.
Атың-атын ату бол,
Ағайынмен тату бол.
Жаз кигенін құлпы бол,
Қыс кигенін тұлқі бол.
Баганалы таудай бол,
Шағалалы көлдей бол,
Үстіннен каз қанқылдаپ өтпесін,
Бурама темір сом алтын,
Суга салса батпасын,
Тәнір берген несібен,
Тепкілесе кетпесін,
Желінің о шеті мен бұл шетіне,
Оқ шырқаса жетпесін,
Сенен байлық өтпесін,
Есігіннің алдында,
Елу інген боздасын,
Коранда бес жұз саулық коздасын,
Койшиңды мықтап салгайсын,
Күн бүлт болғанда,
Адырлы жерге жайғанда,
Койдан айрылып калмасын,

· Каскырға кой бермесін,
Сөйтіп қудай ондасын,
Жылқың сенің мың болсын,
Жылқы деген жаксы мал,
Бес өлкеге бактырып,
Бес айдыннан суарып,
Бетегелі тауға жабысып,
Сиырың сенің мың болсын,
Кысын катты болғанда.
Камысты жерге айдал сал,
Бісмілда Алла әкбәр!

ЖӘНЕ ЖАРАПАЗАННЫҢ БІР БАТАСЫ

Болшыл-болшыл бол,
Бозторғайдай төлшіл бол,
Адам таппас сөзді бол,
Ор кояндай көзді бол,
Саган кастық қылғаннын,
Арқасына алты котыр,
Желкесіне жеті котыр шыксын.
Касиын десе каны шыксын,
Касымайын десс жаны шыксын,
Шанырағы сартылдаپ, шандырына
кадалсын.
Босағасы бортылдаپ борбайына
кадалсын.

Ман-ман-ман баскан,
Шудаларын шаң баскан,
Тәрт аяғын тен баскан,
Ботаканның атасы,
Бура бассын үйінді,
Құңгір-құңгір кісінескен,
Бірін-бірі іскескен,
Құлыншактың атасы,
Айғыр бассын үйінді,
Желге карал қаптаған,
Жайылған жерін таптаған,
Кошаканның атасы,
Кошкар бассын үйінді,
Каскыр көрсе пыскырган,
Құйрығын бұтына қыстырган,
Лактың атасы:
Теке бассын үйінді,
Үй арасын көң еткен,
Балаларды тон еткен,
Бұзауканның атасы,
Бұқа бассын үйінді,
Бісмілде Алла әкбәр!

IV. МАЛ ТУРАЛЫ, «ҚАДІРЛЫ» ЖАНУАРЛАР ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ, ӨЛЕҢ, КҮЙ, ЖЫРЛАРЫ

Жоғарыда айтылған замандағы билер өкімшілік қылған тұрмыс пен және сол замандағыдай біліммен өмір сүрген көшпелі, мал бакқан надан ел сол замандағы үстем сана бойынша, — байлықта, билікте қалған пендеге «конатын», «даритын» иелер бар дейтін дедік.

Бұл «иелердің» аттарын — «құт», «дәулет», «бак» дейтін. Бұларды ел қызырып жүріп, сүйген адамына, кейбіреулері конып өтетін, кейбіреулері үзак орнайтын, адамзатқа жақсылық қылатын «иелер» деп сенетін.

Мысалы: Қызыр бір-ақ кеш конып, кімде-кімнің қазанына «дарып» кетсе, ол үйдің басы көп болады. Және ол үй — бай, берекелі болады деп наным қылатын.

Ру-руға жіктеліп, көптік санастып, азamatтың ұлдың көптігімен бағаланған билер билеген көшпелі мал бакқан надан елдің билер табының ықпалымен құрылған санасындағы, мына бір тілек батасында «қызырды» былай айтады:

Асын-асын асына.
Берекет берсін басына,
Боденедей жоргалап,
Кыргауылдай корғалып,
Қызыр келсін касына,
Осы тұрган боз үйге,
«Қызыр ата дарысын»,
Бәйбішесі бұл үйдін,
Он екі күрсак көтеріп,
Ұлға көзі жарысын!

Пәленнің үйіне бір жаяу мұсәпір адам конылты. Нашар, жаяу қонақты үй иелері жөнді елементі.

Ертен ерте алан-еленде тұрып, әлгі қонақ үй иесі кемпірге: «Бәйбіше, не нәрсеге мұқтаж, ділгірсіз?» деп сұрапты. Бәйбіше: «Байғұс, не нәрсеге ділгір болайық, тек бір-екі күннен бері ошағымның бір бұты түсіп қалып, сол ғана ділгір болып тұр!» депті. Қонақ қош айтып, шығып кетіпти. Қонақ кеткен сон караса, ошактың түсіп қалған бұтының орнына алтын бүт бітіп қалыпты. Үйіші жүтірісіп, аузын ашып анқып, санын бір-ақ соғып қалыпты. Қонақ «Қызыр» екен деген әңгімені бала күнімізде естіп, тамса-нанып, көзімізді шарадай қылушы едік...

Ал, сол билер табының өкімшілігімен құрылған үстем сана
бөлінеші, «құт», «дәulet», «бақ» бір-ак кеш қонып жарылқап
күнідейді, бір конған үйіне ұзағырақ орнайды деп ойланатын.

(Онан соң адам баласына достық қылатын «иелер» мен жары-
ғы кістық қылатын «иелер» бар деп біletін.

Мысалы: «құтқа» қарсы «жұт».

Жұтты «жеті ағайынды» деп аныз қылатын, жана малдың түрлі
шілдег «иелері» («мәлік», «акшелек», «топалан», «бәдік») бар деп
біletін.

Гағы, кейбір «қасиетті» «иелер» адамға туғаннан пайда бола-
шы деп сенетін.

Мысалы: «ырыс» пен «сор».

Оның мандайының соры бар, «оның мандайының ырысы бар»
шүү сол нанымнан келген сөздер.

«Құт» конған үй қоқырлы, корлы, шіріген бай болады деп,
«дәulet, бақ» конған адам әрі би, әрі шалқыған бай болады деп
наным қылатын.

Дәulet «орнаған» үйден басына бақ қонған адамнан «дәulet
күсы ұшты, бағы ұшты, бағы тайды» деген сөздер сол нанымнан
келген сөздер.

Орнаған «құт» өзгеше оғаш түсті, өзгеше оғаш мінезді не бір
мал болып та, не бір адам болып та туады деп наным қылатын,
білідін, сондайға мензейтін «нысаналы» бір малы өлсе, не сон-
шіл адамы өлсе «әттегене-ай, тәнір-ай, «құтым» еді!» деп күйзетін,
өзге малдан оғаш мінезді, оғаш өзгеше түсті болып туған
мілді қасиеттейтін, ондай малдарда айрықша қасиет, тіпті «ке-
ремет» бар деп сенетін.

Адамзаттың қасақы зияндасы «албасты» деген болады деп
нанымнан. Катын бала тапқанда талып қалса сол «албасты» дейтіні
білді деп наным қылатын.

Бала құнімізде, сондай бір әйелдің бала тауып, талып қалғанын
көрдік, катынды «басқан албастыны қашырамыз» деп коныс-
тас бір елдін жал-құйрығы, кекілі жерге төгілген тоқпак жалды
бірақ карабас айғырын ауыл адамдары алып келгенін көрдік. Жал-
құйрығы жерге төгілген ак карабас айғырды алып келгенде ауыл
адамдары, кереметті әулие келгендей, «тәу етіп», сыйынып,
мұләйім болғанын көрдік... Міні осынын бәрі де бір кезде үс-
тең таптың мықтап ұстаған санасты болған, үстем таптың қуралы
болған.

БЕСТУЛПК МАЛДЫҢ ИЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Жоғарғы айтылған билер табы әкімшілік қылған тұрмыстып және сол кездегі біліммен, билер табының үстем санасымен өмір сүрген замандарда, қазақ болған ел, әр түлік малдың өз алдына бөлек-бөлек «бакташи иелері» бар деп сенетін. Қойдың «Шопан ата» деген иесі бар. Түйенін «Ойсыл қара» деген, сиырдың «Зәңгі баба» деген, жылқының «Жылқышы ата» деген «иелері» бар деп нанатын. Бұлар туралы да көркемденген өнгімелер айтатын. Және өлең-жырлар айтатын. Мысал үшін қолда бар мына тәмендегі өнгіме, жырларды көлтірейік:

ҚАЗЫҒҮРТТАУЫ (Ертек)

Қазығұрт тауы – тәнірі артық жараткан тау екен. Өзі аласа тау болса да, жер жүзіндегі таулардың қасиеттісі екен. Баяғы заманда, жер жүзін топан сұзып кеткенде, жалғыз осы Қазығұрт тауы аман қалған екен. Қазығұрт тауының басында құнбағыс жағында азырак тегіс жер бар. Ол жер Нұқ пайғамбардың кемесінің орны екен. Барлық хайуанның тұқымы, төрт түлік мал тұқымы топан сұына төрк болмай, сол кемеге мініп аман қалған.

Қазығұрттың басындағы үнгір – Қазығұрт атаның мolasы. Оның белгісі – шаншулы ағаш көпке шейін тұрып келіпті. Жұрт Қазығұртқа шығып, сол молаға зиярат қылатын еді. Басқа жерлердің бұлт басса, Қазығұрт басын бұлт баспайды. Егерде Қазығұрттың басына бұлт шығып, басы көрінбей қалса қариялар: «Қазығұрт қарасын киді» деп, қатындар құлпәрасын киеді дейді екен, Қазығұрттың басындағы бұлт жаумай кетпейді деп, малдарын жинап, шашылған дүниелері болса үйлеріне кіргізетін еді. Мал баққан ел бұрынғы заманда мына өлеңді айтады екен:

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол әулие болмаса неге қалған?
Жетім бота үстінде жатып қалып,
Ойсыл қара жануар содан қалған.
Қазығұрттың басында кеме қалған.
Ол әулие болмаса неден қалған?
Бір катпа тай үстінде жатып қалып,
Жылқы ата жануар содан қалған.

Қазығұрттың басында көмө қалған.
Ол әулие болмаса неден қалған?
Жалғыз тана үстінде жатып қалып,
Зәңгі баба жаңуар содан қалған.
Қазығұрттың басында көмө қалған,
Ол әулие болмаса неден қалған?
Жұрын тоқты үстінде жатып қалып,
Шопан ата жаңуар содан қалған.

Онсон, билер табының ықпалымен құрылған сана бойынша, қоктегі «тәнір», жердегі көп «иелер» әркайсына туралап тілек айттын пенденін дегенін қабыл қылады деп нанатын. Сондықтан біреуден-біреу кейіс көрсе, кейіткен, жәбір көрсеткен адамды картастын. Ал біреу-біреуден жақсылық көрсе алғыс айттын.

«Тәнірге» құлшылықты қөбірек істеген адамның қарғысы да, алғысы да қоктегі «тәнірі» мен жердегі көп «иелерге» өтімді болады деп сенетін. Сондықтан, көп құлшылық істеген және «жалған-шың» құлық-сұмдықтарынан «тыйылып», «тәнірге» мойынсұнған қариялардың, немесе «жалғанның» қак-соғымен жұмысы болмай тек қоктегі «тәнір» мен жердегі көп «иелерді» аузынан тастамай ғүрген ел актаушылардың тілектері қабыл болады деп сенетін.

Сондықтан, әркім-ак қариялар мен ел актағандардан алғыс, баға тілейтін.

Билер табы әкімдік қылып, ру-руға жіктеліп, мал өсіруді шаруа қылып, малды қебейту үшін коныска, өріске таласып, қызысып, жауласып, адамы аз руға адамы көп ру зорлық қылып, шоқпар – жұдырық санақсан әкімшілік қылған таптың санасыншың ықпалындағы қөшпелі елдің тілегі – шоқпар үстайтын азаматтың қебейту, жәйлі коныска, кен байтакқа ие болу, малын осіру.

Сондықтан бұлардың тілегі: бас пен мал. Төрт түлік, ешкімен бесс түлік малдың «иелеріне» туралап тілек тілейді.

Мысалы:

ШОПАН АТАҒА

Шаруаның бір түлік пірі, – Шопан,
Келтірмей ку, пір ата, койға топан!
Койды андыған пәленің бері құрып,
Бықбырт тиіп үні өшсін касқыр алан...
Атын жақсы тәнірім,

Мен бір тілек тіләймін,
Сұрағаңда бергеніңді білейін, –
Ай мүйізі шакпактай
Шүйделері токпактай
Тегене құйрық кошкарлы,
Малды берсөң койды бер,
Ұлды берсөң бойды бер!
Жүрткә ақыл салғандаі
Ақылы артық ойлы бер!..
Ақсағаннан ақсаған,
Козысы өлсс қақсаған,
Үй төбенің түбінде
Ойбай салып маныраган,
Козысымен жамыраган,
Козысынан айырылса,
Кара тұтып маныраган,
Аппак қана сүті бар,
Шагаладай құрты бар,
Шопан ата баласы,
Койлар бассын үйінді!
Койың басса үйінді
Коймай бассын үйінді!

ЖЫЛҚЫШЫ АТАҒА

Шаруаның бір пірі – Жылқышы ата!
Тілегенде, өзін бер, актан бата!
Үйір-үйір жылқыны шұрқыратып,
Ойдан-қырдан арқансыз әкеп мата!
Өзің сакта ыскырган жел мен жаудан,
Күғын-сүргін сабылткан тотен лаудан,
Шаруаны беймезгіл бөріктірген.
Өзің сакта пәлелі киян даудан.
Тағы бір тілек тілейін,
Шын бергенің білейін,
Өңкей ала, шұбардан,
Жал-құйрығы шубалған,
Айғыр берсөң байсалды.
Үйір толған байталды.
Өңкей мама билемен,
Саяған сайын ііген.
Биесі бұтын жимасын,
Көнекке сүті сыймасын,
Ұзара берсін желісі,
Кени берсін өрісі,
Таусылмасын төнірдің
Үсті-үстіне берісі,

Когалы көлді жайлаган,
Коғаның басын шайлаған,
Шыңғыртып асau құлынды,
Қыл арқанмен байлаған,
Ел көйкенде балалар,
Киқу салып айдаған
Кең өртөнді жайлаган.
Куғындарға жеткізбей,
Кашкындарды қоймаган,
Жылқышы ата баласы
Жылқы бассын үйінде!
Жылқы басса үйінді,
Жимай бассын үйінди.

ОЙСЫЛ КАРАҒА

Шаруаның бір пірі – Ойсыл кара,
Түйені өсір жарылқап, болып пана!
Ит-күс, пәле, індестен аман сактап,
Топ-топ болып көбесін аруана!
Және бір тілек тілейін,
Бергеніңді білейін,
Котанга сыймас түйс бер,
Түйе берсөң, үйс бер!
Жаткан жері даладай,
Азу тісі қаладай,
Екі өркеші баладай,
Каршылдаған буласы,
Жалбыраган шудасы.
Жібектен болсын бүйдасы.
Ойдан-ойға бошалап,
Сансыз інгел боталап,
Боталарын өсіртіп,
Салтанатпен көшіртіп,
Коныстан коңыс тандатып,
Көшкенде жонды шандатып,
Жаксы жайға кондырысын!
Шаруаны толтырысын!
Көзі жарық жұлдызлай,
– Мойны іір кобыздай,
Құйрығы ұзын камшыдай.
Шудасы бар жамшыдай,
Ман-ман, ман басқан,
Шудаларын шан басқан,
Төрт ағын тең басқан,
Екі өркешін ком басқан,
Тілін тікен теспеген,

Ала бота терісken,
Мұрындығы келісken,
«Шек!» дегенде, «бык!» деген,
Шешіп үйін жүктеген,
Ойсыл кара баласы
Түйе бассын үйінді!
Түйе басса үйінді!
Кие бассын үйінді!

ЗЕҢГІ БАБАҒА

Шаруаның бір пірі – Зенгі баба!
Сиыр берсөн сүтті бер өнкей мама!
Кең өріске шұбыртып өзің бағып,
Кешке жақын котапта әкеп кама.
Тағы бір тілек тілейіш,
Бергенінді білейін,
Кос жегуге жарамды.
Ылғи бойшан өгіз бер.
Жұп-жұбымен егіз бер.
Бұкалары әукелі –
Шүйделері білеудей,
Аяктары тіреудей
Әр тұстан ынғай сегіз бер...
Сәйгелі тисе мөнкіген,
Оқыра тисе жөнкіген,
Алабас жіп естірген,
Мұрнын тұра тестірген.
Құйрыында шоғы бар,
Жапасы бар, көні бар,
Саздау жерге токтаған,
Үй арасын боктаған,
Сиыр деген мал екен...
Дауымы бар азандай,
Желіні бар казандай,
Мүйізі бар жылтылдақ,
Буыны бар сыртылдақ,
Зенгі баба баласы,
Сиыр бассын үйінді.
Сиыр басса үйінді,
Сыймай бассын үйінді!

ШЕКШЕК АТАФА

Шібегслер шігесі,
Катпа келер шікесі.
Сойса саны талақтай,
Сауса сүті бұлактай,
Екі конак келгендे
Ерттеулісін кайтерсін,
Жалғыз конак келгенде,
Жараулысын кайтерсін.
Ауыл көшіп конғанда,
Өрегенін кайтерсін,
Бері бакыр келгендес,
Көрегенін кайтерсін,
О бөрінің көргендес
Ыскырғаның кайтерсін,
Құйырышығын бұтына
Қыстырганың кайтерсін.
Бөрі ала қашқанда,
Бакырғаның кайтерсін,
«Ойбай, ием, кеттім» деп
Шакырғаның кайтерсін,
Койды қосем бастайтын,
Откелден үркіп саспайтын,
Карагай мүйіз серкелі,
Шүйде жалды желкелі,
Шекшек ата баласы
Ешкі бассын үйінді!
Ешкі басса үйінді,
Кешкес бассын үйінді!

ХАЙУАНДАРМЕН СЫРЛАСУ, АЙТЫСУ

Шаруасының негізі мал бағу, мал өсіру болған, бар тіршілігі малмен аралас болған, онан соң, мал бағу шаруасына қосымша кәсібінің зоры аңшылық, аушылық болып, андармен, құстармен тоқайласу болған, жаратылыстың түрлерін, құбылыстарын жан-лы зат деп таныған, жаратылыстың барлық жан-жануарларының сезімдерін, акылдарын адаммен бірдей көріп, өзінің араласа өсіп бакқан бес түлік малы туралы және тағы дала жануарлары туралы көшпелі ел неше түрлі өнгімелермен бірге, жырлар да, қүйлер де шығарған. Жануарлар да адамша өнгіме айта алады, күй күйлей алады деп сеніп, жануарлар туралы айтылған өнгіме-жырлары мен адам туралы айтылған өнгіме-жырларының айырмасы жок

болған. Жануарлармен өлең айтысу, сол нанымнан әдет болып қалған.

Казак атанған көшпелі елдің ауыз әдебиетінде мал туралы, түрлі хайуандар туралы ел аузында неше түрлі өнгімелермен катар, жырлар да, өлеңдер де бар. (Тіпті, өн мен құйлер де бар.)

Жануарлармен айтыска және жануарлардың айтысына мысал үшін қолда бар мына бір сөздерді келтірейік:

ЖАЛАЙЫР ҚАБАН АҚЫН МЕН ҚОЯННЫҢ АЙТЫСКАНЫ

(*Қабан ақын қаршыға салып жүріп қоянмен айтысқан екен дейді*)

Қа б а н

Көкше коян, келесін күмдү жанаң,
Сүйел аяқ келеді сені қалаң,
Шеңгеліңс бар да кір, байғұс коян,
Көп шоғқая берме онша бойың балаң!

Қ о я н

Каршығанды сала бер, ақын Қабан!
Көкше коян көрінс бейілің жаман,
Маган десен коянның мының алдыр,
Әлі шүкір құдайға басым аман!

Қа б а н

Касына, көкше коян, барамың-ак,
Каршығамды көрсетіп саламың-ак,
Калың кара шеңгелге кіргенішсе,
Каның судай ағызып аламың-ак.

Қ о я н

Әрине, дала жерде аларсың-ак.
Тырнағын айқастырып саларсың-ак.
Калың кара шеңгелге кіріп кетсем,
Отырып, орным сипап каларсың-ак.

Қа б а н

Секектеп, көкше коян, жұрсің саяқ,
Ашиқта жұрсен саяқ жерсің таяқ,
Сөйлесіп тұрып едім мен сені аяп,
Терінді аласың ба қанға бояп!

Коян

Жеген теріскен кетпейді тісімдегі,
Қызыкканиң терім бе үстімдегі!
Шімде жеті коян кожегім бар,
Мен өлсем ода өледі-ау, ішімдегі!

Лепт Коян жылапты дейді.

ИЕСІНІҢ СИЫРМЕН АЙТЫСКАНЫ

Иесі

Негіп жұрсің, ку жалғыз шолак сиыр?
Сиырымен айтқтың болдың үйір,
Үй маңында көдені җұлып жатпай
Сен шолакка бір сойкан болды биыл.

Сиыр

Жасағаниң жарлығы тастаң катты,
Сүмсінділік арыттың кер жорға атты.
Үй касында көденің түк дәмі жок,
Кара өлеңнің камыс пен түбі тәтті.

Иесі

Шолак сиыр, көзіңді ояйын ба?
Биылғы жыл согымға сойын ба!
Биылғы жыл согымға сойып алып,
Танабайға жаянды кояйын ба!

Сиыр

Шиырышқтап кыл аркан есекеніңде,
Ку шолакты соялық дескеніңде,
Ку шолакты соғымға сойып алып,
Бүржекейден көрермін көшкеніңде!

Иесі

Дардаңдама, ку шолак,
тап соярмын,
Кесірдеккес пышакпен бір коярмын,
Жазға салым болғанда жаянды асып,
Танабайға жсткізбей жеп коярмын.

Бар тіршілігі малмен болған, бар өмірі мал бағумен өткен,
малдың тіршілігін бақылап, малмен араласып, малмен «сырласып»
өмір сүрген елдің малмен сөйлескен, малмен айттысан және
малдың өзді-өздерін айттыстырған әнгіме-жырлары толып жатыр.

Мысал үшін ешкі мен қойды айтыстырған мына бір қысқаша тапқақты келтірейік:

Ешкі қойға
Менің жегенім жантак,
Сенің жегенің жантак,
Сенің күйрығың нeden болды жалпак?

Кой ешкіге
Менің жегенім ошаган,
Сенің жегенің ошаган,
Сенің күйрығың нeden болды шошайған?

Ешкі қойға
Менің жегенім опалан,
Сенің жегенің опалан, –
Саған келсін топалан!

Кой ешкіге
Менің жегенім ебелек,
Сенің жегенің ебелек,
Саған келсін кебенек.

Ешкі қойға
Менің жегенім күйреуік,
Сенің жегенің күйреуік,
Саған келсін түйнеуік.

ТҮРЛІ МАЛДЫҢ ҚАСИЕТ, МІНЕЗ, МУШЕ, ТҮСТЕРІ ТУРАЛЫ

Билер табынын қол астында ру-руға жіктеліп, кең қоныска таласып, шабысып, жауласып өмір сүріп, жаратылыстын кең құшағында, шалқыған шағалалы көк ала көлдердің, бұралып аққан өзен сулардын, таулардан аққан сылдырлаған бұлактардың тұнық сұларын ішіп, өртенді өрістердің, көк орай шалғынның басын шалып жүрген қоныстан қоныс жаңартып, негізгі шаруасы, тіршілігі малмен болып, малмен сырлас болып өмір сүрген көшпелі – бес түлік малдың өркайсының өзді-өздерінің айырым қасиеттерін өзінше жете біліп, өр түлік малды айырып қасиеттеген.

Мысалы: жаумен жауласқан елге, әсіресе ру шапқыншылықтары және шет, жат рулармен жауласып, шабысу заманында өтеміте қадірлі мал жылқы болып келді. Онсоң түйе болды.

Ен алғаш жылқыны даладан ұстап әкелгенде үйде от басын-
шы отырған көпті көрген қария жылқыны көріп: «жал-құйрығы
қинат екен, төрт аяғы болат екен, жануардың жүрген жері жау-
гершілік екен, шырактарым, осыны тапкан жерлеріне апарып
тастандар» деген екен деп қазақ аныз қылышады.

Онсон: әртүрлі малдың түстерін, қасиеттерін, әдептерін мал
биккан көшпелі – адамдікінен көрі айқынырақ көреді. Адамның
кейбір жаксы деген, яки жаман деген мінездерін, жаксы-жаман
четен мүшелеңін, түстерін айқынырақ көрсету үшін әртүрлі мал-
даудың мінез, мүше, түстеріне, түрлеріне тенеайді.

«Ат жақты» екен, «көй көзді» екен деп сипаттау – адамның
коziнін, бетінін, белгілі бір түріне айтылатын болып қалып-
талған.

«Адамның нары» екен, «нардай» екен, «байталдай», «кош-
кардай», «серкедей», «өгіздей», «сиырдай», «көрі саулыктай»,
«жұрын тоқтыдай», «жетім лактайдай» дегенде, осы аталған малдар-
дағы генелген адам тенеушінің әдейілеп, айрықшалап айтқан суретінде
мындаушының көз алдына келіп айқындалып, көлденен тартыл-
ғандай болады.

«Койдай манырап, козыдай шулады», «ботасы өлген түйедей
шынрады», «құлынынан айырылған құлық биедей шұрқырады»,
«лакша секірді», «жорғадай майпандады», «құлын-тайдай ойнап»,
«үріккен койдай дүркіреп» деген сөздер әртүрлі адамның не-
месе, бір рудың әр кездегі әрекеттеріне тенеліп қалыптанған су-
реттер.

АҚБОЗ АТ... СӘЙГҮЛІК АТ ТУРАЛЫ

Малмен араласып, малмен «сырлас» болған билер табының
кол астындағы, ықпалындағы көшкелі ел, – бес түлік малдың
кейбіреулерінің кейбір қасиеттерін, кейбір түстерін, кейбір мінездерін
тіпті айрықша артық көреді. Мысалы. Қылан боз жылқыны өзге түсті жылқыдан артық көру казактан басқа елдерде де бар
мінез. Бірақ, «иелі», «киелі», «күтті, нысаналы» түсті жылқылардан басқа, қылан, боз жылқыны өзге түсті жылқыдан көрі артық қасиеттеу түрік-монгол руладының үстем табында және
үстем тап ықпалындағы рулада ескілікten бері карай өзге елдерден де көрі бетерірек, өзге елдерден көрі төтеншелеу болған.

Шыңғыстың ұлы жиылдысында қалың топтың ортасына шыңғып, ру бастықтарға, батырларға сөз сөйлеп, Шыңғысқа «шыңғұс» деген атты «көк тәнірі лайық көреді» деп «Шыңғыс хан» деген атты берген «тәнірінің бұты» атанған Қекше бақсы «әр түні көкке» боз ат мініп ұшып, «тәнірімен тілдесіп келемін» дейді екен. Шыңғыс хан Қытайға ұлы аттаныска жүргенде, бір қырдың басына шатыр тігіп, батырларын, ру бастықтарын жиып көк тәніріне құлшылық қылып, құрбандыққа боз жылқы шалған екен. Одан беріде қазақ атанған түрік-монғол рулары бөлек қазақ хандығын құрып дәуір сүрген кездерде, қалмақ қазақты талқан қылып шауып, қазақ босатын белгілі «актабан шұбырынды, ал-қакәл сұлама» атанған босқыншылықтан кейін, қазақ есін жиып, бауырын көтерген ереккі кіндік қалмай, тік көтеріле «қыл құйрық!» деп ұран салып қалмаққа аттанғанда, барлық қазақ болып аттаныска Әбілқайыр ханды бастық қылып баталасқан да, құрбандыққа боз бие шалған.

«Жай тасы» деген, «күн жайлатауды», «жауын жаудырады» дейтін тас, ақ, қылан жылқының ішінен шығады деп наным қылатын. Ақ, қылан жылқы жай тартады деп ақ биенің сүті, ақ байталдың еті дерктек дәрмен болады деп сенетін.

Ер Қекшениң Қосай атты жалғыз баласы Қекшени өлтірген жаудан кек алуға аттанып бара жатқанда, жолдастарымен шөлге ұшырап қалжырағанда, салпаң құлак ақсары атының бауырының астындағы жайдың тасын алып, күн жайлатаип, жаңбыр жауғызып, суға қанып, шөлден аман қалған деген ертек өлен бар:

...Салпаң құлак сары аттың
Бауырының астында,
Жайдың тасын алыпты,
Бұлғап-бұлғап калыпты.
Бұлғап-бұлғап жерге койыпты,
Әуеден жаңбыр күйыпты
Мына судан ішіпті...

Одан кейін, Абылай ханның заманында қалмаққа тағы да бір үлкен аттаныс қылғанда құрбандыққа бие шалған. Боз жылқыны қасиеттеу – түрік-монғол руларының ескіліктен бері қалмай келген ескіліктегі ырым, нанымымен байланысты ресім.

«Ат жақсысы – бозы, ит жақсысы – тазы...» деген мақал бар. Өзге түстен көрі ақ, боз, қылан тұс айбындырақ, сұықтау көрінетін.

Ақ сақалды карт, ақ бас бура, ақ қыраулы, ақ қарлы – қылышын сүйреткен қыс. «Перінің қызы суретіне кіреді» деп біletін. Сұксының патшасы саналған, киелі саналған акку, тырнакты құстың «төресі» саналған ақ сұнқар, «аруакка», «рухқа» нанатын-лирудың түстерінде «көретін» ақ сәлделі, ақсакалды «аруактары» борі де ақ, боз, қылак түсті касиеттеумен байланысты тәрізді.

Мал өсірумен тіршілік қылған, үстем табының әкімшілігімен оріске, коныска таласып, ру-ру болып өзара жауласып, шабысип, бірін-бірі талаған, екінші жағынан және көрші – жат елдермен жауласып шабысқан жауынгер көшпелі елдің жаугершілік түрмисында боз қылан (ақ) жылқының қадірі өзге түсті жылқылан артығырақ болған. Боз, қылан нөрсе түнде де, құндіз де жақынға келгенше айқын көріне коймайды. Боз, қылан жылқы түнде де, құндіз де (өсіреле түнде), қарап тұрган адамнан біраз жерге үшіп кеткен сон баран жылқылардың баданадай болып көрініп құретін жерінен тіпті көрінбей кояды. Сондыктан, жауынгер елдің жортуылшылары жорықта аттанғанда табылғанынша боз, қылан шілткә мінетін. Сонымен, қылан, боз ат ылғи жаудың, жауға аттанғандардың, жауға аттанатындардың астында болатын болған сон, қылан, бозatkа мінгендерді көрсе, жұрт үрпісіп карайтын. Қылан шілткә адам айбынды көрінетін. Қылан атты адамның түсі сұық корінетін...

Жауға аттануға жолдас қылуға ер Сайынды іздең Кобыланлы батыр келіп ен алғаш Сайынға жолыққанын мынадай суреттеген: бір топ наизагермен келе жаткан Қобыландының көріп, Сайын батыр бұлар жау екен деп ойлағанда:

Карауылда жұрген ер Сайын
Жау екен деп кашпалы,
Жалғызбын деп саспады,
Ақ алмасын суырып,
Тасқа жанып қайралы.
Найзасының басына,
Алтын туын байлалды.
Кобыландының касында
Найзагері коркады,
Аттың басын тартады:
Сонда Қобыланды айтады:
Жарандар, мұнаан кашпаңыз,
Өлемін деп саспаңыз,
Өзім жауап берермін,
Ақ боз атпен анкылдалап

Айыр калпак солқылдап,
Батыр Сайын сен болсан.
Кобыланды аға мен болсам,
Ел шетінде кез болсан,
Жаркылдатпа қылышты,
Сені көрерге келемін,
Кол тізгінін берермін.
Іздеп шыккан жауым бар,
Қызығынды сонда көремін —

дейді...

Міне мұнда Сайын батырдың астында ақ боз ат болады...
Онсон, «актан киіп, ақ селеу мініп» түнде жүретін бозбалалар да, серілер де қылан әтқа мінетін болған.

Ақ боз атты қазақ болған елдің ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиетінде де тіпті, көркемдеп суреттейді.

Әрине, мал өсірген жаугершілік тұрмыстағы шабысқан көшпеліге ең алдымен жылқының жүйрігі қадірлі. Оның ішінде дөнен жүйрік қадірлі. Бірақ екі бірдей жүйріктен жаугершілік тұрмыстағы ел ақ, бозын, қыланың артық көрген... Қыланды, бозды қәдірлекен...

Кемпіrbай ақын ауырып жатқанда, Әсет ақын Кемпіrbайдың көнілін сұрай келгенде, Кемпіrbай басын көтеріп мұнын өлеңмен айтқанда:

...Боз шапса, боз озбай ма бурылдан
Мен шапсам, — жер шарасы куырылған... —

деп өзінің асқан ақындығын боз аттың шабысына теңеп, осындаі қасиетті жырым қалады-ау енді деп, мұнын айтқан...

Әрине, жаугершілікте, азamatқа қанат болған, қашса құтылатын, куса жететін сәйгүлік ат адамнан кем бағаланбайды.

Жаумен, дұшпанмен аңдысқан елге жүйрік — сәйгүлік аттың қадірі бүгінге шейін қалған жок. 1928 жыл 27 қарашада шықкан «Известия» газетінде жалпы Россия құрамасының орталық атқару комитетінің 3-жалпы жиылдысында сөйлеген Буденныңдың сөзі басылған. Буденний — Қызыл өскердің атты косынына қандай ат керек екенін айтқан сөзінде мынандай дегені бар: «көзіргі заманның өскерінің құралдарының қандай күшті екенін бөрініз де білесіздер. Мемлекеттіңді жаудан корғау үшін біздін атты өскеріміздің аттары қандай болу керек екенін ойларыңызға келтіресіздер ме? Жаумен майдандасқанда жаудың қып-қызыл

от боп жауып тұрған оғынын астымен 2 – 3 километр жерге ат-пен ен көп болса 2 – 3-ақ минутте құйғытып жету керек. Егерде, мениң қарамағыма берген мемлекеттің атты әскерінің аттары, әлгідей оқ жауып тұрған майданда 2 – 3 километр жерге 5 – 10 минутта ғана жететін болса, онда, ондай атты әскерді ұстамаса да болады». Пулемет, зенбірек, винтовка, автомобиль, аэроплан заманында да ұшқыр, жүйрік ат қадірлі болғанда, бұрынғы, ескіліктегі, қылыш, наиза, айбалта, темір қалқан, темір қаттау заманында ұстемдік жүргізген билер табына жүйрік сәйгүліктің қалірі тіпті зор болған.

Жорыкка, ұрыска шыққанда, сәйгүлік, жүйріктің жасы, лонені артық болған. Жүйріктің дөненін мінуді жақсы қөрген, сондықтан халық әдебиетінде, жүйрік атты айтқан батырлар жыршындағы, батырлардың аузындағы жүйріктердің көбі дөнен болады.

Жүйрік, сәйгүлік аттың ақылы да, сенімі де адамнан кейде артық болмаса, кем саналмаған. Өзге малдан жылқының сезімі артық екені де рас. Оның үстіне, билер табының әкімшілігіндегі жаугершілік тұрмыста болған, мал баққан қөшпеліге жүйрік, сойгүлік аттың қадірі, касиеті айрықша, төтенше болғандықтан, сойгүлік атты, тіпті, адамнан да артық қөрген, адамнан артық өркелеткен. Бұл туралы казак болған елдің әдебиетінде, неше ғұрлі өз өлінше құлу, қеркем әңгімелер, өз өлінше қызықты өлеңдер бар. Ноғайлы дәуірінде үстем таптың дүрілдеп тұрған кезін жыр қылған батырлар жырларында, батырлар әңгімелерінде, казак атанған елдің сол үстем тап санасымен құрылған ескілікten қалған барлық жырлы әңгімелерінде, азамат ердің ерлігімен қатар сойгүлік аттың, тұлпардың суреті, касиеті тым шебер қөркем создермен суреттелген болады.

Ер Қекшенің Косай атты ер баласынын жауға аттанысы туралы әңгіме жырда, Косайдың сары аты, Сайын батырдың жырындағы Сайынның «тоқпақ жалды ток боз аты», Ер Тарғынның жырындағы Тарғынның Боз тарлан аты, Шора батырдың жырын-лагы Шұбар аты, Камбар батырдың Каракасқа аты, Жабай батырлың жырындағы Керкүлан ат, Кобыланды батырдың жырындағы Гайбурыл ат, Қебіктің Ақмонашқ аты, Алламыстың Байшұбар аты, – міне осылардың бәрі әңгіме, жырда адамнан артық болмаса, кем саналмайды. Бұлардың көбі және адамнан да ақылды болып, адамша сөз сөйлейтін болып суреттеледі. Тіпті, сонғы

заманның әңгіме-жырларында да жүйрік ат азаматтың өзінен артық болмаса, кем саналмаған.

Көтібардың Құрен аты, Ақанның Құла кері, тағы толып жатқан әңгімелердегі жүйріктер, казактың ауыз әдебиетінде өдемі, сұлу сөздермен жырланып, белгілі болған сәйгүліктер.

«Жанды шуберекке түйген» қашқылықты-қуғылықты шабыста, немесе, жаумен «ерте мен кешке шейін сайысқанда», «тебінгіден қан өтіп» қысылғанда, ердің астындағы сәйгүлік аттың адамша сейлеген сөздері деп те шығарған өдемі жырлар көп. Мысал үшін жоғарыда келтіргенде, мал баққан көшпелі қазак болған елдің ауыз әдебиетінде өр түлік малдың және әртүрлі хайуан-андардың бәрімен-ак сейлесу бар... Әйтсе де, жүйрік ат туралы жыр айрықша болады. Жүйрік ат жайындағы сұлу әңгімелермен, қызықты жырлармен бірге, аттың қүйі, айғырдың қүйі деп те шығарған, мал баққан елдің көркем қүйлері де бар. «Боз айғыр қүйі» деген қүй, ескіліктен қалған қүйлердің арқа қазығындағы бір көркемі. Сәйгүлікті суреттеп, еркелетіп толғанып жырлаған, сәйгүліктің шабысын, қасиеттерін суреттеп жырлаған сөздерге мысал үшін мына бір жырларды келтірейік:

ТАРФЫН БАТЫРДЫҢ ЖАПАНДА ЖАЛҒЫЗ ҚЫСЫЛҒАНДА БОЗТАРЛАН АТЫНА АЙТКАНЫ

Мінбей, тұспей кәрідін,
Арканда тұрып ардың,
— Айналайын тарланым,
Билер мінген бедеудей!
Безендей басқан аяғын!
Сен тұрганда бар ма еді,
Көнілімде кайғы, арманым!
Құлыныңда емдін, тайда смдіг,
Құнан жаста арда емдін.
Дөнениңде үйреттім,
— Алты кабат ала аркан,
Жеті кабат желі аркан,
Жібектен есіп ширатып
Мойнына тағып сүйреттім,
Бес жасына келгенде,
Биенің қызығын көрсін деп,
Айғыр кып үйір алдырдым,
Бес бедеуге салдырдым,
Айналайын канаттым,

Алты жаста ақтаттым.
Аттай мұрынц таптаттым,
Алшандатып ойнаттым,
Арпа, бидай асаттым,
Ерке кып бой жасаттым.
Жеті жасқа келгендеге,
Жерді солқылдан, желгендес,
Кашдай катын кинайды
Таудан аскан, түлпарамын,
Ие Тарғын елгенде?
От орнындаі түяктым,
Сек жолбарыс сияктым
Омыртқаң бар отаудай,
Шоктығына карасам,
Киялы өркеш аңгардай,
Құйрығына болайын,
Қынаптан шықкан канжардай,
Жалына сенің болайын,
Құлтеленген жібектей.
Шыкшытыңа болайын,
Оралып жатқан түбектей,
Құлағыңа болайын,
Колға біткен құрактайдай,
Екі көзіңе болайын.
Коркыттан жаккан шырактайдай,
Кабагыңа болайын,
Кара алbastы қабакты,
Бауыздау жеріңе болайын,
Піскен алма сағакты,
Танауына болайын,
Тығызын алған шелектей,
Кекіліңе болайын,
Үкілі жібек желектей,
Омырауыңа болайын.
Елілден шықкан аңгардай,
Телмірің кику келгенде,
Шыбар туды шұлғанын,
Кара терге бұлғанып,
Ақ сүнгіні қолға алып,
Мінер ме еді заңгардай!
Турпатьңа болайын,
Тастан соккан корғандай,
Картайғаша мінбедім,
Өлгеніңше дәурен сүрмедім,
Ойлап келіп карасам,
Жігіттегі мен бейбак,
Болғаным тағы сор мандай!

АЛПАМЫС БАТЫРДЫҢ БАЙШҰБАРЫ

Гүлбаршын сұлуға таласып ханы бастаған калың қалмак елінің жүйрік, сөйгүлік аттарымен Байшұбарды жалғыз жарыс-тырғанда, Байшұбарды суреттеген жырлардың бірі.

Асыл туган Байшұбар,
Құстай ұшып барады,
Төрт аяғы болаттай,
Шакпактың отын жарады.
Арандай аузын ашады.
Омыраудан көбік шашады,
Дариядай жүйткіп тасады,
Каражан камшы басады.
Тұяғы қызды шұбардың,
Бір күн таман жол жүрді,
Нәк намазшам болғанда,
Үдең бір шабыс косады.
Каражан атты батырлы
Жоны қызып жүлкynып,
Кия майдан далада
Дөңкіп алды қашады.
Жайпандау жерден зыргытып,
Ойлау жерден ыргытып,
Екі кезі телмендеп,
Омырауын көрсөң есіктей,
Мойын еті бесіктей,
Талдан өрген жібектей.
Кекілі сұлу Байшұбар
Сымбаты сұлу жануар
Белсенген жұмыс білектей...
Ертегін ерте кезіндегі,
Байлап кеткен қалмакка
Шұбар ат келіп жетеді.
Шуылдаскан қалмактан
Ілеңде басып ётеді.
Дәл түс болған мезгілде.
Карсы алдына караса,
Тайша ханның тарлан ат,
Жайылыпты кос канат.
Өте беріп одан да
Соктыстан шұбар алады.
Майырылып сол жерде
Шонқайып тарлан қалады,
Мұнан да өтіп барады...

АЛПАМЫСТЫҢ БАЙШҰБАРҒА АЙТҚАНЫ

Каз мойында тақсан алтын тұмарың.
Мінген ердің таркатасың құмарын,
Егескенде жауга иендей көр кылма,
Гауһар қозді, айналайың шұбарым!
Көс канатым, бұл жалғанды бағаң жок,
Інім-аү деп, құш беретін ағам жок.
Майданда өзің абырай алып бермесен,
Жауга жалғыз мейің қылар шамам жок...

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫРДЫҢ ТАЙБУРЫЛЫ

Тайбурылды жас балаша әлпештеп үйдің ішінде сактайды екен. Өзін Қобландының қатыны Құртка күтеді екен. Қобыланда қатынына ашуланып, өлтіремін деп келе жатқанын біліп, қатыны Қобыландағының көнілін жұмысартуға үйде тұрган Тайбурылды тыска алып шығады.

Тұтікпенен су ішкен,
Тұлдікпенен күн көрген,
Төрде тұрган бурыйлың,
Басып шешіп алады.
Тайбурыл атты жетектеп,
Қобыланда дай берінің
Бұлаңдаған қызы Құртка
Алдынан кетіп барады.
Бурыл емес, көк дөңсен,
Туга жеміс жейді өлен.
Тугалы торды көрмеген,
Тұнектен шықкан Тайбурыл,
Айдалаға шықкан сон.
Тұлқідей көзі жайнайды,
Казандай болып кайнайды.
Көлденең жатқан көк тасты
Сулығым деп шайнайды,
Он екі құлаш арқанмен
Атылып бурыл ойнайды.
Қызы Құртканы көтеріп
Бурыл көкке екі үшіті,
Салмагыменен қызы Құртка
Алып жерге бір түсті.
Атасы айел демесен,
Сол Құртқадан кім күшті?
Сонда тұрып бурылға

Камығып Құртқа сөйлейді:
Аскар таудын белдігі,
Аздын бар ма тендігі,
Құрдастың жок-ты елдігі,
Жалғыздарға жар болған.
Алланың көп-ті кеңдігі.
Үш үшар ең аспанға,
Бір үшүүң кем болды,
Мен кайтейін, Тайбурыл,
Қырық үш күннің кемдігі! –
Кентті жерді жайласа,
Үзілмейді базары,
Қайда калмас жігіттер,
Өлтөн сордың мазары!
Кобыландыдай бөрінің
Тайбурылды көрген соң,
Құртқадан кайтып қаһары,
Бурылға түсті назары...

ТАЙБУРЫЛДЫҢ ҚОБЫЛАНДЫҒА АЙТКАН СӨЗІ

Тайбурылға тіл бітті,
Тәңірім оны сейлетті.
Тайбурыл сонда сойлейді:
«Наз бедеуге бітер жал,
Кімге келмес керім сал.
Алуа менен секер-бал,
Салып едің камшынды
Шығара жаздалдың кеудемен
Бір шыбындай жапымды,
Артық туган Қобылан – нар,
Қызың бастың жұрттына
Осынша болдың ынтызар.
Басымды түзеп сал жолға,
Төрт аяғым тен жорға,
Үстімде сен есендे,
Кажу бар ма мен сорда!
Айтканың жerde қалар ма,
Құртқа сынды жұбайға,
Жараткан соң құдай ат қылып,
Сіз секілді жығайға,
Қырық күншілік Қазанға
«Бір мезгілде жет» – дейсің,
Ұшкан күсқа оцай ма?
Қынн да болса, Қобыланды
Киналадын, кайтейін,
Уагдаңыз солай ма?

Қазаның сырлы каласын,
Намаздігер өткенше,
Намаз акшам жеткенше,
Түсірмесем жүзіңе,
Көрсетпесем көзіңе,
Сүйіп мінген бурылды,
Сол жерде шал құдайға!..»

ТАЙБУРЫЛДЫҢ ШАПКАНДАҒЫ СУРЕТИ

Кобыланды сынды батырдың
Көнілі бітіп бурылға:
Айт, жануар, шу! – деді,
Аришынап бурын күйледі.
Тау менен тасты көрмегі.
Табаны жерге тимеді,
Көлденен жаткан көк тасты,
Тіктеп тиғен тұяты
Саз балшыктай иледі.
Караша емес, кауысты,
Коңыр ала ту, дабысты,
Берсін кімге намысты?
Күн тебеден аумай-ак,
Түзеді бурыл шабысты.
Кос құлагы тігілді,
Кайырга біткен камыстай.
Байлаулы малдай шешілді,
Торт аяғын көсілді.
Кешегі кеткен көсынға
Бұландаған бурылмен
Артық туған Қобыланды
Айқып жетті бесінде...
Карсы келген қабактан,
Бурыл карғып жөнелді.
Аманбайдың ак тікен
Асып бурыл жөнелді.
Баялысты құмайттан,
Бұлдіргенді шұңайттан,
Асу-асу шөлдерден,
Каскалдакты көлдерден,
Аскар-аскар белдерден,
Ылай батпак колдерден,
Кан сасыған жерлерден,
Үміт үзіп жол шекті.
Кара аспанды жайлаган
Калың қылышқаң елдерден,
Кан жайлаган кара тау,

Би жайлаған ала тау,
Онан да өтіп жол шекті-ау!
Сол тәбе мен бұл тәбе,
Бауыры шүбар күн тәбе,
Күдердің кара дөнінен,
Бесінде өтті деңінен.
Астындағы Тайбурыл
Арандай аузын ашады,
Аяғын топ-топ басады.
Бір тәбенің тозанын
Бір тәбеге қосады.
Жанбырдай тері сіркіреп,
Жауған кардай күркіреп,
Кар сұындай тасады.
Құлан менен құлжаның
Ұзатпай алдын тосады.
Кел жағалай отырган
Көк құтан мен карабай
Көтеріліп үшканша,
Белінен кесе басады.
Өлген күстар көп калды,
Аксары мен лашын
Өлген күсты жеп калды.
Қоғалының қулы көл,
Шегендінің желді көл,
Қызыштының қызыл көл,
Сенгір-сенгір таулардан
Секіріп бурыл жөнеді.
Үдей ырғап Тайбурыл!
Кұбылып ойнап жер басты,
Алдынғыдан артқысын
Сынық сүйем кем басты.
Шалқайып үшкан коңыр каз,
Тозанынан адасты,
Кұбылып, ойнап, жер басып,
Бірде шауып желеді,
Дөнгелентіп келеді,
Намаздігер өткенде,
Намаз акшам жеткенде,
Қазанның сырлы қаласын
Кобыланды батыр көреді...

КӨБІКТІ БАТЫРДЫҢ АҚМОНШАҚ АТАЫ

Ақмоншак аты Көбіктің
Жылқы ішінде түр екен,
Жамандатқыр Ақмоншак,

Қүйрыйн күстай тарады,
Шекесінен қаралы
Бауырынан жарады.
Әуеге қарап есінеп,
Ием бе деп кісінеп,
Жау екенін білгел сөз,
Қүйрыйн сыртқа салады.
Жылқыдан шығып шәріне
Ақмоншак қашып барады.
Екі батыр қуалап
Караңын көрмей қалады.
Ақмоншак ат қашып кеп,
Шәріне тұра еніпти,
Дүбіріп естіп Қебікті,
Ат барған соң демікті.
«Үйдемісің, Карлыға,
Ат ерле!» – деп желікті.
Ақмоншакты Қебікті
Ерлеп мініп асыкты,
Ат басыншай тас шокпар
Такымына басыпты.

ОЗГЕДЕҢ ҮЗДІК ҚАСИЕТТІ ЖАНУАРЛАР ТУРАЛЫ

Мал өсімімен күнелтіп, билер табының әкімшілігімен қонысқы галасып, шабысып, қағысып дәурен сүрген көшпелі ел тұрмысина байланысты жануарлардың кейбіреулерінің сол билер табы әкімшілік қылған заманына, билер табына үздік қадірлі болған қасиеттерін өте артық көрумен катар сол үздік қадірлі қасиеттері бир жануарларды сол тұқымдаш жануарлардан туысы, жаратылышы басқа деп таныған. Ондай жануарларды жаратылыстары өзгілі қалыптан туыс, «тәнірі» қылып, аңшылықты қосымша көсіп қылышп, күнелткен тентіреген надан көшпелі ел жаратылыс түрлелінің, жаратылыс құбылыстырының «жұмбактарын» шешүге білімі жетпей қайран болса және өзгелерден үздік оғаш заттың жаратылысының себептеріне білімі жетпей қайран болып, ондайларды әкімшілік қылған билер табының санасының өсерімен «тәнірдің» оштің ғана төтенше калаған оғаш істері, «көреметті» істері деп біліп, «тауап еткен».

Мысалы: адамның жаумен соғысқанда үздік қайрат қылышп, үстем таптың тірегі, ардақтысы болып, батыр атанып, үстемдік ғұргізгендерінің жаратылыстарын, туыстарын өзге адамдардың

жаратылыс, туыстарына ұсатпай, кереметпен туды қылып әңгімелеген.

Әлгі «Едіге батыр аққу құс суретінде келіп көл сұнына түскен перінің қызынан туды», «Шыңғысхан – нұрдан жаратылды» дейтіндері осы. Онсоң, жауласкан румен шабысқанда, ұздік жүйрік болып шықкан жылқыны да батырлардың жаратылысына ұсатып, «тұлпар» деп, не тұлпармен шатыс деп, оның туысын, жаратылысын өзге жылқылардың жаратылыстарына ұсатпай, «кереметті» қылып әңгімелеген.

Әлгі «Пәлен жүйріктің енесіне, көл сұнанан шығып, «су айғыры» деген жануар шапқан екен» дейтін ертектер сол.

Жүйрік, көрінген анға жеткіш итті де, ұstemдік қылған батырлар жаратылысындай қылып, «құмай» деп, не құмаймен шатыс деп, оның да жаратылысын өзге иттердің жаратылысына ұсатпай, кереметті қылып әңгімелеген.

Әлгі, «сары ала қаздың жұмыртқасынан кейде күшік туады екен. Сол құмай болды екен. Оны тәнір берейін деген адамына кез қылады екен. Сары ала қаздың ай сайын әйелше айызы келеді екен» деген ертек те сол.

Тау құсының қырандарына да түрліше «кереметтерді» апартып жамайды.

Міне мал өсірген, аңшылық қылған, күштілер табы ұstemдік қылған ру-руға жіктеліп шабысқан, надан, көшпелі, ұstem сана бойынша, адамның және хайуандардың ұздік қадірлі қасиеттері барларының жаратылыстарын кереметті қылып танып, бұлар туралы түрліше ертектер шығарған. Кейін келе, осындаі қадірлі хайуандар туралы түрліше көркем өлеңдер шығарған. Оған мысалы, жоғарғы келтірген жүйрік, сәйгүлік аттарды еркелеткен, суреттеген, толғанған өлеңдері. Сол өлеңдердің қай-қайсын ал сан да, сол замандағы тап болмысы, ұstem суреті айқын көрініп отырады.

Мал өсірген, қосымша кәсібінің зоры аңшылық, аңшылық, саятшылық болған көшпелінің, тау құсының қырандары туралы шығарған толып жатқан өдемі өлеңдеріне мысал үшін мына бір төмендегі өлеңді келтірдім:

КӨКЖЕНДЕТ

Аркада, Есіл мен Нұра өзенінің бір-біріне жанасатын жерінде Козыкөш деген жылға бар. Жазғытүрим су тасыған кезде Есіл мен Нұра Козыкөш жылғасы арқылы бір-біріне қосылып үштасып кетеді. Бұрын, сиректеу кездерде жазғытүрим Козыкөште қанқылап шуласқан каз бен үйрек жыртылып айырылатын еді. Қалың құстың ортасында шанқиып, айнаға төсін төсеген аққу құс жүретін еді. Ақ сұлудың сыңқылдаған сұлу үні жан сүйсінер әдемі қүй беретін еді. Құс атқан мергендер, каршыға, тұйғын салған саятшытар сол кезде кәні болатын еді. Бір жылы, сол жерде бір саятши неше жыл құска салып жүрген бір қыран қаршығасынан айырылады. Үлкен аста бәйгіге қосқан Құлакер аты шауып келе жатып олгенде атының басын құшақтап отырып жылап, атына ән шығарып, өлең шығарып толғанған Ақан сері тәрізді, әлгі саятши да кок қаршығасын сағынып, аңырап жүріп, «Көкжендетіне» ән шығарып, өлең шығарып жылапты. Сол саятшының «Көкжендет» атеген әні мен өлеңі бүкіл Арқаға жайылды. Бала құнімізде «Көкжендеттін» әні мен өлеңін көп естідік. Әні әсем еді. Бері таман көлгенде «Көкжендеттін» өлеңін бұзынқырып әкетті. «Көкжендеттін» бір айтылуы:

Көкжендет, тұғырың алтың, жібек баулы,
Бар ма еken Көкжендеттей қыран шаулы?
Күнінде отыз үйрек, қырық каз іліп,
Кеш болса, отыруши ең тоятаулы.
Көкжендет, алты қаштың бауынды үзіп,
Шыдамай өнеріңс кеттің қызып,
Сенімен он сегіз жыл болым жоллас.
Кеттің бе шынынменен құдер үзіп?
Көкжендет, үшушы еді желдей есіп,
Атуышы еді топты қазға жаннан кешіп,
Ілгенде каз-үйректі топырлатып
Көрген жан сұктанушы ед: «жендет!» десіп
Көкжендет, сендей қыран енді келмес,
Жасынан салған құсым сендей емес,
Жүгіртіп көп үйрекке тастағанда,
Сұксырдан басқасынан тоят жемес.
Көкжендет, мойның үзын, шалғын қыска.
Салар ем әлде болса талай құска,
Каз-үйрек өзен судан іліп бактын,
Дудақ көрінбеді сен байғұса.
Көкжендет, канды балак, шіркін кәрі,

Болар ма Көкжendetтей құстың бәрі,
Ауылды құс етінен көні қылышы ең,
Шіркіннің, не қылайын, өтті зары!
Көкжendet құс ұшады төмен өрлең,
Тілейді шабытында «үйрек бер!» деп,
Кешке таман салғанда дабыл қағып
Іледі наизаша атып, «мени көр!» деп.
Кокжendet бүгін біздің түсті еске,
Кайтушы ек каз-ұйректі тенден кешке,
Коныр каз, сұксыр, кәжек толып калды,
Жүгірдім сасқанымнан Козыкошке...

КАСИЕТТИ АҚҚУ ҚҰС ТУРАЛЫ

Түрік руладының және оның бер жағында қазақатаулы ел ескілік ресімінде, көркем әдебиетінде, ак боз жылқыны қаси тегені сықылды ак түсті құстарды да қасиеттеген.

Казақатаулы елдің үстем тап салтымен құрылған ескілік санаы бойынша, кейбір «қасиетті иелер», «қасиетті заттар» – болып суреттеледі. Және құс болғанда көбінесе ак құс бол суреттеледі.

Мысалы: «Бақ – сүйген пендесіне құс болып қонады» . нанатын. Ол құстың түсі ак болады деп нанатын. Элгі «дәу құсы» дейтіні, «басына бақ қонды» дейтіні, «басынан бағы үш дейтіні осы.

Казақ ертегінде мынадай бір белгі сөз бар:

Бұрынғы замандарда, хан сайлағанда, «бақ құсы», «дәу құсы» деген ак құсты ұшырады екен... сол ак құс кімнің басы конса, соны ак кигізге отырғызып хан көтереді екен... деген тек бар. Адамның басына қонған ак құсты – «бақ құсы», «дәу құсы» екен деген ертекке жүрт нанатын.

Онсон, «қыдыр» деген, «ие» деген калаған пендесіне құс лып жорғалап келеді деп нанатын.

Мысалы:

...Асын-асын асына,
Берекет берсін басына.
Бөденедей жорғалап,
Кыргауылдай корғалап
«Қыдыр» келсін касына... –

деген ескі ауыз әдебиетте белгілі жыр бар.

Онсон, өлеңнің де «тәнірі» болады деп нанатын. Өлеңнің де «қасиетті иесі», «тәнірі» қалаған пендесіне құс болып конады деп нанатын. Бұл наным, кешегі, бергі дәуірге шейін келді.

Мысалы:

Атакты Кемпіrbай ақын өлерінде қөніл сұрай келген Әсет әкіншіга айтқан сөздерінде, Кемпіrbай өзінің бойындағы ақындық оперін, қеудеме конған көк ала үйрек еді дейді.

Өлеңі міні:

Әсеп

Ассалаумагалейкум, нар Кемпіrbай!
Дертіңе шипа берсің патша құладай!
Аспанда айнала үшкан ак сұнкарым
Кез келіп жайған торға бопсың мұндай!
Науқасың мегдеу тартты дегеннең сон,
Жылалым бәйт айтып үш күн үдай.
Дауысым танимысың, – атым Әсset,
Мен келдім әдейі іздел қөнілің сұрай?..
Апыр-ай, жауап катпай кеткенің бе,
Алашка атың шықкан қыраным-ай!?

Сонда Кемпіrbайдың айтқаны
Көнілімді Әсет келді көтергелі,
Барады өклем қысып жетелгелі,
Өлсем де «Қек кептерге» бір салайын
Басымды жастықпен көтер бері!
Шарыктап ак сұнкарша бір шырқайын
Кәнікі домбырамды әпер бері!
Артыма бір-екі ауыз сөз тастайын,
Конғаның, өлең шіркін, бскер ме елі.
Ал, енді, шіркін көмей былпылдасын
Сөзімді әшиесіз кім тыңдасын!
Ішіне Аргын, Найман салдым айкай,
Не қылып шіркін көмей жыртылмасын...
Бір күні Әзірейіл салса құрық –
Мен білем шіркін жанның күтылмасын.
Кемпіrbай бұл дүниеден қөшіп кетсе, –
Білемін, енді өзімдей үл тумасын.
Суырган қынабынан нар кескендей,
Әр жерде қызыл тілім жылтылдасын.
Көнілімді Әсет сұрап келгсіндес.
Шабалмай кәрі тарлан сылпылдасын!..
Боз шапса, боз озбай ма бурылыдан,
Мен шапсам, жер шарасы қурылған.
Жай тастап аяғымды алып жылдам,
Жабының күнде озуыш ем тұғырынан.
Алашка алтын жұзді жакын болмак,

Адамның әр не қылса өз пигылынан.
Ер Дәүіт екі жаста иектеген,
Жасының сүни іштім құдығынан.
Кешегі заманымның аманында,
Мен-дағы асып жүрдім Бұғылынан.
Ұшса да канат байлан аспанменен,
Өлімнің кім күтылар құрығынан.
Сұрасан хал-жайымды, Әсетжан, –
Жатырмын үшайын деп тұғырынан!..
Әсетжан, осы аурудан өлем білем.
Алланың аманатын берем білем.
Кеудемнен көк ала үйрек «кош!»

деп үшты.

Сол шіркін кәрі жолдас өлең білем!
Әуелі кимай мсні, айнасоктап
Басымда отырды да бірер тоқтап, –
«Серігім, кош, аман бол, Кемпірбай», деп,
Жылады бұрынғы өткен күнді жоқтап...
Әсетжан, осы ауру коймас білем,
Алланың әмірі екі болмас білем.
Соны айтық кайырылмастан үшып кетті. –
Осы өлең Серкебайға конбас білем...

I

Казак атаулы елдің ескілігі көркем әдебиетінде акку құс –
сұлу суретті сөздермен, сұлу қиялды ертектермен әңгімеленеді.

Мысалы:

«Едіге батырдың» ертегі әңгімесінде, оның әкесі белгілі Баға тұкті шашты Әзиз әулие еді, – дейді. Анасы – Аққу құстың кебінін киген, аккудың суретіне кіріп, даладағы тұнық тұнғиықты, құміс сұлу көлге үшып келіп шомылып жүретін перінің сұлу қызы еді, – дейді. Түсінде көрген «аян» бойынша Баға тұкті шашты Әзиз елсіз далада келе жатып, бір мөлдір сулы, терен тұнғиықты көлге үшырасты, – дейді. Шашты Әзиз көлдің жағасында тынығып жатса, аспаннан сұлу үнмен сынқылдатып, ән косып үш акку үшып келіп көлге конысты, – дейді. Үш акку, үстеріне киген кептерін көлдің жағасына шешіп тастап, аппақ уыз денелі үш сұлу қыз болып, тұнық тұнғиықты көлге түсіпті, – дейді. Үш сұлу көлдің тұнғиығына төстерін төсеп, көлдің құміс сүнина шомылып жүргенде, Баға тұкті шашты Әзиз келіп үш сұлудың көлдің жағасындағы акку кептерін жиып алышты дейді. Оны көре сала үш сұлу көлдің жиегіне жүзіп келіп Баға тұкті шашты Әзиз-

ін жалынып, киетін кептерін сұрапты дейді. Шашты Әзиз берменті. Сұлулар қанша жалынып сұраса да, шашты Әзиз кептерін берменті дейді. Сонсон, үш сұлу, Баба тұкті шашты Әзизга:

«Біз пері патшасының қыздары едік. Енді сен үшеуміздің бірімілі тандап ал да, екеуіміздің кебімізді өзімізге бер, біз кетейік мені» – дейді.

Шашты Әзиз үш ақ сұлудын бірін тандап алып, екеуінің акку кебін өздеріне беріпті дейді. Акку кебін киіп жүрген үш сұлудың екеуі «кош» айтысып ұшып кетіпті де, ен тандаулысы Баба тұкті шашты Әзизге қатын болып қалыпты, – дейді.

Еліге батыр сол Акку құс суретінде жүрген ақ сұлудан туған екен, – дейді.

II

Онсон қазак атаулы елдін ескілігінде, акқу құсты – құстың торесі, көлдін көркі, көлдін сәні деп санаған.

Мысалы:

Оз Жәнібек хан акқу жүрген көлге шекер төктіріп, аккуды шекерге бәктіріп, мас қылып, аккуды құладынға ілдіріпті дейтін. Соғытп, құс жаманы – құладынға акқу ілдіргеніне мактанып, мәз болып, той қылып жүрттын шақырыпты дейді. Тойына шақырған Асан қайғы би келмей қалыпты дейді. Сонсон Әз Жәнібек хан, Асан қайғы биді қайта-қайта шақыртып алдырып, жүрттын алмында Асан бидін шақырған тойына келмей қалған себебін сұрапты, – дейді. Сондағы Асан бидің жауабы мынау екен, – дейді:

...Көлге шекер төктірдін,
Шекерге акқу бәктірдің,
Ак мамығын тараңған,
Тұнғиықка караңған,
Акку – көлдің көркі еді.
Көркімен көлді сәндеғсін,
Сұлу үнмен әндесін,
Ак сұлу көлдегі еркесі.
Кұладын – құстың коры еді.
Акку құс – ару,
 төре еді,
Кұладынға ілдірдің,
Ак мамығын жұлдырдың,
Кұладынға Аккуды жем қылдың, –

Сұлуды кормен тәң қылдын,
Құладынға кор қылып,
Акку құсты зорладын.
Аппак мәрмәр інжіні,
Бормен тәң қып корладын, —
Түбіндеге осы өз басына келер деп,
Құладындай бір жаманнан өлсер деп,
Соған өкпелеп келмедім», —

депті.

III

Күміс сұлу жайық көлде тұнғиыққа ак төсін төсеп манкиып жүзіп, сұлу үнмен, нөзік қүймен сыңқылдаған ак сөuletті аққуды түйғын құсқа ілгізу қазақ атаулы елдің билер санасы білген ескілігінде, көнілде қайғы қалдырмайтын қызықты тұрмыс саналған.

Мысалы:

Жәнгір хан өзінің бір зор қайғысынан басын көтермей жатып алған екен дейді. Талай шешендер, талай билер келіп, көніл айтып, «басыңызды көтер!» дегендеріне Жәнгір хан басын көтермеген екен дейді.

Сонда шешендігімен жаңада билер катарына қосылған, арғын сүйіндік — Едіге би келіп мына сөзді айтканда, Жәнгір ханның көкейіне конып, басын көтерген екен дейді. Едіге бидің сөзі мінекі:

Акку құс ұшып көлге кетті.
Ак сұнкар ұшып шөлге кетті.
Олар адасып кеткен жок,
Әркім барап жөнге кетті.
Ак сұнкар ұшты ұядан,
Кол жетпейтін киядан...
Канаты бутін сұнкар жок,
Тұяры бутін тұллар жок.
Көтер, хан, басынды!
Іш мына асынды!
Босатпа белінді,
Мұнайтпа елінді!
Тозбасты ұста сокпайды.
Өлмestі құдай жаратпайды...
Қайғын жиылған жүрттың тобында калады.
Атылған мылтықтың оғында калады.
Жүйрік аттың жалында калады.
Сүйген сұлудың жанында калады.

Көк орай шалғын белінде.
Жайқынды мөлдір көлінде.
Акку құсты үштырсаң,
Түйгінга оны қүштырсаң, –
Кайың солардың тойында қалады.
Аккан судың бойында қалады,
Қызық мереке ойында қалады.
Іstemессен мойнында қалады...

IV

Ескілікте, акку құсты – қиналған жан үшін кейінбейтін, жан-
шын қиналғаны үшін кейінуді ар көретін «зат» деп білетін.

Мысалы: Ұлы жұз Бәлтірік би айтқан деген мынадай «нақыл»
соңбар.

...Акку құска оқ тисе, –
Канатын суга тигізбес.
Айтулы ерге оқ тисе, –
Киналғанын білдірмес...

Жасыл жібекті судыраған көк ала жасыл құракты, күміс сулы, ігерен тұнғиықты айдын көлдегі акку құстың сұлу сөuletі мал өніккән көшпелінін киял сезімін, көзін сүйіндіреді. Акку құс, күмістей мөп-мөлдір сулы көлдін тұнық тұнғиығына ак төсін қүштірып манаурап тұнғиықта жүзеді.

Сұлу әнмен әндептіп, тынық тұнғиықта шомылған ак сұлу, тұнғиықка шыққан ак шашактың үлбіреген ак үлдір жапырактарын жұлып, нәзік иісті жұпарын иіскең, нәзік үнмен сұлу әнге салып сыңқылдайды. Күміс көлдін судыраған жасыл жібек шымылдықтай жасыл құрактарына кіріп шығып, ак сұлу, көлдін кен шынадай жайығына шығып көлбендейді. Нәзік, сұлу үнді, сұлу соулетті, кіршікіз аппак акку құс – көлді көркейтіп, көлге сән бергендей.

Долы жаратылыстың кен құшағында мал бағып өскен кошпелі казак аккуды – сұлулыққа, сөүлеттілікке, кіршікіз тақылыққа үлгі қылады. Аккуды – сұлулықтың, тазалықтың нышаны қылады.

Сұлу әйелдін сұлу үнін, сұлу мінезін, сұлу қымылын, сұлу ленесін – акку құска тенеу бергі дөүірде де қазак атаулы елдін көркем әдебиетінде көрнекті орын алғып келді.

Мысалы: Атақты ақын Ақан сері ғашық болған бір қызына көпшілік алдында, өзінің «Сырымбет» деген әніне салып, жұмбактап өлең айтқанда, ғашығын акку құска тенеиді. Қызды біресе – «ак сұнқар» дейді, біресе – «акку құс» дейді.

Аулым конды Сырымбет саласына.
Ғашық болым ак сұнқар баласына.
Бидайыкка ылайық карағым-ай,
Құладынға кор болып барасың ба?
Жолдас болмас акку құс сүймесімен,
Ойнап-құлер көнілі үйлесімен.
Кос көл жакқа әнегігү киіп барған
Бешбетінді беріп кет түймесімен...

Сұлуды, өсіресе ақ сұлуды, акқуға тенеу қазактың көркем әдебиетінде күні кешеге шейін қалмай келді.

Мысалы: Аян деген ақын поштамен өзінің жазған бірсыныра өлеңдерін жіберіпті. Аянның біраз өлеңдері – бір «ак сұлуға» жазылған махабbat жырлары көрінеді. Бұл өлең-жырларда да, Аян, өзінің сүйген сұлуын акку құска тенеиді. Сүйгенін біресе – «акку құсым» дейді, біресе – «ак сұлуым» дейді, біресе – «ак үлдірім», «ак мамығым» дейді.

Мынадай өлеңдері, жырлары бар:

Ей, сәулем, сен – акку құс, көлдегі үшкан.
Сұктанған сәүлетінде дос пен дүшпап
Айдында туңғыраған мен туңғынк, –
Аккудын тоймай қүнде тесін құшкан.
Ак сұлу, сен көлдегі акку сынды.
Ак күміс, сыңылдаған сұлу үнді.
Әлемге бірдей қызыл нұрын шашкан,
Кош алған ертелі-кеш алтын қүнді...
Акку құс тұнғылыққа гауһар шашып,
Сыңылдаған құшак жайып төсін ашып,
Аймалап тұнғибытың ак шашағын,
Ойнайды, ак төсіне ііп басын.
Акку құс ак шашағын иіскеп, жұлып,
Ойнатад тұнғибыты жатқан тұнып;
Тұнғиык ак сұлудың төсін құшып,
Сүйеді шөп-шөп етіп, сылқ-сылқ күліп.
Акку құс айдын көлде сыңылдаған,
Айналса құладынға шыңылдаған,
Тұнғиык, акку құстың төсін құшкан,
Күрсініп күйге түсед ыңқылдаған...

Және, мынадай жырлары бар:

1.Айдын көлле акку жүзед,
Ақ соулесі шапқын.
Сұлу үнмен сүңқылдайды,
Көлді сызып маңқын.
Көлдің күміс сүниң сызып,
Аппак төсін көрсі.
Су бетінен ак шашакты
Әллекімге терелі.
Көлдің мөлдір айнасынан
Өзіп сulu көрелі.
Бұрынғы өткен шайыр көрсө, –
«Ақ періште» дер еді...

* * *

2.Соулетті аккү сыңқ-сыңқ жырлап,
Тұнғиықта жүзеді.
Тұнғиықтың төсінде ойнап,
Ақ шашағын үзелі.
Ақ сұлуға тұнғиық кен
Керіп күшак ашады.
Акку үзіл ак шашағын,
Иіскеп, тутіп шашады.
Тұнғиықтың төсіне акку
Аппак төсін төсейді.
Аппак сүйірік білегімен
Су күмісін көссейді.
Тұнғиық мас, ессіз күмар
Ақ сұлудың көркіне.
Төсін монгі күшар еді,
Акку тисе еркіне.
Сұлу үнді ак мамықты
Акку ылайық теренге.
Көрінген күс дүзс ала ма,
Тұнғиыктай еренге?
Шіркін ерең, сонша күмар
Ақ сұлудың үніне.
Іш күмары таркамас ед,
Мың сүйсे де күніне...
Акку кетсе камыска еніп,
Тұнжырайды тұнғиық.
Терен шіркін өлім тілейді,
Буып ашу мың киық.
Күрсінеді, уйлейді,
Мұз қабагын түйеді.

Жүрек бауыры мұздай болып,
Тагы өртенип күйеді.
Толқын кернеп дөңбекшиді,
Ашу кебін киеді.
Долыланған арыстанша
Айналага тиеді...
Сонда ак сұлу шыға келсе,
Дүзіп, әсем сыланып,
Ашулы ерен сұлық тынады,
Дөңбекшіген буланып.
Сонда аккудың лебі тиіп,
Күліп терең иседі.
Ак сұлудың мамық тесін
Шөп-шөп етіп сүйеді...

3. Касірет күймен тебіренеді.
Күйіп-жанып жан жүрек:
Бірде удай, бірде балдай,
Махаббат гүл үлбірек.
Бірде удай бұл махаббат,
Бірде жұпар мас қылад.
Бірде жанды бакытты қып,
Бірде көзді жас қылад...
Ак мамығым, ак үлдірім, –
Неге мұнша сүйдірдің?
Неге маган кез болдың сен,
Неге ынтық қып күйдірдің?..

* * *

Үстемдік жүргізген билер табының санасының ықпалындағы
мал баққан көшпелінің жылқыдан кейін айрықша артық көретін
малы – түйе.

«Адамның нары екен» деп қайраты, күші, адамшылығы өзгеден үздік адамды айтады. «Жез бүйдалы нар тайлақтай екен» деп бой жетіп келе жатқан арудын сұлуын айткан. «Бота көз» екен деп қаламқасты, оқ кірпікті, түпсіз терен, мөлдір көзді сұлуды айткан. «Екі аяқтыда құрдас тату, төрт аяқтыда бота тату» деп түйе баласының нәзік, сүйкімді мінезділігін адамның сүйіскен дос-тығына тенеген. Жас адам зарлап жыласа, «ботадай бозлады» деп, ана баласы үшін зарласа, «ботасы өлген інгендей зарлады» деп, адамның зар-мұның түйенің мұнына тенеген... Түйе туралы да неше түрлі көркем өнгіме өлендер айтқан. Онымен катар, түйенін зары деп көшпелінің шығарған, өзінше қызықты күйлері де бар.

•Іюз інген күйі» деген күй ескіліктен қалған күйлердің ішінде арқа кітаптарында сазды күйдің бірінен саналатын. Бұл күйдің өнгіме мінзұнында бай мен кедейдің жайлары көрінеді: байдың салтана-ты – кедейдің нашарлығы... «Боз інген күйінін» өңгімесі екі-үш түрлі, бір түрлісі мына тәмендегі:

4. БОЗ ІНГЕН

Бұрынғы заманда Бағланбай деген бай болыпты, төрт түлігіні болыпты. Қөп малдың ішінде Боз інген деген бір жаксы түйесі бір екен. Боз інгенді барлық малынан жаксы көреді екен. Бірак, Іюз інген өмірінде бота таппаған екен. Бір күні бай, мал сойып, өлін жинапты: жиналған жұртқа: «менін жаксы көретін Боз інген бота таппады, бұған не акыл бересіндер» депті. Бұған жиналған құрттың бірде-біреуі ақыл бере алмапты. Сонда, босағада тұрған бір жетім бала былай депті:

Айналайын агалар! –
Мендей жетім балалар
Босағадан сагалар,
Аксакаллар, какпасаң
Мен бір сөзді айтайын,
Құлак салып тыңдасан,
Ашу-жанжал қылмасан,
Тойынды жеп кайтамын.
Боз інгенді алдырсан,
Үстінс кілем жаптырсан,
Жібектен бүйда тактырсан,
Шытырман казық кактырсан,
Боз інген бота табады,
Бір кедейге ырым қылып бактырсан, –

лелді.

Бай баланың сөзін ырым көріп,
Боз інгенді алдырып,
Калы кілем жаптырды,
Жібектен бүйда тактырды,
Шытырман казық кактырды,
Ырым қып, бота табар деп,
Бір кедейге бактырды.

Жыл мүшелі болып, байға дарып, Боз інгені қайып, туатын мезгілі жетіп, бір күні басы алтын, көті күміс бір бота табады. Бағып жүрген кемпір-шал қуанып, байдан сүйінші алалық деп бара жатса, аулындағылар, кемпір-шалдан: «Қайда барасындар» деп сұрайды. Кемпір-шал: «Байдан барып сүйінші аламыз, інгені: басы алтын, көті күміс бота тапты» дейді. Онда, аналар: «Сендер, өздерің барып, байдан сүйінші алып, бастарына мүйіз шықпайды. Оナン да, барлығымыз бірдей көреміз, інгенді сатып пұлын аламыз. Ботасын жеті қабат темір үйге кіргізіп сактап, өскен соң оны да сатамыз» дейді. Кемпір-шал көнбейді. Онда, аналар кемпір мен шалды өлтірмекші болады. Сонсон, кемпір-шал қорыққаннан ылажсыз көнеді. Боз інгенді базарға апарып бір керуенге алпыс ділдага сатады. Боз інгенді керуеншілер түйелеріне тіркеп алып кетеді. Боз інген керуеншілердің колында ботасын сағынып, боздап-жылап, зарлап айтқаны:

Жараткан жалғыз құдая,
Күйініп жаным, сабылдым.
Үстіме кілем жамылдым!
Ырым қылып бала үшін
Кекілімді үкілеп
Жібектен бүйда тағындым.
Бір бота үшін толғанып
Бір өзіне жалындым.
Ақырнанда анырап,
Базар түсіп салындым.
Жас ботамнан айырылып,
Мен құдайға не вылдым?
Мына жалған дүниеде,
Керек күнім болар ма,
Мен ботамды сағындым!
Неше күндей жол бастым,
Көзімнен жасым ағызып,
Емшектен сүтім тамызып,
Өлгендеге көрген ботамды
Емізбедім жағызып!
Боташымнан айырылып
Ішім оттай қүйеді,
Жүйем босап сағынып
Тұла бойым иеді.

Кеш болған соң кірекештер келіп бір жерге қонады. Боз інген, арман-дерпті ішіне толып, өуедегі үшкан құстарға карап ботасын сұрап зарлағаны:

Қалықтаган аспанда
Итслігі мениң сүнкарсың,
Ертеменен жем алсан,
Сәскеде барып үшарсың,
Аспанда үшып келдің бе?
Ел ішінде кайғырган,
Енесінен айырылған,
Зарлап боздал кайрылған,
Жетім бота көрдің бе?
Кандай бота дедің бе?
Аспанда үшып айналған,
Тұлкі көрсе сайланған,
Тұлкісін иесі байланған,
Кара ала баршын бүркітім,
Аспанда үшып келдің бе?
Ел ішінде боздаган
Ішкі дерптің козғаган,
Базарға сатып тоймаган,
Еркіменен коймаган,
Жетім бота көрдің бе?
Неткен бота дедің бе?
Шарықтаған қүшіген,
Аспанды қезғен жорысын,
Тамам құстың зорысын,
Бес тырнақтың зарпынан
Тамам құстың корысын.
Көктен үшып келдің бе?
Ел ішінде боздаған,
Ішкі дерптің козғаган,
Жетім бота көрдің бе?
Неткен бота дедің бе?
Аспанда үшкан аксарсың,
Бір қүндерде талайды ап,
Іліп ап кысып тастарсың,
Сен де сорлы құс төрем,
Балан үшіп каксарсың,
Аспандап үшып келдің бе?
Ел ішінде кайғырган,
Енесінен айырылған,
Жетім бота көрдің бе?
Құндіз үшпай түнде үшкан,
Көбелекпенен бірге үшкан,
Көзі қызыл үкісін,
Түндерде үшып келдің бе?
Енесінен айырылған,
Аккудай мойны кайрылған,
Құндіз-түн боздал зарлаган,
Көзінен жасы парлаган
Жетім бота көрдің бе?

Неткен бота дедің бе?
Омырау жаска малынып,
Көрінген құсқа жалынып,
Ботасына зар күйін,
Кайнаған құште бар күйін,
Жеткіз деп жылап тапсырды,
Кемпір мен шалдың үйіне,
Ұшкан құс таяды,
Мойындары иіле,
Тау мен тас та күнірәнді,
Боз інгеннің күйіне,

Сөйтіп зарлап көзіне көрінген құстар сұрай беріпті. Еш біреуінен жауап ала алмапты. Содан кейін Боз інген ботам өлген екен деп зарлайды:

Мен ботамнан айырылған,
Карайлап мойны кайырылған.
Сағынып зарлап егілген,
Көзінен жасы төгілген,
Не жазығым бар еді,
Жасаган ием тәңірge!
Екі көзді сел алып,
Жылай-жылай шел алып,
Тәніріден тілең зарласам,
Тілегімді бере ме?
Ботаканым келер ме?
Зарлаганым тәнірдің
Құлагына тие ме!
Не жағаны бар еді,
Жараткан тәңір иеме! —

деп боздап кете берді. Керуендер бір жерге малдарын тынықтырып, тойындырымаққа тоқтап, бес күн еру болып жатады.

Бағланбайдың екі ұлы бар еді: Ойсұл, Ойсұн деген. Бұлар базардан мал сатып қайтып келе жатса, боздаған Боз інгеннің дауысын естіп, даусын таниды. Сонда бұлар: «Бұл қайдан жүр? Әлде, керуенге еріп кетті ме? Әлде, бошалап жүр ме? Мұны табайық», — деп, екеуі, коржындарын жолдастарына беріп іздел кетеді. Бұлар талай малды аралап жүріп, ақырында Боз інгенді табады. Түйені ұстап алып жүре берейік, — деп ойлады да, «Қой, мұнымыз ұят болар» деп, жайын сұрайық», — деп керуенге келді.

Ассалаумәликум,
Коның жаткан керуендер!

Алтын, күміс артынып,
Ай түбіне бардыңыз!
Айга сұрау салдыңыз!
Багланбайдың боз інген
Кайдан сатып алдыңыз?!

Алтын күміс артты скен,
Ай қызырып батты екен.
Багланбайдың інгенін
Кандай адам сатты екен?
Әй, жарыктық боз інген
Кандай бота тапты екен?
Анасынан айырылып
Адаскан қудай кайырылып,
Ботаканы ыңғысып,
Кайтіп тірі жатты скен?..

Багланбай деген бай еді,
Төрт түлігі сай еді,
Байдың жаксы көретін,
Боз інгені бар еді.
Бір ботага зар еді.
Оймалы шайы кілемді
Оңдап-солдап жаптырган,
Жібектен бүйда тактырган,
Шытырма казық қактырган.
Боз інген бота табар леп,
Үрым кылышп бактырган.
Багланбайдың інгенін
Кандай адам саттырган?
Аттын басын бұрам ба?
Кешке дейін тұрам ба?
Мінген атын кара кер,
Ертерек бізге жауап бер!
Сөзімді кабыл алдыңыз!
Бұл сөзіме наныңыз!
Артынан хабар алайык,
Жеті күн токтап беріңіз!
Елге карай шабайык,
Сатқанды іздеп табайык,
Пұлынды алып берейік,
Інгенді алып калайык, –

дейді.

Оған керуен басы айтады: «Біз талай үлкен калаларға бардық, кайтуға жақындағанда бір қалада, мал алыш жатсак, казак па, қырғыз ба, біреу әкеліп сатты, алпыс ділда беріп сатып алдық, ондай ботасы болатын болса, обалына қалмайык, – он күн токтап жатамыз, пұлын әкеп бер, алыш калыңыз.

Он құннен кешіксөз, кетіп қаламыз, үлгіре алмағанының...» дейді. Екі жігіт жүріп отырып, бес құнде кемпір-шалдың үйіне келеді. Олардың келе жатқанын көріп кемпір-шал жасырына калады:

Жігіттер ауылға келіп:

Мінген атым кара кер,
Келген жолым талай жер.
Боз інгенді сұраймыз,
Кемпір-шал, шығып жауап бер!
Әуеден үшкан сар ма екен?
Анаға бала зар ма екен?
Кемпір-шал, шығып жауап бер.
Бағланыбайдың боз інген
Аман-есен бар ма екен?

Кемпір-шал шықпайды. Екі кішкене қыз шығып жігіттерге жауап береді.

Алдыра шықкан бадал ма!
Мал-жапының аман ба?
Сіздер сұрап тұрганда,
Айтпай тұрган заман ба?
Айналайын ағалар,
Тәнірі қылса кал канша, –
Байға қыдыр дарып тұр:
Боз інген кайып тұр,
Ай тәбеден толынты.
Жыл мүшелі болынты,
Боталар уағы жетілті,
Боз інгені күрсыын,
Бошалап кашып кетілті...
Кемпір-шал іздел кетіп еді,
Тигізіп жерге табанды,
Кемпір-шалды бар ма екен
Тірі көрер заман-ды...

Енді екі жігіт ойлады: ешкім сатқан емес екен. Өзі бошалап кашып кеткен екен. Керуендер бізді алдаған екен. Енді біз барғанша керуендер көшіп кетеді, біз бара алмайтын болдық, – деп, капаланып тұрады. Сол мезгілде, боз інгеннің ботасы емізік еметін уағы болып боздайды. Ботаның дауысын естіп, екі қызға жігіттердің айтқаны:

Жалмандаған сары кар,
Жалынга үйгсн кара кар,
Енесінен айырып,
Жас ботаны қылдың зар.
Екі жерде зарлатып,
Кемпір мен шалдың пейлі тар.
Ыңырысған, үйінде
Жас ботаның үні бар,
Тау менен тас күшіренілі,
Боз інгешінің күйіне,
Жаратқан тәнірі құдай-ая,
Енесінен айырылған,
Жетім бота тірі ме?

Мұны естіп, кемпір мен шал өздері шығып, екі жігітке жалынып, айыбымызды кешкін, – дейді. Жігіттер кемпір-шалдың лійіптарын кешеді. Алпыс ділданы алып күн-тұн катып барса, ке-руендер түстен кейін көшуге камданып жатыр екен. Ділдасын беріп, іүйені алып қайтып келе жатқанда, «Ботам өлі ме, тірі ме?» деп, өз інгеннің зарлағаны:

Құдайым берді тілегім, –
Қуанып келеді жүргегім.
Мен ботамнан айырылып,
Еніреп-боздап келемін.
Аман-есен бар ма екен?
Ботамды көрсем тәнір-ая,
Жарылар ма екен жүргегім!
Жолға түсіп желсін,
Керуенің колынан
Аман қайтып келемін.
Өлерде көрген ботамды,
Қайткенде тірі көрсімін!
Керуенің күрсын,
Луыр жұкті көп артып,
Жауыр қылды арқамды.
Қуалғаниан, құдайым,
Жыламай қайтіп шыдайын?
Тірі көрер ме екемін,
Боташығым – қалкамды!
Түзелді бүлкіл желісім,
Егілді жұмсарап кірісім,
Шындал тәнірім жаратсан,
Көрсетпе ботам терісін!
Қоқтыға біткен шайыр-ды,
Койшылар койын қайырды,
Өлерде көрген ботамнан

Аямас кулар айырды.
Боташымнан айырылып,
Артыма жылап кайырылып,
Жат колында канғырдым,
Еніреген зар күйіме,
Жер менен көң жанғырды.
Сүйемеген тәңір зағымды:
Есітті мұғылы зарымды, –

деп, боз інген, зар күйін құнірентіп желе береді. Ауылға таянып
ботаның қарасын қөргенде тұла бойы еріп, түйенін қөңілі босап
жылағаны:

Аман көріп ботамды,
Емізер күнім бар ма екен!
Жар жагалап қыдырып,
Тал бүршігін сыйдырып,
Жегізер күнім бар ма екен?
Айналайын, жас ботам,
Немене болып калды екен?
Керіле біткен көк ойга
Көлбетер күнім бар ма екен?
Сарымсакты сары ойга
Ойнатар күнім бар ма екен?
Айналайын, жан ботам,
Немене болып калды екен?
Сайга шыккан сарымсак,
Жегізер күнім бар ма екен?
Баурымдағы кара емшек,
Емізер күнім бар ма екен?
Айналайын, жан ботам,
Немене болып калды екен?
Жагага біткен көк шалғын
Жегізер күнім бар ма екен?
Кенектей толған кара емшек
Емізер күнім бар ма екен?
Айналайын, жан ботам,
Немене болып калды екен?
Жібектен бүйда мұрнында
Шұбалтар күнім бар ма екен?
Бағланбайдың боз інген
Алтын бота тапты деп,
Куантар күнім бар ма екен?
Жібектен бүйда мұрнында
Түйілтер күнім бар ма екен?
Бағланбайдың інгені
Күміс бота тапты деп,
Сүйінгер күнім бар ма екен?

Серке беріп көкпарға,
Елі-жұртын аулына
Жиылтар күнім бар ма екен?
Ей, құдай-а, жаңботам,
Немене болып калды екен?
Мен ботамды ыршытып,
Тел козылай телшіттіп,
Бағланбайдың аулына
Барар күнім бар ма екен?
Айналайын боташым,
Немене болып калды екен?
Түс аунаган шандакка,
Аунатар күнім бар ма екен?
Түс аунаган шандакка,
Ойнатар күнім бар ма екен?
Үйыктап жаткан жерінде
Кабыргадан тістелеп,
Как тесінен іскелеп,
Оятар күнім бар ма екен?

Боз інген ботасына келіп қосылып мауқын басады. Бағланбай түлесі мен ботасын алып қуанып, ел-жұртын жиып той қылады.

Міне, боз інгеннің әңгімесі. Ескіліктегі байлар табы үстемдік қылған мал баккан елдін санасын жаксылап суреттейді. Боз інгеннің әңгімесі – сол ескіліктегі адам туралы әңгіменден айырмасы жоқ... Іүл әңгімеде бай мен кедейдің жайлары айқын көрінеді. Бұл әңгімеде байдын дәуірлеп тұрғандағы салтанаты, кедейдің нашарлығы көрінеді...

Тіршілігі мал ғана болған, малмен араласып өмір сүрген қопшелі ел малды әнгіме қылғанда, малдың әнгімесін адам әңгімесіндегі дәрежеге көтере әңгімелейді. Малдың сезімдерін ғламның сезімдерімен бірдей қылып жырлайды.

5. ТӨРТ ТҮЛІК МАЛДЫҢ КЕҢЕСІ

Кой, сиыр, жылқы, түье төртеуі бір күні жиылдып отырып кенеседі: «Қайсымыз қандай жерге, қандай кісіге бітсек жақсы болар еді?» деген сөзді айтисады-мыс.

Сонда сиыр айтыпты:
Калың корық шуга бітем,
Коры үзілген куға бітем.

K o ū

Күнгейлі кара таска бітсем,
Жұн жеп, жабағы тышкан наска бітсем.

Ж ы л қ ы

Бетегелі белге бітем.
Найза ұстаган ерге бітем.

T у й e

Жалмаң құлакты сорға бітем,
Ел ішіндегі зорға бітем.

Міне, бұл төрт майдың кенесі де жаугершілік замандағы ұstem таптың санасын көрсетеді. Ұstem таптың ұstem санасымен шық-кандығын көрсетеді.

МАЛ БАЛАСЫН СҮІОІ

Кой сүйеді баласын: «конырым», – деп, –
Іштенені білмеген, «момыным», – деп.
Сиыр сүйеді баласын «торпағым», – деп, –
Каранғыда баспаган «корқагым», – деп.
Түйе сүйеді баласын, «боташым», – деп, –
Жаудыраган көзінен «тоташым» – деп.
Ешкі сүйеді баласын «лагым» – деп, –
Тастан таска секірген «шүңағым» – деп, –
Жылқы сүйеді баласын «құлпыным» – деп, –
Тұлпар болар жүгірген, жұрыным» – деп.

V. ЖАСТЫҚ ОЙЫН-КҮЛКІ ӨЛЕҢ, ТАҚПАКТАРЫ

Казак болған рулардың ауыз әдебиетінің бір алуаны жастық ойын-күлкі өлеңдері мен тақпактар. Бұл салаға кіретін: сол жастық ойын-күлкі өлеңдерімен айттыс (әзіл айттысы), жұмбак, жаңылтпаш және жас балалардың ойын ұстінде айтатын тақпактары.

Кең өріс, жайлы қоныс қуалап, дала жайылысында аңша аяғымен жайылған, төрт түлік мал өсімін негізгі шаруа қылған, билер табы ұstemдік жүргізген ру-руға жіктелген көшпелі ел тұрмысының белгілі мереке-сауықтары – ас пен тойлар. Ал сол ас пен тойлардағы ойындардың бәрі де сол хандар, батырлар,

Билер табы құш-куаттарын майданға салған, рушылдық тұрмыс-тың жемістері болған.

Үстем табы билеген көшпелінің ас пен тойларындағы мере-ке, сауық істерінің бәрі де ру-руға жіктелген түрде өтетін.

Үстем табы бастаған әрбір рудың өнері, құші, байлығы, келейлігі, көптігі, аздығы, құштілігі, әлсіздігі сол ас пен тойлар-ның айқын көрініп калатын.

Ас пен той – әр рудың, ру ішіндегі үстем табының құштерін байқасатын құндері тәрізді болатын. Екінші жағынан: ас пен той – әрбір ру ішіндегі үстем таптың және үстем тап қол астындағы ұрлың басқа рулармен жауласып шабысқанында керекті құшінің жаралып, машықтанатын майданы тәрізді болған.

Үстем тап әкімшілігімен ат шабыстырып, ру-ру болып жүйрік сыйнасып, ат қосып, «әруақтап», ат тарту, ру-ру болып жігіт сыйнасып, балуан құрестіріп, көкпар тартысу, ру-ру болып жігіттерді сыйыска шығару және тойда ру атасып, тандайының желі бар жігітке той баставып, жол алып, ұзатылатын қызыға көп алдында жұбату айтқызу. Той қылған ауылдың, немесе, той қылған рудың қызы-келіншектерімен тойға келген ауылдың, яки тойға келген рудың жігіттерін «аужар» айттыстыру, жерден сакина-жұзік алғызу және осы тәрізденген ойындардың бәрі, бір жағы үстем таптың және үстем табы бастаған әрбір рудың құштерін, өнерлерін байқасатын майдан ойындары тәрізді болса, – екінші жағы – құштерін, өнерлерін шынықтырып, безеп, жаратып, машықтаналыратын сабак ойындары тәрізді болады.

Жүйрік, сәйгүлік ат, батыр, балуан жігіт, алкалы топта руының дауына түскен шешен би, жұрт жиналғанда тойда той баставын, ұзатылатын қызыға топ алдында жұбату айткан, жұрт жиналған аста өлік шыққан үтеге топтан сұрылып тақпакпен жұбату, көніл айткан жырау, ақын, міне, осының бәрі, үстем таптың және үстем табы бастаған рудың мактантатын көркі, басқа руға көрсетін құші болған.

Үстем тапқа және үстем табы билеген әрбір руда, жаугершілік үлғасқан кездерде, батыр жігіттің дегені үстем болып, батырдың кадірі үстем болса – жаугершілікten, шабыншылықтан шола кез жерде – бұрынғы, соңғының жол-жобаларын, ережелерін жете білген, «тандайы тақылдаған» шешен билердін; шешен жігіттердің кадірі артық болып, солар үстем болған. Көп ру біріккен елде – құшті рулардың батырлары мен шешендері үстем болатын.

Жаугершіліктен шолалық неғұрлым ұзак болса, шешен билердің билігі соғұрлым күшіне берген. Батыр мен балуан ру ішіндең кара құстің кесемі болса, шешен би, тақтак жігіт – тілдің, білімнің кесемі болған. Батырлар, билер, байлар, хандар ұstemдік қылған шабысқан, жауласқан руладың аралары даудан арылмаған. Батырлар, билер, байлардың ықпалында өмір сүрген, екі ру дауласқанда әр рудың билігі сөзбен сайысқан шешен билерде болған. Сайысқан биді сөзбен үткан би женді санағып, атағы жайылған. Сондықтан, батырлықпен бірге, шешендейтің кадірі өте зор болған. Сол себепті «Өнер алды – қызыл тіл» деген макал ереже болған.

Рудың ұstem табы – батырлар, байлар, хандар, шешендер, билер болғандықтан, осы ұstem таптың санасы да ұstem болған. Барлық ру басылардың санасының ықпалында болғаны белгілі...

Улкендердің сол ас пен тойларын көрген жастар, бір жағынан батырлыққа, балуандыққа қызығып жасынан құреске, тартысқа, көкпарға, сайысқа, аттанысқа, жау кууға ұмтылатын болса, екінші жағынан шешен билікке, жыршы ақындыққа қызығып, жасынан тақпакты, үлгілі, кестелі сөзге, өн-өленге үйір болған, өн-өленге үйір болып домбыра шертуді үйренуге талпынған.

Мал баққан көшпелінің балаларының, жастарының жас күннен алатын төрбиесінің бір жағы сол жастардың ойындары мен үлкендердің сауық салттарында болған. Мал баққан көшпелінің балалары оку-жазу білмегендіктен білімді, тіл өнерін жасынан шамасынша жатқа үйрене беретін болған. Мал өсірген көшпелі, шабысқан руладың тұрмыстарының өзі жастарды сүйтіп үйренуге бастаған.

Тойларға қыз-бозбала «аужар» айтысқанда, руға жиналып бәдік айтысқанда, жүкті әйел босанып, бала туып, шілдехана қүзетіп, қыз-бозбала кезектесіп өлең, жұмбақ айтысқанда, тағы осындай айтыстарда, айтысқан қыз-бозбалаларға бұл тіл шеберлеріне, өлең-жырга теселулеріне безену, тәжірибе болса, сол қыз-бозбалалардың арасында, солардың маңында топырлап жүрген балаларға өз әлінше «сабак» тәрізді болған. Онсон балаларға үлкен бір сабак – от басындағы әнгімелер болған. Жоғарғы ертегі-әнгімелер саласында айтылды: күн ұзын жаратылыстың құшағында ит, құс, андармен жанағып, жаратылыстың түрлерін, құбылыстарын, ит, құс, андардың, тұрмыстарын, малдың тіршілігін бақылап, малда жүріп өзді-өздері түйіскенде әнгімелер айтыс-

Күн малышлар кешке ауылға қайтканда әнгімені от басында айтыды. Дала андарына мекен болған жаратылыстың құба жондарыны, немесе сылдырлаған қамысты, аң мен құс сағалаған өзеннің ғылғаларын, не жай адам бара алмайтын биік шын-құзды, тоғайлы, нулы, ғүрілдеп, сумандап акқан бұлакты неше түрлі аңға мекен болған таулардың шыны немесе шулаған шағалалы ак көбітін шашқан, көк ала құракты мың құбылтып өн салып, сансызы құздары калкыған көк мұнарлы, шалкыған айдын қөлдердің ғанашарын кезіп, неше түрлі андардын, неше түрлі құстардың және ғу астында жүретін хайуандардың тұрмыстарын, тіршіліктерін, сырларын, қүйлерін білген мергендер, аңшылар, аушылар кешке ауылға қайтканда от басында отырып әнгіме айтады. Жарыткан, баптаған сәйгүлік атқа мінісіп, қолдарына жебелі шашақты найза, шүйделі айбалта алып жорықка жауға аттанған жортушылар жорыктан қайтканда от басындағыларға әнгіме сөйлейді. Гағы да, осындайлар дүзден ауылға қайтканда, кешке, от басында отырып, айнала отырған катын-қалаш, кемпір-шал, ауыл адамдарына көрген-білген уақығаларын әнгіме қылып айтады. Айтканда, өзінің түсінуі бойынша, болған уақығаны екінші түрде әнгімелдеуі мүмкін. Немесе әнгімені дәмдендірем деп, немесе серпіп, отірік те косып айтатын болатын дедік. Отка қазан асып, от басында отырғанда, құздін, қыстын ұзак кештерінде, тыстағы қара ғұнды жамылған қоныр желдін құбылған қүйінін әуенімен үйлықкан от басы әнгімесіз болмайды дедік. Жанағыдай өз әлінше қызықты әнгіме білген адамдар болмаса, әнгімені от басындағы көпті корген карттан сұрайды. Ол болмаса, қонып отырған қонақтан сұрайды дедік. Ол болмаса, от басында жиналғандардың көбі жастар болса, қыз, келіншек, бозбала болса, әнгімені өзді-өздері кезек-кезек айтысады дедік.

Сол күліп, ойнап отырып айтысатын жастардың әнгімелері түрліше болатын. Мысалы: ертек, әнгіме, өлең, жұмбак, жаңылтпаш.

Өлеңнен, жұмбактан, жаңылтпаштан женилгендерге өздерінинше жаза қылатын...

Ән-өлең айтылатын жерде домбыра жүретін. Көшпелінің ломбырасыз аулы болмайтын. Жастар түгіл, үлкендер отырған жерлерде домбырасыз болмайтын. Домбыра жүрген жерде ән, өлең, жыр, күй, әнгіме шертілмей қалмайтын. Міне, осындай әнгіме-дүкендері жастарға жаттығуболып, балаларға өз әлінше «сабак», «өнеге», «оку» болатын...

Жастардың домбыра алып өн-өлен, жыр, жұмбак айтысатын орындарының тойдан, бәдіктен, қыз-ойнектан басқа бір жи болатыны, толып жатқан шілдеханалар. Шілдеханаларда жастар үш түн ойын қылып, өн салысып, өлен айтысып, жұмбак айтысады.

Казақ атанған көшпелі рулардың айтыс өлөндерінің басы – «бәдік», «ау-жар» «жұмбак», «өзіл», «кезек өлен» айтысудан болған тәрізді. Бері келе, шет елдермен шабысулары қойылып, билер табы билеген казақ рулары өзді-өздері жауласып қағысулары қүшейген кезде, қазақ арасында үлкен айтыс өлөндері қүшейген.

Үлкендердің құрган өнгіме, жыр дүкені балаларға сабак, оку, өнеге болады дедік. Қөп айтылып дағылана берумен екшелініп шықкан өлөннің де, ертектің де, жұмбактың да, домбыраның да, қысқаша, жинақы, ойнақы жасалған бөлек-бөлек «құлак қүйлері», бастау сөздері болған. Домбыра шертуге үйренбек болған балаға үлкендер алдымен «құлак қүйін» үйрететін. Сондай-ақ, тіл шеберлігіне үйреткендей, ертек, жұмбак, өлен үйреніп айтуға шеберлендіруге жадын, есін қүшептеп үшін үйреткендей, үлкендер ойнап балаларға алдымен ертектің, жұмбактың, өлөннің «құлак қүйлерін», бастау сөздерін үйрететін. Ертектің «құлак қүйі» жоғарыда айтылғандай:

...Бар екен, жок екен...
Бөрі бөкеуіл екен.
Тұлкі жасауыл екен...
Ертек-ертек, ерте екен,
Ешкі жұні бөрте екен.
Құйрық жұні келте екен,
Қыргауыл жұні қызыл скен.
Құйрық жұні ұзын екен.
Мұзға мінген екен,
Бұты сынған екен... –

деп бастауды әркім-ақ бала күнінен үйренген болатын. Жұмбак айтқанда, онға шейін санап, сонсоң оны:

...Бір дегенін – білеу.
Екі дегенін – егей,
Үш дегенін – ұскі,
Төрт дегенін – төсек,
Бес дегенін – бесік.
Алты дегенін – асық,

Жеті дегенің – желке.
Серіз дегенің – серке,
Тогыз легенің – торка
Он дегенің – оймак.
Он бір кара жұмбак... –

Ін, тізілтіп шешуді де балалар жас басынан үйренген болатын.

Өләнді бастағанда айтатын «құлак қүйі» (көбінесе, арғын рұмында) мынау:

Арияйай дегенге, арияйдай,
Ақ сиркенін мүйізі карагайдай,
Бір Аллага шет болсаң бол өзің шет
Әлде болса көңілім баяғыдай.

Анне (көбінесе Ұлы жұз руларында) мынау:

Айт дегенде айтайын, арияйлай,
Аулың сенің белде сіл бойдай талды-ай...

Анне Кіші жұз жағында бұрын жырды, көбінесе, былай бастаған төрізді:

«... Арайна деген, арайна,
Арайна дессем болмай ма,
Арайнасыз әр кайда,
Ердің ісі онғай ма!..

Міне, «ертек айт», «жұмбак айт», «өлең айт» дегенде осы көлтірген үйреншікті сөздерді айттып, бір-екі ауыз ертек, жұмбак, өлең білмейтін қазак болмаған. Бұлар балалардың жасынан жатқа оқып үйренетін, жадын, есін қүшеттүге, сөзді тез жаттауға лағдылануға алған «сабактары» тәрізді болған. Бұл сабактар бащараптарға сөзді есіне бекітуге үйрететін, сөзді такпактап, үйқастырып ырғакқа салуға тәселдіре беретін, тілін шеберлей беруге үйрететін ойнакы сөздер...

Бұл арада айта кететін бір сөз бар: Кіші жұзде, «арайна» деп жырды бастау мынадан қалған екен дейді: казак атанған рулар-лының түп елі, көшпелі ұлы ногайлының мырзасы Мұсаұлы Мамай-лының «Арайна» атты жолдасы жауда жаракаттанып өлерінде: кейінгі жырлардың бәрі, содан былай «арайна» деп басталса екен деп өснегет кылышты-мыс. Сонан бері, жырды «арайна» деп бастау мирас бол-

ған дейді-мыс. Кіші жұз Мұрат ақынның «Қазтуғанның жерінен ауарда айтқан жыры» деп қалдырған жырында жыр «арайна» деп басталады.

Менің ойымша, «арайна» мен «ариайдайдың» түбі бір тәрізді. «Ариайдай» деген сөз – не «ариай» мен «дай» деген жұрнақтан күралған, не, «арайда» деген сөзден шыққан фой деймін... Белгілі кітапши, Нияз Мұқаммет Сүлеймен ұлының 1908 жылы Қазанды бастырған, Омар Жаныбек ұлының жинап берген қазак жұмбак, мақалдарында, «бұрынғының сөздері» деген бөлімінде: «ел шетіне жау келсе, ариайдай айбынды арыстанның бары жақсы» деген сөздер бар. Мұндағы «ариайдай айбынды» деген сөз – «ариай» тәрізді айбынды – деген мәндеге болады. Олай болғанда, «ариай» атты бұрын бір айбынды батыр болған болады. Аркада біреудің ерлігін, мықтылығын мактағанда: «Абылайдай екен!», «әзірет Әлідей екен», «Рұстем дастандай екен» деген келеді. Сондай-ақ «ариайдай айбынды» деген сөзден, бұрынғы заманда, «Ария» атты бір батырдың болғаны рас тәрізденеді. Мұсаұлы Мамайдың жаудан жаралы болып өлген жолдасы, сол «ариай» тәрізденеді. Қазак атанған түрік-монгол руладының түп елі, жалпы қошпелі ногайлыға белгілі батыр болмаса, «менен кейін жырларды» «арина» деп бастаса екен деп өсiet қылар ма еді?.. Сондыктан, жұрт бұзып атап жүрген «арина» мен «ария» бір сөз фой деймін.

Жастық, ойын-күлкі өлеңдері казак ауыз әдебиетінде тіпті көп. Бірақ бұл реттегі өлеңдердің бертінгі заманнан ғана қалған жұрнақтар болмаса, бұрынғы замандардікі біздің заманымызға жетпей ұмытылып қалған. Мұндай өлеңдер – ел әдебиетінде көп шығарылып, тез ұмытылатын түрі. Қазак атанған елдің ауыз әдебиетінің бұл түріне мысал үшін тек – мына бір ғана өлеңжырды келтірдік:

Аулымның аксакалы Қабылбай-лы,
Тойда өлең ақын жігіт жаңылмайды.
Барында оралыңың ойна да құл,
Мереке күнде мүндай табылмайды.

Өлеңді айт дегенде анырап ма,
Тойда өлең ақын жігіт жаңылар ма?
Айт дегендеге өлеңді коя бермей,
Ақын жігіт сөз таппай қаңырап ма?

Әлеңді айт дегенде іркілмеймін,
Жұніндей ак үкінің үлпілдеймін,
Осындаі сөйлер кезім кез келгендеге,
Азырақ жемлей, жорттай бұлкілдеймін.

Колымда бір камшым бар бұлдіргелі,
Лайтамыз біз өлеңді құлдіргелі.
Құрбыжан, ері отырма, бермен отыр,
Кармагым жок отырган ілдіргелі.

Колымда бір камшым бар бұлдіргелі,
Лайтамыз біз өлеңді құлдіргелі.
Осы жакта сұксыр үйрек бар дегенге,
Әкелдім каршығамды ілдіргеслі.

Барады аулым көшіп қыр басына,
Болар ма сырны айтпас құрласына,
Екі асар ебін тапкан дегендейін,
Болар ма ебін таппас бір басына!

* * *

Домбырам басы долана,
Мен сойлеймін конага,
Күнде жиын, күнде той,
Бізге жауап бола ма?

Домбырам басы ыргай-ды,
Қыздар колын бұлгайды,
Бұлгаса да бармаймын,
Әлле не деп каргайды?

Домбырам менің скі ішек,
Қыздар киер түлкі ішік,
Он бармағым сау болса,
Ойнатармын келіншек.

Домбырам менің карагай,
Не сөз кірді арага-ай?
Жылы карап жауап кат,
Құрбым, теріс карамай!

Домбырам басы бал қурай,
Басына конар бозторгай,
Калампырлы насыбай,
Насыбайды атласам, —
Ауырады басым-ай!..

Ойын-күлкі өлеңінің бір алуаны өтірік өлен. Өтірік өлен де көбінесе үйреншікті бір түрде болады. Нұска үшін мына тәмендегі белгілі өленді келтірдік.

ӨТІРІК ӨЛЕҢ

Өтірік өлен айттым да жұртқа жактым,
Құмырсканы қайырып койдай бактым,
Ел қыдырган кешегі есер кезде,
Инеліктің басына тана тақтым.

Бір қоянды міндім де аспанға үштім,
Екпініне шыдамай жерге түстім,
Алты құндей ақ боран соғып еді,
Жалғыз курай ығына ас қып іштім.

Дүниенің ауыры үрген карын,
Жалғыз өзім көтердім сопын бәрін,
Алты атанға үш төстеп артып едім,
Көтере алмай жығылды атандарым.

Дүниенің ауыры үрген күкін,
Жалғыз өзім көтердім аузын буып,
Үлкенің сіркенің арба салдым,
Оңдай мыкты көрмедім өзім туып.

Бес карсақты міндім де базар келдім,
Жүргізе алмай шіркінді азар келдім,
Екі сымбал үстінен тенден алып,
Кара жолдың үстінде борт-борт желдім.

Тай серкеге міндім де жорға салдым,
Баска-көзге төпелеп зорға салдым,
Мені мыкты дегенде жұрт нанбайды, –
Койдай битті көтеріп орга салдым.

Өтірік өлең айтамын су басынан,
Аркан естік зор торғай шудасынан,
Алты инелік боз сона той қылышты,
Кит киістік солардың құдасынан.

Өтірік өлен айтамын ор басынан,
Шымшық пенен бір шыктық төр басына,
Кара шіркей етіне казан толып,
Астая-астая ет жедік ер басына.

Маса деген бірталай бакыр екен,
Сона деген имансыз көлір екен.
Бүгеліктің үйіне сніп барсам,
Әкессіне ас беріп жатыр екен.

Бүгеліктің терісі ер тұрманым,
Коян мініп мен өзім жау кумадым,
Шегірткенің айғырын үстап мініп,
Тұра қашкан тұлқіні бір бұрмадым.

Көл баканың қонектеп қүйегі бар,
Көр тышқаның қырық арба сүйегі бар,
Өзім барып жерінен алып келдім,
Бір тұлқінің қырық құлаш үйегі бар.

Өтірік өлең айтамын өрдің басы,
Жау кияктың түбірі ердің касы,
Өзім барып жерінен алып келдім,
Бір тұлқінің қырық арба омырткасы.

АЙТЫС ӨЛЕНДЕРІ

Казақ болған түрік-монгол руларының ескіден келе жаткан шығындардың әдебиетінің бір саласы – айтыс сөздер. Ел әдебиетіндегі көркемесіп, екі жар болып айтysкан сөздін бізге жеткенінің ескісі – «аужар», «бәдік», «жұмбақ айттысу», «әзіл өлең».

Өз руының шашпауын көтеріп, айтysкан рудын «нашарлығы» қазып, жамандап зор ақындардың жұмыла айттысып, айтыс шығындардың кыздырыған кезі, – билер табы бастаған казак атанған рулар, рулаарды бастаған үстем тап шет елдермен жауласуды қойып, өзара ру таласын қүшейткен заманда болған. Сол өзара қағысып, барын-шынып, жауласуды қүшейткен кезде, казак атанған елдін ауыз шебиетінің тіл өнерінің дені айттыс болған тәрізді. Бұл өсіреле, қалыптап атанған рулар орыс патшасына бағынған дәуірде қатты қызығынан тәрізді. Мұны толығырақ, сол дәуірдін ел әдебиетін тексергенде айттармыз. Бұл бөлімде тек жастардың ойын-құлқі сауық үлкендерін күрганда, «әзіл» ретінде, ойын ретінде, өлеңшілдік салыстырып жарысу ретінде кезек айттысатын өлендерінен, әмбактарынан нұсқа келтіреміз.

Үлкендер жиналған көпшілікті жиын-тойларда, ойын-құлқін, мерекелі орындарда айттыста женілген жақ, женген жаққа «жол» беретін. Жолы бір (9) тоғыз болатын. Сый бергенде, жол

бергенде, «9» қылыш беру түрік-монгол руларында ескіден келген салт, дәстүр болған.

Жигіт

Конады ен жайлауга көшкен ауым,
Колымнан кашып еді қыран шәулім,
Біз келдік ат өксітіп алыс жерден,
Жұрмісің аман-есен, құрбым, соулем.

Қыз

Басына салдықпен шок тағып жүрсің,
Мереке, жынын-тойды бағып жүрсің,
Жаркыным, бір құс үшін ат өксітіп,
Ел-жұртың амандық па, нағып жүрсің?

Жигіт

Басыма әсемдіккес кидім сусар,
Көп жылым көгалалы көлге жусар,
Тағы бір қысырагым желден кетіп,
Соны іздел, мерекеге болдым душар.

Қыз

Кисен ки әсемдіккес камшат сусар,
Көп жылым көгалалы көлге жусар,
Ізделен қысырагын табылды ма.
Ізdemей мерекеге болсан душар.

Жигіт

Келер ме ем атым өксіп сабылмаса,
Айқара атка терлік жабылмаса,
Кез болдым сұксұр құска тәнір айдалап,
Ренжімен қысырагым табылмаса.

Қыз

Желкілдер таулы жерге біткен сасыр,
Жылымнды тасырлатып таудан ассыр,
Ізделен қысырактан безгендей-ак,
Не таптын, құрбым, соңша көніл тасыр?

Жигіт

Үйірі қысырактың макпал кара,
Шашынды қүнде жуып түнде тара,
Көнілімнің тасығанын айтар едім,
Жан соулем сөйлес қылсан екеуара.

Қыз

Айтайын айт дегеннен айым-кайым,
Жараткан көпке ортақ қып тілдін майын,

Сөйлеске екеуара күмар жігіт,
Серттесіп айттысуға бар ма жайын.

Жігіт

Айт десен мен де айтамын айым-кайым,
Жараткан көңкөр ортак қып тілдің майын,
Сөйлессен екеуара меніменен,
Сөзіңе тақ тұрайын, қалкатайым.

Қыз

Киелі әсемдікке камшат сусар,
Көп жылды көгалалы көлге жусар,
Көп жылды көгалалы мениң жылым,
Менімен айттысатын қандай сылым?

Жігіт

Үшады көгла үйрек көлге карсы,
Үясы жануардың желгс карсы,
Көрген сон, сәулем, сені тұралмадым,
Талпынған балапандай жемге карсы.

ЖҰМБАҚ АЙТЫСУ

Жастар бас косқан жердегі көбірек айттылатын ойын-күлкі созі жұмбақ айттысу. Жұмбақ айттысу – хат жазу білмеген көшпелі елдің жастарының, балаларының жас басынан өз өлінше ісійіндерін тапқыштыққа үретіп безейтін, тәрбиелейтін, тілін шеберлейтін, сөзді үйлестіріп, үйқастырып айтуға жаттықтыра-тын «сабак» тәрізді болған дедік.

Мал бақкан көшпелі елдің жұмбақ айттыса білмейтін жасы болмаған. Сөзді үйлестіріп үйқастырып айтуға төсөлген жастар жұмбақты ойынан да шығаратын болған. Билер табы ұстемдік қыл-тап көшпелі елдің жоғарыда айттылған белгілі тұрмысында, қиялын-да бар нәрсенің бәрін-ақ өзінше шеберлеп жұмбақ қыл-тап. Жұмбақты, көбінесе өлшенген, үйқастырылған, такпакты созбен айттып шығаратын болған. Және қара өлеңнің өлшеуімен, үйқастырылуымен де шығаратын болған. Өлең айттыстын бір түрі жұмбақ айттысу болып та кететін. Кей жұмбақ бір затты суреттеп айткан, тек, мысалды, суретті өлең тәрізді болатын.

Жиында, ойын-күлкі дүкені құрылған орындарда жұмбақтан женілген жас женген жаска «жол» беретін. Үлкендер, көпшілік жиналған жиын-тойларда «жолды» тоғыз қылып беретін. Жас-

тардың өзді-өзі жиналған, бала-шаға жиналған, кішкене ойын-күлкі орындарында жұмбактан жеңілген жас «ойын жазасын» тартатын.

Мысал үшін бірнеше жұмбакты келтірейік:

A ū t u s i
Бір жәндікті көрдім аласа,
Тұрі басқа тамаша,
Ешбір жаңға қосылмай,
Жүреді өзі онаша,
Ешбірі батып алмайды,
Каскыр, аю, жолбарыс,
Ортага алып камаса,
Ұялады өзі жиырылып,
Тіктеп біреу караса,
Не баран емес, не қылан, –
Өзінің түсі алаша?..
Ине мен біздей кірер еді,
Жалымен дәлдеп қадаса.

Ш e ш u s i
Бұл айтқаның кірпі гой,
Тұқтері біздей түрпі гой,
Тұғнінің тұрі алаша,
Инедей кірер қадаса,
Өзі үялшашаң дегенің,
Кісі көрсс жиырылып,
Домаланып иіріліп,
Жатып, алад, жүрмейді,
Арыстан, аю, жолбарыс,
Алуын оның білмейді.

A ū t u s i
Тәнірдің бір құсы бар:
Қанаты алты, жұні жок,
Сайрайтын тілі, үні жок.
Жерде де жок мекені,
Кекте дессем сбі жок,
Жайынан шыкса өлеңі, –
Оған қылар емі жок.

Ш e ш u s i
Бұл сөзінің анық-ты,
Бұл бір бөлек халық-ты,
Қанаты алты, жұні жок.
Сайрайтын тілі, үні жок,
Суда жүзіп жүреді,

Құрға шыкса өледі,
Бұл айтқаның балық-ты.

A ū t u w a

Бір кеп бар катпар карын күрілдесен,
Ішінде куаты бар көрінбекен,
Адамзаттың колында ықтияры,
Өзі жансыз қызметке ерінбекен,
Өзінің жалғыз аузы бар,
Демімен алтын жайнайды,
Күрілдеп демін алғана,
Алтыннан үшкын ойнайды.
Ағаштан піскен ас жейді,
Кап-кара және тас жейді,
Аузына тола тас салсан,
Екі үртү тола дем алып,
Кезек-кезек үрлейді.
Катпар карын гүрлейді,
Бір үртү демгө толады, –
Бір үртү онда солады.
Лебімен кек тас балқиды,
Демімен жалын шалқиды.
Екі адам тұrap алдында,
Тұрлери бірде қуарып,
Бірде тагы қуанып,
Колдары құрыш темірден,
Кек болатты жемірген,
Көп карынның легімен,
Кек тасты отка кайнатып,
Қып-қызыл ғып жайнатып,
Кек темірге оны шайнатып,
Созғылап кос қол билейді.
Ауыр құрыш жұдырық,
Жайнаған тасты ойнатып.

Ш e ш u i

Мұның көрік екен күрілдесе,
Ішінде жел күтырып дүрілдесе,
Ұста отыр, қышқаш ап, балға соқкан,
Алтын үшкын ұшады от үрілдесе.

ЖҰМБАҚТАР

I

Жансыздан жалғыз шықкан боз арғымак,
Аркан бар арқасында шумак-шумак.
Ашамайын бауырына тарта салып,
Камшы басса кетеді зулап-зулап.

(Дамбыра)

II

Накыстап боз жорғага құйме салдық,
Мойынана катар-катар түйме салдық.
Серіз қыз, серіз жігіт қосылдырып,
Күбылтып неше түрлі өн-құйге салдық.

III

Кос желі үш жерінен казығы бар,
Күбылған коңыр желден азығы бар,
Желіні сабалайды дынылдатып
Байгұсты сүйтетін не жазығы бар?

IV

Тиіп кетсе жылаған,
Дауысы жұртқа ұнаған,
Ішінде кос ішегі бар,
Жел мен құстан тегі бар.

Бір құс бар тұмсығы үшкір алмас құрыш,
Зымырап тұзу үшад аумай бұрыс,
Үшырсаң кан үрттауга ынтық болад,
Үяда жайшылықта жатып тыныш.

(Садақ)

Сүмбіл теректі,
Жасыл желекті,
Ерден калмайды, –
Жауға керекті.
Тұмсығы сұық,
Шап басын қып,
Кодиса артынан,
Келтірмे жуық.

(Наңза)

Ары лап-лап,
Бері лап-лап,
Кигіз қаптап,
Сүнгі салтап.

(*Есік*)

Бір нәрсе бес буынды тиегі бар,
Темірден салбыраған иегі бар.
Сабагы бірі колда, бірі белде,
Аламга жүрген-тұрган керегі бар.

(*Жүген, тізгін, ауыздық*)

Белі қайкы, жопы тайкы...

(*Кылыш*)

Киырсыз бір теніз бар ол немене
Күбылып калқылы алтын бір тегене.
Сансыз құс жүзеді ойнап, ортасында,
Алты каз, жеті үйрек, үш бөдене.
Окшау жүр, ак шагала, көк шагала,
Теніздің ортасында алтын шеге.

(*Ай, Жетіқарақшы, Үркөр, Ақбазат, Қекбазат, Үшарқар, Темірқазық*)

Ақ сандығым ашылды,
Ішінен жібек шашылды.

(*Күшінің көзі*)

Өмір-өмір өмірден,
Жаккан оты көмірден,
Зымиян деген бір құс бар, –
Жұмырткасы темірден.

(*Мылтық*)

Ерте тұрдым, скі айыр жолға түстім.
(*Шалбар*)

Ана ауылдың бурасы,
Мына ауылдың бурасы,
Желкілдейді шуласы.

(*Тұмін*)

Үстасып бірнеше ру жан сактаған,
Тапжылмай құс тұтқауыл алшактаған,
Сан жігіт колдарында бір-бір наиза,
Басына ту көтеріп кан сактаған.

(*Киіз үйдін кереге, уық, шаңырағы*)

Шаршамас кемпір көрдік жалғыз аяқ
Аузына тістеп алған шиден таяқ.
Жұрген сайын белбеуді қабаттайды,
Беріпті әсемдікті аямай-ак.
(Ұршық)

Аузыы арылмайды бір-ак кары.
Тірідей кісі жұтты көрдің бе оны?
Сүйегі бағасы артық, жок-ты жаны,
Терісін сыйдырып алсаң тамбас каны.
(Киіз рұ)

Кара сиырым қарап тұр,
Сары сиырым жалап тұр.
(Қазан, от)

Қарабай аттан жығылды,
Ел-жұрт жиылды.
(Қазан)

Аламаш аяқ,
Алты таяқ,
Жұғірсем де жетпеймін жаланаяк.
(Колецке)

Жағалап қалап тас койдым,
Жирен атты бос койдым.
(Тіс, міл)

Ел жатса да енекем жатпайды.
(Сиыр)

Аласа ғана бойы бар,
Айналдырып киген тоны бар.
(Қою)

Белі бүкір еді,
Алыска түкіреді.
(Мылтық)

Бір нәрсе жерден ұшып жоғарлаган,
Айналып жер жүзінс коналмаган.
Ойылып ұшқан жеріндегі із қалады,
Сол іздін қалған жері оғалмаган.
(От, түтін)

Мұрнында бар инесі,
Белінде бар түймесі.

Үстінде бар құймесі.
Лузын ашса от жұтқан,
Ол айдаңардың пеменесі?
(Шам, қайши)

Алдымы жок, ізі бар аяғынын,
Созса ұшы жетпейді таяғының,
Екі колын айуанға арта салып,
Әніне салады екен баяғынын.
(Арба)

Жастардың айтыс өлеңдерінде де, жұмбактарында да ескі тұрмыс суреттері, сол тұрмыс жүзінде ұстемдік қылған хандар, ғылымилар, билер табының әсерлері айқын көрінеді.

ЖАНЫЛТПАШ

Жастардың, бала-шағаның жиналып ойын-күлкі «дүкенін» құрған орында айтылатын айтыстың бірі – жаңылтпаш. Бұл да өртек, өлең, жұмбак айтысу тәрізді жастардың, балалардың тілге үстануларына, ойнақы, қырлы сөздерді қақпакылша атқылап, өнімдеп еркін сөйлеуге төселеудерінен өз әлінше әдемі сабак, тәжірибе болатын ойын.

Ойнакы, қырлы, киын дыбысты сөздерді билеп еркін сөйлеу-те төселеу ретінде балаларға, жастарға жас басынан сабак – ойын болатын нәрсе әсіресе осы жаңылтпаш.

Жаңылтпаш әдейіленіп, тілдің орамдылығын, тілдің өте ынгайлылығын тілейтін, айтуға киын, қырлы сөздерден құралған болады. Тілдің орамы келмей, тілдің ынғайы келмей, кішкене қырлан тайып кетсе, тізілген сөз мұлт айтылса, айтуышы мазак боларлық, құлқі боларлық, айтуышыға ұят келерлік сөздерден құрылған болады.

Жаңылтпашты түзу айтып шыға алмаған жас өзге жастардың алдында тиісті «жазасын» тартатын болған. Сондықтан, жаңылтпаш – ойнаған жас киыннан құралған қырлы сөздерді жаңылмай айтуға тырысатын.

Сөйттегі болғандықтан, жаңылтпаш жастардың тілін безеп, киыннан құралған сөздерді киыстырып айтуға дағдыландыратын.

Мысал үшін жаңылтпаш сөздерінен мына бір төмендегілерді келтірейік:

Базардан алып келген ала бокжама,
Мен бокжамаламай кім бокжамалайды,
Мен бокжамаламай кім бокжамалайды.

Ар жактағы құдияр құдам еді,
Оны мен құдаламадым,
Ол мені құдаламады.
Оны мен құдаламадым,
Ол мені құдаламады.

Отыра таудың басында
Отау тікпек ойналы,
Отауымды котаныма тігем
Котанымды отауыма тігем.

Құдагиға сактаған сүр,
балкаймак,
Ол балкаймакты мен жаламай кім жалайды.
Ол балкаймакты мен жаламай кім жалайды.

Төбесі төбел төрт бөрік,
Төртеуі де көк бөрік.

Сыпыра сөктім, сыпыра тіктім
Сыпыра сөктім, сыпыра тіктім.

Кара бүркіт томагасын түсірді,
Оны мен томагаламай кім томагалайды,
Оны мен томагаламай кім томагалайды.

Мына сайда отырган бай Багланбай,
Бұл кай бай Багланбай?
Бұл кай бай Багланбай?

БАЛАЛАР ОЙЫНЫ

Оқу, жазу білмеген, мектеп-медресесінде жок көшпелі елдің ойын-күлкі, сауық, мереке үстінде ән-күй, өлең-жыр, әнгіме дүкендерін құрған орындарда айтывлатын көркем сөздері жастарға, балаларға, өз әлінше сабак тәрізді болса, өзінше оқу, үйрену, тәрбие, өнеге болса, балалардың өздері бөлек ойнағанда да айтатын ойын сөздер шығарылған.

Бұл ойын тактикалықтарын балалар жасынан жаттап, ырғакты, өлшеулі, үйқасты көркем сөзге жасынан әлінше тілін үйретіп, есін тәрбиелеп, жадын ысылдыра береді.

Балалардың ойын тақпактарының ескіден келгендері де сол билер табы әкімшілік қылған руға жіктеліп, мал өсіріп, кен өріске, жайлы қоныска таласып, жат елмен жауласып және өзара қағысып, соғысып, шабысып жүрген заман санасының әсерлерімен, горбиелесімен туғандығын көрсетеді. Балалардың бертінгі заман-лагы шықкан ойындары, сол бертінгі замандағы елдің сана күйін көрсетеді.

Хандар, билер, батырлар билеген көшпелі заманың тұрмыс санасының тәрбиесін, әсерлерін көрсететін балалар ойындарына мысал үшін балалар ойындарының тақпактарынан мына бір тақпактарды көлтірейік.

ТҮЙЕ-ТҮЙЕ, ТҮЙЕЛЕР

I

Түйе-түйе, түйслер,
Тұзын кайда, түйелер!
Балқан таудың басында,
Балды қоян қасында...
Еніп кеттім егіске,
Койным толды жеміске,
Жемісімді жерге бердім,
Жер жусанын берді.
Жусанын мениң койға бердім,
Кой маған кошаканын берді.
Кошаканды мен конакка сойдым,
Конак маған камшысын берді.
Камшысын мен казға бердім,
Каз маған жұмыртқасын берді.
Жұмыртканы мен енекеме бердім.
Енекем маған бір алашатай берді
Алашатайға мін, – деді.
Олай-бұлай жүр, – деді.
Қызды ауылға тұс, – деді,
Қымызынан іш, – деді.
Қымызынан бермесе, –
Тайына міне шап, – деді,
Қызын ала каш, – деді.

II

...камшысын қызға бердім,
Қыз түймесін берді,
Түймесін көлгө бердім, –
Көл кебігін берді.

Көбігін терекке бердім –
Терек кабығын берді,
Кабығын келіншекке бердім,
Келіншек орамалың берді.
Орамалың апама бердім, –
Апам асық берді,
Асығын мұзға бердім,
Мұз сүйн берді.
Сүйн кара сиырга бердім,
Кара сиыр сүтін берді.
Сүтін пісіріп отырып едім,
Көбелек келіп күрп етіп,
Көбігін ішіп ол кетті.
Жапалак келіп жалп етіп,
Жармысын ішіп ол кетті.
Сауыскан келіп сақ етіп,
Сарқып ішіп ол кетті.
Әтекем келіп еді,
Каспағын қырып бердім...

III

Тем-тем, тем еткен,
Тебінгіден тер өткен,
Канжыгадан кан өткен,
Қарагай басын кайырган.
Калмактан жылқы айырган.
Ай керек-ая, ай керек,
Айдың басы дөнгелек.
Ақ серек пен көк серек,
Шауып алдым бай терек,
Сонау тұрган пәленнің езі керек.

IV

Ертең аулым көшеді,
Уық бауын шешеді.
Кара койым кашады,
Күмалагын шашады...
Ақ сандық...
Көк сандық...
Аркан тарт...
Кілем арт!..

V

Ауылын кайда?
– Аскар тауда.
Койын кайда?
– Кошкар тауда.
Койын не жейді?
– Жусан жейді.

Не тышады?
— Май тышады!..

Жұмбак, ертек, сан үйрену ретінде, балалардың «bastapқы сабак» тәрізді, жасынан жатқа алғы үйренетін ойын сөздерінс мисал үшін тағы мына бір сөздерді кіргізейік:

САУСАҚ САНАУ ОЙЫНЫ

I

Куыр-куыр куырмаш
Балаларга бидай шаш!
Бас бармак!
Балалы үйрек!
Ортан терек
Шылдыр шұмек!
Кішкене бәбек!
Сен, тұр — койына бар!
Сен, тұр — козыңа бар!
Сен, тұр — жылқыңа бар!
Сен, тұр — сиырыңа бар!
Сен, тұр — түйсіне бар!..

II

Бір,
Білән,
Кәлән,
Кәтіс,
Отыс.

III

Бірім — бірім,
Екім — екім,
Үшім — үшім,
Төртім — төртім,
Бесім — бесім.
Алтым — алтым,
Ауыр балтам,
Калды калкам,
Кыркылдауык,
Кырман тауык,
Нолпық-солпық.
Сен кір, сен шық.
Бір дегенің — білеу,
Екі дегенің — егез,
Үш дегенің — үскі,

Төрт дегенің – төсек.
Бес дегенің – бесік,
Алты дегенің – асық.
Жеті дегенің – желке,
Серіз дегенің – серке.
Тоғыз дегенің – торка.
Он дегенің – оймак,
Он бір кара жұмбак... –

деп шешеді.

IV

Балалардың ертек айтып ойнағанда бастап үйренетін «сабағы» мынау:

Ертек-ертек, ерте екен,
Ешкі жұні бөрте екен,
Қыргауылы қызыл екен,
Құйрық жұні ұзын екен.
Мұзға мінген екен,
Бұты сынған екен:
«Мұз-мұз, сен, неден
Күшті болдың?» депті.
«Мен күшті болсам,
Бауырымды жаңбыраға
Тестірмес едім».
«Жаңбыр-жаңбыр, сен неден
Күшті болдың?»
«Мен күшті болсам,
Жерге жұтқызар ма сдім» –

деп бірқалыпты сұрау мен жауапты шұбыртып кетеді.

БАЛАЛАРДЫҢ МАЛШЫЛЫҚ ТҮРМЫСТАН ТУҒАН ОЙЫН ТАҚПАҚТАРЫ

I

Асық ойнаған, азар,
Доп ойнаған, тозар.
Бәрінен кой бағып, көтен
Жеген озар...
Асық ойнаған, актық,
Доп ойнаған, топтық,
Бәрінен кой бағып,
Көтен жеген, тоқтық.

ҚАСҚЫР ҚОЙШЫЛАРҒА АЙТАДЫ ДЕП ОЙНАЙТЫН ТАКПАҚ

II

Бала койшы,
Алышта ойнап кала койшы.
Төрт койшы,
Тәбә койшы:
Бір токтыңды берсе койшы.
Үш койшы,
Өле койшы,
Ең кішінді көмे койшы!
Екі койшы,
Ермеск койшы,
Бір токтыңды бермек койшы!
Атты койшы,
Ашуы катты койшы.
Түйелі койшы,
Тұрган койшы.
Төбесінен ұрган койшы.
Өгізді койшы,
Өлген койшы.
Жеп болғанда көрген койшы.

III

Ешкі бактым, еңіреп бактым,
Кой бактым, конырау тактым.
Сиыр бактым, сидан кактым.
Жылкы бактым, жоргалаттым.
Түйе бактым, түйімс тактым.
Лак бактым, жылап бактым.

IV. ЕШКІ

Ешкі койды бастаған,
Койды артына тастаған.
Ешкі деген жануар,
Сойса саны қалактай,
Саяса сүті бұлактай,
Ешкі деген жануар,
«Баста!» десе бастаған,
Кайырып мүйіз жастаған,
Жанына лак келгенде,
Сүзіп, сүзіп тастаған.
Жалғыз конак келгенде,
Жараулысын кайтерсін,
Екі конак келгенде,
Ерттеулісін кайтерсін.

Үш конак келгенде,
Үй ішімен тоймайды.
Алты конак келгенде,
Арытпағаның кайтерсін,
Жеті конак келгенде;
Жетлегенің кайтерсін.
Тоғыз конак келгенде,
Тоймаганың кайтерсін.
Ұйыктап қалған балаға
Қоймағаның кайтерсін.
Тастан тасқа секіріп
Ойнағаның кайтерсін.
Жауын жауса коргалап,
Шек десе де иесі,
Болмаганың кайтерсін...

V. ТОРПАК

Жұмбағым да жұмбағым,
Жорға кара торпағым.
Тұскейдегі бетеге,
Теріп жеген торпағым.
Дүлей, қалың сары камыс,
Аралаган торпағым.
Атқа сабан салғанда,
Сығалаған торпағым.
Аска-тойға мінгендеге,
Жорғалаған торпағым.
Окыра қуып кеткенде
Корғалаған торпағым.
Кешегі күн кешінде,
Бұғінгі күн бесінде
Кара каска торпағым.
Жогалыпты коркамын...
Аска барған катындар,
Алшандамай кайтындар!
Алдында торпак көрінсе,
Жылдам маған айтындар.
Тойға барған катындар,
Тойтандамай кайтындар,
Топ сиырдың ішінде,
Торпак көрсөн айтындар...
Енді өңгіме не керек?
Тауып алдым торпакты,
Карап жүріп копакты.
Үстап алдым жатактан,
Бадырак коян коркакты.
Кояны да құрысын,
Етегімдегі талканды

Коян тулап төккені,
Ашумы келіп сол жерде,
Торпагымды сөккенім,
Күйле мініп торпағым,
Ойбайына коймадым,
Кырга шығып қырандаш,
Дөңгө шығып тырандаш,
Кеткенінді коймадың,
Аш бөрідей жылмағаш,
Асыр салып ойнадың,
Бұл жүрісті коймасан,
Ұстап сені соямын!..

Міне, ойын-күлкі орындарында жастардың айттысатын, ке-
іек олең, әзіл өлендері, жұмбак өлең-жырлары, жұмбақ сөздері,
жылтапаш сөздері, тіпті жас балалардың ойын тақпактары да,
Бөрі сол, үстем табы билеп, мал өсірген, кен өріс, жайлы қоныс
куилап, ру-руға жіктеліп, қоныска таласып қағысып, шабысып
жүрген көшпелі заман тұрмысының қалпын сөз қылғанын
корсетеді. Сол тұрмыстың санасын, сезімін көрсетеді. Бәрі де сол
тұрмыстан туған, батырлар, байлар, хандар, билер үстемдік жүр-
ттіген ру-ру болып шабысып, жауласып, мал өсімімен тіршілік
қылған елдің тұрмысына лайықты қылып тәрбиелейтінін айқын
коресіз... әзіл, айттыс өленінде, тұр ретінде, сол ескі көшпелі за-
ман тұрмысынан өзінше көркемдеп, сұлуулап келтірген көрнекті
суреттер бар. Мысалы:

«Ұшады қек ала үйрек көлге карсы,
Ұясы жануардың желге карсы...»
«...кек жылкы қөгалалы қолға жусар...»
«...Үйірі қысыраптың макпал кара...»
«...Көш басшы қек шалғышыңың басын буар...»

Бұл сөздер, ескіліктегі билер табы үстемдік қылған мал бақ-
қан көшпелі тұрмыстың өзінше сұлуулап келтірген суреттері.

Онсон, жұмбактағы:

Сүмбіл теректі,
Жасыл жслекті,
Ерден калмайды
Жауға керекті...
Тұмсыбы суық,
Жаппасын қуып,
Кудиса сыртыннац,
Келтірме жуық... —

деген жұмбақпен және балалардың ойын тақпактарындағы «тем-тем, тем екен» деген тақпактар шабысқан, жаугершілік заманның жастарға жұмбак болған, балаларға ойын болған суреттері екенін көреміз. Балалардың бертінгі заманда шықкан ойын сөздері, сол бертінгі заманың көленкелерін елестетеді. Ол бертінгі заманың ойын сөздерін бұл араға көп кіргізбедік.

VI. БИЛЕР СӨЗДЕРІ

Ру бастықтарының (ру ішіндегі ұstem таптың) кол астында болып, сол ру бастықтарының ықпалында ру-руға жіктеліп, кен өріске таласып, көршілес елдермен, көршілес рулармен жауласқан аргы шікі ескіліктері надан замандарда, өзгелерден тәжірибесі артық, өзгелерден көрі тілге ұстарған ру басылар шешен атанаып, би атанаып, жазу, оку білмейтін елдің тіршілігін, санасын билейтін болған. Ондай адамдар жазылған заны жоқ, хат білмейтін елдің ру бастықтарының санасымен құрылған ауызша айттылатын заныны ережелерін жинап сактаушысы тәрізді болып, заныны төрелігін іздеп, занға жүгінбек болған жұрт солардың алдына билікке келетін болған. Сөйтіп, ондай адамдар жұртқа билік айттының нағыз мықты ру басы болып, ұstemдік жүргізетін болған. Бөтен рулармен жауласып, ру болып жауға аттанған заманда батырлар ұstemдігі қүшайсе, жайшылықта бөтен рулармен білек құшімен тенеспей, тіл құшімен тенескенде, әлгідей зан ережелерін жұртқа жүйелі қылып жақсылап айта білетін шешен билердің ұstemдігі қүшайетін болған.

Сонымен, әлгі қара құш майданында, өзгелерден артық қайрат көрсетіп, «жая мұқататын» батыр атанған адамдармен, басқа рулармен тіл құшімен тенескен, тіл майданында тіл өнерін көрсеткен, шешен атанған, би атанған адамдардың бүкіл ру ықпалында болған.

Руға бастық болып, би атанған адамдар, сол өздерінің билігімен құрылған ру бастықтарының (ұstem таптың) ықпалымен құралған салт-санага мықты «қүзет» болатын болған. Ру-руға жіктелген, ру бастықтарының ықпалындағы ел тұрмысының әртүрлі сала, әртүрлі бөлшектеріне, әлгі ұstem тап ықпалымен құрылған тұрмыс тәжірибесінен екшеліп ереже, зан болып шықкан кортындыларды билер айырым-айырым қылып, жинақты,

көркем сөзбен жатқа алуға женіл, айтуға онай, ыңғайлы қылыш үйкастырып, үйлестіріп шығаратын болған...

Сөйтіп, ру бастықтарына бағынған көшпелі елдің тұрмысының әртүрлі саласының бөріне де керекті үлгілі тәжірибелі, тілге үстарған билер жөндеп, пішіп беріп отырған. Және, кейінгі билер, бұрынғы пішілген үлгілерді «түзетіп», ру бастықтарына ғыныған ескіліктен қалған салт-санана, «ұлғі-өнегелерге» камкорлық қылыш, қорғап, ол ескі «ұлтін» кезінде, тұрмыс анызына қирай ру бастықтарының санасымен, «жанғыртып» та отырған.

Ру басы, би болған адамдар, жасынан сол ескіліктен қалған екіншенді, түйінді, қорытынды тәжірибе сөздерін зерттеп, «ескі сөз» ғылметін адамдардың сөздерін көп тындал, соларды жадына тоқынын. Сондай, ескі тұрмыстан қалған тіл, сөз, өнеге мұрасына ие болып, «ұлғі», «өнеге», «нақыл», «зан», ереже сөздерін әдемілеп әйтуға дағдыланып, ысыла беретін. Соңан соң, сол билер үстемдік қылған тұрмысқа пайдалы, үлгілі, занды ереже боларлық сөздердің ішері де жанынан шығарып айтуға тырысатын. Топ ішінде сөйлеген, болашак жас биге, сака билер «сын» беріп, «баға» беретін торізді болған.

Мына бір жыр сондай топ ішінде сөйлеген болашак биге қарт бидің айтқан сөзі тәрізді:

...Көп ішінде сөйлеген,
Жас жігіт, саған карасам, –
Кара лашын – түйгісін.
Асылыңа карасам, –
Құс алатын қыргисын.
Қызыл тілге келгенде. –
Сар садактың оғынлай.
Көлденендең зыргисын.
Көрмегениң сұраймын, –
Руынды білдірші, –
Кай ел едін жарқыным?
Сөзді жұптаң, түйдектеп,
Бәйгі атындаш шүлгісін!

Барлық өнегелі, көркем, сырлы әдебиеті, занды ережелі, түйінді сөздері жүрттың жадындаған, жүрттың аузындаған болған, билер, батырлар, хандар, байлар табының үстемдігі жүрген елдің ескі тұрмысының тәжірибе екшенді, кортынды, түйінді сөздерін, зандарын, ру шежіресін, салт-дәстүр ережелерін, сана, тәрбие нақылдарын, үлгі өнегелерін – бәрін өзгелерден артық

білген адам және өзі де өнегелі сөздерді жаңынан айта білген адам, сол елге айрықша «қадірлі» болған.

Хандар, батырлар, билер, байлар табының және олардың ықпалындағы елдін, жаугершілік ретінде, жастарға «ұлгі» қылатыны – ру болып басқа елмен жауласканда, соғыс майданында «жауды мұқататын» батыр болса, жайшылықта, «ұлгі» қылатыны басқа румен тіл майданында, «дүспанға» сөз жібермеген шешен би болатын. Ондай билер, шешендер және топта жыр жырлап, жүрттты аузына қаратқан сыншы, болжаушы, шежіре жыраулар – үстем тап ықпалындағы руга қасиетті, өнерлі деп саналатын.

«Өнер алды – қызыл тіл» деген сөз, зан болған.

Үстем таптың және үстем тап ықпалындағы елдің санасын, тәжірибесін билеген, ескілік салт-санасы камкор, күзет болған, елдің занының, ережелерінің бұзылмауына күзет болған, елге «өнегелі», «ұлгілі» сөз айтқан билер ислам дінінің дәүірлеп тұрған заманында мұсылман елінің тұрмысын, санасын, тәрбиесін билеген, шарифат патуа айтқан ғалымдар тәрізді болған. Не қазіргі замандағы, өзіміздін зан, үгіт-насихат, білім орындарымыз тәрізді болған.

Тілге ұстарып алған шешен билердің жырмен, такпакпен айтпайтын мәнді сөзі болмаған. Эр нәрсенін жайын, такпакпен, жырмен айта берген.

Ескіліктегі үстемдік қылған хандар, билер, батырлар, байлар табының салт-санасына билер күзет болған дедік.

Сол өздерінің үстем табының салт-санасына күзет, камкор болған билер – салт заның, бұқара былай тұрсын, хандарда да, байларда да, батырларда да бұздырмауға тырыскан.

Сөйтіп хандардың да, батырлардың да, байлардың да «катерлерін» айттып, міндерін айттып, өз табының санасымен құрылған жолдан «тайынқырағанын» түзетіп, тұра жолға салушы билер болған.

Мыкты билер, тілін алмаған хандарды, бір кезде, тақтарынан қуыршақша алып тастап та отырған.

Токтамыс ханды ордадан қуалаган Едігеби, Шағатай ұлысындағы хандарды қуыршақша ұстаған Ақсақ Темір би бұған мысал бола алады.

Едігебиден қашып Токтамыс хан ордасын тастап кетерде айтылған жыр деген мынандай сөз бұл жәйтті суреттейді:

... Ей, жігіттер, шоралар!
Ормамбет би өлгенде,
Он сан ногай болгенде,
Санаазар батыр жауынан,
Жаралы болып келгенде,
«Алаш та – алаш болғанда,
Алаша хан болғанда»
Лязды құнде аришындал,
Арасан оты жанганды,
Бура мұздан тайғанды,
Шықырлаған буырынын,
Бас көтеріп тұрганды,
Ханшан кайрат кеткенде,
Биге медет жеткенде,
Хан кашып би құғанды,
Хан Токтамыс карланып
«Байтағым!» дес, зарланып,
Айтып жылай жоңелді...

Ал өйтпеген күнде, хандар, көбінесе, билердің ақылымен ханлық құрған.

Билер, өздерінің үстем табының салт-санасына қамкорлық қылып, салт занынан, санасынан хандарды да аудармай ұстауға тырысқандығын, ескі ел өдебиетінде, «Әдет» әнгімесіндегі мына бір сөз көрсететін сияқты.

«... Эз Жәнібек хан үш кайтара той қылыпты...

1) Астрахан қаласын салдырып, той қылыпты. 2) Даладағы колге шекер төктіріп, аккуды мас қылып, құладынға ілдіріп, той қылыпты. 3) Карындасты Қаныбет сұлуды Мығалы байдын ұлы Тастанірге бермек болып, той қылыпты. Үш тойдың үшеуіне де шақырылған Асан кайғы би келменті. Эз Жәнібек Асан биге тортінші рет кісі жіберген соң Асан би келіпті.

Жәнібек: «Е, Асан, үш қабат жұрт жиып той қылдым, тойыма сені шақырдым, келмегенің қалай?» – депті.

Сонда, Асан би:

...Алты атанға кос артып,
Алты жыл коныс қарағым,
Кырында дес қызығы,
Суында дес балығы,
Бұл жерді өзім қаладым...
Астрахандай қаланы,
Жат жұрт әкеп салдырыны,
Көнілімді жаман қалдырыны...

Көлге шекер төктірдін,
Шекерге акку бәктірдін,
Акку көлдің көркі еді,
Көлдегі сұлу ерке еді,
Акку күс – ару, төре еді, –
Күладынға қуды ілдірдін,
Ак мамығын жұлдыздын,
Күладынға қуды жем қылдын.
Төрені кормен тен қылдын.
Түбінде өз басына кслер деп,
Күладындай бір жаманнан өлер деп,
Саган өкпелеп келмедім, –

депті.

Жәнібек хан: «Жа, ол олай екен. Мына қарындастың Қаныбетті Мығалы байдың ұлы Тастанір мырзага беруге той жасап шақырдым, соған неге келмедің?» – депті.

Сонда Асан би:

...Ұсарма, билер, ұсарма?
Аргымактың аяғын,
Алтынменен тағалап,
Күміспенен шегелеп,
Шіі жібек тұрганда,
Арканменен тұсар ма?
Хан да етірік айтар ма?
Хан жарлығы кайтар ма?
Өз Жәнібек дейтін хан ием,
Әуелгі сөзін ұмытып,
Айсылдың ару Әмет тұрганда,
Мығалы байдың ұлына,
Бұкасын баккан құлына,
Тастемірдей жаманга,
Қарындастың берерге ұсар ма?.. –

депті.

Әз Жәнібек хан қарындастың бұрын Айсыл болдің баласы – Әметке бермек болады екен. Әз Жәнібек, енді, бұрынғы сөзді бұзып, сол қарындастың Мығалы байдың баласына бермек болғына, Асан би бұл сөзді наразы болып айтыпты. Сонсон, қызды, бұрынғы уәде бойынша Әмет алады.

Сонымен рудың тұрмыс тұтқасының жуан ортасы билердің қолында болған.

Ал би мен батыр таразының екі жақ басына түскенде, биді лөріптейтін болған:

Батыр деген, барак ит,
Екінші бірі табады.
Би деген ақ шаригат,
Ілуден біреу шыгады... —

деген мәтел мен «... Елге бай құт емес, би құт» деген мәтел елге жайылған.

Бұл билер сөздерінің негізгі мәні, ішкі дәні сол билер, хандар, батырлар, байлар үстемдігі жүрген ескіліктегі ру-руға жіктеліп, жерге сыймай жауласқан заманның қалпын, қаймағын бұздыртпау болады. Және, шын билер, өздерінше, әділдік күзетшісі болып та санаған. Мысалы: азға қөпшілік қылып, билер табы билеген сол қаман занынан тыскары істеген зорлықтарына өздерінше тыюо салуға да іс қылып, үгіт жүргізген. Арғын Байдалы би айтты деген сөзде:

...Алтыншы тілеу тіленіз, —
Ақмақ тілін алмаска.
Жетінші тілеу тілсіз, —
Атадан алтау тұдым деп,
Жалғызға жапа салмаска... —

дегені осындай үгіт... Оナン сон, момынның малың билер табы билеген заманның «занынан» тыскары түрде жеген жебірлерге ле өздерінше қарсы сөз жүргізген. Әрине, мұның бәрі де, тек сол билер, байлар, хандар, батырлар үстемдік қылған рушыл түрмис-тын қаймағын бұзбасын деген шектін ішінен шықпайтын істер болған.

Және билер, шешендер, сол өз табы билеген рудың бірлігінің қаймағы, шырышы бұзылмау қамын ойлап, үгіт жүргізген. Оナン сон, түрмистын, заманның, ақырында болса да, аздаң өзгеріп бара жатканын көріп, сол билер табы билеген түрмистын күші олсіреп баратқанын көріп, уайым қылып, бұрынғы түрмисты қекsep, мұн сөздер, уайымды сөздер айтқан. Және онымен катар, омірдің өтіп, бұрынғының тозып бара жатканына мұнайып, уайым сөздер айтқан.

Мысалы, мынау тәрізді жырлар, оқып көрейік:

...Аргымак жабы көрінеп, –
Аса шауып бұланса.
Жайқын көл батпак атанар, –
Айдыны құрып суалса.
Бәйтерек сабау көрінеп, –
Жапырағы түсіп куарса.
Бір азғана сәйлейін, –
Әлеумет, сізге, үнласа!
Аргымак жайлап не керек, –
Артынан жабы жеткен соң?
Ағайын, туган не керек, –
Андышын құні өткен соң?
Қызыл тілім, сәйлеп кал,
Қызығыңды жер көрер,
Ажал күшп җеткен соң
Айт! дейтүғын жүрт қайда?
Айтатын оны біз қайда,
Бір төбенің басына,
Тыға салып кеткен соң...

Казақ атанған елдің ескіліктен келген ауыз әдебиетінің, көркем сөз, тіл мұрасының бәрі де – сол «ескіліктегі» байлар, хандар, билер, батырлар билеген рушылдық замандардың санасымен айтылған сөздер екені, өзінен өзі айқын көрінеді. Мұны билер сөздері тым айқын көрсетеді...

Билер сөздерінің ескілерінің бәрі-ак ұмытылып қалған. Біздің заманға жетіп отырган билер сөздерінің көбі-ак сонғырақ заман билерінікі. Оnda да, тек, әрбір бидің түгел сөзі емес, тозып келген, үзік-үзік жұрнақтары.

Сонан соң, «пәлен бидің сөзі екен» деген сөздің көбі сол бидің өз жанынан шығарған сөзі екенін бекіте айту қыын. Өйткені, бір бидің сөзін екінші би жатқа алып, өзінікі қылып айта берген. Осы құні, бір рудан «пәлен би айтқан екен» деген сөздерді тексеріп келсен, ол биден талай жыл бұрын басқа бір би айтқан сөз болып шығады.

Мысалы: Осы бөлімде келтірген «Ысты Бөлтірік би, адамы өлген, бір ру бастығына айтқан екен» деген сөзді: алып тексеріп карасаң – бұрынғы замандағы билердің айтқан сөзі болып шығады.

...Бекем бу, батыр, белінді,
Мунайтпа мына елінді!
Жүйрік мін де, сұлу күш,
Алсан өсі тілімді!.. –

леген сөзі, Арғын Сүйіндік – Едіге бидің Жәнгір ханға айтты деген сөзінен алғаны көрініп тұр... Едіге би Жәнгір ханға айткан сөзі мынау:

...Ақ сүңкар үшты үядан,
Кол жетпейтін киядан.
Канаты бүтін сүңкар жок.
Тұяғы бүтін тұлпар жок.
Көтер, хан, басыңды!
Іш мына асынды!
Босатпа белінде!
Мұңцайтпа елінде!
Тозбасты ұста сокпайды!
Өмлесті құдай жаратпайды...
Кайбың – жылған жүрттың тобында калады,
Атылған мылтықтың оғында калады,
Жүйрік аттың жалында калады,
Биік таудың талында калады.
Аккан судың бойында калады,
Сұлу катынның қойнинда калады,
Қызық мереке ойында калады,
Істемессен, мойнында калады...

Енді билерден сөз келтірейік:

АРҒЫН РУЫНАН, ҚУАНДЫҚ – АЛТАЙ, БАЙДАЛЫ БИ АЙТКАН ДЕГЕН СӨЗДЕР:

Биік тауга жараскан, –
Басындағы обасы.
Өзен суға жараскан, –
Жагалай біткен когасы.
Рұлы елге жараскан, –
Үлгі айтатын агасы.
Бейбішеге жараскан, –
Орындықты сабасы.
Келіншекке жараскан, –
Емізген үл баласы.
Балалықка жараскан, –
Өнегелі анасы;
Ер жігітке жараскан, –
Колындағы наизасы
Жаксы болса азамат, –
Еліне тиер пайдасы.
Ердің «білдім» дегені, –
Басына салған ойраны.

Көпке сөзін бергені, –
Тастан соккан корғаны.
Өсек басты болады, –
Қыздың жаска толғаны.
Жан түршігер жаман іс, –
Ағайын ала болғаны...
Бірінші тілеу тіленіз, –
Бір тәнірге жазбаска,
Екінші тілеу тіленіз, –
Адам тіліне азбаска.
Үшінші тілеу тіленіз, –
Бәлеге накак құймеске,
Төртінші тілеу тілсіз, –
Білімсіз такқа мінбеске.
Бесінші тілеу тіленіз, –
Катардан кейін қалмаска.
Алтыншы тілеу тіленіз –
Ақмак тілін алмаска.
Жетінші тілеу тіленіз, –
Атадан алтау тұдым деп, –
Жалғызға жала салмаска.
Бұлбулдан шешен бір күс жок,
Бармактай-ак карасы.
Оқтан жылдам ажал жок, –
Тырнактай-ак жарасы.
Көнілін қалса жақынга, –
Алыстырып айтайын, –
Жер мен көктін арасы...

Кайырымды байдың белгісі –
Айдын шалкар көлмен тен.
Кайырымсың байдың белгісі, –
Жапандагы шөлмен тен.
Кас жақсының белгісі, –
Казулы жатқан жолмен тен,
Кас жаманың белгісі, –
Мал жуымас жермен тен.
Жаман болса ұл балан, –
Көзге қүйік, жынмен тei,
Жаксы болса қызы балан, –
Қызы да болса – ұлмен тei.
Жаксы болса катының, –
Шырын сөзді қызбен тен.
Жаман болса катының, –
От басынан ду кептес,
Үй артынан шу кептес, –
Кантарда каткан мұзбен тен.
Коян жүйрік – желіс жок.
Тұлкі жүйрік – дыбыс жок.

Қасқыр жүйрік – карқын жок.
Байтал жүйрік, – барқын жок.
Қатын шешен, ақыл жок.
Құннің беті қызыл – иісі жок.
Құлдын мойны жуаш – күші жок.
Жаманының құлак, мұрның кесіп алсан
Ар, памыспен ісі жок.
Көп неңі айтады? –
Аз қылған зорлығын айтады.
Аз неңі айтады? –
Көптен көрген корлығын айтады.
Жау көнілін қылышпен басқан жігіт,
Батыр емей немене, аскап жігіт?
Жау, дегендеге наиза алып шыға алмаған,
Кортық емей немене, жасқан жігіт?
Ердін ерін сынастын майдан жердсн.
Қатын емей немене, қашқан жігіт!
Мың жылқылы байына пысырмай, –
Оразасын үйінен ашқан жігіт!..

ҚЫПШАҚ РУЫНАН АЙТҚОЖА ШЕШЕН АЙТТЫ ДЕГЕН СӨЗ:

Жар басына үй тікпе,
Жар құласа, үй кетер.
Ала болса ағайын,
Рұлы елден күй кетер.
Ағайын ала болғанда, –
Ауыздағы ас кетер.
Аңдыған дұспан қүшейіп,
Жау колында бас кетер...
Құлактыға сөз айтсан, –
Құлағының астында.
Құлаксыза сөз айтсан, –
Құла қырдың астында.
Айтса болар үкканға
Айтып-айтпай немене,
Екі құлағын тас қылып,
Мактаменен тықканға.
Оралдан қашқан ор түлкі,
Арапап қашса, ит жетпес.
Тегеуріні төрт елі,
Аспаннан түскен тас түлек,
Жерге түссе, тек кетпес.

Керей руынан **Жабай** биң өлген сон, Сексен, Токсан деген екі
баласы сыйыспай араздасып, Сексен 25 үйлі сонына ерген ауыл-

мен бөлініп, нағашысы Бағаналы руындағы Бабыр батырдың жағына қарай көшे жөнеледі. Сексенді ешкім токтата алмайды. Сексен мен Тоқсанға билік айтып, Сексенді Тоқсанға жығып берген Күікбай би қасына бір кісі ертіп, бір жерде конып жатқан Сексенге келіп, ат үстінде тұрып айтқан екен деген сөз мынау:

...Бұл барғаннан баарсын,
Бағаналы – Бабырга.
Барған жылы сый қылып,
Хан кетеріп би қылып,
Кос-косынан алдына,
Тартар семіз кабырга.
Кадырың жүре шашылып,
Ыстық лебін басылып,
Сүйте-сүйте, айтканын,
Алынбай бастар кабылға.
Келесі жылы болғанда,
Қыс коныс қылып кондырап, –
Нағыз как дән адырга.
Жағзы тұры болғанда, –
Тігерсін ак орданы, –
Ылай батпак сұбырга.
Күзді құні болғанда,
Тағы амалсыз конарсын, –
Мал жайылған дағырга.
Өзіңе ерген жанастып,
Жақын болған жаңы ашып.
Ешкім болмас жаңында.
Екі кісі бас косса,
Кіре алмассын сұбырга.
Жанга сөзің үнамай,
Аулак жүрсөн анадай,
«Кайран, өзім елім» деп,
Кейіп, батыр, налынба!
«Жатка сұлтан болғанша,
Өз елінде үлтан бол»,
Деген макал бұрынғы,
Бар ма, батыр, жадыңда?..
Қағынан құлан жерісе, –
Су табалмай шөлде өлер,
Әлі де токта, сабырла!
Елге жүр де, батыр бол,
Жауга аттанар бастап кол,
Жат та алтын тағында!
Енді көп сөз айтпаймын, –
Тілімді алсан, кейін кайт!

Аласпа да, жаңылма!
Тілімді, егер, алмасан.
Құлагын шын салмасан,
Бетің білсін, жаркыным,
Барар жеріне адымда!

АРҒЫН АЛШЫНБАЙ БИ АЙТКАН ДЕГЕН СӨЗ:

Барыс-барыс, барыс ойнар,
Барыс күйрыгын сала ойнар.
Жүйрікке мініп толғанып,
Шашактың найза қолға алып,
Баданасын киіп ап,
Бар кайратын жынп ап,
Батыр жігіт жауда ойнар.
Алкалы топта толғанып,
Түйінді сөзді қолға алып,
Шешен жігіт дауда ойнар.
Көгла үйрек сазда ойнар.
Көм каришыға қазда ойнар.
Жарқырап жаз шықканда,
Көкке тойып мал ойнар.
Алқа аузы тиген соң,
Кемпір менен шал ойнар.
Ақ балтыры түріліп,
Балуан жігіт тойда ойнар.
Елінен жаксы шыкса көре алмай,
Үйде отырып мұқатып,
Бедері бетпак үйде ойнар.
Ежелгі дүспан ел болмас,
Жауын көн бол көл болмас...
Катын алсан, сұлуды ал, –
Өзің өлсесің кім алмас,
Маллы баксаң койды бак, –
Май кетпейді шарадан.
Ит асыра сырттаннан, –
Кой бермейді корадан.

АРҒЫН АЙДАБОЛ ТОРАЙФЫР БИ АЙТТЫ ДЕГЕН СӨЗ:

Кара жерді жамандама, –
Кірестүғын інінді.
Қауым жұртты жамандама, –
Көп табады мінінді.
Білгендерді жамандама, –

Басиши болар пірінді.
Өзің білмессен,
Білгендерден үйрен,
Кырымнан іздеп барсан да, –
Жалғыз ауыз білімді.
Жаксыдан жаман туады, –
Бір аяқ асқа алғысыз.
Жаманнан жаксы туады, –
Адам айтса наңғысыз,
Кедейде де кедей бар, –
Байға көнілін бергісіз.
Байларда да, байлар бар, –
Кедей катарға алғысыз.
Шыныменен, «айт» десен,
Осындаі сөзден сойлейін, –
Құлағынан қалғысыз
Жалп-жали еткен жапалак,
Шоқы жерге конбайды,
Адам деген жігіттің,
Дәuletі тайса басынан,
Аруағы болмайды.
Ақылың болса, жыр тыңда,
Жыршың не деп толгайды?..

ЖАЛАЙЫР РУЫНАН БӨЛТІРІК БИ, БІР АДАМЫ ӨЛГЕН РУ БАСТЫҒЫНА АЙТҚАН ДЕГЕН СӨЗ:

Акку кұска оқ тисе, –
Канатын суға тигізбес,
Айтулы ерге оқ тисе, –
Киналғанын білдірмес.
Нокталы басқа бір өлім,
Ақыр бір күн келмей ме,
Ажалдың соккан дауылы?
Өмірдің шамы сөнбей ме?
Канша күн сактап жүргенмен,
Сұрай келсе үй иесі,
Аманатты бермей ме?
Дос көтерер көнілінді,
Мал көтерер өлімді.
Бекем бу, батыр, белінді,
Мұнайтпа мына елінді.
Жүйрік мін де, сұлу құш, –
Алсан осы тілімді!..

ҰЛЫ ЖҮЗ ТӨЛЕ БИ АЙТТЫ ДЕГЕН СӨЗ:

Мактанишак жігіт, ұрыншак ат,
Жиіп срлік қылсаң,
Жаз болса, – жарға жыгар,
Қыс болса, – карға жыгар.
Ондай срлік аяғы,
Батпак сазға малынар.
Бастықка сенген аңқау ер, –
Дүснапаға отай алынар.
Кара боп шыкса ак ісі,
Ал көніл басы қор болып,
Аңқаулығы сор болып,
Пасықтарға жалынар.
Жазатайым іс болса,
Кеше саган қүшік боп,
Жылмаңдаған кішік боп.
Неті жаман пасықтар,
Кісілік жок жасықтар, –
Әзіңе келіп жабылар...
Тұмау түбі күрт,
Тұман түбі жұт...
Ақыл түбі күт,
Елге бай құт емес, –
Би құт!
Кабыргадан кар жауса, –
Атан менен шарға қүш,
Ел шетіне жау келсе, –
Батыр менен биге қүш.
Оралдан кашкан ор түлкі,
Аралап қашса ит жетпес.
Тегсуріні торт слі,
Аспанин түскен тас тұлек,
Жерге түссе, тек кеппес.

ЖАРЫЛҚАСЫН ШЕШЕННИҢ АЙТҚАНЫ ДЕГЕН СӨЗ:

Кешілікке жараспаған,
Таршылыкта бастырмайды, магайын.
Сараң байдан сұрасаңыз ат майын, –
Бермес үшін айта берер жок жайын.
Ер жігіттен сұрасаңыз ат майын, –
Ерлік қылып түсіп берер бір тайын.
Жоллас таптай кей жігіт,
Ел кезгемен кос болар.
Достар таптай кей жігіт, –

Ел безгенмен дос болар.
Жаксылар жамандыктан сактанады,
Арсыздар жамандыкка мактанаңды.
Ақмакка жұрттың ісі жақпайды,
Өз ісі теріс болса да мактайды.

ТАҒЫ БІР ШЕШЕННІҢ СӨЗІ:

Аскар-аскар, аскар тау,
Аскардан биік тау болмас.
Балапан торғай басына,
Шырқап үшып жете алмас.
Күзен казып тырбанып,
Бауырын кесіп ете алмас.
Әлелей болмай әл болмас,
Бәлелей болмай бел болмас.
Шагала келмей жаз болмас,
Шанқан болмай боз болмас.
Атадан тумай үл болмас.
Сатып алмай құл болмас,
Кас тентекте ми болмас.
Кас жүректе қүй болмас,
Кас жаксыда кек болмас.
Кас жаманда тек болмас.
Көлік артсан, – атан арт, –
Үдере көшсөң мұнаймас.
Сауын саусаң бис сау, –
Салқын түспей суалмас.

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ АҚЫЛГӨЙІ АРҒЫН СҮЙІНДІК БҮКАР ЖЫРАУ АЙТТЫ ДЕГЕН СӨЗІ:

Жал құйрығы каба деп,
Жабыдан айғыр салманыз.
Калың малы арзан деп,
Жаман катын алманыз.
Жабыдан айғыр салсаныз,
Жауга мінер ат тumas.
Жаман катын алсаныз,
Топка кірер үл тumas.
Жаман катын алғанын,
Төркініне бере алмай,
Төсегіне жата алмай,
Тен күрбісі келгенде,
Онды жауап ката алмай,

Жалғанда кор болғаның,
Таудан акқан тас бұлак,
Тасыса күяр тенізге,
Қанша малы көп болса,
Бай қуанар егізге.
Жамаппана жақсы туса,
Жақсыдан жамап туса,
Тартпай қалмас негізге.
Аскар таудың өлгепі,
Басын мұнар шалғаны.
Көктегі бұлттың өлгепі,
Асалмай таудан қалғаны,
Ай мен күншің өлгепі,
Еңкейіп барып батқаны.
Айын шалқар өлгепі,
Мұз болып тастай катканы.
Кара жердің өлгепі,
Кар астында қалғаны.
Өлмегенде не өлмейді?
Жақсының аты өлмейді,
Ғалымның хаты өлмейді.

КАРА ТОҚАЙ БЕРІШ ЕСЕТ БИ АЙТҚАН ДЕГЕН СӨЗ:

Тауга біткен кайының
Солқылдар басы, жел өтсе.
Тогайга біткен жоңышка,
Солғын тартар, күн өтсе.
Ерін салпы ер аты.
Семірмес кайта, ер отсе,
Еңкейінкі тартады,
Ер колынан мал кетсе.
Арбалаң үркіп жаман ат,
Ер салдырmas, жал бітсе.
Тілеп алған ұлдарың,
Тіл алмайды ер жетсе.
Хан бұрылып қараган,
Би бұрылып сұраган,
Көркі болмас арудың,
Екі он бестен жасы өтсе.
Сылдырлап белін шешінген,
Назданың аяқ көсілген,
Жалғанына, жандарым,
Кадырың кетер күн болар,
Ер картайып жас жетсе.
Мен мен едім, мен едім,
Қатарға мінсен, кайыспас,

Қас кара нар мен едім.
Шабуыл шапса, шаршамас,
Шыны тұлпар мен едім.
Қасарысып келгенде,
Кап түбіне сыймаган,
Таза болат мен едім.
Каймактан үшкан ку ілген,
Анық сұңқар мен едім.
Тегеурінім теріс біткен,
Тепсем жілік сыйырған,
Қыран буркіт мен едім,
Картайдым да, кор болдым.
Құи сенікі, жастарым:
Көріп-біліп бастаным.
Көрілікке жеткізсе,
Талайды көрер бастарың.
Заманымда, өзімнін,
Жасаныскан жау көрдім.
Белсеніскең дау көрдім.
Үрікпедім де саспадым.
Бірі етірік болмасын,
Табаным тайып кашпадым.
Тәуекел ердің жолдасы,
Тілекtes болған дос-жарым.
Сол дәүлеттің тұсында,
Самарканды сапырып,
Шапкан шөптей жапырып,
Аспадым да саспадым.
Канды көйлек жолдасты,
Сары алтындай сактадым.
Менің көрген затым бұл,
Төкпей-шашпай колданып,
Ортага сүйреп тастаным!..
Тауда болар тарғыл тас,
Тарықса шығар көзден жас.
Тар котыктан ок тисе,
Тартып алар карында.
Карындасты жок болса,
Жауда калар жалғыз бас.

ЖАҒАЛБАЙЛЫ РУЫНАН БАТЫР БОРАН БИ АЙТТЫ ДЕГЕН СӨЗ:

Жағалбайлы руында Жантай деген байға, Боран деген жігіт жалға жүреді. Жал ақыға берем деген тайын Жантай созып бере коймай жүрген сон, Боран жанжал қылып, төбелесіп, Жантай-

лын тісін сындырыпты. Жантай айып алмақ болып, елдің акса-
калдарын жинап, сөзін биге салады.

Сонда Боран би былай дейтін:

Жалға жүрдім Жагалбайлы Жантайга.
Бір тай алмак болып едім алты айға.
Жарытпады асына,
Жалшытпадым күшіме,
Шайтан болып ұрсысып:
Колым тиіді тісіне.
Бірің шекер, бірің бал,
Бірің кайын, бірің тал,
Айтып-айтпай не керек,
Бәріңе мәлім біздің кал.
Бірің балға, бірің төс,
Бірің айт та, бірің кес.
Алдарына сальниды іс.
Адамға бүрмай әділ шеш!..

Жұрт Боранды мақұл тауып, содан кейін Боранның өзі би
атанып, билік айтатын болып кеткен екен дейді.

ОРМАНБАЙ БИ АЙТТЫ ДЕГЕН СӨЗ:

Орманбай би кедей екен. Ауылның сұртынан топты жол-
дастарымен келіп қалған Абылай ханға жолығып айткан екен
деген сөз мынау:

...Мынау тұрган біздің үй,
Дәүләті тайқы үйткысыз.
Токсан үйрек камаса,
Бір-бірін кармат тұтқысыз.
Астына салар кілем жок,
Текемет пен көрпенін.
Екеуінен сілем жок.
Хан Абылай келгенде,
Токты сойсам жетпейді,
Енесін сойсам токтының,
Оның орны бітпейді.
Кедейлікten жаман жок.
Ұрысарға амал жок.
Екі сенгір косылып
Селбессерге, заман жок...

ТАҒЫ БИ СӨЗІ:

Кандай шешен болса да,
Топка салма малызды.
Кандай түлпар болса да,
Жауға мінбे жалғызды.
Кандай сұлу болса да,
Койның алма арсызды...

ШЕКТІ МҮНКЕ БИ, ШЕРКЕШ ТҮРКЕ БИ, ТАНА НҮРКЕ БИЛЕР КЕҢЕСІП ОТЫРЫП АЙТТЫ ДЕГЕН СӨЗ:

Бол-бол, үйрек, бол, үйрек,
Бір тогайға коныңыз.
Карындас пен туганмен,
Бір тугандай болыңыз.
Өзіне кенес салғанын,
Өрісі кен болмас па?
Жатқа кенес салғанын, –
Жазымға басы кетпес пе?
Жаманнан жесен бір камшы,
Ол сүйегіне жетпес пе?
Сом-сом жүйрік, сом жүйрік,
Шұбаландаш шаба алмас,
Мойнынан жалы кетіп арыса.
Жаксылар жаман болады,
Күнінде жасы жетіп карыса,
Жамандар жаксы болады,
Дәулеті асып байыса,
Жетесі алтын шамған бас,
Жеті атаға барысса,
Еніреген ерлердің
Тілеген ием бермей ме,
Аттанып үйден шықкан сон.
Қыдыр ата бір шыр буды дарыса.
Табаны жаллап тарлан боз,
Тасты жерден шаба алмас.
Жастағыдай бола алмас.
Бүрнала кескен азбанға,
Бұрышын басып шөгө алмас,
Бидайыктың орнына,
Лашын батып кона алмас,
Ер басына құс үшса,
Корғалаған күнінде
Салсан да салма, оналмас.
Қырга боран бораса,

Ойға тағы борар ма?
Жаксылар аттан жығылса,
Жаман туган адамның
Еш нәрсесі күрар ма?
Ауырды ма денен? деп,
Кайырылып жаман сұрап ма?..
Кырга боран бораса.
Нуга боран борар ма?
Ел шетіне жау келсе,
Халық үстіне дау келсе,
Жамандайын жалтаңдап,
Ер жігіт карап тұрап ма?
Аргымактың алдына,
Найза бойы жар келсе,
Жабыдайын жалтаңдап,
Түсер жерін қарар ма?
Аргымактың аяғы,
Айдай таға қагылса
Кілегей мұздаш таяр ма?
Жаксы алдына сөз айтсан,
Жаксылар сөзге тояр ма?
Күндердің күні болғанда,
Басына киын іс болса,
Жалғасып ескен жақыннаң,
Жаксылар басын аяр ма?
Атың тулас жықпаска,
Артқы айылың бегі иғі.
Алыстагы дұспанның,
Жагаға колы жетпеске,
Артында туысканның көбі иғі,
Екіталай іс болып,
Еңсөң дұспан табан койғанда,
Өзінмнен бірігіп,
Кыр басына шықлаған,
Ағайынның күнінде,
Барынан да жоғы иғі,
Атка міне шабар деп,
Бұл кашан жосық табар деп,
Жігіттікпен салқы ескен,
Баладан құдер үзбеніз,
Ол түзслес тыйылмас,
Атаның ізін жаңылмас...
Қошкар болар токтының
Тұмсықтары дөң болар.
Адам болар жігіттің
Айткан сөзі жән болар.
Бәйбіше болар эйелдің,
Етек-жәні кең болар.
Бөрі-бөрі, бөр болар,

Бөрі баласы дүр болар,
Әр бөрінің баласы,
Алты болар, бес болар.
Алты бестің ішінде,
Абданасы бір болар.
Абданымен жургенде,
Осалы оның, кем болар,
Абданынан айрылса,
Әркайсының да,
Әрбір итке жем болар.
Бөрі-бөрі, бөр болар,
Бөршігін ерткен бөрі деген ер болар
Карны ашқан күнінде,
Саз балшыкка аунатып,
Өзін-өзі жер болар.
Жаксыға коссан ғасынды,
Отырган орның төр болар.
Жаманға коссан ғасынды,
Саз балшыкка аунатып,
Сол берімен орның бір болар.

МАҚАЛ БОЛҒАН СӨЗДЕР:

Заманына карай – күлкісі,
Тауына карай – тулкісі.
Елу жылда – ел жана,
Жұз жылда, казан.
Жері семіздің – малы семіз.
Жер дауы мен жесір дауы бітпейді.
Тауда туган баланың
Екі көзі таста болар.
Ашаршылықта туган баланың
Екі көзі аста болар.
Сабасына карай піспегі,
Мұртына карай, іскегі.
Байлық – байлық емес,
Бірлік байлық.
Алтау ала болса,
Ауыздағы кетеді.
Төртеу түгел болса,
Төбедегі келеді.
Ағайын тату болса, ат көп,
Абысын тату болса, ас көп.
Тозған қазды,
Топталған карға жем қылады.
Бүлінген слен бүлдіргі алма.
Кісі елінде сұлтан болғанша,

Өз елінде үлтап бол.
Ел ағасыз болмайды,
Тон жағасыз болмайды.
Аяғы жаман төрді былгар,
Лузы жаман елді былгар.
Койды кортык бұлдірер,
Еллі сұлтік бұллірер.
Көп коркыталаы,
Терең батырады.
Көпті жамандаган,
Көмүсіз калады.
Жалғыз жігіт би болмас,
Жалғыз ағаш үй болмас.
Айылың құйыскандай болсын,
Алашың туыскандай болсын.
Ағайының азары болса да,
Безері болмайды.
Жалғыздың үні шықпас,
Жаяудың шаңы шықпас.
Екі кісі бір кісінің тәнірісі.
Жалғыздың жоғы жогалса табылмайды,
Көптің оғы жогалса табылады.
Ер басына жау келсе,
Ерлігі кетер басынан,
Би басына дау келсе,
Билігі кетер басынан,
Ердің екі сөйлегені, өлгенні.
Емен ағаштың иілгені, сынғаны.
Ер етірік айтпайлды,
Ел етірік айтады.
Ерді памыс олтіреді,
Коянды камыс өлтіреді.
Ерді корлама, коркытар,
Асты корлама, құстыраар.
Батыр дауга жок,
Шешін жауга жок.
Ел шетіне жау келсе,
Ариайдай айбынды,
Арыстаның бары артык.
Ер мұрының келсін,
Ат ерінді келсін.
Катты жерге как тұрап,
Кайратты ерге бак тұрап.
Ер консынан ерігіп айрылар,
Ердің атағын аты шыгарар,
Ия катыны шыгарар.
Ер басына күн туса,
Етігімен су кешер.
Ат басына күн туса.

Ауыздығымен су ішер.
Батырсыған жігітті
Жау келгенде көрermіз.
Шешенсіген жігітті
Дау келгенде көрermіз.
Ер арыса, аруак,
Ат арыса, тулак.
Кісі болар, жігіттің
Кісісінен танылар,
Кісі болмас жігіттің
Мүшесінен танылар.
Кошкар болар токтының,
Мандаі жері дең болар,
Адам болар жігіттің
Етек-жені кен болар.
Бөрі алатын жігіт
Бөркінен танылар.
Кызды жеріне бер,
Жеріне бере алмасаң
Еріне бер.
Алмас қылыш кап тұбінде жатпайды.
Көп сойлесең тақтақ дер,
Сөйлемесен, ақымак дер,
Жатық айтсан, жайламы дер,
Тың айтсан, тұрпайы дер.
Жігіт сегіз қырлы,
Бір сырлы болсын.
Шешеннің тілі ортак,
Шебердің колы ортак.
Шеберден олжа,
Шешенниң сауга.
Шешен көптің опасы,
Шебер көптің апасы.
Өнер алды қызыл тіл.
Жаксы лепес, жарым ырыс.
Бас кеспек болса да
Тіл кеспек жок.
Білегі мыкты бірді жыгар,
Білімі мыкты мынды жыгар.
Атадан ұл туса иғі еді,
Ата жолын куса иғі еді.
Ұлың өссе,
Ұлы жаксымен ауыл бол,
Қызың өссе
Қызы жаксымен ауыл бол.
Ата тұрып ұл сейлекенін без.
Ата тұрып бала сөйлесс
Шіркіндігі.
Аға тұрып іні сойлессе,

Еркіндігі.
Ата балага сыншы.
Атага тартып үл тумас,
Анага тартып кыз тумас.
Атаниң көңілі балала,
Баланың көңілі далада.
Ата көрген оқ жонар,
Ана көрген тоң пішер.
Нар баласы кырымға,
Ит баласы жырымға карайды.
Ұяда не көрсөн,
Ұшқапша соны аларсын.
Балалы үй – базар,
Баласыз үй – мазар.
Жалғыз ұлы бар кісінің,
Шығар-шықпас жапы бар.
Екі ұлы бар кісінің,
Өкпс. бауыр, жалы бар.
Үш ұлы бар кісінің,
Бұхарда бұты бар,
Корасында колы бар.
Катынды бастан,
Баланы жастан.
Інісі бардың, тынысы бар.
Агасы бардың, жағасы бар.
Жау жок деме, жар астында,
Бөрі жок деме бөрік астында.
Жауды аяғаш жарапы калады.
Алыссан, атанды жық,
Алып үр да астына тұс.
Жау кеткен соң қылышынды бокка шап.
Жау жағадан алғанда,
Бөрі етектен алады.
Елдестірмек елшіден,
Жауластырмак жаушыдан.
Елшігे олім жок.
Жарактыда жау жолықпайды.
Ат жаксысы, бозы болар,
Ит жаксысы тазы болар.
Ат аунаған жерде түк калар.
Жортар аттын тоғы игі.
Ат айналып казығын табады.
Атың барда жер таны.
Желіп жүріп ел таны.
Ат калірін білмесен,
Жаялушылық берер сазанды.
Ас калірін білмесен,
Ашарышылық берер жазаңды.
Ат түяғын тай басар.

Ат орнына тай төлеу.
Астындағы атына сенбе,
Қойнындағы катынына сенбе.
Сырын білмеген аттың
Сыртынан жүрме.
Аттың сыры иесіне мәлім.
Алтын ерін атқа тисе,
Алтынын ал да отқа жак.
Жаман атқа жал бітсе
Жанына торсық байлатпас.
Жаман кісіре мал бітсе,
Жанына консы кондырmas.
Жақсымен жолдас болсан,
Жетерсін мұратка.
Жаманмен жолдас болсан,
Каларсың үятка.
Өзіннен жолдасың мыкты болсын.
Дос егіз,
Дұспан сегіз.
Дос басқа карайды,
Дұспан аяққа карайды.
Достың пышагымен мүйіз кес.
Дұспанның пышагымен киіз кес.
Ата ұлы аталақтың сөзін айтар.
Жетесіз жолдас болса кері кайтар.
Касына жолдас болып ере калса,
Дұспанға құпиялап сырынды айтар.
Бас екеу болмай,
Мал екеу болмас.
Әуелі байлық – денсаулық.
Екінші байлық – ак жаулық.
Карыздан да катын ал,
Катынын калар жаныңа.
Катын алма, кайын ал,
Катын алсан, отын ал.
Анасын көр де қызын ал.
Алып анадан туады.
Ат биеден туады.
Екі катынның баласы екі рұлы ел.
Келіннің бетін кім ашша, сол ыстық.
Келіннің өзі түскендей,
Баланың өзі ескендей.
Панасы жок таудан без,
Пайдасы жок байдан без.
Байлық мұрат емес,
Кедейлік үят емес.
Ас аттынікі, той тондынікі.
Бай мактанса табылар,
Жок мактанса шабылар.

Бай – бір жұттық.
Батыр – бір оқтық.
Құтты конак келсе,
Кой егіз табады.
Құтсыз конак келсе,
Койға қасқыр шабады.
Қырыктың бірі қыдыр.
Конак келсе ет пісер,
Ет піспесе, бет пісер.
Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі
кетпес.
Алты күн аш болсан,
Анаңдан безерсің.
Агайынға қарап мал өсер,
Агашиқа қарап тал өсер.
Малды тапқанға баккыз,
Отынды шапқанға жаккыз.
Койлы бай, корлы бай.
Түйенің үлкені қөпірден өткенде таяқ жейді.
Жуас түйе жүндеуге жаксы.
Артқы түйенің жүгі ауыр.
Байтам мінсен, құлын жок.
Саумал ішсеп, қымыздың жок.
Бір аяқ қымыздың скі аяқ желігі бар.
Бұлт ала, жер шола.
Күн күркіресе, жер иір,
Жер иісе, мал иір.
Екі бие, ел асы,
Үш бие, бұлак басы.
Бір бис, жоктың касы.
Сәүір болмай,
Тәүір болмас.
Караша – кауыс,
Көрі-күртанды тауыс.
Жылқыда өт жок,
Аккуда сұт жок.
Төреде бауыр жок,
Жаста тамыр жок.
Ханның басын хан алады,
Кардың басын кар алады.
Хан артынан жұдырық.
Әр ханның тұсында бір сүркүлтай.
Жаксы аттан жығылса,
Жаман табашыл.
Жаксыда жаттық жок.
Жаманға жалынғанша,
Жат-тагы жаныңды карман.
Кештік өмірің болса,
Тұстік мал жи.

Жатканға жаң жуымайды.
Жүргенге жәргем ілігеді.
Өлі арыстаннан тірі тышкан артык.
Орамал тон болмайды, жол болады.
Аздаң атасы бір.
Екі кошкардың басы бір казанга
сыймайды.
Екі бай құда болса,
Араларында жорға жүреді.
Екі жарлы құда болса.
Араларында дорба жүреді.
Бір бай, бір жарлы құда болса, –
Кайдан болдым деп, зорға жүреді.
Іріген ауыздан шіріген сөз шыгады.
Көзін ауырса, колын тый,
Ішиң ауырса, аузын тый.
Ауру – астан,
Дау – карындастан.
Көре-көре көсем болар,
Сейлей-сейлей шешен болар.
Құлан өз қағынан жерімес.
Корыкканға қос қөрінеді.
Құдыққа құлан жығылса,
Құрбака құлағында ойнайды.
Карға мактанып, сүңкар болмас.
Есек мактанып, тұлпар болмас.
Таныған жерде бой сыйлы,
Танымаған жерде тон сыйлы.
Сұлу, сұлу емсс, –
Сүйген сұлу.
Кара карға баласын,
«Аппағым» деп сүйеді.
Кірпікшешен баласын
«Жұмсағым» деп сүйеді.
Ұсынған мойынды қылыш кеспейді.
Арамзаның құйрығы бір тұтам.
Жітіккес саяк косылады,
Куга ку апак-сапакта кез болады.
Ұры байымас, сұқ семірмес.
Есіктен орын табылса, төрге озба.
Екі кеменін құйрығын ұстаган сұға кетер.
Кемеші келсе, кайықшы судан шыгады.
Ел қыдырган – сынши,
Тогай қыдырган – үйші,
Токал катын – тыңшы.
Екі аяктыда курдас тату,
Төрт аяктыда бота тату.
Әшейінде ауыз жаппас,
Той дегенде өлең таппас.

Отыз тістен шыккан сөз,
Отыз рұлы елге кетелі.
Бір жол бар – алыс,
Алыс та болса – жакын.
Бір жол бар – жакын,
Жакын да болса – алыс.
Шалқайғанға шалқай, –
Басың қокке тиғенше.
Еңкейғенге еңкей, –
Басың жерге тиғенше.
Сиыр судан жерісе –
Су сиырдан жериді.
Мың «сіз, бізден»,
Бір «шыж-мыж» артық.

Міне, ру бастықтары, үстем таптың қол астында ру-руға жіктеліп, еркімен жайып мал өсіріп, кең коныс, ен жайлауға таласып ылғи құштерін білеп, жат елдермен шабысқан. Жат елдермен шабысуы шола болыңқыраған кездерде, өзді-өздері бір-бірімен қағысып жауласқан. Батырлары, хандары, байлары, билері үстемдік жүргізіп билеген қөшпелі, надан елдің шешендері, билері айтқан ережеге, нақыл, такпақ, үлгі, өнеге және уайым сөздерінің нұсқалары осы жоғарыдағы келтіргендердей болады.

Ескілікте билер сөздерінің көбі, өз табының тілегі бойынша, тұра үгіт үшін айтылған.

Мысалы Байдалы бидін:

«Бейбішеге жарасар – орындықты сабасы. Келіншеккек жарасқан – емізген үл баласы... Ер жігітке жарасқан – колындағы наизасы... Алтыншы тілеу тіленіз – атадан алтау тудым деп жалғызға жапа салмасқа... Қайырымды байдың белгісі – айдын шалқар көлмен тен. Қайырымсыз байдың белгісі – жапандығы шөлмен тен...»

Онан соң, Айқожа бидін:

«...Ала болса ағайын – рұлы елден құй кетер... Ағайын ала болғанда – ауыздығы ас кетер, андыған дұспан қүшейіп, жау колында бас кетер... Құлактыға сөз айтсан, құлағының астында, құлаксызға сөз айтсан, құла қырдың астында...»

Онан соң, Бұқар жыраудан:

«...Жал құйрығы қаба деп, жабыдан айғыр алманыз. Калың малы арзан деп жаман катын алманыз... Жабыдан айғыр салсаныз – жауға мінер ат тумас. Жаман катын алсаныз, – топка кірер үл тумас...»

Жөне Төле бидін:

«...Пасыққа сенген анқау ер, дүспанға онай алынар. Кара болышқа ак ісі, ак көніл басы қор болып, анқаулығы зор болып пасықтарға жалынар. Кеше саған күшік бол, жылмандаған кіші бол, ниеті жаман пасықтар, кіслік жоқ жасықтар, өзіне келіп жабылар!..»

Міне, осы келтірілген сөздердің бәрі де тұпа-тура үгіт, «ұлғі-сөздері.

Бұл сөздерде ру бастығы билердің айтатыны:

Жігіт болсан – руды қорғайтын, әрине, ру ішінде үстем тапты қорғайтын, найза ұстаған батыр бол. Эрбір жігіттің ұлғасі – найза ұстаған батыр.

Келіншек болсан – ұл тап, ұл өсір. Сонда сен қадірлі боласын. Өйткені: басқа жат елдермен жауласып шабысқан, басқа рулармен күш билесіп, шокпар сынаскан үстем тапқа және оның ықпалындағы руға ұл керек. Азамат керек.

Бәйбіше болсан, – орындықты қара сабан болсын. Өйткені, билер дәуіріндегі мал өсірген көшпелі елдің малынан көретін, жақсы қадірлі көретін жемісі – қымыз, малдың ағы. Сол мал үшін, сол малдың түрліше, өздерінше қадірлі көретін пайдалары үшін, кең қонысқа таласып үстем тапты билеген ру қан төгеді.

Онан сон, би айтады: Бай болсан – қайырымды бол. Рудың байы қайырымды болмаса рудың бірлігі кете бастайды, – дейді.

Рудың бірлігі кетсе үстем тап әлсірейді. Жігітке – батыр мен шешен ұлғі болса, жас әйелге – ұл тапқан келіншек, ұлкен қатынға, қара сабалы бәйбіше ұлғі болса, малды адамға, қайырымды бай ұлғі, – дейді.

Тағы да би айтады: Ағайын ала болса жауға жем болады, – сол себепті ағайын ала болмай, сол ру бастығы көсем – билердің дегенімен болып, бұрынғының үйтқысы, бұрынғының қалпы, шіріші бұзылмасын, – дейді.

Тағы да айтады: жорыққа аттанғанда ер жігіттің астындағы аты мықты, жүйрік болсын. Ат ондай болу үшін – жал-құйрығын қаба деп, «жабыдан айғыр салмандар», – дейді.

Жөне, алған қатындарың – найза ұстайтын батыр; жігіт табарлық, топқа кіруге жарамды ұл табарлық болсын, – дейді.

Ер жігітке жолдастыққа жарамаған адам – пасық, қортық, жаудан қашқан жігіт – катын, – дейді.

Бұрынғылардан қалған ұлғілі сөздерді жинап, екшеп айтып отырған шешендердің, билердің сөздерін тыңдамағандар – мені-реулер! – дейді.

Міне, сол билер табының қол астында ру-руға жіктеліп, жауласып, шабысып, мал өсіріп, көшіп-конған ел тұрмысының тарау-тарауларының бәрініңде алдына ұсынған билер сөздерінде үлгілер болған. Ел тұрмысының тарау-тарауының бәріне де арнап, үгіт, нақыл сөздер тараткан.

Сол үгіт, үлгі, нақыл сөздерінің бәрін де туғызған – мал өсіріген, байдың, хандар, батырлар, билер үстемдігі жүрген көшпелі слідін тұрмысы. Билердің кейбір ереже, зан болып тараған сөздеріне мысал... «Елге бай құт емес, би құт... Ел ағасыз болмайды, тон жағасыз болмайды... Шешеннің тілі ортақ, шебердің қолы ортақ... Бас кеспек болса да, тіл кеспек жок... Елшіге өлім жок... Ат аунаған жерде түк қалар... Ат орнына тай төлеу. Ат жақсысы – бозы, ит жақсысы – тазы... Ханның басын хан алады, кардың басын кар алады. Артқы түйенің жүгі ауыр... Жақсыда жаттық жок... Орамал тон болмайды, жол болады...».

Міне, осындай сөздер ереже, зан болған.

Билер, шешендер өздерінің бір саласы – жылжып өзгеріп бара жатқан замананы көріп, ескі тұрмыстың билер табы үстемдігінің каймағы бұзылмауын көксеп, сарнап айткан уайым, мұн сөздер болған. Үстем тол қол астында ру-руға жіктеліп, көшіп-конып, анша өмір сүрген елдің үстем табы әлсіреп, құштірек «жат елдің» шенгеліне, «жат елдің» құрсауына түсе бастаған кездерде билердің, жыраулардың уайымшылық, ескілікке камкорлық, зар, құй жырлары денденп айтылған. Ол сықылды зар, уайым, құйлі, мұнды жырлар, казак елін орыс патшасы құрсан ала бастаған кезде көп айтылған.

Қыскасы, қайталай айтканда: аяғымен анша жайылған, мал өсімін шаруа қылған батырлар, хандар, байлар, билер үстемдік қылған көшпелі елдің тіршілігіне, әрекетіне билердің арнаған сөздері (көркемдеп, ырғакты, жинақты қылып, жатка алу, жатка айтуға қолайлы, женил қылып шығарған), үгіт, үлгі сөздері де, нақыл, макал, ереже зан сөздері де көп болған.

Ескі тұрмыстың үгіт, үлгі, нақыл, ереже, зан сөздерінің қазына мұрасына зор құзетші – билер болған. Хандар, батырлар, байлар, билер үстемдік қылған зан үлгісі бойынша ереже, заны орындалып отыруына билер бар күшін жұмсаған. Ақырында, ілгері жылжыған тұрмыстың, ептең өзгеруімен туған сана бойынша, үгіт, нақыл, ереже, зан сөздерді шешендер, билер екшеп, жаңартып отырған. Сол жылжыған тұрмыстың өзгеруін көре келіп: «Елу жылда ел жана, жұз жылда – қазан...» деген мақалды шығарған.

Үстем таптық көсемі – билер жылжып баратқан заманды көріп, өткен құндерін ойлап, мұн жырларын да шығарған. Бұл, «билер сөздері» деген бөлімдегі, қолда бар сөздердің ішінен келтірген нұскалықтардың бәрі де сол заман түрмисының негізгі заттарының бірсыптырасын сөз қылады. Онымен катар, бұл нұскалық сөздер және ауыз әдебиеттің баска бөлімдерінің сөздері де сол заманың түрмисының да, санасының да қандай болғанын айқын көрсетеді. Ауыз әдебиетінің қай бөлімі болса да, сол заманың түрмисының қандай болғанын, сол түрмисстың өсерімен ол түрмиска үсап туған сана, қандай сөз, қандай әдебиет болғанын көрсетеді. Осы «билер сөздері» деген бөлімдегі «мақалдар» деген сөздердің басында:

Заманына карай – күлкісі.
Тауына карай – тұлқісі.
Сабасына карай – піспегі,
Мұртына карай – іскегі...

деген ереже сөздер – әр заманың тілі, көркем сөзі, әдебиеті сол заманың салт-санасына, сол заманың түрмисына, ол заман түрмисынан туған мұратына үсай туды деген сөзді қуаттайды.

Билер табы билеген, руга жіктеліп анша жайылған, мал өсіруді шаруа қылып кең қоныс, жайлауға таласып, жауласып, күш сынасып шабысқан, билер табы билеген түрмистың, санаы бойынша сол дәүір тіршілігіне ен алдымен керек қылатындары:

Ру «ынтымағы, ру уайымы», найза ұстарлық, жауды айбынды-рарлық батыр жігіт. Басқа рулармен тіл майданына түскенде «намыс жібермейтін» шешен, би. Ру «бетіне ұстарлық» не шешен, не батыр болатын үл табарлық қатын. Әkenін жолын қуған, оқ жонатын үл. Руга «қайырымды» бай. Жауға мінілуге жарамды жүйрік сәйгүлік ат. Сондай ат туғызарлық айғыр. Тағы да осы тәрізді заттар.

Міне, сол билер табы үстемдік жүргізген заман түрмисында «қадірлі» болған заттар ауыз әдебиетінің баска бөлімдерінде де, бұл бөлімінде де айқын көрініп отыр.

Билер табының қол астындағы, ықпалындағы мал өсіріп, ен жайылысты, кен қонысты керек қыла берген және әйелдің ен қымбатты мал орнындаған ұсталған, көп, мықты үл табатын қатынды, ез әліне қарай, көп ала беруді дұрыс көрген билер табы ықпалындағы көшпелінің ен қыын дауы – жер дауы мен жесір

дауы болған. «Мақал болған сөздер» деген саланың бас кезінде: «Жер дауы мен жесір дауы бітпейді» деген макал мұны дәлелдейтін торізді.

Ескіліктен қалған ауыз әдебиетінің кай саласы болсын, сол ләуірдегі елге үстемдік қылған хандар, батырлар, байлар, билер табының санасымен шығып, сол таптың құралы болып отырған. Кедейлікті, жарлылықты, тек кана, «құт» конбагандықтан, «қыдыр» дарымагандықтан – бақытсызыдық, «ырыссызыдық», «сор-шылық» деп келген.

Міне, осының бәрін айтып келгенде, арғы замандағы жабайы рушыл қоғамның үстем тап көсемдері – ру бастықтарын және бертінгі орталық замандағы хандар, батырлар, билер, байлар, сұлтандар көсемдік қылған үстем тап билерін, бір-ақ сөзбен айтканда – билер табы дедік. Сол арғы ертедегі ескі заман мен бертінгі орталық замандағы үстем тап тіректерін, қыскартып айтканда – билер (феодал) дедік. Және сол арғы, ескі заман мен бертінгі орталық замандарды бәрін бір қосып қыскартып, билер ләуірі (феодалдар дәүірі) дедік. Сол замандардан біздің өмірге жетіл отырған әдебиет нұскаларын, жалпы, билер дәүірінің әдебиеті дедік.

ЕРТЕДЕГІ ЖЫРЛЫ ӘҢГІМЕЛЕР, ЯКИ НОҒАЙЛЫ ДӘУІРІНЕҢ ҚАЛҒАН ӘДЕБІЕТ НҰСҚАЛАРЫ

Билер дәүіріне кіргізлген әдебиеттің екінші бөліміне – ертедегі батырлар жырлары мен елдің ішкі тұрмысын суреттейтін әңгіме-жырлар кіреді.

Қазақ атанған елдің ауыз әдебиетінде батырлар туралы әңгіме-жырлары көп болған. Бірақ көп болғанмен талайлары үмітылып қалған. Тек «Едіге батыр», «Қобыланды батыр», «Нәрік ұлы Шора батыр», «Алпамыс батыр», «Камбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайындардың» әңгіме-жырлары ғана баспаға басылып, кітап болып біздің заманымызға жетіп отыр. Онан соң кей батырлар әңгіме-жырларының тек үзінділері ғана бізге жетіп отыр. Мысалы: «Ер Көкше», «Ер Қосай», «Ер Төстік», «Жабай батырлар» және осылардай әңгіме-жырлар. Және біздің дәуірге дейін үмітылмай келген кейбір батырлар туралы қысқа-қысқа толғау, жырлар бар. Мысалы: Орак, Карасай, Мамай және басқалар туралы жырлар...

Сол замандағы үстем таптың ішкі тұрмысын суреттейтін ертедегі әңгіме-жырлардан біздің заманға жетіп отырған: «Қозы Қөрпеш – Баян» мен «Қызы Жібек».

Іштерінде Аллаға сыйынған сөздері көп болса да, ертедегі заманнан біздің заманымызға жеткен осы айтылған әңгіме-жырлардың дені – көзіргі қазақ атасып отырған руладар «ноғай», «ноғайлы» атасып жүрген замандағы – ноғай, ноғайлы батырларын әңгімелеген жырлар. Сондықтан бұл бөлімді бөлек дәуір қыласқ, «Ноғайлы дәуірі» деп атар едік.

Біздің бұл «ноғайлы» деген сөзімізге кейбіреулер ұйымауға мүмкін. Кейбіреулер білмегендіктен, кейбіреулер «ноғай» бол-

тысы келмегендіктен ұйымауға мүмкін. Бірақ казак болған рұчарлың бұрын ногайлы болғандығына тарихи дәлелдер ұйытпай коймайды.

Орыстың кейбір тарихшылары: «Казактың ертеден калған өзінің онгімे-жырлары жок. Ертедегі батырлар жырлары деп өзінікі қылыш құргендері ногайдікі...» дейді. Бұл не түрік-монгол руларының тарихын зерттей білмегендік, не женіл, саяз мінезділік.

Осы кітаптың басында айтып еттік: «Казак атанған рулардың асемі – Алтын ордалы Жошы ұлысында болған. Онан соң, Шағатай ұлысында болғандары да, біраздан соң Жошы ұлысына кірген. Және Жошы ұлысында, дені Ногай ханның қол астында болған. Ногай хан 1306 жылы өлген. Сол Ногай ханның қол астындағы түрік-монгол руларының бәрі «ногай елі», «ногайлық», «ногайлы» болып атандып кеткен. Ногай ханнан кейін, Өзбек ханның тұсында, бірката ру – «өзбек елі» болып та, «өзбек» болып та аталған.

Казак атанған рулардың дені Қырымда да, Кавказда да, Казанда да, Еділ-Жайық бойларында да болған. Сол болған жерлерінің бөрінде де кәзіргі казак атандып отырған рулардың бөлшектері болініп кала берген. Және осы күні казак атандып отырған рулар Орта Азияға келіп, казак болып, бөлек хандық құрган, сонда Қырымға, Кубаньға қөшіп кеткендері де болған. Мұның бәріне тарихи мағлұматтар, дәлелдер бар.

Қырымда, Кавказда, Казанда, Еділ бойларында, Оралда, тағы басқа жерлерде қазіргі казак атандып отырған рулардан бөлініп калған бөлшектер – сол отырған жерлеріндегі елдін аттарымен атальп отырса да, соңғы уақытка шейін қазак атаулы елдін руларамын рулас болғандығын, руларының аттарын ұмытпай келді. Оны жоғарыда келтірдік.

Міне, сол, жоғарыдағы айтылғандай, қазіргі казак атальп жүрген түрік-монгол рулары Ногай ханның елі, ногай елі, «ногайлы» болып жүрген замандарда жыр қылған, ертедегі батырлар әнгімелерін – бұлар қазактікі емес, ногайдікі, казактар тек Ногайдан алғып жүр... деген сөз – тарихи жете тексермегендіктен шықкан сөз. Қазіргі казак атандып отырған ел ол кезде ногайлы атандып жүргендігін білмегендіктен айтылған сөз. Қазіргі Қырым, Астрахан, Казан, Еділ бойлары, Башқұртстан, Өзбекстан, Карапалпак және басқа жерлердегі түрік-монгол руларының, ол заманда ногай елі атанғандары – ертедегі ногайлы батырлары туралы айтылған жырларды, әнгімелерді «біздікі еді» десе – айтударына бо-

лады. Олай айтуға ақылары бар. Ноғайлыш заманындағы ноғайлышының батырлар әңгімесіне бәрі де ортак деуге болады. Оларға ол заманда ноғайлыш болған қазіргі казак та ортак.

Ел аудында жыр болған ертедегі батырлардың, рулары айтылғандарының көбі – қазіргі казак атанып отырған елдің белгілі негізгі руларынан шықкан. Мысалы, белгілі Қобыланды батыр қазіргі казак атанып отырған елдің ірі руының бірі – Қыпшак руынан шықкан. «Ер Қекше», «Ер Косай» – казак болған елдің белгілі Уақ деген руынан шықкан. Атақты «Алпамыс батыр» казак атанған елдің белгілі Коңырат руынан шықкан.

Міне, өзі ноғайлыш болып жүргендегі ноғайлышының батырлар жырына қазак та ортак... Оның үстіне, сол ертедегі жыр болған батырлардың бірсыптырасы – қазір қазак болған рулардан шыққан болғандыктан да, оларды қазак «біздікі» дей алады.

Калын Ноғайлыш бірте-бірте бытырап, бөлек-бөлек болып, жанжакқа – «ұлы ұрымға, қызы Қырымға» тарасып кеткенде, казак атанып кеткен ноғайлыштар, өзінің ноғайлыш замандарындағы, ноғайлышының бытырай бастаған замандарындағы батырлар әңгімелептін, өздері қазак болып кеткен соң да ұмытпаған. Кей жырларды ұмытса да, бірсыптыра батырлардың әңгіме-жырларының ұзын-ыргаларын ұмытпаған. Қазак болған елден өзге жерлердегі ноғайлыштардың көбі ол батырлар жырларының ұзын-ыргаларын да ұмыттып қалып, тек қысқа әңгімелерін ғана сактап қалған. Тіпті, кейбір ел қысқа әңгімелерінің өзін де ұмыттып қалған.

Мысалы, «Едіге батырдың» әңгімесі түрік-монгол руларының көбінде бар. Бірақ қазак болған рулардың жыр қылыш келген «Едіге батырдың» жырынан бәрінікі де қысқа, шолак, тіпті кейбіреулерінде жөнді жырлары да жок.

Ноғайлыш заманынан қалған әңгіме жырлардың бәрі де қазактан өзге ноғайлыштардың бәрінде де сондай. Мысалы, казак болған ноғайлыштардың тама руынан шықкан Нәрікұлы Шора батыр – тарихта белгілі адам. Алтын орда, ноғайлыш азып-тоза бастаған кезде Қазан қаласында болған таластарға қатысқан адам. Өзі сол Қазанда өлген. Шораның Ісләм, Әлкей деген екі інісі 1552 жылы Қазанды Мәскеу патшасы алғанда Қазанды корғап соғыскандардың ішінде өлген. Шора батырдың әңгімесі де Қазан татарларының және басқа татар елдерінің ел әдебиетінде бар. Бірақ бұл Шора туралы да қазақ болған елдің айтып жүрген әңгіме-жыры өзге елдердікінен көлемді, көп.

Ертедегі, Ногайлы заманындағы батырларды әңгіме қылған жырлардың кайсысын алсан да, казак болған елдін ауыз әдебиеттегі өзге түрік-монгол руладының бөрінікінен де екі есе, немесе талай есе қолемді, талай есе толық болып сакталып келген.

Казак болған елдін ауыз әдебиетінің молырақ болып сакташып келуінің себебі, әрине, шаруашылық түрмисынан, болмыснын болу керек...

Ертедегі батырлар әңгіме-жырларын, казак атанған елдің Ногайлы болған дәуірінен, немесе «ногайлы» атын әлі тастамай жүрген дәуірінен қалған әдебиет нұскалары дегенде, тарихи әделдерді билай коя тұрганның өзінде, сол ертеден қалған жырлы-әңгімелердің өздерінен дәлелдер келтіруге болады. Бірнеше жырлы-әңгімелерден оған мысал келтірейік:

Әуелі «Қозы Қөрпеш – Баян» жырын алып қарайық. «Қозы Қөрпеш – Баян» – ескіліктегі казак атаулы елдін «өте қызықты», «оте жаксы» көрген жырлы-әңгімесі. Бұл әңгіме түрік-монгол руладының денінің-ак ауыз әдебиетіндегісінен толығын басқа түрік елдерінен көре алмадық та, ести алмадық та. «Қозы Қөрпеш – Баянды» лербес казактікі қылып, «солардың моласы еді» деп казак елі Аяқөз бойындағы бір моланы да көрсетеді. «Қозы Қөрпеш – Баянның» казак арасында 4 – 5 түрлі айтылатын жырлы-әңгімесін білеміз. Міне, сол «Қозы Қөрпеш – Баянның» ел аузынан жазылып жария болып жүргендерінің бәрі – жырды бастағанда «ногайлы» елін айтЫП, «Қозы Қөрпеш – Баян» ногайлы еді деп бастайды.

Енді, сол Ногайлы дәуірін жыр қылған әңгіме, өлеңдерден сөздер келтірейік:

Бұл арада тағы да мына бір сөзді айта кетейік. Бұл кітапта және бұл арада келтіретін өлең-жырлар билер билеген надан дәуірдің сөздері болғандықтан, сөз пікірлері теріс болады.

Мысалы, казак атаулы елден басқа елді қөбінесе, «карып», «жай» деп келеді... Бұл окушының есінде болар...

Белгілі Радлов жинап, 1869 жылы баспаға берген Қозы Қөрпештің жыры мына тәмендегідей басталады:

Орманбеттен аттанды он сан ногай
Біреуінің ақылы он сан коллай,
Кара хан, Сары хандай бай отінти, –
Екеуі заманында байлығы орай.
Орманбеттен аттанды он сан ногай,

Біреуінің ақылы он сан колдай.
Күміс мылтық мойнында аяға жүріп,
Екеуі қызық көрді талай-талай.

Остіп, жырдың басында, ұдайымен 4 ауыз өлен: «Орманбеттен аттанды он сан ногай» деп басталады. «Қызыымды жетім ұлға бермеймін» деп Карабайдың кеше қашқан жерін айтқанда, Радлов жазып алған жырда:

...Он сан ногай болғанда, Орманбет ол,
Ордың кара ағашы болғанда бәктерлесіл ол
Қызыымды жетім ұлға бермеймін деп,
Карабай көше қашып кеткені ол...

Атақты ақын Мәшіүр Жұсіп Көпейұлының бала күнінде атақты ақын Шөжеден есітіп үйреніп едім деп жазған, «Қозы Көрпеш – Баянның» зары мына төмендегідей басталады:

...Жараткан жан біткеніл бір құлай-ды,
Жаратты жарық үшін күн месі айда.
Бұрынғы ногай-казак заманында,
Сөйлеймін Карабай мен Сарыбайды.
Сөз қылым Карабай мен Сарыбайды.
Көп ногайды екеуі асырайды.
Колында сүйгепіндегі баласы жок,
Перзент үшін екі бай зар жылайды...

Баянның өкесі, «қызыымды Қозы Көрпешке бермейін» деп көше жөнелген жерін Мәшіүрдың жырында мына төмендегідей жырлайды:

...Кой, катын, көп сөйлеме, көніл калар!
Көніліме мұнда тұрсаң, кайғы толар.
Кара көз, көп сөйлеме, жық үйніді! –
Алдыңда Ногайлының көп жұрты бар...

Семей губерниясында ел арасында есітіп Қаратай деген жігіт жазып алған «Қозы Көрпеш» жырының басы мына төмендегідей басталады:

...Нөлі бар етігімнің табанында,
Құдайға құлшылық қыл аманында!
Карабай мен Сарыбай бай етіпті –
Ногайлының ертеде заманында...

Міне, казак арасындағы түрліше айтылып жүрген «Козы Қорпеш – Баянның» әнгіме жырының бәрінде де Козы Қорпеш, Іаинитың әкелері: Карабай, Сарыбай – Ногайлы еді деп жырылды...

Онан соң «Едіге батыр» жырын алып карайық... «Едіге батыр» қалыптын ауыз әдебиетіндегі ертедегі батырлар әнгіме-жырларынан ішіндегі белгілі біреуі.

Едіге тарихи адам. Бұл Алтын ордада Токтамыс хан хандық ғұрғанда, бірнеше жыл Алтын орданы билеген мырза. Токтамыс ханмен жауласып жабысып жүргендегі күшінің көбі – ногайлыштар болған. Алтын орданы бұлдірген Едігенің істеген істерінің бәрі сонынан ерген ногайлышға дұрыс көрінген. Соншыктан ногайлыш елі Едігені жер-көкке сыйғызбай мактап жыр қылған.

Және ногайлыш елінің атақты мықты, Алтын ордада ықпалы жүрген Алтын орда тағына көніліне ұнаған хан баласын отырғытуға құш көрсеткен. Ногай мырза (Ногай хан) өлген соң (1306 жыл) сол кездегі Алтын орда ханы Токтахан, ногайлыштардың күшін айтау үшін бытыратпақ болып, ногайлыштардың көбін құштеп, Еділ-Жайық бойының киылышына жер аударған. Бөкей ханның тапқан мағлұматына қарағанда, Ногай ханның өлімі Токтаханнан болған. Содан Алтын орданың ханына кек сактап жүрген ногайлыш елінің көбі Алтын ордага Токтамыс хан болғанда Токтамыстың жауы Едігені көкке көтерген.

Едігенің жырында «Едіге ногайлышының елінен Токтамыстың құды» дейді. Едігеден Токтамыс хан қашарында айтты деген жырында:

...Он сан елім – ногайлыш,
Сені тағы алдырттым.
Он сан ногай ішінде
Үш жұз алпыс отау қазагым,
Сені тағы алдырттым, –

дейді

«Үш жұз алпыс қазагым» дегені – бұл қашанғы казак деген сұрап туғызуға мүмкін. Олай деудің мәні – бұрынғы заманда хандарға қарашы болып елінен жіктеліп салтан жүргендерді «казак» дейтін. Бұл жырдағы «отау қазагы» сол болуға керек.

«Едіге батырдың» жырында «Едіге батырдың алшын руынан

шықкан Ағысын деген жан досы бар еді» дейді. Едіге батыр туралы қазак арасында болып жүріп баспаға шыккан екі тұрлі әңгімелесінің екеуінде де айтады. Тоқтамыс Едігені өлтірмек болғанын біліп, Едігені шакырған алшын руынан шыккан Ағысын еді деп жырлаған. Едіге қашқан соң, «Едігеге тіл алғызарлық досы деп Тоқтамыс сол Ағысынды жұмсаған екен. Ағысын «аурумын» деп бармады деп әңгімелейді.

Тоқтамыс хан Едігеден қорқып ақыл сұрағандарының ішінде және Едігені қайтарып алып келіндер деп жұмсағандарының ішінде аргын руынан Қара қожа батыр бар еді, қыпшак руынан Кобыланды батыр бар еді деп жырлайды.

Міне, осы айтылған Едігенің досы Ағысынның руы алшын да, Едігені қайтарып кел деп жибергендерінің ішіндегі Каракожа батырдың аргын руы да, Кобыланды батырдың қыпшак руы да көзірті казақ атанып отырған елдің белгілі негізгі рулары. Тек бұл рулар ол кезде Ноғайлы елі атанып жүрген. Тоқтамыс жұмсаған тоғызы батыр ханның жауы Едігені қуып жетіп, Едігені қайтарып алып келе алмаған болады. «Едігенің» жырында мұны «бата алмаған соң қайтара алмадық» дейді. Ылғи мықты атанған ірі, бір-біреуі рулы елді шауып жүрген тоғызы батыр қуып жеткен соң, шындаپ Тоқтамыстың дегенін қылмак болса жалғыз Едігені алып қайтпас па еді? Міне, осының өзі де ногайлының көшілігінің Тоқтамыстың сойылын сокпағандығын көрсетеді. Тіпті ішінен Едіге батырға болысқандығын көрсетеді.

Қазақ болған елдің ескі әңгімелерін жинаған Сібірдің белгілі зерттеушісі Потанин деген кісі қазақ елі аузынан жазып алып, орыстың «Живая история» деген журналына бастырған «Едіге-Тоқтамыс» деген ертек әңгімесінде «казактардың қазіргі айтатын сөзі» деп мына төмендегідей бір ескертү жазады:

«...Бұрынғы заманда татардың Тоқтамыс деген ханын біздің Едіге деген батырымыз өлтірғен, сондықтан татарлар бізге қас. Қазіргі татарлардың бізге қастығы сол!» — деп казактар айтады дейді Потанин және жазғанда «татар» деген атты өзінің кім болғанын ұмыткан казактың «ноғай» деген атауымен жазады.

Әрине Едігенің, Тоқтамыстың кім екенін, өзінің кім болғанын, кім екенін шала білетін, патша саясатының аркасында татарды жау қөрген надан казактың сөзін жазып алып, сол қалпында баспаға бастырып қойған Потанинде ешбір айып жок. Өзге ногайлыдан бөлініп, ен далада көшіп қазақ болған рулар бөлек

хандық құрып, бөлек ел болып өмір сүре бастаған заманда ногай-лы атымен қалған елден қазакка келіп-кетіп жүруші ногайлыштар коп болған. Қазак болып ен далада көшіп кеткен елге ногай атымен қалған туыстары саудамен де көп келіп-кетіп жүрген. Бөтен ел саудамен көп келе алмаған. Сондыктан саудагерлердің бәрін ле ногай дейтін болған. Бірте-бірте өзінің ногайлыш болғанын көпшілігі, кейінгі буындары ұмыткан кездे, қазак болған ел ногайлыштарды басқа ел деп атایтын болған. Өзі ногай болғанын ұмыткан соң, қазак сол ногайлышың ескі мекен жағынан келген татарларды да «ногай» деп атایтын болған. Бәлкім, келген татарлардың өздері де қазактарға бауыр болу үшін де «ногаймыз» деуі мүмкін. Соナン соң татарларды қазақтар «ногай» деп атап кетулері мүмкін.

Едіге мен Токтамыс әңгімесі туралы жаңағы Потанин келтірген сскертуде шындыққа мензейтін бір-ак реті бар. Ол мензеу – «Токтамыс ханды біздің Едіге деген батырымыз өлтірген» деген сөз. Бұл тарих дегенін бірте-бірте күнгірттеніп, көмескіленіп, жінішкеріп келсе де қазак арасында созылып келгенін көрсетеді. Оқымаған қазақ тарихының күнгірттенген, жінішкерген, алғашқыдан көмескі дерегін өзінің ұғынғаны бойынша Потанин де айтқан.

Алтын орда ханы болған Токта ханға ногайлы елінің көпшілігі өш болғандығын, Алтын орда хандығына кек сақтап, Токтамыс ханды ногайлышының кейінгі үрім-бұтағы өз ханы деп білмей кетуіне жаңағы «казак айтады» деген Потанин мензейді. Және Едіге батыр ногайлышының көпшілігіне сүйенген, ногайлышдан шықкан батыр. Әлгі Едіге деген «біздің батыр» деген сөз де соған мензейді. Едіге батырды және өзге ногайлы батырларын да біздің батырымыз еді деген казақтікі де жөн, ногайлы болған өзге түрік руладынікі де жөн.

Тарихты білмегендіктен ногайлы батырларын қазақтар дербес өзіміздікі ғана дейді.

Казак ногайлы болып жүрген заманынан қалған қазірге шейін қазак арасында макал болып кеткен Едіге, Токтамыс туралы сөздер бар:

«Едігенің ескі дауы», «Едігенің майлы жұрты», «Біздің ел Токтамысты жамандағанын коймайды, көрсө, бас ұрып тоңкайғанын да коймайды».

Бұл сөздер де тарихи болған оқиғаға тұра мензейді.

Енді «Камбар батырдың» жырын алып қарайық.

Атакты Дибай ұлы Әубәкірдің ел аузынан жазып алып баспаға бастырып таратқан «Қамбар батырдың» жырының басында, Қамбарды ногайлы еді дейді:

...Казак емес, сарт емес,
Камбардың түбі – ногайлы.
Азусыз анды тауысып,
Коймады қырып онайды, –

дейді.

Камбардың түбі «қазак емес, сарт емес» еді дейді. Бұл кітаптың басында айттық: біреуден біреу жатка алып, үлкеннен кіші үйреніп, одан кейінгілер жатка үйреніп, ескі заманнан айтылып келген өңгіме-жырлардың ешқайсысы әуелті шыққан калпында айтылып келмейді. Әуелті шыққан жырдың, бірте-бірте талай жері ұмытылады. Ұмытылған жерлерін ақындар өздерінше толықтырады. Талай жаңадан коспалар косылады дедік. Сондыктан ескіден жырлы-әңгімелердің ішінде бір-біріне үйлеспейтін сөздері болады.

«Қамбар батырдың» жырында да сондай жайт бар...

Эрине, Қамбар Ноғайлы заманында шыққан, ноғай елінің батыры болған сон, ол «қазак батыры да емес, сарт батыры да емес». Ол қазак атаулы ел – «ноғайлы» атанып жүргендегі батыр.

Жырдың басында Қамбарды «қазак емес, сарт емес еді» дейді.

Және:

Казак пен калмак, ногайлы.
Ел еді жаткан «құрала... –

дейді.

Жырдың басында, осы екі сөз айтылып, қазакты бір ел, ноғайлышы екінші ел төрізді қылып көрсетеді де, одан кейін, ноғайлышы, қазак, өзбек деген елді бір-ақ ел қылып жырлайды.

Мысалы, Қамбарға ғашық болған Назым қыздың әкесі Әзімбайды – «Он екі баулы өзбек» елінің байы дейді.

Кызы тандаган жігітке қызын беремін деп, Әзімбай «алашка» тегіс жар салды дейді.

...Назымға тандau қоям деп,
Бұл хабарды Әзімбай,
Алашка тегіс жүргізді...

Жарайды. Бұл үйлеспейтін сөз емес. Қазақ атаулы рулар бір іманда ногайлы болып жүрген. Одан кейін, Өзбек ханның атымен де қазақ атанған елдің бірсызырасы өзбек деп атанип жүрген. Онан соң, бұл арада Әзімбай «алаш» деп өз елін айтатын болса, жалпы ногайлының ұраны «алаш» болған. Тарих осылай дейді....

Әзімбай «қызыымды таңдағанына берем» деп, алашка тегіс жарсалып шақырып, қыздан дәмелі жүртты майданда қыздың алдынан өткізіп, қыз ешбір жігітті ұнатпаған жерін жырлағанда, Әзімбайдың «алаш» деп шақырған, – «қазақ пен қалмақ, ногайлы, ел сіді жатқан құрала» деген елінің бәрін, ногайлы елі еді дейді. Ол арасын былай жырлайды:

...Каска мен жайсан, бектердің
Таусылды акыл амалы.
Бәрі де өтті шұбырып.
Калмады жаксы, жаманы.
Денгіздің бойы ногайлы
Ел сен ескен жагалы...

Міне, жырдың сол бас кезіндегі Қамбарды, қазақ емес, сарт смес, ногайлы еді дегенмен, «қазақ пен қалмақ, ногайлы, ел еді жатқан құрала» деген екі сөзден кейін өнгіменің өне бойында, – «өзбек», «қазақ», «ногайлы» деген аттармен бір-ақ елді атап отырады...

Қыздың алты ағасының төртеуі Назымды кедей Қамбарға бермейміз деп гүрсілдегенде, Назымды Қамбарға беруді мақұл көрген кіші ағалары – Алшораз пен Дараздың сөздерін жыр кылғанда өзбек пен ногайлыны бір ел қылып сөйлейді. Қамбар мен Әзімбай балалары ағайын еді деп жырлайды. Жырдың мынадай жері бар:

Алшораз ағаларына айтады:

...Қамбардың көнілің калдырма,
Қайратты туған өренді.
Болар бір күн дәрксері...
Екіталай іс болып,
Ат құлагы төлессе,
Паналярсың тығызып,
Соның барып женіне.
Әзімбай ханның баласы,
Карасан акыл тегіне.
Карындасың кем болмас,

Батырдың түссе шеніне.
Ағайын үйлесіп,
Назымжанды косайык,
Каласа құдай теніне...
Даразы айтты:
«Агалар!
Артық екен бізден де
Алшораздың акылы.
Ағаш илі өзбектің
Сүйегі тамыр болады
Құлайдан сонғы жақыны.
Ойлағанда кідіріп, –
Осы екен істің макұлы.
Кекті болып кетпессін
Ногайлының батыры...

Сонан соң Назымды қалмақ ханы аламын деп жауышы жіберген. Жіберген жаушысы Керей ұлы Келмембет Әзімбайға: «Кызынды қалмақтың ханына сұрай келдік, бермесен елін шабылады», – деп күш көрсетіп қорқытқан.

Ескіліктегі жаушылардың айтатын жобасымен түспалдан айткан жырында, Келмембет былай дейді:

...Арызымды сізге айтам,
Көтерсем менің назымды:
Саусағы алтын сұнқарға
Ілдірейін деп келдім,
Көлдегі үйрек-казынды.
Алтайы қызыл тұлқіңе
Косайын деп келдім мен
Күмай жүйрік тазымды...
Канаатты кара бүркітім,
Асыраған әлпештеп,
Аккуынды іледі.
Төс етінен тояттап,
Кеудесіне мінеді...
Осы айтканым болмаса,
Тұғырға сұнқар қолбаса,
Ногайлы елін бүледі...
Бүгін саған мейманын,
Таңдал сой семіз койынды.
Құда түсіп құйрық жеп,
Қыламыз қызық ойынды.
Ногайлынды шакырма,
Өзіме бер тойынды...

Қалмақ ханның жаушысы, сейтіп Әзімбайдың елін «ногайлы» дейді.

Онан соң қалмактың қызы сұрағанына шамданып, Әзімбай балалары жауши Келмембеттің жолдас қалмактарын сабап өлтіріп, Келмембеттің өзін сабап, құлағын кесіп байлағанда, Әзімбай баласы Алшораз өзінің елін енді казак елі деп сөйлейді.

Жырында былай дейді:

...Жүр едің мас боп, Келмембет,
Кұдайдың берген бағына...
Кесілген жерің жазылар,
Шүкір айт қалған жаңына.
Біз таласып бармаймыз,
Қызы-келіншек бойжеткен,
Некелеп алған жарыңа.
Казак пен қалмак катысып.
Кұда болған бар ма скен
Бұрынғыдан сонғыға?..
«Дүгай сәлем» дегейсің
Караман дәудсій ханыңа...

Ал Келмембет таяқ жеп, құлағы кесіліп қалмақ ханына барған соң, хан ызыға шыдамай ашууланып, Әзімбайдың елін шаппакқа қол жиып аттанып келгенде, Әзімбайдың елін тағы да ногайлы елі деп атайды.

Жырында былай дейді:

...Караман мұны коріп кайран қаллы.
Шошының ет жүргең есін танды.
Түбіне, кап, ногайлы, жетермін деп.
Патша ашууланып қаһарланды...
... Бес мың алды адамшын,
Ногайлыға бармакқа,
Жігіттің өүшен катарын,
Даяр болды жүрмекке
Кұдайдан сұрап сапарын!..

Караман қалмақ Әзімбайдың еліне әскерін өкеп төгіп айтқаны:

...Караман айты бұл сөзді:
Ногайлының кайраты,
Маган салсан, тыбылды.
Кырық жігітке бас болып,
Алшоразға жолық деп.
Келмембет ерлі бүйірлұ...

Тағы да Келмембет Әзімбайға келгенде, Әзімбайдың елін енді «қазак» деп атайды. Жыры мынау:

...Күні-тұні тыныш жок,
Шаршадым өбден зорығып,
Ортада өзім жүрмесем,
Казак пен қалмақ үркесем,
Кырылар дедімобынып...

Әзімбай енді жұртымен ақылдасып, қалмактан қорыққанынан, бір жағынан Қамбарға кісі салып, екінші жағынан Назымды береміз деп, Келмембеттің көнілін аулап жібергенде, «Кызды беретін болды», – деп қалмақ ханынан сүйінші сұрап барғанда, Келмембет Әзімбай елін, енді қайтадан тағы да «ноғайлы» деп атайды.

Жыры мынадай:

...Келмембет айтты, патшам!
Ноғайлының қызбадым
Тайтуяқ жамбы пұлына...

Ал Әзімбай, қалмактан қорқып, Келмембет жаушының көнілін аулап, қызымды берем, патшаға сәлем, барлық елімді жиып той қыламын дегенінде, тойға шақырмак елін «алты алаш» дейді.

Жыры мынау:

...Жұрт иесі патшаның
Болмасын кор кадамы...
Кырық күн ұдай тойым бар,
Әртүрлі қызық ойнын бар,
Тамашаға жиылсын
Алты алаштың адамы...

Бұл арада да «алты алаш» деп Әзімбай жалпы ноғайлыны айтады.

Онан сон, Әзімбайдың жіберген кісісі Қамбар батырға келген жерін жыр қылғанда, Қамбарды сыпаттағанда, «кайраты асқан алаштан» дейді. Жыры мынандай:

...Отыр еді ер Қамбар,
Салдырып төсек паластан.
Карсыласкан дұспанға,
Кайраты асқан алаштан...

Ал бұл арадағы «алаштан асқан» дегені, дүспаннан, жаттан асқан деген сөз. Бұл туралы бұрын айтқамыз.

Әзімбайдың жіберген кісіci Қамбарға келіп – «елді қалмак камады, соған кайрат қыл» деп сөз айтқанда, елді тағы да «ноғайлы» деп атайды. Жырды былай айтқан:

...Атапа үсай айтымай,
Күріпсын жастаң салтынцы,
Арызымы сізге білдіріп,
Ойланып тұрмын кайтуды.
Каркын су келіп қантады,
Ондагы жаткан халқынцы...
... Өз тегіншің ішінде
Ақылың асқан данаасың.
Жұбатасың жыласа,
Ногайлының баласын...
... Арапас конып ауылға,
Жакында жаулар жасанды.
Сырымызды біллірсек,
Ногайлы сліп шаппакқа,
Калмактар ішті касамды...

Оған Қамбардың айтқаны мынадай болады:

...Камбар айтты: Жәлігер!
Қылмаңыз көп уайым.
Әуслі Алла, екінші
Жұрт үшін беллі буайым!
Әзімбайдың ақымак
Алты итіне өклемелеп.
Жамашың ісін қылмайын...

Сонан соң, қалмактар Назым қызыды аламыз деп, қуанышта-
рына той қылмак болғанда, жұрт жиып, тойларына келмеген
Қамбарды шакырғанда және жырдың ішінде Қамбарды айтқан-
да, ылғи ногайлының батыры деп атайды. Және, қалмактар
Әзімбай мен Қамбардың елін сөз қылғанда, жырда, бұлардың елін
ылғи ногайлы деп атайды... Жырларының жүрнектары міне:

«...Мәжіліс отыр еді патша құрып,
Келмембет сөз сөйлейді құлдық үрып:
«Ногайдың Қамбар деген батыры бар,
Мереке алдырыңыз болмай тұрып...»
«...Келмембет ыргып үрып жоргасына.
Жонелді ногайлының жолбарысына...»

«...Патша сонда сөйлейді:
Өзінменен косылып,
Камбар неге келмеді?..
Карсыласып менімен, —
Ногайлы да ел ме еді?..»

Енді Қамбар, қалмақ ханына келіп, тиісіп айтқан сөзінде:

...Жолымнан калдым кешігіп.
Шатыр тігіп, шаңдатып,
Зорлығынды андатып.
Ногайлының сазында
Сіз де отырсыз шешініп...

Сонда қалмақ ханы Қамбар батырға айтады:

...Жіберген үрып жауашымды,
Алшораз жаман басынды.
Бектеріме күйініп,
Қайғы жеп жаным ашынды.
Әлін білмей ногайлы,
Келтірді катты ашуды...

Сонан соң Қамбар соғыс салады. Соғыс болатын болған сон қалмақтың айтқаны:

...Патша айтты: Келмембст!
Ногайлының батыры
Үрыска шығып сайлаңды.
Арманда болып қалмаңдар, —
Іс киынға айналды...

Соғыс болғанда, Қамбар қалмақты топырлатып жүргенін жырлағанда, былай дейді:

...Тұртіп өтіп кеткені,
Такиядай үшады.
Екпініне шыдамай
Атының жалын құшады.
Өшігіп қалған ногайлы
Коймайтынға үсады...

Жырда Назымның Қамбарға айтты деген сөзінде:

...Көзіме көрінбейді сіздей бір жан.
Майданның ортасында шүлен күрган.

Шыгар дес, арыстаным, ойлап едім,
Тұғызып сіздей сұлтан ногайлыдан...

Жырдың ақырында:

...Төрт түлікпен көп малды...
Әзімбайдың бул қызы
Ногайлының болды алды... –

ләйді.

Міне, сөйтіп, «Камбар батырдың» әнгіме-жырын алып кара-саныз, бас жағындағы: «... Қазақ емес, сарт емес, Камбардың түбі ногайлы...» деген сөз бен, Қазақ пен қалмақ, ногайлы, ел еді жатқан құрала...» деген, казак атаулы елдің ногайлы болғанын ұмытқан, бертінгі замандағы надан жыршылардың қосып алған екі сөзі болмаса, жырдың өне бойында, Камбарды ногайлы елінің батыры дейді. Бертінгі замандағы надан жыршының, жырдың бас жағындағы, «казакты» бөліп айткан осы екі сөз болмаса, жырлының өне бойында, – Әзімбай мен Камбардың елін атағанда – «казак» деген, «өзбек» деген, «ногайлы» деген атаулардың айырмасын жоқ қылыш атайды. Бұл тарихтың шындығына үйлескен жайт. Жырдың ішіндегі «қазак» деген, «өзбек» деген, «ногайлы» леген атауларды, – бір-ак елге айтатын орындардағы «қазак» деген сөз, қазак атаулы ел өзінің «ногайлы» болғанын ұмытпай жүргін замандағы қосылған сөз. Ал жырдың бас жағындағы: «қазак емес, сарт емес, Камбардың түбі ногайлы» дегендегі, онсон: «қалмақ пен казақ, ногайлы, ел еді жатқан құрала» дегендегі қазакты бөліп айткан, «қазак» деген сөз – казак атаулы ел «ногайлы» болғанын ұмытқан заманда қосылған қоспа сөз...

Және «Сайын батырдың» әнгіме-жырын алып карайық... Бұл батырды да ногайлының батыры екенін айқын айтады.

Тура, «Сайын батырдың» жырынан сөз келтірейік:

...Бұрынғы слдің барында,
Өткен слдің заңында,
Сол слдердің тұсында,
Ногайлы деген халық өтті.
Үш шарбакты кент өтті.
Ногайлының үш кепті
Заманында жарлы өтті...
Ногайлының халқында
Сондай бір момын бай болған.

Төрт түлігі сай болған,
Өз алдына пан болған,
Кара басы хан болған,
Байлығы жұртқа заң болған.
Байлығының белгісі, –
Малы алашқа таң болған...
Дүниекор сол байдын.
Дүниеден жалғыз мүңі бар.
...Бір перзентке зар болған.
...Бозмұнай бай жылайды.
Жат айтады құдайды:
«Ашамайға мінгізіп,
Кеш алдына жүргізіп,
Әжептәуір құбының
Алдына алып сүйгізіп,
Алашқа атын білгізіп,
Ұл қызығын көрмедім...»

Сейтіп, Бозмұнай балаға зар болып жылап жүргенде, қыны буаз болып бір үл табады. Жиналған жұрт – хан мен би, жетуған жас баланың (болашақ Сайын батырдың) атын таба ал дағдарып отырғанда, жұз отызға келген бір кедей карт атын тиды. Жырында былай дейді:

...Сол уақытта бір адам
Жұз отызға келіпті.
Талай макұл көріпті,
Ногайлының жұрттында
Онан үлкен кісі жок.
Өзі жарлы болған сон,
Онымен жұрттың ісі жок.
Хан мен билер касына,
Шал байғұс келді таянып:
Баланың атын сұрасаң, –
Беліндегі бес кару,
Тал бойына жарапсан,
Ерлігі өткен алаштан,
Батыр Сайын болмас па?
Үстіне аруак конбас па?
Хан мен билер камалып,
Соны тауып коймас па...

Мінеки, жырдың басынан аяғына шейін Сайын батырдығайлының батыры еді деп, «алаш» деген сөзді ногайлының еді деп баяндайды.

Енді, «Қобыланды батырдың» жырын алып қарайық.

«Кобыланды батырдың» жырлы әңгімесін алсак, оның да нөгайлы заманындағы батыр екеніне дау болуға тиіс емес. Кобыланды батыр Аргын Дайыр қожа биді өлтіргенде, Дайыр қожаңың әкесі Қыдан деген ақын жылап, баласына мына бір жырды айткан екен дейді:

...Каралыпшаш Кобыланыңыза
Нең бар еді, күлніңмі!
Сексен асып,
Таянғанда тоқсанға,
Тұра алмастай,
Үзіллі ме жұлымны!
Аласаның жолға салдың
Бұл ногайлы слінің.
Аккап бұлак, жаңған шырак,
Жалғыз қүнде күрыдың.
Каралыпшаш Кобыланыңыда
Нең бар елі, күлніңмі?..

Міне, мұнда қазақ атаулы руладың ол кезде ногайлы болып жүргенін айқын айтады...

Ол заманда, қазақ атаулы көшпелілер, әрі қазақ елі атанбаган, қазақ хандығын құрмаған уақыты дедік. Қезіргі қазақ атаулы рулад ол заманда ногайлы атымен жүрген дедік. Міне, сол заманда, Тоқтамыс ханның тұсында батыр болып шықкан Кобыланды ногайлы батыры екеніне дау болмайды. Кобыландыны және онымен бірге сегіз батырды Тоқтамыс хан Едігені құғызып жібереді. Сол Кобыланды батыр ішінде, әр руға бастық болып жүрген тоғыз батырды жұмсағанда Сыбыра жыраудың акылымен жұмсайды. Кәріліктен жағы тұсуге айналған Сыбыра жырау, Кобыландыдай батыры бар Тоқтамыс билеген елді «ногайлы» деп жырлайды. Жырда былай деген:

...Ногайлының ауыр жұрт,
Абдырады айланды.
Айланып кенес таппады,
Тіл мен жағы байланды...
Аузында отыз тісі жок.
Адам көрер тұсі жок,
Сүм аякты, сүм берікті,
Сыбыра сынды сүм жырау,

Жібекпен жағын тарттырып,
Салтанатқа үлде мен бұлде арттырып,
Алып бір келші деп еді,
Сыпыра сыңды сүм жырау,
Алып бір жетіп келгесінен,
Еңкейіп үйгес кіргесінен,
Кол кусырып тұрғаннаң,
Тұрады да толгайды,
Толгайды да сарнайды.
Сарнайды да жырлайды.
Толғап, сарнап жырласа,
Сансыз ногай корлайды.
Өкіліне түскен жаксылар,
Не уакиға болды деп,
Камыкканан зарлайды...

Сыпыра жыраудың толғауында «Едіге елді бұлдіреді» дегенінде мынандай жыр бар:

...Ногайлының ауыр жұрт.
Баяу жатқан кайран жұрт,
Аш күзәндей бүгіліп,
Аш бөрідей жүгіріп,
Шетіннен кику, асар сап.
Ашы сүрән салар-ды.
Есілдің басы – қызыл жар, –
Аспадан суват салар-ды.
Ертістің басы кара дөң
Екі арасын қосар-ды,
Алтыннан соккан ак ордаң,
Күмістен соккан ак есік,
Түсі сүк шым болат, –
Үшіменен ашар-ды.
Төрғе төсек салар-ды.
Төсі аршынды сұлудың
Сұлулығын аямай,
Төс астына алар-ды.
Керегенді кертер-ди,
Күл қылып отка өртер-ди.
Тұрылғының тілер ол,
Тіліп тоқым қылар ол.
Токсан басты ак орда,
Тонамай ие болар-ды...
...Сонау бір жалғыз құбаша үл,
Әлі де үзап кеткен жок,
Еділден әрі өткен жок.
Тогыз мынау срінді
Тобыменен жібер де,

Алдап-сулап касына ал,
Касына ал ла, басын ал!..

Ішінде Қобыланды бар, тоғыз батыр Едігеге жетіп, қайт де-
генде, Едіге қайтпай, кіжініп айтқан «елді бұлдірем» деген сөзінде,
тоғыз батырдың, Токтамыстың және өзінің елін ногайлы жүрты
дейді. Жырында былай деген:

...Жалғыз да болсам кетермін,
Сәтсімір ханға жстермін,
Сәтсімір хан кол берсе, –
...Кыркада біткен кырық адыр –
Кырқа басып жортласам,
Кырық күншілік шөлінс. –
Лайдынды бұлақ салмасам...
Ала қашық күндей боп,
Алды-артынан шықласам.
Ліш күзендей бүгілін,
Ліш бәрідей жүгіріп,
Ногайлының ауыр жүрт,
Баяу жаткан кайран жүрт,
Шетінен кику асыр сап,
Айша сурең салмасам!..

Токтамыс хан Едігеден қашарда, елімен коштасқанда, елін
«ногайлы» деп жырлайды. Жыры мынадай:

...Он сан слім ногайлы,
Сени тағы алдырттым...
Сап-сап жүре, сап жүре,
Сай азamat косылып,
Жауды жайкай алалман,
Кара қыпшак Қобыландым, –
Сен секілді ерден соң...
Отыруши едік жайласып,
Шалғынга бие байласып,
Күлін-тайдай ойнасып,
Иіндесіп-сырласып, –
Асылдан саба толтырып,
Тен күрдаспен отырып,
Әзілде қымыз ішес алман,
Ногайлы менің ауыр жүрт, –
Сен секілді елден соң,
Мандайым күнгө күйімей мес,
Табаным жерге тимей ме!..

Мінекей, Қобыланды батырдың елі – осы ноғайлының ажұрты. Ноғайлы Сайын батыр жырында Қобыландыға іні бол Қобыланды, жас Сайынды «інім» деп іздең келеді. Жырында бෑдеген:

...Ақ боз атпен атқылдап,
Айыр қалпақ солқылладап,
Батыр Сайын сен болсан,
Қобыланды ағаң мен болсам,
Ел шетінде кез болсан, –
...Сені көруге көлемін.
Артық тұған ер болсан,
Кол тізгінін беремін.
Іздең шыккан жауым бар, –
Қызығынды соңда көремін...

Сайын батырдың әкесі – ноғайлы Бозмұнай, жас Сайы азғырып жауға аттануға «ілестіресін» деп, Қобыландыға қ сөйлегенде, көліпті үлкен ағаның кіші ініге ұрысып айт сөзіндей сөйлейді. Сөзі міне:

...А, Қобыланды, Қобыланды!
Тентектігің коймадын.
Жұрт тіліне болмадын.
Бұрынғылар алмаған,
Адам жүрмес бір жауға,
Жүрмелін деп ойладын.
Мына жүрген ер Сайын
Он жасына жеткен жок,
Жеті жастан өткен жок.
Уш наурызды берсенші.
Сайын оған жеткенде,
Қызығын соңда көрсөнші...

Жауға аттанып барып, жараланып өлеійін деп жатқанда йын батыр, қасындағы жолдастарымен қоштасқанда, елдегі ған Күйкібай мен Бекенбай деген екі жас ұлын елдегі Қобыдыға тапсырады. Жыры міні:

...Каракыпшак Қобыланды,
Батыр ерге сәлем айт!
Мен кеткендс тұмаган,
Оғы жасын қылмаған,
Күйкібай мен Бекенбай, –

Айырылып соңан қалмасын!
Енді жауга бармасын.
Өздері адам болғанша,
Каракыпшак Қобыланды
Көзімен таса қылмасын...

Міне, тарихтың дәлелдерін былай коя тұрып, осы жырлар-
лып өзін оқығанда да кара қыпшак Қобыланды батырдың ногай-
лы екеніне ешбір дау болуға орын қалмайды. Және «Тарғын
батырдың» жырын алып қарайық...

Бұл да ногайлы батыры болады, «Тарғын батырдың» жырын-
да, Тарғынның түп елі қыргыз еді, бір кісі өлтіріп елінен кашып
шығып ногайға келіп сіңген, ногайлы болған батыр еді дейді.
Жырында Тарғын өүелі Қырым ногайлысына – Ақша ханның кол
истына сіңеді. Соңан сон, Қырымнан кетіп Еділ бойына келіп он
сан ногайлы Ормамбет еліне келіп сіңеді. Жырында бұл айқын
айтылған.

Онан соң тарихта болған Тарғын батыр бар. Егерде әнгіме-
жырдағы Тарғын осы тарихтағы Тарғын болса – онын түбі, руы
қыргыз емес, ол нағыз ногайлының батыры, белгілі Естеректің
баласы – Тарғын батыр. Олай болса, бұл казак атанған ногайлы
өзге ногайлыдан бөлінбеген кездегі батыр. Бұл Естерек баласы
Гарғын батырды Мұрат ақын да жыр қылған. Мұраттың «Шәлгез»
леген жырында да Естерек ұлы ер Тарғын – ногайлының баты-
ры, ногайлының жырауы Шәлгез, ногайлының бір батыры қылыш
Тарғын туралы айтқан Мұраттың жыры мынадай:

...Енді бірін кім дессен, –
Тебінгісін терге шіріткен,
Терлігін майдай іріткен,
Әлдінесін атка алған
Аткан оғын тайга алған.
Әлдінесін ала оғіздей мөңіреткен,
Дүспаның саулы інгендей етіреткен,
Құралай көрсс, – көзге аткан,
Құланды көрсс, – белгे аткан,
Оң келгендің оң аткан,
Сол келгендің сол аткан,
Солакай тартса құлатқан,
Құйқылжыған күла жирсін ат мінген,
Құйрығын келтесінен шарт түйген,
Қорамсакқа кол салған
Бір салғаңда мол салған,

Суырып алған кү жебе,
Сүбесінен жол салған,
Темір казық жастаңған,
Терлік тоқым төсөнгөн,
Жауга қарап аттанса,
Жөнелте колын бастаган,
Көк сүйір атты борбайлап,
Қамалды бұзған айқайлан,
Оның бір несін сұрайсын?
Ол кісінің ішінде, –
Ылғидан жалғыз аттаңған.
Естерек ұлы Тарғын бар...

Қалай болғанда да Тарғын батыр ногайлы батыры болып шығады.

«Ер Кекше ұлы Ер Қосайдың» жырын алып қарасақ, ол да ногайлы батыры болады. Ер Қосайдың әкесі Ер Кекшенің руы уақ еді дейді. Ал уақ – қазіргі казақ атанаң отырған елдің орта жүзіндегі белгілі ру, әлті Мұрат ақынның жыр қылған, қалмақтан жылқы алған ногайлышың он шалының ішіндегі – Шәлгез жырау қалмакты алдап қорқытып, қасындағы тоғыз шалды – ногайлышың сол замандағы атақты тоғыз батыры қылып сыпаттап аттарын атаган тоғыз батырының бірі – Ер Кекшенің ұлы Ер Қосай. Мұрattyң жырында былай деген:

...Енді бірін кім десен, –
Жеті аршын жарым бойы бар,
Адамнан артық біткен сойы бар,
Артынан келген дұспанға,
Көрсететін тойы бар,
Жауырыны жазық, мойны ұзын,
Оқ тартқанда колы ұзын,
Маңдайының арасы, –
Екі карыс, екі елі,
Дулығага сыймас шекелі,
Оның бір несін сұрайсын? –
Ол кісінің ішінде, –
Түк бер деп жалғыз аттаңған,
Кекшенің ұлы Қосай бар...

Ер Кекшенің өз жырында да Кекшени, Қосайды ногайлы еді дейді. Жыры былай басталады:

...Уақ ұлы – Қамбар екен,
Қамбар ұлы – Ер Кекше...

Ер Көкше тіпті жас екен,
Жас та болса бас екен,
Он сан ногай бүлгенде,
Ормамбет хан өлгенде,
Көкшіс барып жатынты
Манаң деген сұнына,
Балқан деген тауына,
Үлесуге мал таппай,
Атысарға жау таппай,
Со кісінің ішінен,
Бөлініп шыкты қырық кісі.
Карауыл кеткен тәрт кісі.
Шыңды ауыл кеткен бес кісі.

«Жабай батырдың» жырын алып қарасак, ол да ногайлы болады. Оның жыры да былай басталады:

...Он сан ногай бүлгенде,
Ормамбет хан өлгенде,
Қырық жылдай атыскан,
Қызыл қанаға батыскан...
...Ат мойнында жал қалмай,
Қызыл бетте қан қалмай,
Бәденінде әл қалмай
Қанды соғыс көп болған,
Талай киын кеп болған...
Ногайдан шықкан Жабайды
Бес мың кісі камайды...
Жабай алды найзаны,
Істелі талай айланы,
Суырды алмас қылышты,
Бес мың топты жауменен
Жабай жалғыз үрystы.
Астына мінгел Тайқұлан
Түзеді сонда жүрісті...

Мінеки, қазіргі казақ атаулы елдің ескіден келген ауыз әдебиетіндегі ертедегі батырлар туралы айтылатын әңгіме, жырларының бәрі-ак, қазақ атаулы ел бөлініп казақ хандығын құрмай, ногайлы атанып жүргендегі, ногайлы болып жүргендегі заманының батырларын әңгімелеген жырлар.

Міне сондықтан, бұл реттегі ел әдебиетін – ногайлы дәуірінен калған жырлы-әңгімелер деуге тиіспіз.

Міне, сөйтіп, ертедегі батырлар туралы айтылған әңгіме-жырларды жақсылап оқып тексерсеніз, онан сон, казақ атанған елдің

тариҳын тексерсөніз және қазақтың өзге ескі ауыз әдебиетін тексерсөніз, әлгі кейбір тарихшылардың, кейбір әдебиетшілердің: «қазақтың өздерінің батырлар туралы әңгіме-жырлары жок», «өзіміздікі» деп жүргендері «ноғай халқынің» дегені, тек жалған сөз екенін көресіз...

Казак атанған ел өзге ноғайдан тұтасымен бір-ак күнде бөлініп, үзілді-кесілді болып, бөтен ел болып кеткен жок. Осы құнгі қазақ атанып отырган елдің кейбір рулары, ноғайлышдан бөлініп, шөлге, ен даға, есіз тауларға көшіп шығып бөлек хандық құрып жүргенде, талай рулар ноғайлы атымен, кейбір рулар өзбек атымен де талай жыл дәуір сүрген дедік. Ен өуелі сөзде ноғайлы елінен бөлініп шығып қазақ атанып бөлек хандық құрған осы құнгі қазақ атаулы елдің 4 – 5-ак руы дегенбіз. Сол, бөлек қазақ хандығын құрған, ен даға көшіп шығып жөнкіген елге өр кезде ноғайлышдан бөлініп, көзіргі қазақ атанған рулардың әрқайсысы келіп қосыла берген дегенбіз. Өзге ноғайлыштардан ен кейінірек бөлініп келіп казақ болғандардың көбі Кіші жұз рула-рынан болған.

Ұлы ноғайлышының ұзақ заман дәуір сүрген жері Еділ – Жайық өлкелері. Кіші жұз руларының бірсыптырасы бірте-бірте ығысып ірге аударғанмен сол ескі мекен Еділ – Жайық бойларынан көп аулақ кетпеген... Актабан шұбырындының алдында ауа көшіп, одан кейін қайтып барған. Ноғайлы атымен отырып қалған елдің ең ақырғылары азып, бөлініп-бөлініп кеткенше, казақ болған Кіші жұз рулары, сол қалған ноғайлармен көршілес отырган. Тіпті, ен ақырғы қалған азғана ноғайлыштардан шығып келіп, қазакқа қосылып, осы құнгеге шейін, «ноғайлы» атын ұмытпаған елдер, көбінесе сол Кіші жұз руларының ішінде.

Міне сондықтан, біздің қазақ болған елдің бұрынғы «ноғайлы» болған дәуірінен қалған ауыз тарих сарқыншағы, ауыз тарих деректері алғашқысынан құнгірттенген болса да, көбінесе Кіші жүзден көбірек табылынқырайды. Ұлы дәуірдің, Орта жүздің қариялары елдердің бұрынғы басынан кешірген дәуірлерін ұмытып, өткен дәуірлерінің уақиғаларын тек сағым тәрізді ертек кылып, ұмытылған, баршаланған тұс тәрізді әңгімелеп жүргенде, Кіші жүздің шежірелері, ескі сөз жинаған кариялары – елдерінің ноғайлы болған дәуіріндегі сарынның біразын құнгірттеу болса да ұмытпай келген...

Ескі ақындардың сөзінде ноғай, қазақтың айырмы бар ма?

1906 жылы 63 жасында өлген Кіші жұз Мұрат ақынның толғау жырларында «ногайлы» мен «казак» деген елдін бір ел екенін көресін. «Казтуған» деген жырында, Асан кайғы тәрізді бұрынғы заманда бір Казтуған деген кісі, «Еділ-Жайықтың бойын жау алды» деп, жау алмайтын коныс іздеп ауарында жырлаган толғауында: «ногайлы-казак елімді тастап кетіп бара жатырмын» деп жырлайды. Міне жыры:

Бұл коныстан кестпесек,
Мұны талап стпесек,
Калмагай еді көпірге
Ногайлы-казак жұрттының
Кейінгі тұған балалары-ай.
Кашаганиң үзин құрығы,
Ак орданың тіреу сырғы,
Айласа койлың кесемі,
Сөйлесс тілдің шешени.

Аргымагын жаз жіберіп күз мінген.
Жазаласа, екі жылда бір мінген.
Жолдасын жолай іздеген,
Өзіне тиген дүспаның
Карт бурадай тізденген, –
Мен карға бойлы Казтуған,
Кайыланып асып барамын,
Ногайлы-казак елімнен...

Асан кайғының да ногайлы екенін Мұрат ақын айтады. Ногайлының Орак, Мамай, Телағыс, Нәрік, Тарғын, Жанбыршы, Мұса, Кекше атты тарихта, әдебиетте белгілі батырларын «ногайлы-казак» атты өз елінің бұрынғы өткен батырлары деп жырлайды. Мұраттың мынандай жырлары көп:

Мұса бидің баласы –
Орак, Мамай бар екен,
Айнымайтын ер екен.
Ел шетіне жау келсе, –
«Біз баралық!» дер скен.
Боксактың бойы боз камыс,
Еділ, Жайық арасы,
Екі судың саласы,
Карасай Казы тен есті, –
Ер Орактың баласы.
Атысуға жаксы екен,
Сол сулардың даласы.
Бұрынғы өткен заманда,

Белгілі екен ерлерге,
Жаудың да келер шамасы,
Коныстын бәрін жогалткан,
Ногайлы, казак налан жұрт,
Бірлігінің кемісі!..

Міні, сөйтіп Мұрат ақынның жырларында – «ногайлы», «казак» деген сөз бір-ак елдің аты және ногайлы батырлары мен билері – қазіргі казақ елінің бұрынғы өз адамдары. Бұл тарихи дүрыс сөз...

Және Кіші жұз бөкейлік Қайырлы деген ақынның патша заманында жазған «Шікәйет» деген кітапшасында да ногайлының Орак, Мамай атты батырларын қазақтың бұрынғы батырлары дейді.

Әй ізгілер, жаксылар!
Естіген бар, көрген бар.
Ең болмаса өзі сұрап білген бар.
Естігениіз болса айтыныз
Бұрынғының сөзінде
Ойлап тұрсым, жалған бар.
Жалған демей, не дейін,
Өздері кетті кең жерге,
Кейінгі калған үрпағын
Мыталаға калдырып,
Ішімізді жандырып...
Айналайын халқым жұрт,
Бұрынғыдан калған жұрт,
Калғандығың айтайын,
Орак, Мамай кеткен сон,
Балығы бар суды алған,
Борасын токтар нұды алған,
Ел паналяр жерді алған,
Еділді алған, елді алған,
Тенізді алған, теңді алған.
Төбесіне тұз біткен,
Шұқырлы биік кенді алған.
Тенізден шыккан сала су,
Жайық деген – мұны алған.
Енді ар жакқа карасам,
Ата-ананың ескен жер,
Кіндік түбір кескен жер,
Алыс сала кенді алған.

Сондай-ақ қазақ атаулы елдің бақсылары да, өздерінің «аруак елестетпек» болған сарындарына Орак батырдың суретін жыр қылады. Бақсылардың мынадай жырлары бар:

...Каптаган кара бұлттай,
Кайнап біткен бұлактай,
Сайдан шыккан құлактай,
Жеңсіз берек киінген,
Лашын құстай түйілген,
Кас-қабагы бүрілген,
Жараган бүкір мықынды,
Кара бұлттай кекілі,
Айдаңарлай айды Орак.
Айбалтасы қанды Орак, –
Кайдан келдің жауды орап?
Жауланбай-ак келініз, –
Мына ауруды корініз... –

ләйді.

Казақтың ескі әдебиетінде Орак, Мамай батырларды ногайлынікі (өзінікі) қылып жырлайды.

Казіргі казақ елі бұрын ногайлы болып жүрген замандардағы, немесе бірсыныра рулады өзге ногайлыдан бөлініп, «казак» болса да, бұрынғы ногайлы болғанын ұмытпаған кездегі, осы айтылған батырлардың, билердің аттары және басқа да ногайлының белгілі адамдарының аттары «толғау» жырларда аталып отырады. Жоғарыда айттыған Мұраттың «Шәлгез» деген жырында ногайлының он шалының қалмактан жылқы алып кашқанын жыр қыла-лы. Он шалдың бірі – Шәлгез жырау деген екен дейді. Бұлардың сонынан қалмактар күшті жеткенде, Шәлгез жырау, жылқыны тоғыз шалға күгізып жіберіп, өзі қалмакты тосып тұрып, қалмакты алдап сөзбен корқытады. Корқытқанда, жылқы алып бара жатқан тоғыз шалды, қалың ногайлының атакты тоғыз батыры дейді. Тоғыз атакты батырдың атын айтады. Сейтіп, ногайлының он шалының бірі – Шәлгез жырау, өздерін тағы да «қазак» деп те қалмакка дүрдиеді:

...Атана нәлет, жуан хан!
Сен бізді алғанша талай бар:
Жылқыңа тиген он казак,
Әр кісі деп мактаңба!.. –

дейді.

Міне, сейтіп Мұрат ханның жырында және басқа да ақындардың жырында – «ногайлы» мен «қазак» деген сөз бір-ақ елдің аты.

Бүкіл қазақтың «өзінікі» қылып өнгімелейтін Асан қайғыны – Мұрат ақын ногайлының биі екенін айтады да, тағы да қазак елін,

сол Асан бидің елі қылады. «Асан қайғыны» ылғи Асан би деп атайды.

«Сарыарқа» деген жырында Сарыарқага жөнкіліп һар кезде келіп кеткен елдерді айтып, Сарыарқадан ногайлының бытырап жөнкілген, ауа көшкен замандарын былай деп жырлайды:

...Бұрында алдыра қалғыр құтсыз сі,
Егескен ердің барі жер тіреген.
Конысса таласасымз бұл заманда, –
Біз түгіл Асан қайғы тентіреген...
Әулі осы жерден ногай кетті.
Баласы дін мұсылман ногай кетті.
Қазтуған, Асан қайғы, Орак, Мамай,
Әрі етіп тосік таудан солай кетті.
Артынан Телағыс пен Нәрін кетті.
Өзіне ерген жүртyn алып кетті.
Жер қарал он екі жыл жемлямен
Асан би жердің үстін танып кетті...
...Артынан казак жұрты кетем деген.
Сонынан Асан бидің жетем деген.
Айтса да «кетемін» деп, кете алмаган,
Сонынан Асан бидің жете алмаган...
...Айыр әркеш сары інген,
Кілем жайып үстіне,
Қыл арканмен тартқан жер,
Атамыз өткен Асан би
Мұны да құтсыз деп айткан жер...
Аттөбс мен корғанша,
Асан қайғы бабаның
Кызыл тастан үй салдырып,
Он жыл тұтас отырып,
Әңгімс құрып кеткен жер...

Мұраттың «Карасай, Қазы» деген жырында өлейін деп жатқан Орактың досына қайырған жауабында мынадай жыр бар:

...Койдай шулап, коныстан
Көтерілер менен сон...
Елілдің бойы ен тогай,
Ендей көшкен көп ногай,
Карасынан жүргізбей,
Калмак алар менен сон...

Орактың Карасай деген баласы жылаған шешесіне айткан жырында мынадай жері бар:

Мен кабан құлак кара атты
Катырып тұрып міндермін.
Мен көрмеген алаш жок, –
Боріне ле тиермін...

Онан сон, қазак арасында елдің ауыз әдебиетін көп жинаған белгілі мұғалім – Сабыржан (Шәкіржан Құрмашұлы) жолдастың Алматы төңірегінен Ұлы жүз бен Орта жүз руладынан ерте-рек кезде, бір Құдабай деген сокыр ақынның аузынан жазып алған өлеңінде де – Асан қайғыны ногай еді дейді. Өлеңі міне:

...Асаниң асыл түбі ногай деймін,
Үлкендердің айтуы солай деймін.
Бұл созге анық-танық смес сәім,
Естігенім, таксыр-ау, булай деймін:
Тегінде ногай – казак түбіміз бір:
Алтайдың, Оралдың кылған дүбір.
Ормамбет хан Ордалан шыккан қүнде,
Асан ата қайғырып айтыпты жыр:
Мұнаң сон киіл-киіл заман болар,
Заман азып, заң тозып жаман болар.
Қарагайдың басына шортан шығып,
Бабалардың дәурені тамам болар.
О қүнде қарыншастаң қайыр кетер.
Ханиң күш, қарагайдан шайыр кетер.

Жөне сол Сабыржан жинаған ел әдебиетінде, Мынаш Қарыпұлы деген қазақ ақыннан жазып алған бір өлеңінде мынадай сөздер бар:

...Алаштан қазақ тараган,
Ногайлыға караган.
Жауга алдырмай ногайлар,
Бір ісіне жараган.
Ногайдан қазақ бөлініп,
Үш жүз болып тараган...

«Исатай – Махамбет» кітабының бас жағында Халел Досмұхамедұлының «Шайырдан» көшіріп жазылған Жанызақ жыраудың Жәнгір ханға айткан жырында Жанызақ елін – «біздің ногай» деп атайды. Жыры мынадай:

...Кұла бис, Торғай – екі көл,
Ежелгі әкесін Бекей барында,
Толыксып жайлап еді бізлін ел...

Еділ, Жайық екі су,
Еңсессіне сл конып,
Ендеп жылкы жайылды
Ақ төбе деген сұнына...
Кешегі әкең Бекей барында,
Бұрсыдан біздің ногай
Өтіп еді күшімен,
Осылайтын кара өзенінің аузынан
Төрт көл, дөршежінен...

Міне, тарих дәлелдерін былай коя тұрганда, қазақ атанған елдің ескілікten келе жатқан ауыз әдебиетінен көлтірген осы жоғарғы сөздердің өзі де, – қазақ болған елдің бұрынғы заманда «ноғайлы» болғанын дәлелдесе керек.

«НОҒАЙ» АТЫМЕН ҚАЛҒАН АЗҒАНА, КӨГЕНТҮП ЕЛДІҢ ТІЛІ МЕН ҚАЗАҚ АТАНҒАН ЕЛДІҢ ТІЛІ ЖӘНЕ ЕСКІ ЕЛ ӘДЕБИЕТІ

Калың ногайлы бытырап, бөлініп-бөлініп кетіп, біраз заманнан соң «ноғайлы» атын да ұмытып, екінші ел болып кеткенде «ноғайлы» атын қалдырмай келген бір азғана ел бар.

Олар Каспий тенізі мен Қырым далаларында.

Қазіргі қазақ, қырғыз, татар, башқұрт, өзбек, түрікмен және солар тәрізді басқа түрік руларының тілдері бір екені мәлім. Осы түрік руларының бәрінің тілдері қазақ тіліне жақын. Бірақ олай болғанмен, олардың ішінде осы құнгі қазақ атанған елдің көп руларымен ұзак уақыт бірге «ноғайлы» атандып дәуір сүрген елдердің тілдері қазақ атанған елдің тіліне өте-мәте жақын.

Қазандағы, Еділ, Самар өлкелеріндегі қазіргі татар, башқұрт елдерінің тілдері, ескі ел әдебиеттері қазіргі қазақ елдің тіліне, ескі ел әдебиетіне жақын екені белгілі.

Еділ, Самар өлкелерінің бойларында қалың ногайлы көп уақыт дәуір сүрген.

Башқұрт, татар елдері ногайлымен араласқан елдер. Өздері де бір кездे ноғайлы атанған татар, башқұрт елдерінің ескі ел әдебиетінде де, онсон, қазіргі қазақ атаулы елдің ескі әдебиетінде де бірдей кездесетін сөздер бар.

Мысалы, батырлар жырларын былай қойғанда, мынандай ескі сөздер бар: «Ат аунаған жерде түк қалады», «Айғыр қойсан –

ұндың көй, қошқар койсан – жұндіден кой», «Ат айналып қазытын табар», «Атын барда – бір шап, отын барда – бір жақ», «Бір жылға қоян терісі де шыдайды», «Қарға қарғаның көзін шұқымайды», «Сокырдың бар тілегі – екі көзі», «Ат жақсысы – бозы, ит жақсысы – тазы», «Көз корқак, көніл батыр».

Міне, осындай ескі сөздер толып жатыр. Бұл сөздердің бәрі ле қазақ атаулы елдің ауыз әдебиетінде аумай айтылады.

Ал әсірепе осы күнгеше «ногай», «ногайлы» атымен өмір сүріп келген елдің тілі – қазіргі қазақ тіліне, өзге түрік елдерінің тілдерінен өте-мөте жақын. Көп заман ногайлы болған, немесе осы күнге шілдегін «ногай», «ногайлы» атымен келген елдің ескілікten қалған ауыз әдебиетінің нұсқаларын оқып қарасаңыз, қазіргі қазақ атаулы елдің ескілікten қалған ауыз әдебиет сөздеріне өте жақын үйлеседі. Және, бергі замандағы ногайлы – қазақтың батырлары, билері, хандары туралы әңгіме-жырлар, қазіргі ногай мен казақтың ел әдебиетінде бірдей кез келеді. Тіпті, кейбір жырлары екі елде бірдей айырмасыз, айнымай айтылады. Оның мысалын төменде көлтіреміз.

Казіргі заманғыша ногай атымен келген елдің тіл ретінің көзіргі қазақ атаулы елге қандай жақын екеніне мысал үшін, Қырымдағы ногай елінің Радлов жинаған ескі ауыз әдебиетінен, Радловтағы сөзден бұзбай мына төмендегі сөзді көлтірейік:

Сарын:

...Терезеден ай көрдім,
Тенбіл шұбар тай көрдім.
Тұңеуқұнгі үлкен тойлың ішінде,
Тенілессінен айырылып,
Илай ирген яр көрдім...
...Есеркана жаным иел ессе,
Құйылдыр камыстың баслары.
Баска киынды іс түссе
Төгілер көздің яслары...
...Байтеректің якалмасы ислден дір,
Ялырагы ол береппің белден дір...
Ақ киіктің иүгірмесі майдан дір.
Ойнайык дослар, күлейік, –
Ажалымыз Алла білер кайдан дір!..

Міне, туғалы өз ауылыштан басқа ешқайда шықпаған қазаққа оқысандар, осы жырлардың ішінде түсінбеген бір сөзі болмас еді. Ногай сөзінің қазіргі қазаққа түсініктілігі былай тұрсын, қазақ

атанған елдің ауыз әдебиетіндегі белгілі жырлар, белгілі тақпактар, ноғайдың ескі ауыз әдебиетінде казактікінен айрықсыз айнымай айтылған түрінде кез келеді. Мысалы, Радлов жинаған Қырым ноғайлардың мына бір жырларын көлтірейік:

...Яман атка ял бітсе –
Яныға торсық арттырmas.
Яман кісіге мал бітсе, –
Янына консы кондырmas...
...Картлар айттар екен:
Тұманлы күн тұлқі озар,
Боранлы күн бөрі озар,
Жайда шапса ат озар.
Бес безенген тойда озар.
Белгілі ару күнде озар.
Яманбикс той бұзар
Яман арба йол бұзар...

Ана жайлышарын:

Тартмалы бесік таяшған,
Тан манында ояңған,
Түн үйкесін төрт бөлгсн,
Түніне тұрып ас берген,
Айыр емшектен сүт берген,
Құштай алып аялап,
Аялы колда талпынтыкан...

Әділ сұлтан өлгенде анасының жылауында мынандай жыр бар:

...Етке біткен жez тырнак,
Айдай бетке салайын,
Болат кайши колға алып,
Кара шашым шорт кесіп.
Канымды судай ішсейін...

Міне, бұл жырлар қазақ атаулы елдің ескі ауыз әдебиетіне белгілі жырлар. Бұл жырлардың, қазіргі қазақтың да жөнене қазіргі ноғайлардың да ескі ел әдебиеттерінде бірдей барлығы, қазіргі қазақ елінің ноғайлы болып дәуір сүріп жүрген замандарында шыққан жырлар екендігін көрсетеді. Қырым ноғайларының ел әдебиетіндегі осы Әділ сұлтан туралы жырлы-әнгіменін, қазақтың ел әдебиетінен жиналып баспаға басылып шыққанының екі түрлісін көрдім. Бірі: Кіші жүз бөкейлік ақын Шәнгерей Бекей-

ұлы төренің «Шайыр» деген кітабында басылған. Екіншісі: Әбділ-қадырұлы дегеннің жинап, 1909 жылы бастырган «Шопан ата» деген кітапшасында. Екеуінің жырларының біраз жері бірдей шықпапты...

Радлов жинап бастырган ногай елінің ескі ел әдебиетіндегі онгімелердің, жырлардың бәрі де қазіргі казак атаулы елдің ескі аузы әдебиетінде бар деуге болады. Радлов жинап бастырган ногай елінің ескі ел әдебиетіндегі әңгіме, жырлардың «казақшасы» ногай еліндегілерден толығырақ айтылады. Онан сон, қазіргі ескі елдікінде де «пөлленнің айтқан жыры» деген жырлардың, кім айтқан екендігінде жаңылыстары көп.

Мысалы, қазіргі ногай атымен отырган елдің ескі әдебиетінде Тарғын батыр жаудан жаралы болып өлерінде айтты деген мына бір жырды – қазақ әдебиетінде Аймәдет ер айтқан екен деп баяндайды. Тарғын айтты деген ногайдікі міні:

...Конған иерім манашты.
Манаштың оты тәтті, сүн ашты.
Ярадар неше екенің санаши!
Яра катты ян тәтті.
Яра аузына кан катты,
Яракшылар мұнда йок,
Яралап сүйек алмага,
Ярып мілте салмага...

Аймәдет ер айтты деген қазақшада:

...Жара катты, жан тәтті,
Жара аузына кан катты,
Жаракшылар жок па екен
Жармай білте саларга... –

деп жырлап кетеді.

Онан сон Радлов жинаған қырым ногайларының ескі аузы әдебиетінін ішінде қазіргі казақ елінен басқа түрік елдерінің аузы әдебиетінде көп кез келмейтін сөздер бар.

Мысалы: «Жас сокта», «Сарын», «Адыра қалғыр», «Кереуке» деген сөздер – қазіргі ногайлар мен қазіргі казақ елдерінен басқа түрік елдерінің әдебиетінде кездеспейтін сөздер. Осы сөздер келетін қырымдағы ногай елінің жырларын қелтірейін:

Әділ сұлтан» жырынан:

...Жазның үзак күні еді...
Әбіл Қасым иаш сокта
Ак катыны алғанда,
Колына алып бакты енді.
Баяу оқып шыгарды...
Шыгарды да неделі...

Әділдің анасының жылауынан:

...Яраткан кадір бір тәнірім,
Мениң көзім Әділ-ді
Әзілер яткан Қырымга,
Бір кетеріп салғайма?
Адыра қалғыр сарайдын
Салтанатын халықтан артық салдырым.
Шышымасын даудан бұрый алдырым...
...Атлан! Атлан! дегенсіз, –
Атланып иолға шықтық біз.
Атланып иолға шықкан соң,
Ауыр әскерге иолыктық,
Иолыктық, есе толыктық, –
Егері алтын, ені алтын,
Ак кереуке тоналарға,
Нәлет болсын дегейсіз,
Бөйтіп тапқан майдарға!..

Онан сон, қазақ болған елдің де, ногайдың да ел әдебиетінде қүйлі жырды – «Сарын» дейді. Міне осы «Иаш сокта», «Адыра қалғыр», «Кереуке», «Сарын» деген сөздер, қазіргі казақ пен ногай елдерінің ауыз әдебиетінде көп айтылатын сөздер екені айқын болып отыр. Ал өзге түрік елдерінің әдебиеттерінде бұл сөздердің айтылғанын мен көре алмадым.

Жанағы келтірген ногай елінің жыр қылған «Әділ сұлтан» жырындағы хат оқыған «жас соктани» – қазактың ел әдебиетінен жинап баспаға басып шығарған, әлгі түрлі жырда – Әбілқасым демейді, Әбілқайыр деп атайды. Сол жас соктаниң хат оқыған жерін «Шопан ата» кітапшасында былай жырлайды:

...Осылайғы – Хиуа, Бұхар елінен,
Алыстан неңдей жан кслген.
Берте атты бұқпесі,
Алма талап құшакты,
Алтын сапты пышакты,
Әбілкайыр жас сокта, –
Бері әперші, әпендім,

Біз оқык дей тұрды, –
Ежіктелі, коймады,
Оқыған жерін шыгарды...

Ал «Шайыр» кітапшасында, сол арасын былай жырлайды:

...Осылайга Хиуа, Бұхар елінен,
Бүккік келген бөрте атты,
Бүкпес алтын исрләр,
Алматалды құшакты,
Қыныңда алтын сапты пышакты,
Ыстаңбода оқыған,
Оқығаны бітпегір,
Абылкайыр деген жас сокты,
Алып берші, әпендім,
Біз оқык дей түрлей, –
Оқыды да шыгарды...

«Едіге батыр» (яки Едіге би) «Қозы Қөрпеш – Баян», «Жи-ренше шешен», «Қобыланды» тәрізді жырлар түрік елдерінің бірсыппырасының ескі ауыз әдебиетінде бар әңгімелер. Ал ногайлының өзге көп батырлары, билері, әсіресе бертінгі билері мен батырлары – Орак, Мамай, Қарасай, Қазы тәрізділерді, Әділ сұлтанды жыр қылған тәрізді әңгімелеген жырлар тек бұ күнгеше ногай атымен калған ногайлармен, казіргі казақ атаулы елдің ескі ауыз әдебиетінде ғана бар. Қазактың ақындарының жырларында ногайлы батырлары, билері – Орак, Мамай, Қарасай, Қазы, тағы басқаларының аттары «бұрынғы өткен батырларымыз еді» дедініп, өленге косылып отырады. Сол батырлар, билердің мекен қылған жерлерін көрсетіп жырлайды.

Мұрат ақынның «Әттөн бір капы дүние-ай» деген жырында:

Жан арыстан, үш құмыс
Алшагыр ханың қонысы елі.
Боксактың бойы боз камыс
Жаңбырышиның ұлы Телагыс.
Телагыс байдың қонысы елі.
Аргы Еділден ок атқан
Бергі Еділгे жогалтқан.
Мынау Еділ деген сұнызыз,
Еділ байдың қонысы еді.
Кабыршакты кара су
Ол Қазтуғанның қонысы еді.
Алты атаниң ар жаты,

Тал-өкпенің бер жагы,
Мынау Сакмар сұнызы,
Ол Едігे бидің конысы еді.
Бес ешкі Еділ бетіндс,
Болғар таудың штетінде,
Бадашы деген кең тогай,
Ер Сыйдактың конысы еді.
Адырмакты ала тау
Ер Орактың конысы еді.
Мұса бидің баласы
Оракта Мамай бар екен,
Айнымайтың ер екен,
Ел шетіне жау келсе
«Біз баралық» дер екен.
Боксактың бойы боз камыс
Еділ-Жайық арасы
Екі судың саласы
Карасай, Қазы тәң өскен
Ер Орактың баласы, –

деген сөздері бар.

Радлов жинаған Қырым ногайларының ескі ел әдебиетінде Орак, Мамайды көп жыр қылғаны көрінеді. Орак, Мамай турал «Үлгір сөз» деген бір жырында мынандай бір сөздер бар:

...Ау, жігіттер, мен уәсист айтажакмын,
Үл – үлнина, қыз – қызыңа калажак, –
Орак, Мамай олғен деп,
Ағылған койдай ағылып,
Аккан судай шуылдан иурменіз!
Бір анадан бесеу-алтау бармыз деп,
Яңғызыңың яқасынан алмагыз!..

Тағы Радлов жинаған Қырым ногайларының ескі ел әдебиетінде «Әмет» деген әңгімелі жырда, – алшын руынан шыққ: Алау батыр деген мен Жәнібек ханды және Жәнібек ханнә Айсұл деген биінің баласы Әмет, дегенді әңгімелеген жыр бі: Сол жырда Жәнібек хан Бұғалыбай деген байдың Темір дег баласына қызын бермек болғанда, қызды, «бұрынғы уәде өйинша, Әметке бермедин» деп, ханды кекетіп, алшын Алау (тыр айтты деген жыры мынау:

...Ұсарма, дослар, ұсарма!
Ерге дәүлет нар болса,
Екі дәүлет бір келсс.

Арғымакты құмісмен матаулан,
Шибектен тұсарма!
Лайсұл ұлы Әмет сауына,
Хан Жәнібек падышам,
Бұғалы ұлы Темірге,
Бұгасын баккан құлына,
Қызын бермек ұсарма...

Бұл «Әметтің» өнгіме жыры да қазак атаулы елдің ескіден қалған ел әдебиетінде бар. Мұны жинал Шәңгерей акын белгілі «Ішайыр» деген кітабына бастырған. Бірақ казактың ескі ел әдебиетіндегі «Әмет» жырында, жанағы, «ұсарма, дослар, ұсарма» деп басталған жырды айткан Асан қайғы еді дейді. Ал қазіргі ноғай елінің ел әдебиетіндегі «Әмет» жырында Асан қайғының аты жок. Оナン соң, қазактікінде «алшын» Алау батырдың аты жок. Казактың ел әдебиетіндегі «Әмет» жырындағы Асан қайғы айтты деген жанағы жыр былай айтылады:

...Ұсарма, билер, ұсарма!
Арғымактың аяғын,
Алтынменен тағалап,
Күміспенен шегелеп,
Ши жібек тұрганда,
Арқанменен тұсар ма?
Хан етірік айттар ма?
Хан жарлығы кайтар ма?
Әз Жәнібектей хан ием,
Әуелгі сөзін ұмытып,
Лайсұлдың ару Әметі тұрганда,
Мұғалы байдың ұлына,
Бұгасын баккан құлына,
Тас Темірдей жаманға.
Карынласын берерге ұсар ма?..

Онан соң Радлов жинаған Қырым ноғайларының ескі ауыз әдебиетінде, көзірігі қазақ атанып отырған елдің қара өленінің ырғак мөлшерімен айтылған өлең де кез келген. Мысалы, мынандай өлең бар:

...Сен бір иарық иудыссың бакка туган,
Көзің йүмған таш нутар, белін буган...

Міне, бұл қазак болған елдің қара өленінің буын мөлшеріне үйлесетін мөлшермен айтылған өлеңдер бар болса да, қара өлең-

нің ырғағымен, өнімен айтылған өлең жоқ. Ондай өлең тек қазіргі ногай елінің ескі ел әдебиетінде ғана кез болып отыр...

Енді бір айта кететін сөз: қазіргі қазақ атаулы ел мен ногай атындағы елдің өлең, жырды бастиғанда: «арайна» деп, «ариай» деп бастиаулары. «Көксілдер» кітабында, өлең-жырдың басында келетін «арайна» деген сөз туралы мынандай әңгіме бар.

Мұса ұлы Мамайдың Арайна атты жолдасы жауда жарапала-нып, өлерінде: «... кейінгі жырлардың бәрі «арайна» деп басталса екен» деп өсiet қылған екен дейді. Сонан бері, жырды «Арайна» деп бастиау мирас болған екен дейді.

Казақ атаулы елдің Кіші жүз руларының ел ақындарында жырды «Арайна» деп баститын әдет бар екені рас. Мұрат ақынның Қазтуғанды әңгімелеген жырында, жұртқа Қазтуған айтты деген жырды былай бастиады:

...Арайна, билер, Арайна!
Арайна десsem болгай ма?
Арайнасыз әркайда –
Ердің ісі онғай ма?
Арайна болған Қазтуған,
Кайғыланып сонда толгай ма?..

Онан соң Исадай – Махамбеттің әңгімесінде, Махамбет жолдастарына айтты деген жыры былай басталады:

...Арайна, билер, арайна,
Арғымагым жарай ма?
Астыма мінген арғымак,
Күшіген жұнді шал жәбе,
Көүірге карай борай ма?
Ел шетіне жау келсе,
Азamat ердің баласы,
Намысның шыдай ма?
Жаттан көмек сұрай ма?
Арғымак әлсіз, ер малсыз,
Алланың не берері болжаусыз, –
Жолдастарым мұнайма...

Онан сон, қазақтың Орта жүз рулары мен Ұлы жүз руларында өлең, жыр айтқанда, өленді «Ариай» деп баститын әдет бар:

Мысалы, Орта жүзде:

...Айт дегенде, айтайын, ариайдай,
Ақ серкенің мүйізі карагайдай,

Бір Аллаға шет болсаң бол өзің шет, –
Әлі де болса көнілім баяғыдай...

Ұлы жұзде:

Айт дегенде айтамын ариайым,
Ауылың сенің белде сіл бойда талым... –

Деп, өлең бастауды білмейтін бала болмайды.

Бұлай өлең бастау – өлең айтатын адамға домбыранын «құлак
күйі» тәрізді.

Бұрыннан әдебиет ісіне қатысып келген Омар Жәнібекұлы
деген мұғалім, қазақ арасынан жинап, белгілі кітапшы Ниязмұ-
камбет Сүлейменұлы арқылы 1908 жылы Қазанда бастырып шы-
тарған, «Қазақ тіліндегі жұмбақ уа макалдар» деген кітапшасының
«бұрынғының сөздері» деген бөлімінде мынандай бір сөз бар:

...Ел шетінеге жау келсе,
Ариейдай айбынды.
Арысланның бары жақсы...

Мұндағы, ескі емлемен жазылған «ариеидай» деген сөз,
«ариеидай» деген сөз болу керек. Бұл айқын айтылған сөздің
мәнісіне қарағанда, – «ел шетінеге жау келсе, Ариейдай (Арий
тәрізді) айбынды батырдың болғаны жақсы» – дейді. Бұл сөз
бұрынғы заманда, Арий атты бір батырдың болғанын көрс-
теді. Ал Орта жұз бен Ұлы жұз казактарының өлең айтқанда,
жыр айтқанда:

«Айт дегенде, айтайын, ариейдай»... деп бастап айтатын «Ари-
ай» осы. Омардың ел аузынан жазып алған, «ел шетінеге жау кел-
се» даяр тұратын, «арыстандай айбынды Арий» батыр-ау
лаймін. Олай болғанда «Көксілдер» кітабындағы айтқан, Мұса
бидің ұлы Мамай батырдың жолдасы – «Арайна» батыр мен Омар-
лың ел аузынан жазып алған «Арий» батыры – бір-ақ адам гой
деп ойлаймын. Орта жұз бен Ұлы жұз казактары, сөзді тек бұзып
алып, «арий» деп кеткен ғой деймін. Ал ұлы ногайлыдан, Орта
жұз бен Ұлы жұз руларынан көрі бірсыптыра уақыт кейін бөлініп
казақ болған, қазақ болып кеткен соң да ұлы ногайлының
көгентүп елімен бірсыптыра уақыт көршілес болып отырған Кіші
жұз рулары – «арайна» деген қалпында ұмытпай келген ғой
деймін.

Осы күнге дейін «ногай», «ногайлы» атымен келген Қырымдағы ногай елінің ескілікten қалған ауыз әдебиетінде де жырды бастаганда «Арайна» деп бастайтын «мирас» бар екен. Радлов жинап бастырыған Қырым ногайлы елінің ескі ел әдебиетінде Орак жыры «арайна» деген сөзben басталады.

Жырының бір бөлөгі мынадай:

...Арайна болған Орак ер,
Мамай мырзага айтканы:
Киелі менен екіміз,
Кармаласа кірерге,
Сермелесе шыгарға,
Канлы өшлі біз түгіл.
Балдағы иуан ай болат,
Ияманды басқа шаларға,
Басын екі бөлерге.
Кармаласам, колда иок,
Сермелесsem – қында иок...
Атлан, атлан дегенсіз. –
Атланып иолға шыктық біз,
Атланып иолға шыккан соң,
Ауыр әскерге иолыктық,
Иолыктық, есе толыктық, –
Етегі алтын, ені алтын,
Ақ кереуке тоңларға,
Нәлест болсын дегейсіз,
Бүйтіп тапқан малларға,
Айры тенде иatalмай,
Манашиға еталмай,
Кабырга басы, бауыр ет.
Хан толарға ұсайды.
Мойны алаша карғалар.
Шакылласып басыма,
Үят теберге ұсайды...

Қырым ногайлының ескі ел әдебиет нұсқаларын жинап бастырыған кітabyнда, Радлов: «ногай тілі өзге түрік елдерінің тілдерінен көрі қазак тіліне жақын» дейді. Әрине, онысы дұрыс. Бірақ ногай атымен қалған ел мен қазақ атанған елдің тілдері, өзге түрік елдерінің тілдерінен көрі, бір-біріне өте-мөте жақын екендігінің себебін Радлов анық білінкіремейді. Өйткені қазақ атанған елдің бірсызыра заман ногайлы атанаып дәуір сүріп келіп, қазақ болып кеткенін білмейді. Қазақ атанған ел мен ногай атымен қалған елдің өзі – бұрын бір-ақ ел болғандығын білмейді. Ногай атымен қалған ел мен қазақ атанған елдің рулары бір екенін білмейді.

Сондықтан Радлов және сол Радловтың сөзіне сүйенген кейір тарихшы, әдебиетшілер, «казак елінің ескілікten калған әңгіме, жырлары жок, «өзіміздік» деп айттып жүрген ескі батырлар тура-лы әңгіме-жырларының бәрі де ногайдікі», – деседі.

Енді Радловтың бұл жете тексермей айткан сөзіне сүйеніп, «казактың ескілікten калған әңгімелері деушілердің сөздерінің білмегендік екенін жоғарғы келтірген дәлелдерді оқыған адам айқын көруге тиіс.

Радлов жинап бастырған (VII кітап) Қырымдағы ногай елінің ескі ел әдебиет нұсқалықтарының әңгіме, жырларын мына төмөнде тізіп келтірдік. Ал казақ атаулы елдің ескі ел әдебиетінде сол әңгіме-жырлардың бәрі де бар деуге болады. Бар болғанда, сол әңгіме жырлардың казактағысы әрі толық, әрі әдемілеу айттылады.

Сөз айқынды болу үшін, сол Қырымдағы ногай елінен Радловтың жинап басқан әңгіме-жырларының бәрін де тізімдеп келтіріп, олардың казақ елінде бар-жоғын айттыын.

1) Орак – Мамай – казақ ел әдебиетінде жырланады.

2) Достамбет: Қазақ ел әдебиетінде көлемді жырмен айттылатын екі түрлісі бар (Шәнгерейдің «Шайырында», Макаш Махметұлының «Жаксы үгітінде».)

3) Едіге – казақ ел әдебиетінде көлемді, бөлек кітапша болып шықкан, жырмен айттылатын екі түрлісі бар.

4) Ер Тарғын – казақ ел әдебиетінде көлемді жырмен айттылатын бөлек кітапша болып шыққаны бар.

5) Жиренше шешен – казақ ел әдебиетінде көлемді бөлек кітапша болып шыққаны бар.

6) Қарағас Абыраман әңгімесі – казакта бар.

7) Әмет – казақ ел әдебиетінде жырмен айттылатынының бірі – Шәнгерейдің «Шайырында» басылған. Мұның да жыры Қырым ногайынікінен әдемілеу. Қырым ногайының әңгімелейтін Алшын Алау батырдың орнында, казактікінде Асан қайғы бар.

8) Әділ сұлтан – казақ ел әдебиетінде басылып шықкан әдемі жырлы екі түрлісі бар. Бірі – Шәнгерейдің «Шайырында», екіншісі Әbdіл Кадырұлы бастырған «Шопан ата» деген кітапшада.

9) Шәлгез – казақ ел әдебиетінде екі түрлісі бар. Макаш Махметұлының жинап бастырған «Жаксы үгіт» деген кітапшада жырмен айттылғаны бар. Шәлгез (Шәлгер) жыраудын баска түрлі бір әңгімесі Мұрат ақында да бар.

Міне, Кырымдағы ноғай елінен жинап Радловтың бастырып шығарған кітабындағы көлем ретінде көзге көрінерлігі осы тізілген 9 әңгіме-жыры. Бұлардың бәрі де қазіргі қазақ атаулы елдің ескі ел әдебиетінде бар болып отыр. Бар болғанда, қазактағыла-рының жырлары жинақтырақ, көлемдірек, көбірек екенін көріп отырмыз...

Міне, ақыр айтып келгенде, ертедегі батырлар жырларының бәрі – қазақ атаулы ноғайлы дәуірінің әңгімесінен шыққан жырлар екені айқын дәлелденеді...

Енді сол ноғайлы дәуірінің түрмисынан шыққан жырлы-әңгімелердің қысқаша мазмұндарын қарап өтейік.

I. БАТЫРЛАР ӘҢГІМЕСІ

Ноғайлы дәуірінен шығып келген әдебиет нұскаларының айқын түрі – батырлар әңгімелері... Кейбіреулер ертедегі батырлар әңгімелерін екіге бөледі. Біrsыптыраларын «Ұлы батырлар әңгімесі» дейді де, біразын «Кіші батырлар әңгімесі» деп жіктейді. Бүйтіп, батырлар әңгімелерін екіге жіктеуді қазақ әдебиетшілері орыс әдебиетшілерінен көріп айтып жүрген сиякты... Өйткені орыстың ел әдебиетіндегі батырлар әңгімесін «Ұлы батырлар», «Кіші батырлар» деп екіге жіктейтін.

Біз, қазақтың ескі ел әдебиетіндегі батырлар әңгімелерін үтіп «Ұлы батырларға», «Кіші батырларға» жіктелеп екіге бөлуді керек деп таппадық.

Ертедегі ертегі әңгімелердің бір түрі – ертедегі батырлар әңгімелері дегенбіз. Қандай болса да, ертек әңгімелердің бәрі де түрмистан туған дегенбіз. Түрмистан туған, тіпті болған уақиғадан туған әңгіме, неғұрлым ертерек замандікі болса, солғұрлым, оның «қиял» коспасы, көлденен коспасы, «ертек» түрі көп бола береді дегенбіз.

Сондай-ақ қазақтың ескі ел әдебиетіндегі батырлар әңгімелерінің неғұрлым ескіргенін алып карасан, солғұрлым оның «қиял» коспасының, жапсырма сырлардың, «ертек» түрлерінің молдығын көресін. Заманың неғұрлым ертедегісіне қарай бара бересен, солғұрлым елдің шикі, надан кезіне таяна бересін. Және, солғұрлым, надан, шикі елді жалан кара күш билеген кезге таяна бересін.

Елді кара күш билеген кездерде, әлі жеткен әлсізді құлданған кездерде, көршілес елдер, көршілес руладар бірін-бірі шауып, талап өмір өткізген жаугершілік замандарда, өзгеден күші, қайраты, ерлігі үздік аскан адамдар үстем болып, «батыр» атанип, үстем таптың «қадірлі» адамы болған дедік. Сол жаугершілік замандарда, билер, батырлар табы және сол таптың қол астындағы, сол таптың ықпалындағы ру, ер жігітке, жастарға: «Міні, жігіт болсан пәлендей бол!» деп «ұлті» қылатыны – әлгі, «жауға» карсы тұраплық, «жауды мұқатарлық», үстем табының шоқпаратын «мықтырак соккан» батырлар болатын. Ал билер, батырлар табы үстемдігі жүрген руга «ардақты», «қымбатты» деген заттарды қекке көтеріп дәріптейтін. Сол замандағы қымбатты саналған сипат, мінездердің бәрін – әлігі дәріптеген заттарына, дәріптеген батырларына әкеп жапсыратын. Шоқпаратын мықтырак соккан батырларды, үстем тап жұртқа ұлғі қылып суреттеп жыр қылатын. Дәріптеген заттардың барлық «қасиеттерін» көтермелеп сыпattайтын. «Қымбатты» деп ардақталған заттардың жаратылыстарына да, сол заманында білетін «кереметтерді» әкеп жапсырып, жаратылыстарын өзгенің жаратылыстарынан бөлек, оғаш қылып шығаратын. Әлгі, кей батырларды «әулиенің кереметімен туған еді», суға салса батпайтын еді, отка салса құймейтін еді, атса – оқ өтпейтін, шапса – қылыш өтпейтін еді» деп, әңгімелейтін осы. Әңгіме неғұрлым ертеде шықкан әңгіме болса, солғұрлым оның осындағы «кереметтері», киял қоспалары көп бола береді. Жаратылысына, туысына «кереметтерді» апарып жапсыру тек батырлар туралы айтылған ертектердеғана емес, сол жаугершілік, көшпелі тұрмыспен құнелткен, үстем табының ықпалындағы рудың «ардақтаған» өзге заттарының да жаратылыстарын өзгеден өңгеше қылып суреттейтін.

Мысалы, кейбір үздік жүйрікті «тұлпар» деп, «оның енесіне, көлдің бүйра жалды қөгала толқынынан, адам көрмеген түсті бір айғыр шығып келіп шауып кеткен екен...» деп әңгіме қылатын.

Онан соң иттің жүйрігін, құштісін, алғырын – «құмай» деп, ондай итті даладан тауып алды қылып, «құмай иттен тумайды, сары ала қаздан туады, ол – ырысы бар адамға табылады» деп әңгіме қылатын.

Батырлар әңгімелерінің неғұрлым бергі заманда шыкканын алып қарасан, солғұрлым ол әңгіменің «кереметтері» де аз бола береді. Арғы шикі, надандық замандардан бері карай біртіндеп

жылжи берген елдің сол бергі замандарынан шыққан әнгімелердегі батырлардың неғұрлым бертінгісі шындыққа жақын бола береді. Және сол, неғұрлым бертінгі заман батырларының жаратылыстары да «көреметсіз» бола береді.

Әр батырдың әнгіме-жыр мазмұнын бөлек-бөлек қарағанда, жаңағы айтылған жайттарды окушы өзі де айқын көреді...

КОБЫЛАНДЫ ӘНГІМЕСІНІҢ ҚЫСКАША МАЗМҰНЫ

Кобыланды – алпыстағы Аналық, тоқсандағы Токтарбайдың «әулиеге» ат айтып, «корасанға» кой айтып, тентіреп жүріп, «тілеп алған» баласы. Кобыланды туысымен күн санап ер жетеді. Он жасқа жетпей-ақ Қөкілен деген кемпірдің Құртқа деген қызын алады.

Құртқа ақылды, мінезді қатын болады. Батырға Тайбурыл деген тұлпарды бағып, асырап, баптап береді.

Сол кезде Кият руының Қараман бастаған қолы Қазанға аттанады. Құрдасы Қараман шакырған соң Кобыланды бірге аттанбакшы болады. Эке, шеше, карындасы, қатыны бәрі «барма» дейді. Батыр қөнбейді. Қөнбекен соң, батырдың «жолын онғар» деп тілеу тілеп жыласады. Артында қалып бара жаткан үй ішіне батыр:

...Желі толған түйемді. –
Сары суга тапсырдым.
Тогай толған жылқымды,
Жасанған жауға тапсырдым.
Кора толған койымды,
Аш беріге тапсырдым.
Азу тісі балгадай,
Жас беріге тапсырдым.
Токсандагы Токтарбай,
Құдіретке тапсырдым,
Алпыстағы Аналық –
Би Бәтімага тапсырдым.
Карындасым Карлығаш, –
Карашаш ханымға тапсырдым.
Жан косағым Кызы Құртқа, –
Балуан қызға тапсырдым.
Сендер тортеу, мен жалтыз,
Бір құлайға тапсырдым... –

деп жүріп кетеді. Кобыландының атының бабы кемдеу екен, қатынының ақылымен сол кемдікті толықтыруға, жолда біраз бөгеліп

жатады. Атының баптау мезгілін толтырып, Қобыланды ұзап кеткен Кият қолының соңынан салады. Тайбурылдың шабысы төрт аяктыдан бөлек, жүйрік, жат болады. Катты жүріп қысылғанда, Тайбурылға адамша тіл бітіп, сөйлейтін болады. Тайбурыл серт қылып шабады...

...Астындағы Тайбурыл
Арандай аузын ашады.
Ляғын топ-топ басалы.
Бір тәбенің тозаңын,
Бір тәбеге косалы.
Жаңбыrlай тері сіркіреп.
Жауган күңдей күркіреп,
Кар сұынлай тасалы.
Құлаң менен құлжаның,
Ұзатпай алдын тосады.
Кол жагалай отырган
Коккутап мен карабай,
Котеріліп үшкания,
Белінең кесе басалы.

Сол жүріспен батыр Қазанға келеді. Қазанның орынан атын секіртіп өтіп, қалаға кіргенде, алдынан жекпе-жекке астына қара қасқа ат мінген Қазан деген өрі хан, өрі батыр шығады. Екеуди соғысады.

...Әүсіл тәуір сойлессін,
Артынан шайтан жабысты.
Шайтан смей немене?
Ыңғай сапты сұнгіні,
Ыңғай-ыңғай салысты,
Итерісін турысты,
Найза қанмен майысты...

Ақырында, Қобыланды Қазан батырды женіп, қара қасқа аттан байлап құлатып өлтіреді. Және Қазан каласының ішінде да-йындалып тұрған қалың колмен жалғыз соғысып, қырып, женіп шығады. Кият қолы келген сон Қазан каласын біржола шауып, шашып, олжалап алып батырлар қайтады.

Жолшыбай Қобыланды мен Қараман қалмактың Қебікті деген ханының жылқысын ала кетпек болады. Екеуди косындарынан бөлініп келіп, далада жаткан қалың жылқыны айдал жөнеледі. Жылқыда Қебікті батырдың Акмоншак деген аты жау сезіп, каласына қашып барады. Қебікті жау келгенін біліп, атына мініп қуа-

ды. Көбікті келіп жеткенде, Қобыланды мен Қараман бір жайлы жерге келіп үйкітап жатыр еken. Көбікті үйкітап жатқан Қобыланды мен Қараманды байлап алып, қаласына алып келіп зынданға салып тастайды...

Көбіктінің Карлыға деген қызы бар еken. Оның «мұсылман болмақ» ниеті бар еken. Қызы екі батырды босатып, солармен қашпак болады. Бірақ әуелі екі батырдың батырлығын сынайды.

«Зынданнан босатам, кашындар», – дейді.

Бұған Қараман көнсө де, Қобыланды көнбейді:

«...Қашып-пысып кетпеймін. Елінді қырып, шауып кетем...» – дейді. Қыз батырға ырза болады.

Зынданнан ықтиярымен шықпаған сон, айламен шығару үшін Тайбурылдың тіліне қыл бұрау салып, қинап шыңғыртады. Батыр жаны ашып, долданып, зынданнан атып шығады.

Сонан сон қызды ертіп алып, Қараман үшеуі Көбіктінің жылқысын тағы алып жөнеледі. Көбікті артынан қуып жеткенде, Карлыға әкесінің үстіндегі сауытының оқ өтетін осал жерін айтады. Қобыланды дәл сол осал тұсынан садақпен атып, Көбіктіні өлтіреді.

Сол бетпен жүріп, жолда тағы бірталай киындық көріп, еліне жетсе, елін қалмақтың Алшағыр ханы шауып алып кеткен еken. Құртқаның қөміп кеткен белгілеріне карап отырып, Қобыланды жалғыз жүріп батыр Алшағырдың еліне жетеді.

Қалмақтың колында әке-шешесі құл мен күн болып, карындасты қызметші болып, катынын Алшағыр алғалы жатыр еken. Құртқа батырды күтіп, зарлап жүріп, ақылмен жарының келгенін сезеді.

Алшағыр мен Қобыланды соғыс салады.

Қобыландының сонынан Көбіктінің қызы Карлыға сұлу мен Қараман және Орак батыр үшеуі келіп Қобыландыға қосылады. Қараманды ертіп Орак батырға хабар беріп, Қобыландыға қомекке ертіп келген Қарлыға еken. Алшағырды Қобыланды өлтіреді. Тағы да көп жекпе-жек болады. Ағанас, Тоғанас деген батыр Қобыландыны женуге айналғанда, Қарлыға келіп Ағанасты найзамен түсіріп кетеді. Қобыландыларға ен қауіпті жау – сол Алшағыр еліне күйеу болып келіп жатқан Қарлығаның ағасы – Көбіктінің баласы Быршымбай деген батыр болады. Оны Қарлыға алдап айламен өлтіреді.

Қарлыға батырларға үлкен болыстық қылады. Басында Қарлығаны «олжа» қылғанда Қобыланды Қараманға беріп еді. Қарлыға Алшағыр ханның Қанікей, Тінікей деген екі сұлу карында-

сын тұтқын қылып алып Қараманға беріп, өз басын Қараманнан босатып алып Кобыландыға «тиісті» болады. Кобыланды Алшатыры ханның елін шауып болған сон, әке-шеше, ел-жұртын бұрынғы жеріне алып кайтып, Азулы деген көліне келіп қонып мұратына жетеді.

КОБЫЛАНДЫНЫҢ ӘҢГІМЕСІ ТУРАЛЫ

Қазак атаулы елдін ногайлы дәүірінен ілесіп келген ескідегі батырлар әңгімесінің ен көлемдісі, ен толығырағы Кобыланды жыры. Қазақ атанған елден басқа да кейбір түрік руладының ескі ел әдебиетінде де Кобыланды батыр туралы әңгімелер бар. Бірак бұлардың бәрі де казақ елі әдебиетіндегідей емес, – мазмұндары да басқа, өздері де қыска-қыска айтылған үзінді әңгімелер.

Ескі ел әдебиетіндегі Кобыланды батырдың өзінің жырынан басқа да кейбір белгілі әңгімелерде де Кобыланды батырды қоса жырлайды.

Кобыланды батыр – тарихта болған адам.

Орынбор архив комиссиясының мағлұматы бойынша, Елек қорғанынан Ойылға қарай жүретін қара жолдың үстінде «Кобыланды» деген бекет бар. Сонын жаңында «Кобыландының бейіті» деген бейіт бар дейді. Енді біреулер Кобыланды батырдың моласы Ақтөбе ауданында, Қара Қобда өзенінің бойында, Илектен 40 шақырымдай жерде дейді.

Ногайлы, казақ тарихында Кобыландының белгілі адам болғанын айтады. Әбілқайыр ханның кол астындағы көп ногайлыдан Жәнібек пен Керей сұлтанды бастық қылып 4 – 5 ру Әбілқайыр ханға өкпелеп, бөлініп шығып, қазақ болып кетуінің бір себебі осы Қобыланды батырдың қылмысы еді дейді. Кобыланды батыр қыпшактардың бастығы, Әбілқайыр ханның жақын адамы еді дейді. Арғын руының Дайыр қожа деген, Ақжол атанған биін Кобыланды батыр өлтіріпті. Қыпшактарға бата алмай, Әбілқайыр хан арғындарға Қобыланды батырдан «екек» алғызбапты дейді. Соңан сон арғындар өкпелеп, өзге 3 – 4 рудан ел ілеңстіріп, Әбілқайыр кол астындағы ногайлыдан бөлініп көшіп, қырға шығып кеткен дейді... Дайыр қожа өлгенде, әкесі Қыдан тайшы – Қыдан ақын деген адам мынандай жыр айтқан екен деп ел аузында қалған міне бір жырды келтіреді:

...Каракыпшак Қобыландыда
Нең бар елі, құлыным?
Сексен асып,
Таянғанда токсанға,
Тұра алмастай,
Үзілді ме жұлыным.
Адасканын жолға салдың
Бұл ногайлы елінің.
Аккан бұлак,
Жанган шырак,
Жалғыз күнде құрыдың!
Каракыпшак Қобыландыда
Нең бар елі, құлыным!..

Ақырында Қобыландыны осы жырды айтқан көрі акын –
Қыдан өлтірген дейді...

Калай болғанда да Қобыланды батыр тарихта болған белгілі
адам. Бірақ Қобыланды батырдың қай жылдарда өмір сүргендігі
туралы «Қобыланды батырдың» өз әңгімесінің және «Едіге
батыр» әңгімесінің екеуінің айтатын уақыттары басқа-басқа
болады.

Қобыланды батырды әңгімелеген осы үш уақытты салысты-
райык.

1. Шежірешілердің айтуынша, Әбілқайырдың кол астындағы
көп ногайлыдан арғын руы бастап біраз ғана елдін бөлініп шы-
ғып казак болып кетуіне себеп болған – Дайыр кожаны Қобы-
ланды батырдың өлтіруі болса, тарихта ол жыл белгілі. Ол – 1456
жылы болады.

2. «Едіге батыр мен Тоқтамыстың» жыры бойынша, Қобы-
ланды сол замандағы батыр болса, ол заман – Тоқтамыстың хан-
дық қылған заманы болу керек. Тоқтамыс 1395 жылы тақтан құлап
өлген.

3. Ал «Қобыланды батырдың» өзінің жыры бойынша – Қобы-
ланды 12 жасында «Қазан қаласын босатуға» аттанған болса,
Қазан қаласын Иван Грозныйдан басқа ешкім алған жок. Олай
болса, Иван Грозный Қазан қаласын 1552 жылы алған.

Осы үш уақыттың үшеуінін арасы бір-біріне қашықтау
көрінеді. Бұл үш уақыттың қайсысының тұсында Қобыланды өмір
сүрді? Оған бекіте жауап беру киын.

Ал енді «Қобыланды батырдың» өзінің жыры бойынша,
Қобыланды батырдың «қәпір дінді» Қазанға аттанғанын талқы-
лап көрейік. Бұл әңгімені туғызған себеп не?.. Енді соған келейік:

Тарихтағы болған уакиғаны ескіліктегі надан елдің киялдаған әнгімесі не ілгері, не кейін сүйреп алып кететін жайты болады.

Тарихта болып өткен уакиға мезгілін ескіліктегі ұstem таптың ықпалындағы ел әнгімесі кейде алғасып, шатастырып жібереді. Кейде ертеде болған уакиғаны және кейінгі заманда болған уакиғаны да, қөnlіне бір қатты өсер етіп нық орнаған тарихи уакиғанын тұсына алып келіп, өр кезде болған уакиғаларды бір жерге басын қосып қоятыны да болады. Сондықтан ескіліктегі билер табының ықпалындағы көп жұрттың ескілікті әнгімелерінің бірсыптырасы белгілі бір хан мен патша немесе бір белгілі аскан бидің айналасына жиналған болады. Ескілік әнгімелерін кейде бір үлкен тарихи дәуірге әкеп те жиып қояды. Орыс жұрттың ескіліктегі батырлар әнгімесінің барлығы «Қызыл күндей Владимирдің» айналасына жиналған. Араб жұрттының ескіліктегі әнгіме, ертегісінің көбі Арон Рашит патшаның айналасына жиналған. Казак атаулы елдің ногайлы дәуірінен қалған әнгіме-жырларының көбі «Ormambet bidіn» заманының маңына жиналған. Онан соң, қазактың ногайлыдан бөлініп шығып қазак атанаип, бөлек хандық құрып жүрген заманынан қалған ескілік әнгімелердің көбі «Әз Жәнібек» ханның тұсында болады.

Міні, осылар сиякты, ескіліктегі ұstem тапқа және сол ұstem таптың ықпалындағы елге өсер еткен бір мезгіл – бұрынғы-сонғы замандарда болған, заманына өсер еткен уакиғаларды, ескіліктегі ұstem тап санасы қадірлеген батырларды, билерді, «бағландарды» өзінің тұсына жинап алатын жайты болады. Оны жинайтын ескіліктегі ұstem сананың ықпалындағы ел киялы.

Кобыланды Казан хандығының құлаған заманынан бұрын болып өткен батыр болса, оны Қазан хандығының құлаған заманына тұстас қылған ескіліктегі ұstem сананың ықпалындағы ел киялы.

Енді Кобыландыны Казан хандығының құлаған заманына тұстас қылышп, Казанға аттандырған себеп не?.. Соған келейік. Оған себеп болған мынау болу керек. Казан хандығын құрған Еділ бойындағы ногайлылар. Бертін келе сол Еділ бойындағы ногайлылардан, ногайлы татарлардан айырылып кеткен рулар, сырттан Қазан хандығын «өзімсініп» жүрген сиякты. Міні, сол Қазан хандығы құлағанда, жалғыз сол хандықтың ішінде жүрген руларға күйзелмеген сиякты.

Қазан хандығында қалған ногайлы-татар рулас болған, бұрын бірге «дәүрөн сұрген», «діндес болған», бертін келе бөлініп жүрген, үстем сана ықпалындағы рушыл, діншіл ногайлы руладының барлығына да Қазан қаласының құлауы қозғау салған тәрізді... Және Қазан қаласы құлағанда, оның ханы – Жәдігер (Ядікөр) Иван Грозныйдың қолына түсіп, «шоқынып» христиан дініне кіріп, Иван Грозныйдың шорасы болып кеткен.

Міні бұл уакиғалар, Қазан хандығындағы ногайлы-татар руладынан бұрын айырылып кеткен руладың барлығына да едөүір өсер еткен сияқты. Сондықтан елдің көnlіне «бұл неден, кімнен болды? Пәленшелер болса, бұл уакиға болмас еді-ау...» деген тәрізді қиялдар келген сияқты. Үстем сана ықпалындағы сол қиял Қазан хандығы құлайтын кезде болған батырларды Қазанды «бөтөн діндес батыр» қолынан құтқаруға аттандырады. Қазан құлайтын заманның өзінде болған батыр – Нәрік ұлы Шора. Бұл тарихта белгілі адам. Ескіліктегі өлгідегі ел қиялды Қазанға айқындалап мұны аттандырады. Жаугершілік замандарады үстем сананың тәрбиесінде өскен елдің көnlіне жиналған қиял Қобыландыны да осы заманға алып келіп, Қазанға жорыққа аттандырады. Жауы қай жүрттап шықкан, қай елден шықкан екенін бертін келгенде ел әнгімесі ұмытып қалған. Сондықтан әнгіменің бір жерінде – Қазандағы жауды «қалмак», бір жерінде, «қызылбас», тағы бір жерінде «қырғыз» дейді. Әнгімені бергі кезде айт羞ылар, өздерінің күнде көріп, күнде алысып жүретін дағдылы «жауларының» атын Қазандағы «жауына» коя салған сияқты. Қалмакты, қырғызды қосу бертіндегі замандағы коспалар. Ескіліктегі ел әнгімесі, мұндай ретте, бұрынғы ел атын ұмытып, өзі білген «жау» атын коя салатыны – бізге батырлар әнгімесінен белгілі.

Мисалы, Нәрік ұлы Шора батырдың жырмен айтылатын әнгімесінде Қазандағы «жауы» – орыс патшасының әкімдері, әскерлері болады.

Ал Шора батырдың қара сөзбен айтылып келген әнгімесінде Қазандағы «жауы» «қалмак» болып шығады...

Міні, бұрынғы бөлімдерде, бір уакиға туралы әнгімені жаңылмай түгелірек, жатқа алып айту үшін, жатқа алуға, жатқа айтұға онайландыру үшін, сөзді жыр қылып, өлең қылып айтатын болған деген едім. Мына, «Шора батыр» әнгімесінің қара сөзбен айтылып келгені мен жыр болып айтылып келгенінің қайсысы-

нын жаңылысы көп, қайсысы болған уакиғага жақынырақ екен-дігі сол сөзді дәлдектін жайт. Эрине, жыр болып айтылып келген өнгіменің де жаңылысы көп болады. Одан талай өзгеріске ұшырайды. Бірақ кара сөзбен айтылған өнгіменің жаңылысы аз болады...

Сөйтіп, әлгі сиякты салыстырган сөздерге қарғанда, сол замандағы үстем сана билеген надан елдін киялы Қобыландыны «Казан жауына» аттандырса, әлгідей тарихи уакиғалардың себебімен келіп аттандыруға керек...

Қобыландының аттанған қаласы – нағыз өзіміздін Қазан болса, онын себебі сол әлгі айтылған жайт болуға тиіс...

Ал екінші бір жөннен, Қобыландының аттанғаны өзіміздін ногайдың Қазан қаласы емес деуге де болады. Ондай ойды туғызатын жайттар мынау.

Қобыландының жыры – бір сапардағы жорықты өнгімелеген емес, бірнеше жорықты өнгімелеген жырлардан құралған төрізді. Жырды қадағалап оқып шыққан адам оны байқайды. Жоғарыда біз сол замандағы үстем тап санасы билеген ескіліктегі ел киялы, өзіне өсер еткен бір заманың немесе белгілі уакиғалар туғызған заманмен байланысты бір адамның айналасына талай өнгімелерді жинап алып келіп жапсыратын жайты болады дедік.

«Қобыланды батыр» жыры да сондай бірнеше жорықты өнгімелеген жырларды жинап алып келіп, Қобыландының айналасына құрастырып шығарған жыр төрізді. Қобыланды жырындағы әлгі Қазандағы «жауды» біресе «қалмак», біресе «қырғыз», біресе «қызылбас» қылып сөйлейтіні де мұны құралған өнгіме леген ойға мензейтін жайт. Және, аттанған Қазаны, біресе каланың аты болады да, біресе сол каладағы колына найза ұстаған, кара каска тұлпарлы батырдың есімі – Қазан болады. Бұл да Қобыландының аттанғаны өзіміздін ногайдың Қазан қаласы емес, басқа бір Қазан есімді батырдың билеп тұрған қаласы болуы мүмкін деген ойға айқын мензейді.

Қалмак елімен және Шагатай хан үрпағының кол астындағы елдермен ногайлы рулары шабысып, жауласып жүрген замандарда қалмак елінде де, Шагатай елдерінде де «Қазан», «Ғазан» деген батырлардың, хандардың есімдері болған.

Әбілғазы Баһадыр ханның шежіресінің айтуынша, Шагатай ұлысындағы Аксак Темірдің әкесінің тұсында хандық қылған бір каһарлы ханның есімі – Ғазан еді. Ғазан хан өте жауыз, өте қан

төккіш адам болған. Ру бастықтары, билер Ғазан ханның алдына барада қатын-баласымен, туған-туыскандарымен қоштасып кететін болған. Сондыктан бұл кісі өлтіргіш Ғазан ханға кол астындағы және көршілес рулар өш болған. Ақырында, кол астындағы рулардың көпшілігі Ғазан ханға қарсы соғыс ашқан. Бірнеше соғыстар болған. Әуелгі соғыста Ғазан хан женіп, елді көп талатқан. Ақыры рулар қалың қолмен келіп, соғысып, женіп, Ғазан ханды өлтірген.

Кобыланды батыр Тоқтамыс ханның заманындағы сақа батыр болса, Тоқтамыс – Ақсак Темірмен замандас адам. Ал «Қобыланды батырдың» жыры бойынша, Кобыланды Қазанға аттанғанда жасы 12 де болса, сол 12 жасар кезі – Ақсак Темірдің өкесімен түстас болып хандық құрған Ғазан ханның тұсына тұра келеді. Қобыландының әңгімесіндегі «Қазан батырды» «кәпір еді» дейді жыр. Олай болса, өлгі Шағатай ұлысындағы руларға және көршілес руларға жауыз – кәпір атанған, жұрт өшіккен Қазан хан да мұсылман дінінде болмаған адам. Шағатай үрпағының қебі ол кезде өлі де бұрынғы монғол – «кәпір» дінінде болатын. Және Ғазан хан қалада тұрған.

Міні, Кобыланды батырдың аттанған, Қазанның қаласы, қала-дағы «кәпір» Қазан, осы Ғазан хан сияқты бір «кәпір Ғазан» болуы да мүмкін. Және қалмақтарда да Қазан есімді батырлар болған.

Енді Қобыланды батырды ескіліктеі ел қиялы қандай қылыш суреттеген деген сұрауға келсек оған жауап айқын және қыскы фана болады. Жоғарыда және бұрынғы бөлімдерде біз айттық: елде қара құш билеген кездерде, өлі жеткен әлсізді құлданған кездерде, ұstem табы бастаған көршілес елдер, көршілес рулар бірін-бірі шауып, талап жүрген жаугершілік замандарда, билер, батырлар ұstemдік қылған ру – ер жігітке, жастарға «үлгі» қылатыны, сол ұstem таптын шоқпарын мықтырақ соққан, «жауға» қарсы тұтарлық, «жауды мұқатарлық», «жаттан олжа түсірерлік» батырлар болған дедік. Сол замандағы қымбатты, жаксы саналған сыпаттардың, мінездердің бәрін түгелімен әлгі дәріптеген, «үлгі» қылған батырларына алып келіп жapsыратын дедік. Дәріптеген батырлардың бойларындағы бар сыпаттарды көкке көтеріп суреттейтін дедік. Сөйтіп, сол замандағы жастарға: «Міні, ер болсан, жігіт болсан – осындей бол!..» – дейтін дедік. Міні, сол реттің бәрі де Қобыланды батыр суретінен айқын табылады. Бұл сол кездегі руға ұstemдік қылған таптың санасы бойынша «жатқи

шамыс» жібермейтін, руды «жауға бермейтін», билер билеген руга «аттан олжас» түсіретін, елге «жау» саналған «кәпірді» қыратын, калай қылса да жаудан женілмейтін, женіп шығатын батыр болып суреттелген. Мұның мінездері де барлық жақсы деген мінез болып, жолдасқа кешірімді, олжаға қызғаныштық қылмайтын, айтқанынан қайтпайтын, жаудан корықпайтын болып сыпattалған. Мұның катыны да сол заманнын көзкарасындағы ақылды, «жақсы» әйел болып сыпattалған. Ол заманда байының айтқанын тақ тұрып орындалап, байы не қылса да шыдап, байына қол қусырып қызмет қылған әйелді «жақсы» әйел дейтін. Сондықтан Қобыландының катыны ат күткіш болады. Және өзі білгіш болады.

Сол білгіштігінен Тайбурыл атты да адамнан артық қылыш болып күткен болады.

Қобыландының астына мінетін аты да, сол жаугершілік көшпелі замандағы елдің адамнан кем көрмеген «қасиетті», «ерге канат» боларлық, «аузымен құс тістейтін», «жел жетпес» сәйгүлік, жүйрік болады.

Және Қобыландының жырында, сәйгүлік, жүйрікті жаугершілік замандағы көшпелі ел жабайы адамнан да артық көргендігін айқын суреттеген. Қобыланды катынына ашууланып «өлтіремін» леп келе жатқанда, үйінен алып шыққан Тайбурылдың сыландалап, шапшып, еркелеп ойнағанын көріп, көнілі жібектей жұмсап жадырап кетеді. Мұның бәрі де белгілі іс.

Дәріптелген батыр неғұрлым арғы, шикі, надан замандікі болса, оны дәріптеу солғұрлым шектен шығып кеткен болады. Ондай ескіліктегі батырлардың туыстарын да «кереметті», «қасиетті», «әулиелі» қылады.

Қобыланды батыр «Алпыстағы Аналық, тоқсандағы Токтарбайдың әулиеге ат айтып, корасанға қой айтып, тілеп алған баласы еді» дейді. Мұның бәрі де белгілі іс.

Ескіліктен ілесіп келген әнгіменің бәріндегі де жанылыстық, озгергендік, коспа косу көп болады дедік. Сондай-ак, жоғарғы айтылған жәйттерді былай койғанның өзінде, Қобыланды батыр жырында коспалар да аз емес. Тілінде «күрамсак», «алтынды қалпак», «жез телпек» сияқты ескілікпен катар, бергі заманың сөздері де кездеседі. Бұл тәрізді ала сөздер, – ескі заман мен бергі заманың сөздерінің араласып кетуі, – жыр мен әнгіменің көп ауыздан өтіп келгенін көрсетеді.

Шеберлік ретінде Кобыланды жыры, – ескі ел әдебиетінде ірі орын алатын жырдың бірі. Мұның жыры күшті ақындықпен айтылған. Жырдағы Тайбурылды Құртқаның үйден алып шыққандагы еркелеуін суреттеуі, Кобыландының үй ішімен қоштасуы, Тайбурылдың шабысы, Казан мен Кобыландының айтысы, Қебіктінің Ақмонашак атының мінезі, Алшағырдың батырлармен соғысқан шабысы – міне, осы жырлардың бәрі әдемі тізілген, көркем суреттеген жырлар. Кобыландыны сонғы айтып беруші Марабай ақын дейді. Қобыландының жырына қарағанда, Марабайдың зор ақын екендігі айқын көрінеді.

Кобыландының жыры – дағдылы жүйріктей төсөлгөн ақынның толғауынан шыққан жыр. Кобыландыны ақындық толғауынан өткізіп берген ақынның киялы бай, суреті көп, сезімі күшті екендігі айқын көрінеді.

Кобыланды жыры ескі жырлардың үлгісімен құрылған. Сондықтан жырдың ырғағы, ескіліктегі жаугершілік, шабыншылық замандағы желекті найза ұстап, бауырынан жараган ат үстінде жүйткіген дәуірдің әсері мен сарын қүйін сездіреді. Билер, батырлар дәуіріндегі (шабыншылық, жаугершілік дәуіріндегі) ел әдебиетінің жалпы сарын-қүйі – сол екпіндеп, аяқтарын түйдек-түйдек тастап, желекті найзаны сұнитіп, ілгері қарай контынп жүйткіген күй болады. Бұл – сол дәуірдің жалпы қүйі, жалпы сарыны.

ЕР ТАРҒЫН ӘҢГІМЕСІНІҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

Ер Тарғын өз елінде кісі өлтіріп, қылмысты болып, Қырымдағы Ноғайлы Ақша хан деген ханның қолына келеді. Сонда біраз уақыт белгісіз бір жігіт болып жүреді. Бір уақытта, Ақша хан «он сан Оймауыт, тоғыз сан Торғаяуытпен соғысады. Сол соғыста Тарғын батырдың қайратымен жауды женеді. Тарғынды әскер басы қояды. Ақша ханның Ақжұніс деген сұлу кызы бар еді.

...Шашын талдан тараган,
Билер мінген бедеудей
Бауырынан жараган.
Бет ажарыннан карасан, –
Жазғы түскен сағымдай,
Ет ажарыннан карасан, –

Терісінен айырған,
Арпа-бидай ак ұндаі.
Касы – жайдай көрілген,
Кірпігі – октай тігілген.
Бұралып белі бүгілген,
Караган кісі үтілген,
Колаң шашты, кой қозді, –
Акжұніс атты қыз еді...

Сол қыз Ер Тарғынға ғашық болады. Екеуі жасырын қосылып жүреді. Бір күні қызды бір ханның баласына айттыра жаушылар келеді. Қыз жасырын Тарғынды шақыртып алып: «Мен хан баласына да, сұлуға да тансық емеспін, өзім де хан баласы, өзім де сұлумын. Мен сенің атакты батырлығына қызығып таңдап едім. Шын батыр болсан мені алып қаш!» – дейді.

Тарғын Акжұністі алып қашады. Хан қызына ашуланып: «Сол қызды кім қуып жетіп Тарғыннан айырып алып қалса, сол алсын!» – дейді.

Көп қол жабыла қуады. Өзгелері жете алмай қайтып, құғыншылардың ішінен бір-ак адам бөлініп шығып, жеке қуады. Ол – Карт Кожак деген карт батыр еді. Кожак қуып жетеді. Тарғын ереуілдеп тұрып Кожактан сұрайды:

...Асу-асу бел едім,
Асудан соккан жел едім!
Жолдасымды бергендей,
Кай батырдан кем едім,
Менен қызды алғапдай,
Өзің кандай, мен кандай,
Айт жөніпді кім едін?... –

дейді.

Сонда Карт Кожактың жауабы:

...Мен, мен дүрмін, мен дүрмін!
Мен де өзіңдей кең дүрмін!
Менің жөнім сұрасаң, –
Кырық сан Кырым елінде,
Көкжасыл жүрген белінде.
Арғы атам ер Құлік,
Өзім әкем Қоянак,
Қоянак ұлы Карт Кожак, –
Оза шауып олжа алған,
Таласты жерде жүлде алған,

Ортадан ойып жол салған,
Карт Кожак деген ер едім!.. –

дейді.

Осы сөздерден сон екеуі жекле-жекке шығады. Әуелгі кезек Кожақтікі болады. Кожақ өлтіруге Тарғынды қимай, өзін атпай, токал окпен құрамасын атады. Сонан соң Тарғын атпақ болып онтайланған сон, Кожақ өзінің аяп, өлтіре атпағанын айтып, «Кайта атамын!» – дейді. Тарғын женіліп, қызды тастап жүріп кетеді. Кожақ атын омыраулатып Ақжұністің қасына келіп: «Түрінді көрсет, ұнатсам – алам. Ұнатпасам – алмаймын!» – дейді.

Сонда Ақжұністің сөзі:

...Ей, Карт Кожак, Карт Кожак!
Атынның басын тарт, Кожак!
Бұхар барсан, колан бар:
Қоланды көр де, шашым көр.
Алтыннан соккан түйме бар, –
Түймені көр де – басым көр.
Тоғайға барсан, – тоғайда,
Домаланған коян бар, –
Коянды көр де – жоным көр.
Кара жерге кар жауар, –
Карды көр де – етім көр.
Кар үстіне кан тамар, –
Канды көр де, – бестім көр... –

дейді.

Ақжұніс өзінің сұлулығын айткан сон, Карт Кожактың бұрын қандай болғанын, енді қандай екенін айтады. Оның бұрын ер жігіт болғанын айтып келіп, енді картайып:

...Алпыс бескес келгенде,
Сакал-мұртың қуарып,
Бойға біткен тамырын
Бәрі бірдей суалып,
Алайын деп тұрмысын,
Мені көріп қуаныш?..
Өлтірсөң де тимеймін!
Тендік берсөң, сүймеймін! –
Бұрын батыр болсан да,
Сенін басын бұл құнде, –
Жерде жаткан күтсек!.. –

дейді.

Бұл сөзді естіген соң Қожақ ойға түсіп, қызды Тарғынның өзіне қосып кайтып кетеді.

Тарғын Акжұністі алып, Еділ бойындағы Орманбеттің он сан ногайлыға келеді. Сол он сан ногайдың он ханының бірі Ханзада деген ханға келеді. Бұл ел батырды құрметтеп алды. Ханзада Шаған сұнының бойындағы қалмакпен жау болады екен. Сол қалмакты қуып, бізге Шағанның сұын өпер деп Тарғынға өтініш істейді. Тарғын аттанып барып қалмакты женіп кашырады.

Сол жолда ағаш басына шығып карауыл қараймын деп құлап жығылып, Тарғынның белі мертігеді. Қөп уақыт емдеғенге жазылмайды. Соナン соң Акжұніспен екеуін жұртына тастап, хан көшіп кетеді. Тарғын көп уақыт бейнет шегіп, қайғы жеп, зарығып жатады. Белі жазылмайды. Тарғын өткен заманың құндерін айтып налиды. Акжұніске де байының дерті батады. Акжұніс Тарғынның намысына тиіп сөз айтады.

...Кайсаңың қара тасына
Карауыл коймай конған ер,
Шың иистпен тілесен,
Кайда кетер тілегін?
Тәнір тілек берген ер,
Баданасын бәктеріп,
Жанына жолдас ерген ер.
Еділ – Жайық екі су.
Ерінбей жүріп, дүнне,
Бас-ляғын көрген ер!
Ерлігінде жаман жок,
Ағаштаң белі мертігін.
Жаман қара құлдарша
Корлықпенен өлген ер!
Кай батырдан кем елін,
Өлерде болдың қара жер!.. –

дейді.

Осы сөздерден соң Тарғын жігерленіп, белін өз колымен ба-
сып қалып орнына түсіріп жазылып алды. Енді Тарғын өз елін таппак болып ойға түседі. Бірақ Акжұніс: «Кешегі жұртына тастап кеткен ханға бір көрінбей кету намыс болады», – деп Ханзалаға қарай жүруді мақұл көреді. Сонымен Ханзаданың еліне келсе, Шаған бойындағы қалмақ келіп, «Қызынды аламын!» деп Ханзаданы камап жатыр екен. Ханзада Тарғынға тағы жабысалы. Тарғын өуелі ханға үрысып, өкпесін айтады. Хан айыбына қызын бермекші болады. Тек қалмакты ку дейді.

Тарғын қалмақ қолымен соғысқа шығады. Көп күн ұрыс болады.

...Төрт қырлаган көк сүңгі,
Жау ішінде желпініп,
Толғамасам маган серт!
Толғауыма шыдамай
Толықсысан саган серт!
Қыска бакай, тар мықын,
Кебе карын, ку құрсақ,
Кулжа мойын төгерек,
Ұмтыла шапкан тарланым,
Алты мындаі кісі скен, –
Тіл жіберсен саган серт!
Сен желігіп жүргенге,
Тая шапсам маган серт!.. –

дейді.

Соғыспен неше күн, неше түн өткізеді. Тарғын «Аллаға» сыйынып, «иә бабам!» дей береді. «Жарандар» қамын жей береді.

Сонан соң бір күні:

...Карайды да күн батты.
Сарғайды да таң атты.
Қызара келіп күн шыкты.
Күн шыкканда караса, –
Болған екен тамаша:
Қырылып жауы, батырдың
Өзі калты онаша!
Астына мінгсін тарланның
Тұрпатына караса,
От орнындай тұяктан,
Оймактай-ак қалыпты.
Етектейін еріннен,
Екі елдей қалыпты.
Киган қамыс құлактан, –
Бір тұтамы қалыпты.
Жалбыраган жалынан, –
Жалғыз-ак карыс қалыпты...

Осындай киын соғыспен ханның жауын мұқатып берген соң, Тарғын қызды алмақ болады. Бірақ хан тағы өтірік айтып бермейді. «... Өз қызымды алуға хан тұқымы емессін. Орманбеттің ішінен тандаған қызынды ал!..» – дейді. Бұған Тарғын ашууланып, Қырымға қарай жүріп кетеді. Ханның елі мен өзі Тарғынның кегінен корқады. Хан мен ел сасады. Сол елде жасы жүзден аскан, өз

өмірінде толғау-болжал айтып бірнеше ханды аткарған бір Сыпыра жырау деген ақылгей карт бар еді. Соған барады. Сыпыра жыраудың ақылымен Тарғынның артынан кісі жіберіп қайта шакырып алады. Жиында Тарғынға Сыпыра жырау сөз сөйлеп, «Қызды алма, өзге қалағаныңың бәрін ал: ел ал, жер ал, мал-мұлік ал да, сола-рга ие болып түр!» – дейді. Тарғын көнеді.

Сонымен Ер Тарғын Жан Арыстан деген жерді «мысыр» етіп түрып қалады...

ЕР ТАРҒЫННЫҢ ӘҢГІМЕСІ ТУРАЛЫ

Ертедегі батырлар жырының көлемі үлкенінің бірі – Ер Тарғын әңгімесі.

Казак болмаған ногайлышының басқа елдерінің де ескі ел әдебиетінде Ер Тарғын туралы әңгімелер бар.

Тарғынның әкесі – Естерек. Ер Тарғын да, Естерек те тарихи кітаптарда және ескі ел әдебиетінде ногайлышының белгілі адамдары.

Ногайлышдан өуелі бірнеше рулар бөлініп, қырға көшіп шығып казак атанаңып жүргенін кейін бірсызыра жылдан соң, калған ұлы ногайлыш тағы да ыдырап үш-төрт бөлек болып кеткенде, бір бөлегі – казак болған ногайлыштарға келіп косылып, екінші бір бөлек болып кеткен ногайдың бастығы Тарғынның әкесі – Естерек болатын. Бұл белгілі орыс тарихшысы Карамзиннің 2-кітабында айтылады.

Біз бұл кітаптың бас жағында, ногайлыш елі Қырымда да, Кавказ салынғанда да, Еділ – Жайық бойларында да мекендеп жүрген ледік. Және атакты Орманбет би өлген соң, түп ногайлыш 3 – 4 бөлініп кеткен дедік. Тарғын – сол кезде шықкан батыр. Әңгімеде Тарғынның тұбі қырғыз еді дейді. Бұл – кате сөз. Ногайлыш ыдырап жан-жакқа бөлек-бөлек болып кеткен кездегі бір бөлек ногайлышдан шықкан батыр жігіттің туысын, басқа жерлердегі бөлек жүрген ногайлышы, жаңылыс әңгіме етуі түсінікті жайт. Осы күнге шейін ногайлыш атымен калған Қырымдағы аз ғана ногайлышының Радлов жинаған ескі ел әдебиетіндегі Ер Тарғынның әңгімесінде, Тарғынның туысы ногайлышының өзі екендігін айқын айтады.

Тарғынның, Орманбет би өлген соң, түп ногайлыш 3 – 4 бөлек болып кеткен кезде шықкан батыр екендігі – әңгіменің өзінен

де көрінеді. Әңгімеде Тарғын ногайлының бір елінен екінші еліне келіп, сол елдін жауын жаулап жүре береді. Сол елдегі ханға қарыйп өкпелесе де, елге келген жауына жаңын аямай қарсы шабады. Ноғайлының бір елінен кетсе, екінші еліне келеді. Келген елінің өтірікші ханына өкпелесе, биінің сөзіне тоқырайды.

Ұлы Ноғайлы ыдырап, бөлек-бөлек болып кеткен сон да, бір жактағы бөлек тіршілік қылып жүрген ноғайлы, өзге жақтардағы бөлек жүрген ногайлы ёлдерін көпке шейін «әзімсініп» жүргендігі Ер Тарғынның жырынан айқын көрінетін сиякты.

Жогарыдағы айтылғандай, ертедегі жаугершілік заманда, билердің ұstemдігі жүрген елдің жастарына: «Міне ер болсан, міне жігіт болсан, – осындай бол!..» деп ұstem таптың шоқпарын мықтырақ соққан жігітті үлгі қылу Тарғын жырында тіпті айқын суреттелген.

Кобыланды батыр көп жаумен соғысқанда Қараман батырдың қолымен жүрсе, кей жерде Қобіктінің қызы Карлыға, Қараман батыр, Орак батырдың жәрдемдерімен жауларын женсе, Ер Тарғын қалың жаулармен неше күн соғысып жалғыз өзі жүріп женіп шығады. Жауын мұқатқан Тарғын мертігіп жатканда өтірікші, сарап қан оны жүртynна тастап кетсе де, елден ешкім Тарғынның қөнілін сұрап келмеген болса да, Тарғын оған қатты ызалаңып, қөнілі қарайып кектенсе де, ноғайлы ханына «бөтен елден» жау келгенде, Тарғын өкпе-наланың бәрін тастап, жауға қарсы шабады. Жанды ортага салып жүріп жауды женеді. Ноғайлы ханы Тарғынның қөнілін екінші қайта қарайтқанда да, Тарғын табан жерде ханға да, хандар, билер билеген өзінің ноғайлы еліне де тимей, тек кіжініп, ханның басын кесіп алатындығын айтып қана Қырым ногайлысына қарай жөнеледі. Бірақ соңынан билердің жіберген адамдарына тоқтап, қайта барып, Сыбыра жырау тәрізді толғау айтқан ақылгөй бастаған билер сөзіне үйіп, алдаған ханға өкпені кешіріп, «ел адамы» болып орнығады.

Міні, сөйтіп Тарғынды шыдамды, үлкендердің, билердің сөзінен тоқтағыш, ұstem тапқа кешірімді ер қылып суреттейді. Билер, хандар ұstemдік қылған еліне жау келгенде, өз басының өтірікші ханға кешілмestей өкпесін екі сөзге келмей кешіп жіберіп, қалың «жат жауға» жалғыз өзі қарсы шығатын ер қылып суреттейді. Сөйтіп, билер ұstemдік қылған «елді корғау» ретінде, ескіліктең билер санасындағы ел әдебиеті: «Міні, жігіт болсан, ер болсан, Тарғындей бол!» дейді. Және үлкенді сыйлауды мықты ұстаған

ескі ел әдебиеті, он сан Оймауыт, тоғыз сан Торғауыттың қолын женген және калмактың қалың қолын екі рет қырған Тарғынды тек ногайлының өзінің ғана Қожак тәрізді карт батырынан ғана женілдіреді. Онда да Карт Қожак Тарғынды женгенде күші асқандықтан емес, мергендікпен жеңді қылады. Және ногайлының карт батыры, Тарғын сынды жас батырына оқ атканда аяп, оғын ленесіне тигізбей атты қылады. Карт Қожактың аяп атқанын білген сон, Тарғын батырды атыспай жеңліді қылады. Тарғынды сүйтіп бұл ретте де үлкенді сыйлағыш, кешірімді, қөнбіс, өзінің қарақан басының намысын үлкендердің ережесінен артық ұстамайтын батыр қылып суреттеп: «Мұндай ер ханнан да артық» дегендей ой туғызады.

Мысалы, Ханзада ханды өтірікші, опасыз қылып, Тарғынды ногайлы елі үшін кешірімді ер қылып, Тарғынды ханнан да артық қылып суреттейді...

Және елдің «ұйытқысы», «пәтуәсі» тек билер екенін сездіреді...

Сонымен «міні, жігіт болсан, ер болсан, осындей бол!» деген екшенді шығарады.

Сондай «қасиетті» ерге мұндай қызы ылайық болады дегендей, Акша ханның жұрттан асқан сұлуы Ақжұністі Тарғынға «ашық» қылып қоймай, ханның баласынан да Ер Тарғынды артық көргізіп, ак сұлуды Тарғын қайда барса, сонда баратын қылып, Тарғынға қосып жібереді...

Тарғынның жырында ескіліктегі әйелге көзкарас та көрініп қалады. Ер Тарғын қызды қуып келген Карт Қожактың оны аяп атқанын білген сон, ханның баласына да бармай, «ашық» болып сонына ерген «әрі сұлу, әрі ақылды» Ақжұністі алып кашкан ат тәрізді қылып, Қожакқа тастап жүре береді.

«Кобыланды батыр» жырындағы батырлығы Кобыландыға серік болған, туған әкесін өлімге қиып, сондарына ерген Қарлыға қызды біресе Қараман, біресе Кобыланды «олжа» қылып алып жүргендеріндей, Ақжұніс те ханның қызы болса да, жұрттан асқан сұлу және ақылды болса да, ханның баласына бармай, Тарғынға ашық болып сонына ерсе де, батырдың жетегіндегі олжайлай ғана болып, қуып жеткен Карт Қожакқа кала берді... Сонан сон Карт Қожактан кеншілік, бостандық алып, ақылды Ақжұніс тағы Тарғынға ілесіп жүре береді. Тарғын Орманбет бидің ногайлысына келген сон да, Ақжұністің үстіне Ханзаданың қызын

алмак болып жүргенде де Ақжұністе наразылық сөз болмайды... Билер дәуіріндегі ескі елдің салты бойынша, Ақжұніс мінезді өйелді жаман өйел демейтін, кайта, ондай мінезді өйелдерді, ері не қылса да соған так тұрып, ырза болып қызмет қылатын, еріне «серік» болатын, реті келгенде ақыл айтатын ақылды, жақсы өйел дейтін...

Тұр ретінде, күй ретінде, «Ер Тарғынның» жыры да ертедегі батырлар жырының ішінде, «Кобыланды» жыры тәрізді ірілерінін бірі. «Тарғын» жырының жалпы сарын күйі де «Кобыланды» жырындағы, сол жаугершілік, шабыншылық дәуірдің жалпы сарын күйін жақсы сездіреді. Мұның сарын күйі де сол желекті найза үстап, бауырынан жараган сәйгүлік үстінде жүйткіген дәуірдің сарын күйі. Мұның жыр құрылышы, сарын күйі де сол, екпіндеп, аяқтарын түйдек-түйдек тастап, желекті найзаны сұнитіп, ілгері қарай контиган күйді елестетеді.

Әр дәуірдің үстем табының екпінді, сарын күйі, сол дәуірдің әдебиет күйіне түсетіні белгілі жайт. Қазақ атаулы елдің ескі ел әдебиетінде де, сол ескі дәуірлердегі үстем таптың санасы, екпінді сарын күйлері айқын көрінеді. Қазактың ногайлы дәуірінен қалған әдебиет нұскаларының дені үстем таптың шокпарын мықтырақ соққан батырлар жырлары. Бұлардың жыр құрылыштары, күй сарындары әлгі айтылғандай болады...

Жүйткіген, бауырынан жараган сәйгүлік, оның үстіндегі темір құрсанған батыр. Колдағы дәнгелек ойнаған желекті найза, жарқылдарап ысқырған алмас қылыш. Құйғыткан сәйгүлік тұяғынан жарқылдаған от, өуені как жарып ысқырған оқ, осының бөрі батырлар жырының күй сарындарында көрінетін сыр. Тек біреулерінде құшті, айқын, біреулерінде әлсіз, нашар көрінеді.

Ақын яки жыршы жырын жырлаған таптың санасымен бір әнгімені жыр қылғанда, сол сана бойынша, сол дәуірдегі екпінді, сол дәуірдегі сарын, күйлерді қөзге, киялға елестеткендей қылыш айта алса, онда ақынның құшті ақын болғандығы.

«Тарғынды» соңғы рет өзінің жыр толғауына, «жыр талқысына» салып шығарған белгілі Марабай ақын құшті ақын екендігін көрсеткен...

Тарғын әнгімесіндегі Ақжұністің сұлулығын айтқан жыры, Тарғынның Тарлан атын суреттеуі, Карт Қожак пен Тарғынның түйіскен жыры өдемі, суретті тізілген жырлар...

«Ер Сайын» әңгімесінің баспа жүзіне шыкканының толықтауы Радлов жинағындағысы. Әңгіменің қысқаша мазмұны мынау: Ноғайлыда Бозмұнай деген бай бар екен. Төрт түлік малы сай екен. Бай болса да Бозмұнай, баласы жоктықтан зарлы екен. Жылқысын бағып жүрген токсан құлы кенесіп, бірігіп, бір құні Бозмұнайды байлап қойып сабайды. Соナン сон, Бозмұнай балам жоктықтан басынып сабады-ау деп үйіне келіп, құса болып жатканында басында ақ сөлдесі бар Бабай Омар әулие түсіне кіреді. «Бір өзі мынға татитын Ер Сайын атты асыл балаң болады» дейді. Бозмұнай оянып, қуанып, ұшып тұра келіп, катынын оятып, әулиенің Сайын атты бала бермек болғанын айтты. Екеуі қуанып, құдайы мал шалып, баланы күтті. Елуден аскан бәйбіше жүкті болып ұл тапты. Тойына жиналған хандар, билерге Бозмұнай: «Баламның атын тауып койғандарына калағандарынды берем» дейді. Балага ат қоюға ат таба алмай дағдарып отырганда, ноғайлының жүртүндағы елден жасы артық, 130-ға келген бір кедей адам келіп:

...Мұның атын сұрасаң,
Беліпдейгі бес кару,
Тал бойына жарапсан,
Ерлігі өткен алаштан,
Батыр Сайын болмас на.
Үстіңе аруаң қоңбас на!.. –

дейді.

Сайын емшек ембеген сон, жілік майымен асырайды. Сайын ер жетеді. Белінے қылыш тағып, колына найза ұстап жылқысынан калмайды. Бір құні токсан құлы кенеседі. «Біздің әкесін сабағанымызды білсе, мынау бәрімізді қырар, онан да қашайық», – деп қашады, Сайын жалғыз өзі қуып, токсан құлға жетіп, бәрін қырып тастайды.

Бозмұнай Көбікті дегеннің Аюбике деген сұлу қызын Сайынға айттыруға барады. Менмендік қылышп, ат үстінде тұрып қыз сұрайды. Көбікті ашуланады. «Тентек неме күш қылады гой!» – деп қызын бермейді. Бозмұнай күш айтып жөнеледі. Елдің хан мен билері Көбіктіні қондіріп, Бозмұнайды шакырып әкеп құда қылады. Сайын қызды алады. Жас Сайынның ерлігі жүртка жайылған сон, калмаққа аттанысқа ертуге Кобыланды батыр іздел

келеді. Қобыланды батыр мың кісімен келіп, жылқысында жүрген Сайынға жолығады. Екеуі жөн сұрасып біліседі. Сайын Қобыландыны ауыльна ертіп келеді. Қалмакқа аттанысқа бармак болады. Бірак Сайынның әкесі Бозмұнай жас баланы еліктіресің деп Қобыландыға кейіп, «тым болмаса үш жылдан соң келіп ертсейші» дейді. Қобыланды Сайынды үш жылдан соң келіп ертуге үәде байлап кетеді. Үш жылдан соң Сайын қырық жігітпен Қобыландының қосынына қосылып қалмакқа аттанады.

Бірнеше күн жүріп, қалмақтың шетіне жақындал келгенде бір жағалбайлы жауырыншы жауырынға қарап: «Алдымызды жау тосқыны бар екен. Бұл бетте жолымыз болмайды. Колдың обалына қаламыз, қайтамыз!» – дейді. Қобыланды батыр көрі жауырыншының айтқанын қабылдап, қайтпақ болады. Сайын «қайтпаймыз» дейді.

Хабар алып сайтаниш,
Бұл жолымнан кайталман!
Алғашынның койныла
Күлкі болып жаталман!
Людайын алыспай,
Қалмакпенен атыспай,
Кара канға катыспай,
Ақылыңды алалман!
Елге қашып баралман!.. –

дейді.

Қобыланды қосынымен қайтады. Ер Сайын қырық жігітімен қалмакқа қарай жүреді. Жаудың қаласына кіргенде, қырық жігіт соғыса алмай, Сайын жалғыз соғысады. Қоғыс Сайын қалмақты қырады. Бірак ақырында жарасы көбейіп, өзі де қалжырап, майданнан қашып шығады. Қалмақ жете алмай қалады. Сайын қырық жігітке келіп қосылады. Жүріп келе жатып, жараның көптігінен Сайын қансырап, атка жүре алмай, бір жерге келіп аттан түсіп табытқа жатып, басына акбоз атын байлатып, еліне сөлем айтып, қырық жігітті елге қоя беріп өзі қалады.

...Е, қырық жігіт, азамат!
Маган бола өлменіз,
Сендер бейнет корменіз.
Карагайдан табытим,
Бекем қылыш сайланыз!
Таңдаң мінген ак боз ат,

Басыма мыктаң байланыз.
Шұберек киім кигізбей,
Капды стіме тигізбей,
Жібектен орап жайланаңыз.
Ел шетіне барғанда
Әкем шығар елпілдеп,
Шешем шығар енқілдеп,
«Сайын кайда?» дегенде,
Жаксылап жауап бергейсіз!
Ел шетіне жау келді,
Жол тоса қалды дегейсіз!
Кара аргымак арыды,
Оттата қалды дегейсіз!
Бір күн де болса, куансын!
Ақырында бейніара,
Естіген күні суалсын!..
...Каракыпшак Қобыланыды
Батыр ерге сөлем де,
Күйікбай мен Бекенбай,
Айырылып соңаң қалмасын!
Өздері адам болғанша,
Көзінен таса қылмасын!.. –

дейді.

Сайынның басына түскен қыншылығын үйіндегі катыны түсінде көреді. Түсін енесіне айтады:

...Мен бір бүгін тұс көрдім,
Келіспеген іс кордім.
Жауырның толған кара шаш,
Жайылыңқы корінді.
Бедерленген бес тыринак,
Қызыл канға, епеке,
Малыныңқы корінді.
Шешем берген бокшасы
Шашылыңқы корінді.
Жауга аттанған балаңың
Ақ боз атының күйрығы,
Құзеуліңкі корінді.
Колына алған ақ сүнгі,
Ортасынан, епеке,
Үзіліңкі корінді... –

дейді.

Қырық жігіт елге келіп, «Сайын жарапы болып жүре алмай жолда қалды» деген соң, Сайынды іздеп катыны мен шешесі жөнеледі. Сайынның екі баласы – Күйікбай мен Бекенбай «әкемді

тауып бер!» деп Қобыландыға жөнеледі. Катыны мен шешесі бір биік төбенің түбінде жатқан Сайынды тауып, қасындағы суға әкеп, денесін жуып, катынының ала келген «аюдың әк дәрісін» жараларына сеуіп, Сайынды тұргызып алады. Үшеуі тынығып далада жатқанда, ізімен келген қалмақ қолы үшеуін камап алады. Үшеуі тез аттарына мініп, Сайын шешесі мен катынын ертіп, қамаған қалмакты жарып өтеді. Қалмақтар шешесі мен катынын ұстап қалады. Ашы дауыстарын естіртіп Сайын кайта оралсын деп, шешесі мен катынын кинайды. Екі әйел ойбайлап, Сайынға: «Келме, келме, біз-әк өлейік!» – дейді. Сайын болмай кайта оралып, қалың қалмақпен соғыс салады. Қалмақты женеді.

Ол екі арада Қобыланды батыр қол жиып Сайынның екі баласы Қүйікбай, Бөкенбаймен келіп қалмақ елін шабады. Қалмақ елін шауып келе жатқан Қобыланды қосына көз ұшында келе жатқан бір қараны көріп, «Кім екенін біліп кел!» – деп Қобыланды Сайынның баласын жібереді. Келе жатқан Сайын екен. Баласымен танысады. «Қобыланды атаннан сүйінші сұра!» – деп Сайын баласын Қобыландыға шаштырады. Қобыланды сүйіншіге Тайбурылды береді. Сөйтіп, қуанып елдеріне келеді. Елге келген сон Қобыланды Қүйікбай мен Бөкенбайға батасын беріп, Сайын екеуі, «Енді жауға аттанбайық» десіп жатады. Қүйікбай мен Бөкенбай батыр болады. Жел жақтарынан жау жүрмейтін болады...

ЕР САЙЫННЫҢ ӘҢГІМЕСІ ТУРАЛЫ

Сайын болған адам ба, жок, болмаған адам ба, тарихи мағлұмнамтарда белгісіз. Бұл тек кара құш ұstemдік қылған жаугершілік надан замандағы дәріптеген батыр. Кімнің кара құші артық болса, сол ұstemдік қылған надан заманда, шоқпар санақсан, білек құшін санақсан заманда өзгеден кара құш, кайраты үздік артық адамдар қалай дәріптегенін бұдан бұрынғы әңгімелерде айттық. Сол кара құш билеген замандағы ұstem таптың қасиеттеген сынпаттарынын бәрін әкеп дәріптеген адамдарға қалай жапсыратын-дығын айттық. Және бұдан бұрынғы әңгімелерде, ондай, кара құш пен кайраты басым болған адамдарды дәріптеі келе, дәріптеуді шектен шығарып жіберіп, олардың туыстарын да өзге жүрттың туыстарындаі қылмай, «көреметті», «әулиелі» қылып та әңгімелейтін дегенбіз.

Сондай-ак, Ер Сайынның туысы да «ен касиетті өулие», Баба Тұкті Шашты Әзіздің әкесі Бабай Омардың шарапатымен болады. Сайынның атын да сол өулие қояды.

Сайынның әнгімесіндегі талқыларлық бір мән – байлық жайты мен білек күшінін жайты. Білек күші жок байы қандай, ал сол білек күші жок байға білек күші бітсе қандай болады – міні, «Ер Сайынның» жырында сол екі жайты калай әнгімелеген, соған келейік.

Әнгіменің айтуында, Сайынның әкесі Бозмұнай «шіріген» бай болады. Бірақ ұлы жок, сондыктан шіріген бай болса да жұртты коркытарлық оншалық құшті емес болады. Баласы жок болған сон, оны малшы құлдары да сабайды. Зорлық көргенде ара тұратын Бозмұнай байдың ешкімі болмайды. Зарлап жұрген Бозмұнай «әулиенін шарапатымен» балалы болады. Баласы Сайын біреу болса да мынға төтеп беретін болады. Сайын жай мықты емес, тентек мықты болады... Сайынның мықтылығы, тентектігі сондай, оның ешкім бетіне келе алмайды. Бұрын әкесін байлап қойып сабаган тоқсан құлы мұнын бетінен коркып, «әкесін сабағанымызды естісе, бұл бізді ондырмас» деп кашады. Әкесін сабағандарын бұрын білген болса да үнде мей жұрген Сайын, енді кашкан малшы құлдарын қуып, жеткен жерінде, жалынғандарына карамай, бәрін де қырып тастайды. Бірақ бұларды өлтіргенін Сайын ешкімге айтпайды:

Сайынның зорлығы сондай:

...Атын таңдан мінгенді,
Алты қырлы ак сүнігі
Оң колына алғана.
Қынлагы алтын ак болат,
Ай беліне шалғана...
Лайдыңды болып тұған соң, –
Карабай коркып каз болды,
Кайыршак коркып саз болды.
«Сайын келді» дегенде, –
Токсалиғы кемпірлер.
Қызылғаниан кыз болды,
Ақпандагы алты ай қыс, –
Атка мінсе, – жаз болды.
Сайын келлі легенде,
Токсандагы шалдарын,
Қырық күн шілде болғанда,
Тосектен басын көтермей,
Төбесі жидіп таз болды... –

дейді.

Баласы Сайын мұндай болған соң Бозмұнай бұрынғы жуастыкты тастанап, дүрдиіп алады. Баласына айттырып өперуге ногайлыдан қыз таңдал, ешкімнің қызын ұнатпайды. Соңан соң оған жұрт айтады: «Енді саған ұнарлық бір-ак байдын сұлуы бар:

...Қырды жайлап шет қонған,
Дүшпанына бет болған,
Айттыранга бермеген,
Мұндай тені келмеген,
Айтканына ол берсе, –
Сені «адам» – ол десе, –
Көбік байдын үйінде,
Беті желгे тимеген,
Езу тартып құлмеген,
Бөтен үйге енбеген.
Аю Бике сұлуы, –
Колан кара шашы бар.
Қыргауылдай керілген,
Уылжыган тамактан
Ішкен асы көрінген,
Күнге шыкса, бетінен
Күн сәулесі білінген, –
Лайық сұлу балана, –
Корықтай жүріп барсаныз,
Шамаң келсе алсаныз!...» –

дейді.

Бұрын Сайын тумай жүргенде «бейшара» болып жүрген Бозмұнай, енді Аю Бикедей қызы бар Көбікті бай сынды шет жайлапты мұкты-дүр байдын қызын сұрай келгенде де өлшеусіз дүрдиндікпен келіп тұрып, құлқын сөріден атынан түспей, қабағын түйіп тұрып қызды сұрайды. Есік алдында сөйлесе қалған Көбіктінің жігітіне ұрысып:

...Көбікті үйде бар болса,
Қызын ап шықсын, көремін! –
Лайық болса балама,
Айттырып алып беремін...
Шакыранга келмесе, –
Айтканымға бермесе, –
Тура кейін кайтамын
Тентек туган Сайынга,
Бара сала айтамын!... –

дейді.

Көбіктінің жігіті үйіне кіріп:

...Шапшан снлі, Көбік, тұр!
Әзірейіл тажал ма,
Мұнаң жаңың қалар ма?
Ногайлының Бозмұнай
Сарайыңа келіп тұр!
Келмес елі қасына,
Сарайдың бүйтіп басына, –
Ер Сайынга сеніп тұр!.. –

лейді.

Оған Көбікті ашуланып:

...Шауып алса, мал да көп,
Үйден алса қыз да көп,
Сайындаі тентек үл да көп...
Еңсеп келгсін Бозмұнай, –
Үйден сусын бермейіз, –
Адам екен демесіз... –

дейді.

Сонан сон Бозмұнай бұрынғысынан да бетер дүрдиіп атының басын бұрады.

...Бұ барғаннан, бармасам.
Бұ бермеген қызынды
Ат көтіпе салмасам!
Еркегінді қырмасам,
Жұрт көргендей қылмасам, –
Бозмұнай боп жүрмейін,
Шәріме есеп кірмейін!.. –

деп бұрқырайды. Сонан сон шаһардың ханы қорқып, Көбіктіге келіп, Көбіктіні қөндіріп, қызын Сайынға бергізеді.

Сөйтіп, ұлсыз бай болып жүрген уақытта Бозмұнайды «зарлы», «сасық» бай қылады. Малай құлдарынан таяқ жегізеді. Ал Сайын сынды қара құш иесі сотқар ұлды болғаннан кейін Бозмұнайды «мықты», дүр, даракы, сотқар қылады.

Міне, шоқпардың құші, наизаның ұшы зан болған, қара құш ұstemдік жүргізген жаугершілік заманындағы, ұлсыз бай мен жүрттан қара құші аскан сотқар балалы байлардың қалыптарын өңгіме осындаі қылып суреттеген.

Онан соң, екінші бір жағы, бай мен малшы, құлдардың тап жігіде, тап жауышылығы да әңгімеге айқын көрінеді. Ерте заманнан екі таптың бір-біріне жау екендігін көрсетеді. Токсан құлдың Бозмұнайды сабауы, тоқсанының Сайыннан қашуы, Сайынның тоқсаның да жалынгандарына қарамай қырып тастауы – екі таптың күресін көрсетеді. Бірақ ол замандағы күшті үстем тап – батырлар, байлар, хандар, билер табы болғандықтан, малшы құлдарды, әрине, батыр женеді.

Онан соң, әңгімеде Сайынның әкесі – саран, акымак, дарақы, сасық бай болып көрінеді. Сайын – Қобыланды, Тарғын тәрізді батыр емес, жұрттан асқан қара күшке, жұрттан асқан байлыққа мастанған, дарақы, әңгі байдың тентек, соткар ұлы екендігі айқын көрінеді.

Дарақы байдың жұрттан малы да, қара күші де асқан соткар ұлының бетіне ол заманда кім келе алған!.. Әңгімеде Сайынның бетінен қорқып «тоқсандарға кемпірлер қызы болды. Тоқсандарға шалдар қорқып бүркеніп жататындықтан таз болды...» дейді.

Бетіне жан келмейтіндігі сол, Сайын жылкысын елсізге салып жау тілейді. Оған жау да жуымайды:

...Жакын жатқан жылкыны,
Айшылыққа айдалы.
Елдің қиыр шетінде,
Дұспаның жүрер бетінде,
Карауылды салады.
Құні-тұңі Алладан,
Жау тілей береді;
Кайда кеткен алаштың
Найза ұстаган батыры?
Тап менің тұсымда
Еркегі мұлдем таусылып,
Калған ба жұрттың катыны?.. –

дейді Сайын.

Тіпті адам былай тұрсын, Сайынның бетінен хайуандар да, жаратылыстың тұрлери де қоркушы еді дейді. Сайыннан:

...Карабай қорқып, каз болды,
Кайыршак қорқып, саз болды,
Ақлан қорқып, жаз болды, –

дейді.

Жұрттан малы аскан даракы байдың жүрттап қара күші аскан сотқар ұлының сыпаттары «тәуір» айтылған...

Ал «Ер Сайын» жырының сарын күйі белгілі, сол дәуірдегі үстем таптың, үстем сананың екпінді сарын, күйімен құрылған. Жырының сөз жүйелері, сөз құрылыштары, тіл кестесі, сурет салыстары, «Кобыланды батыр» мен «Ер Тарғынның» жырларынің төмөнкінен төмен.

«Ер Сайын» жырының толығырақ жазылғаны, – сол Радлов жинағындағысы, бірақ оның өзінің жаңылыс жазылған сөздері, калып қойған сөздері көп.

КАМБАР БАТЫР ӘҢГІМЕСІНІҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

Ертеде он екі баулы өзбек-ноғайлыда Әзімбай деген бай болыпты. Әзімбай өзбек-ноғайлының жалпак еліне данқы шыққан бай екен.

Әзімбайдың алты ұлы бар. Назым деген елден аскан сұлу, кербез қызы бар екен.

...Кыз Назым шыкты бұраңдал,
Он серіз толған жасына,
Кемшат бөрік келісіп,
Бірлиант койды басына.
Кара мен төре кайтырды, –
«Болса деп, бізben ашина!»

Көп ел Назымға ынтық болды. Талай мырза мен бағылан қызыып, қызды алғысы келді. Бірақ ерке қыз ешкімді тенсінбеді. Бір күні Әзімбай: «Кызымың таңдаған адамына косам, дәмелі адамнан ешкім қалмай жиылсын» деп жар шашты.

Барлық ел тайлы-таяғы қалмай, айтылған күніне, белгілеген жеріне жиналды. Жиылған жүрттың бәрі қыздың алдынан біріндеп өтті. Бірде-бірін сұлу жактырмады: қыздың көnlініне алған жігіті бар еді.

Ноғайлыда «алпыс үйлі арынды, тоқсан үйлі тобырлы» кедей ауыл бар еді. Солардың ішінде Әлімбай дегеннің қара касқа тұлпарлы Камбар деген кайратты баласы бар еді. Камбар өзі аншы, мерген, өзі мықты батыр жігіт еді. Камбар қара касқа атының терін кептірмей, дамыл алмай аң аулап, азғана ағайыны, – «алпыс үйлі

арынның, тоқсан үйлі тобырдың» аш-арығын асырайтын еді. Назым сұлудың алдынан өтүге шақырған жиылысқа ол бармаған еді. Жұрт жиналғанда Назым сол Қамбарды көрмек еді. Сыртынан құмар болып жүрген жігіті келмеген соң қапа болып, қыз үйіне кайтты. Қыз Қамбарды кездестіргісі келіп ынтық болып жүрді. Тоқсан үйлі тобыр-кедей ағайының аш-арығын асырап, дамыл алмай, Қамбар ер анмен, құспен бола берді:

...Дабыл қағып, сұңкар сап,
Болмаған құні мынын ап,
Көлдегі құсты тауысты.
Сұнгіген суга үйректер,
Жасырынып калды азы,
Паналап биік камысты...
Күмістен тағып карғысын,
Соңына ертіп тазысын,
Ау қылып Қамбар шыгады.
Қасындағы құмайы,
Таңынан тартып талайын.
Таутекенің жыгады.
Айрылады жыртылып,
Киік пен жаткан құланы.
Ат бетіне карамай,
Ақбекенді жосытып,
Айкай салып қуады.
Найзамен өзі шабактап,
Тазысы жетіп тамактап,
Қасап сойған ешкідей,
Кан сасытып қырады...
Шекесінде Қамбардың
Бар еken алтын тұлымы, –
Сүрап алған құдайдан,
Әлімбайдың құлыны!...

Қамбардың алмаған аны болмады. Бір күні қалың ағаштың ішін аралап келе жатып, тұмсығынан қан ағып жаткан бір үлкен торайды көреді. «Бұл қалай?» деп, жан-жағына караса, бір үлкен жолбарыс шәкесінен түсіп шабайын деп жатыр еken. Қамбар жолбарыспен айқасып, айбалтамен ұрып өлтіріп өнгеріп, аулына өкелді. Ертеңінде сұңкарын алып, һүддін көлін жағалап келе жатып, Әзімбай байдың ауылының үстіне тұра келді.

...Кырындап етіп барады,
Сұңкарын тұтып бетіне.
Жағалай құлын байлаган,

Теңіздің бойын жайлаған,
Кыз Назымның аулына
Үстіне түсті күзері.
Мұны көріп Қамбарлың
Жоқшылық кірді есіне:
«Кымызы бар деп ақ үйдің,
Түссемін барып несіне?»
Кырындағы етіп барады,
Сұнкарың тұтып бетіне. –
Кара каска тұлпары.
Жердің тартып тағабын,
Алшандағы басып, асыкпай,
Ауылдың шықты шетіне...

Қамбар ауылға түспей өтіп бара жатқанда, үйден шығып Назым сұлу бұралып қарап түр еді. Қамбар қарамай кеткен соң «аһ» ұрып қапаланып, құса болып үйіне кірді...

Біраздан соң женгелерін жиып, жіп ііртіп тез өрмек құрдырыды. Өрмектің бір жақ басын қөлге, бір жақ басын үйге жеткізіп құрғызып, Қамбардың жолына жібек өрмектен бөгет салды. Сейтіп, қасына тегенемен Қымыз келтіріп койды.

Қамбар үйрек пен казды кара касқа атқа тендереп, көл жағалап қайтып келе жатып, алдында бөгет болып құрылған қыздың өрмегін көреді.

...Көрінеді Назымның
Алдына өрмек құрганы,
Қамбар айтты өзіне:
«Осыған көнілім белініп,
Ұмытып кетсем жұртыймыз, –
Құдайын, деді, ұрганы!»
Мәлім болды батырга,
Өнер істеп Назым қыз,
Қыздырмак үшін тұрғаны...

Қамбар қызға қарамай, өрмектен қара касқа атты қарғытып ете шықты. Назым ыза болғандықтан, қылышпен өрмегін турап тастады. Жылдам Қамбарды шакырды. Қамбар, атының мойнын бұрып, қызға карады, қыз мына сөзді айтты.

...Қайырылмай кайда барасың,
Хан сүйекті, Қамбар-ау?
Кабагы катып шаршапты,
Кара касқа атың мойнында,
Өкпе-бауыр жал бар-ау!

Арызыма құлак сал,
Ақылың болса ангар-ау!
Шөлдесен, сусын ішсейші!
Біздің үйге түссейші, –
Кайнатулы шай бар-ау,
Сары аяқта бал бар-ау,
Жатып тұрып кетуге,
Күткендей бізде жәй бар-ау!.. –

дейді.

Сонда Қамбар сөйлейді:

...Ағайыным тауысты
Кара аттан басқа малымды,
Сыртым бүтін, іш түтін, –
Білмейді ешкім әлімді.
Жолдас қылды қудайым,
Кедейлік деген зәлімді,
Кой бағу колдан келмейді,
Ат үстінен соғыс қып,
Жемесем тауып нанымды.
Аш бөрідей жалақтап,
Кинады жоктық жанымды.
Ұядан жаңғыз баламын,
Құс етін беріп бағамын,
Үйдегі екі көрімді.
Оған да назар саламын.
Кабатыма аламын
Алпыс үйлі арынды.
Сеніменен ойнасан, –
Айналар ісім киынга.
Айыпка мені бұйырма!
Айтамын, Назым, зарымды!.. –

дейді.

Назым Қамбарға бар сырын айтты: «Талай байдын баласы бар. Ешкайсысын саған тең көрмеймін. Сен, жұртқа тұлға болғандай, бөтен туған бала едің. Сол себепті сені қаладым. Ауылға қон!..» – дейді.

Қамбар: «Жок, сен шалқыған байдың қызысын. Мен кедеймін, мен сенің теңін емеспін:

...Іздеңің асылық.
Мен емес таңдал тиерін, –
Ыңырсытып байлаган,
Көшкенде топтап айдаған,
Мастығы шығар биенін!

Байларды шалкар көл кылган,
Кедейді құла шөл кылган.
Жарлығы қүшті иенің...» –

дейді.

Екеуі сүйтіп сөйлесіп тұрғанда, қыздың бір ағасы көріп, қарындасының жалғыз атты кедей жігітпен сөйлесіп тұрғанын намыс қылып, інілерін шақырып, жиылып келіп ашу қылышады. Жанжал шығармақ болады. Қамбар жөнеп кетеді. Назымның ағаларының ішіндегі акылдысы – Алшораз, ағаларының Қамбарды кемсінгендерін теріс көреді: «Карындастарынды ногайлының батырынан артық кімге бермексіндер. Малға мастанбандар:

...Едірендейсің бәрің де,
Пісіріп нанды деміңе.
Екіталай егесте,
Ат кулағы тенессе,
Паналарсын тығызып
Осының барып женине...
Ағайынмен үйлесіп,
Назымжанды косайык,
Қаласа құдай теніңе...» –

дейді.

Алшораздың бұл сөзін Дараз макұлдайды:

...Ойлаганға кіліріп,
Осы екен істің макұлы,
Кекті болып кетпесін,
Ногайлының батыры,
Азулымен өшіксен, –
Тигізер зияп ақыры... –

дейді.

Сонан сон Әзімбайдың өзге балалары басылады. Ногайлы-өзбектің жауы – қалың қалмак бар екен. Соның Қараман деген ханы Назым қыздың жәйін естіп, қалың колмен келіп елді камап, «қызын берсін» деп Әзімбайға, жаушылыққа кедей ұлы Келмембет деген адамды жіберді.

Келмембет жаушының қыз әкесі Әзімбайға айтқан сөзі:

...Арызымыды айтамын,
Көтерсөң менің назымды,

Саусагы алтын сүнкарға,
Ілдірейін деп келдім,
Көлдегі үйрек, казыңды.
Алтайы қызыл тұлкіне
Косайын деп ойлаймын,
Күмай жүйрік тазымды.
Тікпекке ақ үй сұраймын,
Ел конбаган сазынды...
Исі жүртка жайылып,
Піскен анқып түйнегін,
Қолына өткір кездік ап,
Ортасына тіледі.
Жемекке әркім әүес қып,
Көрмей-ак сырттан біледі.
Канатты кара бүркітім
Асыраған әллештеп,
Аккуынды іледі.
Төс етінен тояттап,
Кеудесіне мінеді.
Дос адамын қайғырып,
Дүшпаның катты қүледі.
Осы айтканым болмаса,
Тұғырга сұнкар конбаса,
Ноғайлы елің бүледі...
Бұғалық салып мойнына,
Жуастырып кайтамын,
Асауынды үйретіп,
Азулы арлан бөріме.
Жегіземін құйрығын,
Багланынды сүйретіп,
Тістетемін тамағын,
Кабыргасын күйретіп.
Ақ сапты болат найзамен,
Шанышкызамын түйретіп.
Қыргауылдың қызығын,
Көрейін деп мен келдім,
Шеңгелдетіп мойнынан,
Лашын кұска жүндеп...—

Әзімбайдың балалары бұл жұмыска намыс қылып, Келмембеттің құлақ, мұрның кесіп, сабап-сабап коя берді. Сөйтсе де, қалмак қолынан ел қорықты. Жиылған жүрт ақылдастып, қалмак ханына қарсы шығуға Қамбар батырды шақырмақ болды. Қамбарға жөн айтарлық кіслерді жіберді. Елді жаудан құтқарып, Назым қызды алсын деп Қамбарға тілек қылды. Қамбар Әзімбайдың балаларына әкпелеген болса да, ел үшін атқа мінді. Қараманның қолына келеді. Қалмактың ханы Қараман жаушысын қорлағаны үшін, ноғайлыны шаппак болып отыр екен.

Камбар келіп сөйлескен соң, сөзге ерекесіп, сол арада жеке-жекке шығысты. Камбар батыр Караманды женіп өлтірді. Соңан соң қалмақ қолы Камбарға жабылды. Қырғын соғыс болды. Бірнеше күн соғысып, Камбар қалмакты қырды.

Соңан соң, ногайлы той қылып, Назымды қаншама жасау жиһазбен ырғап-жырғап Камбарға косты...

КАМБАР БАТЫРДЫҢ ӘҢГІМЕСІ ТУРАЛЫ

Жаугершілік уақыттарында батырлардың қадірі асып, сол батырлардың ұstemдігі жүрсе, жаугершіліктен шолалау кездерде билердің қадірі асып, солардың ұstemдігі жүрген деп едік. Малы көп байлардың жаугершілік заманда күш қылатыны батыр болса, тыныштық болынқыраған кездегі күш қылатыны билер болған. Сол ретпен келе, заманның жаугершілігі саябыр болған сайын, байлардың батырларды керек қылуы да азая берген. Заман тыныштықта керек қылмаган батырларды, тек, жаугершілік, шабыншылық болып қалған кездерде іздеп тауып, сондай кездерде батырлардың ұstemдігі, «қадірі» кайта көтерілетін болған. Заманның жаугершілігі шола болып, тыныштық түрмис қанатын жайынқыраған кездердегі батыр кедейден шықса, ондай батырлар тыныштық уақытта «қүнелту» үшін кара күшпен, қайратпен жалғыз жүріп кәсіп істейтін болған.

Өзінің кара күшінің, қайратының басымдығымен, жабайы жүрттың қолынан келе бермейтін кәсіпті істеп жүрген батыр жігіттер, заман жаугершіліктен шолалау болған кездерде де жүрт әңгімелерінде мактаулы болған. Заманның тыныштық кездерінде де қайратының, кара күшінің үздік басымдығынан, жабайы жүрттың қолынан келмейтін кәсіпті істеп қайрат көрсетіп жүрген жігіттер де «жүрт аузына ілініп» мактау алатын.

«Міні, жігіт болсан, ер болсан, осындай бол!..» дегенде, «ұлгі» болған.

Тыныштық замандағы ондай мықты, қайратты жігітті жүрт мактап ұлғы қылғандығын және байлар, тыныштық кездерде, кедейден шыққан батырларды керек қылмай, тек жаугершілік уақыттардаған, өздерінің мал мен басына қауіп-катер келгендеған керек қылып, іздеп табатын болғандарын, мына «Камбар батырдың» әңгімесі айқын көрсетеді.

Қамбар, ел бейбіт тіршілікте отырған уақытта, өзінің аш-арық ағайындарына жәрдем қылып, дамыл алмай аң аулап, анды то-пирлатып әкеліп, аш-арық ағайындарын асырайды. Елсіз тогайларда ан аулап жүргенде, Қамбарға жолбарыс та кездесіп, шабады. Қамбар, өзіне шапқан жолбарысты да өлтіріп, аулына алып келеді. Қамбардың қайратына жұрт сүйсінеді. Қамбарды жұрт мактайды. Жастарға Қамбарды үлгі қылады: «Міні, жігіт болсан, ер болсан, осындан бол!..» дейді. Жұрт мактап өнгіме қылған Қамбарға Әзімбай тәрізді салтанатты байдың ерке, кербез қызы да ынтық болады.

«... Жұрт мактаған жігітті – қыз жактаған» дегендей, Әзімбай байдың Назым сұлуы Қамбардың сыртынан құмар болады. Қамбарға қыздардың елтуі, жұрттың оны мактауы сондай, «Қамбардың тұлымы алтын екен» деп өнгімелейді.

Бірақ жабайы жұрт Қамбарды мактағанмен, қыздар оның сыртынан ынтық болғанмен, бейбіт уақытта, желін шалғынға көсіп байлап, ақ ордада отырып сапырып ішкен қымызға есірген Әзімбайдың әнгі үлдары, «жалғыз атты кедей» деп Қамбарды менсінбейді. Қамбар да Әзімбай байдың ауылының үстінен өтіп жүргенде, байдың үйіне түспейді. Қамбар да байдың сұлу қызына, сапырылған қымызына қызықпайды.

Әзімбайдың алты ұлының ішінде ертengісін ойлаған ақылы бар бір-екеуі ғана Қамбарды ішке тартқысы келеді...

Тек Әзімбай байдың ауылын қалмақ тәрізді жау келіп қамағанда ғана, Әзімбайдың ақылгейлері Қамбарды керек қылып, Қамбарға сый алып шабады.

Қамбар билер дәуіріндегі үстем таптың санасынан ақырында аса алмайды. «Жат рулы, бөтен дінді жаудың» елді қамаған себебімен, елдің намысын айтқан билердің сөзінен шықлағандықтан ғана Қамбар Әзімбайдың қызы мен қымызын алып шығады...

Ақыры, сөйтіп келіп, билер дәуіріндегі үстем сана, Назым сынды кербезді Қамбар сынды батырға әкеп қосады...

Ер Сайын мен Қамбар батырды салыстырғанда, өнгіме Сайынды дарақы байдың үлдарынан шықкан, бет зәрінен жұрт түршігетін батыр қылып көрсетсе, Қамбарды ағайынның аш-арығына қайырымшыл, құрбыға, үлкенге кішіпейіл, кедейден шықкан батыр қылып көрсеткен...

Онан сон өнгімеде Қамбардың «түбін» ноғайлы дейді. Әзімбай байдың елін, бірлесе өзбек, бірлесе ноғайлы дейді. Бірлесе тіпті казак

деп те айтады. Бұл – қазақ атаулы елдің және жалпы түрк елдердің тарихымен біраз таныс адамға түсінкіті жәйт. Оны бұдан бұрынғы бөлімдерде де айтқамыз. Қазақ атаулы ел бұрын «ногайлы» да атанып жүрген, «өзбек» те атанып жүрген...

Қамбардың жыры ел арасында көбірек айтылған жыр. Осы соңғы заманғаша көп жырланып келді. Сол бертінгі заманың жыршылары қоспаны көп қосқан төрізді. Жырдың ішінде бертінгі заманың сөздері көп. Баспаға басылып шыққан біздің қолымызыдағы Қамбар жыры түгелімен жазылып алынған жыр емес. Ел арасындағы айтып жүрген Қамбар жыры, бұл баспаға басылып шыққанынан әрі толық, әрі әдемі болатын. Қамбар жырының ішінде кара өлеңмен де айтылып кететін сөздері бар. Жырдың жалпы сарын күйі белгілі, жаугершілік замандарының екпінді, жүйткіген сарын күйімен құрылған.

Жырдың жақсы суретті тізілген кесектері аз емес. Мысалы, Қамбардың сұнқарын қолына қондырып, кара қасқа атты жайтандатып, Әзімбайдың ауылына бұрылмай жанап өтіп бара жатқанын, ак ордадан шығып Қамбарға көзін сүзіп Назым сұлудың қарап қалғанын жырда тым шебер суреттеген:

...Күраяйдың терісі –
Тай жақысын киеді.
Садакқа салған октай боп,
Тұлпарға тола мінеді.
Каршығасын көтеріп,
Коліне һүттің жөнеді...
Қырындаң өтіп баралы,
Сұнқарын тұтып бетіне.
Кара қасқа тұлпары
Жердің тартып таңабын,
Алшаңдаң басып асықпай.
Ауылдың шыкты шетінен...
Бұлттан шықкан айға ұсан,
Түр еді Назым иүрләніп.
Атлас көйлек үстінде,
Ақ ордага сүйеніп...
Шыбыктай белі бұралып,
Орлага барып кіреді.
Боз жорға аттай ыргалып,
«Ah!» үрганда сұлудың
Жүргегі кетті тырналып,
«Ақша бетім, япрыым-ай,
Калъ ма, деп, қарайып?»
Жар айнасын колға алып,

Сұнкардай көзі сүзіліп,
Жыламай көнілі бұзылып,
Айнага козіп түр салып...

АЛПАМЫС БАТЫР ӘҢГІМЕСІНІҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

Алпамыс батыр әңгімесінің кітапша болып басылып шыкканынан біздің колда екі түрлісі бар. Бірі – 1899 жылы Қазанда басылып шыққаны. Екіншісі – 1922 жылы Ташкентте, Дибаев жинағаннан басылып шыққаны.

Менің ел аузынан естіген Алпамысым мұнын екеуінен де толық еді. Бұл қолдағы екі кітапшаның 1899 жылы Қазанда басылып шыққанында Алпамыс Тайши деген қалмақ ханы алып кеткен жылқысының соңынан күніп барып, бірсыптыра қыншылыктан соң еліне қайтып келсе, Үлтан деген асыранды ағасы, мұның әке-шешесін, баласын құл қылып, Алпамыстың катынын алайын деп жатады...

Ал 1922 жылы Ташкентте басылып шыққанында, Алпамыс қалмақ еліне көшіп кеткен Байсарының қызы Гүлбаршын атты «қалындығын» іздең барып, Гүлбаршынды қалмақ ханы алайын деп жатқанының үстінен шығып, Гүлбаршынды алып қайтады.

Міні екі кітапшада Алпамыстың екі түрлі жорығын айтады.

Менің ауызша естігенімде, бұл екі кітаптағы әңгімелеген екі жорықты қосып айтатын еді.

Енді сол екі жорығын қосқандағы Алпамыстың әңгіме мазмұны, қыскаша мына тәмендегі:

Бұрынғы өткен заманда, Жиделі Байсын жерінде, Конырат деген елінде, Байбөрі деген бай бар еді. Байбөрі малға бай, бірак бір балаға зар еді. Байбөрінің Құлтай деген немере ағасы бар еді. Оның да баласы жоқ еді.

Байбөрінің әкесі Құлтай және Шыныбай деген үшеуі бір тума еді. Шыныбай катынымен өлген еді, оның Тортаву деген жалғыз ұлын Құлтай асырап алған еді.

Байбөрі баланың жоқтығынан зарлап жүргенде, Құлтайдың «аяқ салған тезекші күнінен» бір үл туды. Байбөрі куанып, той қылып, балаға Үлтан деген ат койып, асырап алды. Үлтанның түрпаты сүйкімсіз болып ер жетті. Үлтанның Байбөріге тілі тиетін болды. Байбөріні «қубас шал» дейтін болды. Байбөрі бұған наза-

ланып, «бүйтіп қорлық қөргенше қаңғырып өлейін» деп қолына таяқ алып қаңғырып кетті.

Әулиелерден әулие коймай қыдырып жүріп, Баба тұкті Шашты Әзіз деген әулиеге келіп түнеді. «Құдай тілеуін беріп, әулие жәрдем бөліп» бір ұл, бір қызы берді. «Ұлдың атын Алпамыс, қыздың атын Карлығаш кой» деді. Байбөрінің катыны буаз болып ұл тауып, атын Алпамыс койды. Бір жылдан соң қызы тауып, атын Карлығаш койды.

Коңырат ішінде Шекті деген елде Байсары деген бай бар еді. Онын Гүлбаршын деген қызы бар еді. Соган құда тұсті.

Бір күні отырып екі бай кенесіп, «кәріліктің алды, жігіттіктің соны болсын» деп ат жаратып, бір тойда көкпарға шапты. Екеуі көкпарда жүріп жанжалдастып қалып, Байсары бай Байбөріден зорлық, қорлық қөрді. Байсарының руы аз еді.

Содан Байсары назаланып, «Байбөрі байға қызымын бермеймін» деп, ерте тұрып, алты айшылық, қырық құншілік қалмак Тайшы ханының еліне көшті.

Катыны Алтын: «Калмақ еліне бармайық, қайтып елге барайық» дегеніне болмай, Байсары қалмак еліне келіп кіріп отырды...

Байсарының қызы ер жетеді. Калмактың Тайшы ханына «Байсарының қызы сұлу екен» деген сөз жетеді. Тайшы хан Гүлбаршынды айттырып алмак болады. Онымен таласа сол калмактың Каражан деген батыры да Гүлбаршынды алмак болады. Екеуі бір жаушы жібереді. Байсарыға жаушылар келіп, «Хан десен қызынды Тайшыға бер, батыр десен Каражанға бер!..» – дейді.

...Екі тектің баласын
Ептемекке келгемін.
Ептестірмек елшіден,
Жауластырмак жаушиыдан.
Құска шықкан аушымын,
Сіздсі қызы бар, бізде ұл, –
Қызыңа келген жаушымын!
Бедеудің жалын өресің,
Коңыраттан шықкан торесің,
Тайшыдан келген тогызыбыз,
Каражанинан тогызыбыз,
Патша десен – Тайшыға,
Батыр десен – Каражанға, –
Ықтиярыңы, Байсары,
Баршынынды бересін!..

Әкесі келіп, бұл хабарды қатыны мен қызына айтады. Гүлбаршын өзі шығып қалмақтың жауышыларына жауап береді. Алты айға мәulet сұрап шарт қылады. «Алты айдан соң, қырық құншілік байракты бейті болсын. Сол қырық құншілік байрактан кімнің аты озып келсе, соған тилемін!» – дейді. Қалмақ та бұған көнді. Бірақ «қызды мен аламын, мен аламын...» деп Каражан мен Тайшы хан бірімен-бірі үлкен қырғын соғыс қылады.

Алпамыс «ала бүркіт қабакты, алма мойын сабакты» болып он жасқа келді. Өзі үздік құшті болды. Бір күні ойнап жүріп қоюып қалғанда бір кемпірдің баласы өліп қалды. Кемпір:

«... Ей, Алпамыс, жүрттың баласын өлтіргенше, қайратың тасып бара жатса, ана қалмаққа қашып кеткен қалындығынды іздел алсайши!..» – деді. Алпамыс мұны бүрін естіген жоқ екен. Енді шешесінен сұрап біліп, қалындығын ізdemек болды. Жылқыға келіп, Құлтай атасынан лайыкты ат сұрады. Құлтайдың Алпамысқа құлынынан сынап, арнаған бір шұбары бар еді. Оны Байшұбар деуші еді.

Байшұбар: «Өзімді кім үстай алса, сол мінеді» дейді екен.

Құлтай атасы айтты. «Осы жылқыны үстінен айдап өткізейін, өзіне таңдағанынды үстап мін!» – деді.

Алпамыс бар жылқының ішінен құрық тимеген Байшұбарды таңдап үстап мінді. Қалмақ еліне жүріп кетті.

Алпамыс қалмақ еліне таянғанда, банағы, Гүлбаршынға тасып соғысқан Каражан қолы мен Тайшы ханының қолы жаткан жерге Алпамыстың дүбірі естілді. Қолды тарқатып, Каражан өзі дүбірдің алдынан шықты. Алпамыспен кездесіп, жекпе-жек соғысты. Алпамыс женіп Каражанды өлтірейін деп жатканда, Каражан: «Мені өлтірме, дос болайық, мен енді мұсылман болым!» деді. Екеуі дос болды. Алпамыс Каражан досынікіне келіп жатты. Бес-алты күннен соң Каражан Гүлбаршыннан сүйінші сұрап, Алпамыстың келгенін білдірді.

Гүлбаршын Каражанның астындағы Байшұбарды таныды. Бұл атты Каражан Алпамысты өлтіріп алған екен деп күйініп, аттың касына келіп, атқа мұнданып мына жырды айтты:

...Мойныма тактым ділда бойтұмар.
Мен жыладым күні-түні зар-зар,
Апан сенің шырайыпсан айналсың,
Капыда өліп, олжа болған Байшұбар!
Мен жыладым козле жасым көл болып,

Артым жапкан қолаң шашым жол болып,
Лайналайын, олжа болған Байшұбар!
Капыла олді-ау иен сенін кор болып!
Кас-кабагым бестен туған ай слі,
Сұлтан аман деп көnlім жай слі.
Мөлдір көзім, айналайын Байшұбар!
Мен кеткенде қысыр емген тай еді!

Сонан сон, Тайши ханның уәзірі Қекеманға барып айтты:
«Алпамыс деген дәуір келіп жатыр. Мені жеп қоятын. Әр күні то-
ғызы нар жейді. Әгерде, ашуланса, елді талкан қылатын!» – деді.

Қекеман корқып, Тайши ханға барып, жақында тұтқын
қылып қамап қойған Байсары мен Алтын Шашты камаудан бо-
саттырыды. Енді Каражан Алпамыс хабарын Байсары мен Алтын
Шашқа айтты. Олар да қуанды.

Содан қыздың қалмаққа берген үәдесін бұзбай, қырық күнші-
лік байрактан ат жарысатын болды. Алпамыстың Байшұбарына
Каражан мініп шапты. Қалмактар Каражанды жолда азғырып
бақты, ол болмады. Жарысқа шыққаның ішінде Каражанның
баласы бар еді. Сонын ақылымен, ат қайта шабатын жеріне бар-
ғанда демаламыз деп алдап Каражанды ұбықтатып, колын, аяғын
байлаг тастап, қалмактар Байшұбардын төрт аяғына шеге қағып
тастап кетті, 3 – 4 күннен соң «Каражан оянып, әрен деп өз қолын
босатып, пірдін жәрдемімен Байшұбардың аяғын босатып алып,
үш-төрт күн бұрын шауып кеткен аттарды қуды. Шапқан аттар-
ға келіп жетіп бәрінен озды. Тек өзінің баласы оздырмады.

Каражан баласына жалынады. «Досымның аты озсын. Сен
атынның басын тарт. Саған Баршыннан да артық қызы алып берे-
мін!» – дейді. Баласы болмайды. Сонан сон Каражан баласын
өлтіріп кетеді. Байшұбар бәйгінің алдынан келеді. Гүлбаршын-
ды Алпамыс алады. Қалмак ханы Тайши Алпамысты шақырып
алып палуандарымен құрестіреді. Алпамыс бәрін жығады. Сөйтсе
де қалмақ соғыс қылады. Алпамыс қалмакты қырады. Сөйтіп,
Каражан екеуі Гүлбаршынға келеді.

Сонан соң Алпамыс Гүлбаршынды алып еліне келеді. Еліне
келсе, бар жылқысын тағы да бір «гәуір қалмак» алып кеткен екен.
Алпамыс енді соған аттанып кетеді. Алпамыстың келе жатқанын
«гәуір қалмак» ханы түсінде көреді. Корқып сасады. «Бұған кім
айла табады?» деп жар салады. Бір кемпір ханға келіп: «Жалғыз
қызынды тазша балама берсөң, мен айла тауып, Алпамысты қо-
лына әкеп беремін!..» – дейді.

Патша қабыл қылды. Кемпір ханның қызы Қаракөз айымды бас қылып қырық қызы алғып, қырық отау алғып, Алпамыстың жолына келіп отауларды тігіп қойып жатты. Бір күні Алпамысқа кемпір ұшырасты, жән сұрасты. Кемпір жылап: «Қырық балам бар еді. Сенің жылқынды алғып келе жаткан колмен соғысып, бәрін де жау қырып кетті...» – деді. Алпамыстың кемпірге жаны ашыды. Кемпір Алпамысқа: «Үйге түсіп қонак болып кет!» – деп жабысқан сон, Алпамыс қөнді. Кемпір үйіне Алпамысты алғып жүрді. Алпамыс кемпірді үйіне шейін артына мінгізейін деп еді, Байшұбар кемпірдің жау екенін сезіп, тепкілеп мінгізбеді. Кемпір Алпамысты үйіне әкеліп, келін қылып қойған қыздарды Алпамыска қызметке қойып, сыйладап, Алпамысты әбден мас қылып жығып, байлап ханға алғып кеп берді. Хан Алпамысты зынданға тастатты. Алпамыс зынданда жеті жыл жатты.

Бір күні зынданның үстінен патшаның қызының серкесін бағып жүрген Кейкуат деген баласы серкелерін жайып жүр еді. Серкенің бірі зынданға түсіп кетті. Бала келіп, зынданда жаткан Алпамысқа: «Серкемді шығарып бер, әйтпесе зынданға тас атам!» – деді. Алпамыс: «Серкені мен азық қылайын, қайта, сен маған ылғи өстіп серкеннен беріп жүр. Зынданнан шықкан сон мен сенің тілегенінді беремін!» – деді. Бала үлкен бір тасты зынданға тастап еді, Алпамыс тасты қағып алғып, қайта лактырғанда, бала катты корқып калды. Соңан сон бала ойлады: «Бұл зынданнан шықса, маған жәрдем қылуға өлі келерлік екен», – деп Алпамысқа құніне бір серкесін беріп жүретін болды.

Бір күні серке таусылды. Соңан сон Алпамыс Кейкуатқа аспап алғызып, сыйбызы жасап берді. «Ханның қызының жүретін жолына бұғып жатып сыйбызыны тарт. Хан қызы келіп көріп: «Мұны кім істеді?» деп сұрағанда, ханның қызына онашалап айт!» – дейді. Кейкуат солай істеді. Ханның қызын Кейкуат зынданға алғып келді.

Алпамыс қызға: «Сен мені зынданнан шығарсан, сені мен алармын!» – деді.

Кыз: «Қалай шығарам?» – деді.

Алпамыс: «Менің Байшұбар атым қайда?» – деді.

Кыз: «Байшұбар ат темір үйде байлаулы», – деді.

Алпамыс: «Ендеше, менің шапанымды киіп барсан, Байшұбардың өзі үйді бұзып шығады... Онан сонғы акылын өзін тап!» – деді.

Қыз диуана болып Алпамыстың шапанын киіп келіп еді. Темір үйді бұзып шығып, Байшұбар ат Алпамыстың шапанын иіскеледі. Хан көріп: «Атты үйретіп бер!» – деп диуана болып келген қызына Байшұбарды берді.

Сонан соң қыз Байшұбар аттың беліне қырық құлаш арқан байлап, зынданнан Алпамысты шығарып алды. Зынданнан шығып Байшұбарға мініп, енді Алпамыс қалмаққа қырынды салды. Қалмакты қырып, ханның қызы Каракөз айымды өзі алып, өзге қырық қыздың сұлуын Кейқуатқа әперіп, Кейқуатты сол елге әкім қылды. Өзі сол елде бір ай жатып, соңан соң еліне кайтты.

Еліне келсе, әке-шешесін, Құлтай бабасын құл қылып малға салып, Алпамыс кеткенде іште қалған Гүлбаршыннан туған Жәдігер деген ұлын қозыға салып, Ұлтан Гүлбаршынды алмак болып той қылып жатыр екен. Алпамыс, әуелі малдағы әкесі мен Құлтай атасына жолығып, соңан соң диуана болып келіп Гүлбаршынның тұсына «ау-жар» айтып, акыры Алпамыс екенін білдіріп, Ұлтанды өлтіріп, «мал малданып, жан жанданып» өмір сүреді...

АЛПАМЫС БАТЫРДЫҢ ӘҢГІМЕСІ ТУРАЛЫ

«Алпамыс батырдың» әңгімесі де, «Қамбар батырдың» әңгімесі төрізді ел арасында соңғы уақытқа шейін өзге жырлы, әңгімелерден көбірек жырланып келді. Сол, бертінгі заманның коспасы, өзгертуі «Алпамыс» жырында тіпті көп. «Алпамыс» жырының тым көп айтылғандығынан, жырды созғылап, жыртып әкетіп, әңгімені қайтадан құраған іздері тым оғаш көрініп тұрған-дай болады. «Алпамыс батыр» әңгімесінің қыскаша мазмұнын келтіргенде көрсеткеніміздей, «Алпамыс батыр» әңгімесі деп баспаға басылып шыққан екі кітапшаның 1899 жылы Қазанда басылып шыққаны – Алпамыс жылқысын алып кеткен қалмақ ханының еліне барып, кемпірге алданып, қалмактың зынданына түсіп, жеті жыл жатып, қалмактың серке баккан баласы Кейқуат пен қалмақ ханының қызы Каракөз айымның жәрдемімен зынданнан шығып, қалмакпен соғысып, женіп, еліне қайтқаның, еліне келіп, әке-шешесін, ағасын, баласын құлданып, қатынын алайын деп жатқан, күннен туған ағасы Ұлтанды өлтіріп, мал-мұлқін колына алғанын әңгімелейді. Ал 1922 жылы Ташкентте басылып шыққан кітапшасында, – Алпамыстың Гүлбаршынды іздел ба-

рып, қалмактын Тайшы ханымен Ғұлбаршынға таласып женіп алып қайтканың әнгімелейді. Сөйтіп, екі кітапша – Алпамыстың екі жорығын әнгімелейді. Алпамыстың бертінгі заманға шейін ел аузында айтылып жүргені бұл екеуінен де толық еді.

Алпамыс «Жиделі Байсынды мекен еткен конырат елінің батыры еді» деп әнгімелейді. Және коныратты «өзбек» деп те айтады. Бұлай деу тарихи жәйтке үйлеспейтін сөз емес. Конырат руынын Үргеніште, Жиделі Байсында, Бұхарда, Киуада көп заман өмір сүруі рас. Осы құнгі қазақ руларының ногайлы атанып жүргенінен кейін, ногайлы атануымен бірге, бір кезде «өзбек» деп атанып жүрулере рас. Эсіреле көбірек өзбек атанып жүрген сол Үргеніш, Хиуа, Бұхар, Жиделі Байсын жактарында жүрген рулар екені рас. Конырат руы ногайлы, өзбектің өзге руларынан көп заман соң келіп қазаққа косылған. Осы құнгеге шейін Үргеніш, Хиуа, Бұхар, Жиделі Байсын жактарында мекенде отырған Коныраттың көбі сол өзбек атымен отыр. Сондыктан қазіргі Үргеніш, Хиуа, Бұхар маңындағы елдер, Каракалпак пен Өзбекстан өзбектері де «Алпамыс батыр» жырын өздерінің ескі жыры қылып жырлайды. Олар да «Алпамыс батыр» жырын ескі ел өдебиет тарихына кіргізіп отыр.

Әлгі айтылғандай, «Алпамыс батыр» әнгімесінің ел аузында ете көп жырланып, созғыланып, жыртылып, жамалуының көптігі сонша, мұның кейбір жырлануының мазмұны «Козы Көрпеш – Баян» мазмұнына ауысып кеткен. 1922 жылы кітапша қылып Ташкентте бастырған Дибаев жинаған «Алпамыс» пен Өзбекстан өзбектерінің баспа жүзіне шығарған «Алпамыс» әнгімесінде – Байбері, Байсары деген катар өскен екі бай балаға зар болады. Екеуі тәнірден бала тілеп, әйелдері буаз болғанда, тумаған бала-ларын бір-біріне атастырып, құда болады. Сонан соң өкпе-панамен қыздың әкесі «қызыымды бұған бермеймін» деп жырактағы жат елге көшіп кетеді. Ұл ер жетіп, «калындығының» жат елге кеткенін біліп жалғыз іздеп барады. Қөп киыншылықтан кейін «калындығын» алып қайтады...

Міні, «Алпамыс батыр» жырының көбінесе Өзбекстан өзбектерінің маңында әнгімеленетінінің қысқа мазмұны осын-дай. Бұл – «Козы Көрпеш – Баян» жырынан айнымай аударылған мазмұн.

«Козы Көрпеш – Баянның» мазмұн негізі болған, одан «Алпамыс» жырының бір түрлісінің мазмұн негізі болған, екі бай-

лын тәнірден бала тілеп, әйелдері буаз болғанда іште жатқан ту- маған балаларды «атастырып», құда болып баталасулары, — билер табы үстемдік жүргізген дәуірдегі ескі салтты көрсетеді. Бұл түрк рулатының ескі, шикі, надан замандарынан келген салт. Козы Қөрпеш пен сол Козы Қөрпеш мазмұнынан жамаған түрдегі Алпамыс батырлар әлгі билер табы үстемдік жүргізген ескі, надан салттын туғызып сырлаған, бай балаларынан шықкан ер жігіттерді «Козы Қөрпеш — Баян сұлу» әңгімесіндегі, «Алпамыс» әңгімесінде ле, ескіліктегі малшылық тұрмыс, малшылар мен малға ие болған байлардың жайлары мольрак суреттеледі.

«Алпамыстың» әзірше кітапша болып шыққандарының жа- зылу жаңылыстары өте көп. Сондықтан бұл түрде кітапша болып шықкан «Алпамыс» жырының, жыр құрылышы ретінде қандай екенін айтудың өжеті жок. Жырдың жаңылысы шұп- шұбар болса да, жырдың жалпы сарын күйі белгілі жаугершілік, шабыншылық дәуірінің екпінді, лепірген сарын күйімен айтыл- ган. Мысалы:

...Жөнеді батыр, жөнслі,
Лашкер тартып келеді.
Байшұбардай тұлпардың,
Ойынды еті бұлтылдан,
Төрт түяктан шықкан от,
Шакпак тастай жылтылдан,
Құлак салсан, дабысы, —
Тау суындаі сыңқылдан,
Колтығынан аккан тер,
Тебінгіде сылтылдан,
«Шу!» дегендеге, Байшұбар
Ұшқан құстап озады...
Гулеп кетіп барады,
Заулап кетіп барады,
Томаша жерден сырғытып,
Жарлау жерден ырғытып,
Көз үшінда көрген жер,
Көзді жұмып ашқанша,
Артында жатып қалады.
Байшұбардай тұлпарың
Майдай мойнын созады...
Ауыздықпен алсып,
Табан жолмен тарысып,
Ұшқан құспен жарысып,
Тарта-тарта баланың
Алаканы тозады...

Онан сон, кара өленнің түйелі көш аянындағы ырғалған, салмақты сарынымен айтылған сөздері де бар. Мысалы:

...Байбөрі осылай деп жүрді жылап
Құдайдан құні-тұні бала сұрап,
Сүйегі сыркырайды Байбөріге,
Зарлығын естіген жан салып құлак...

Тағы да «зар» сарынымен айтылған сөздері де бар. Оған мысал: Гүлбаршының Байшұбарды қөріп айтқан өлеңі жөне Алтын Шаштың Байсарыға айтқаны:

...Айыл тарттың наз бедеудің беліне
Құлак салғын, мен мұндының тіліне! –
Сакар уакта токсан нарга жұқ салып,
Сен барасың қандай шаһың елінє?..

Мен жылаймын, көзде жасым көл болып,
Артым жапкан кара шашым жол болып,
Ұлдай көрген жалғыз қызыым Гүлбаршын
Аздап дәурен сүре алмады-ау кор болып.

Токсан кірсе баудың гүлі солмай ма!
Арлы жігіт намыс үшін өлмей ме!
Ағайынмен кім үрүспас, таласпас,
Абырой барда, елге кайтсак болмай ма?

Наз бедеудің жарасады терлігі,
Зайығ болар өмірімнің шерлігі,
Кел, кайталық енді, абырой барлықта, –
Жаман болар дін білместін корлығы!..

Тұрікпен, Қарақалпақ, Дағыстан елдерінің күйлі сөздері, өлең-жырлары, көбінесе осы сарынмен құрылған болады. Алпамыс жырының сол елдерге жapsарлау руладын арасынан жазылып алынған нұсқасының да жыр құрылышы көбінесе осы «зар» сарынмен айтылады. Жанағы келтірген, Алтын Шаштың Байсарыға айтқан жыры, Түркістанда жазылып алынған «Алпамыстан» алынды.

Өзбекстандағы өзбектердің ескі ел әдебиетіне кіргізген «Алпамыс» жыры да көбінесе осы сарынмен құрылған. Олардың басып шығарған дастанында Алпамыс зынданда жатканда Тәуке айым деген қыз Алпамыска айтқан сөзіндегі жыры міні осы сарынмен құрылған:

...Атка өрдін текелдірік жүгенді,
Мініп едің шілтен баккан Шұбарды.
Ал, өзбек, өлдің тастың астында,
Атам боса, елді тасқа жіберді...

Және сол Өзбекстан өзбектерінің «Алпамысында» Байшұ-
бардың зынданда жатқан Алпамысқа құйрығын беріп айтқан
жыры да осы сарынмен құрылған:

...Дүшпан келіп менің каным шашпасын!.
Мендей гарып ақылынан саспасын!
Жесіңменен орап ұста құйрыгым, –
Кыл құйрыгым нәзік колың кеспесін!..

Және сол Өзбекстандікінде, Алпамыстың өзі жокта түйе ба-
бып жүрген Қарлығаш атты қарындасының түйе қайырып жүріп
айтқан жыры да мынадай:

...Нала-һәле, би сайыптың түйесі.
Бас жарылса, шығар мерттің миесі.
Келер ме екен жайрағырдың иесі...

Қалымды айтып зар жылаймын түйеге,
Түйе жаям түрлі-түрлі гиесе,
Түйе бағып Қатыршаның шөлінде,
Карным ашса жүгіремін шиесе...

Қалымды айтып зар жыладым бір казға?
«Сәлем дегін, – дедім, – Алпан сабазға.»
Түйе бағып Қатыршаның шөлінде,
Қыс күнінде жата алмаймын аязга...

Өзбектердің жазып алып басып шығарған «Алпамыс» жыры-
ның да жаңылыс кателері тым көп көрінеді... Башқұрт елінде де
«Алпамыстың» қысқа ғана бір ертегі бар...

ЕР КӘКШЕ, ЕР ҚОСАЙ ЕРТЕГІ ӘҢГІМЕСІ

«Ер Кәкше, Ер Қосайдың» әңгімелі жырларының мазмұны тым
ертеғіше болып кеткен. Мұның жырлы әңгімелерін ел киялы мүлде
ертекке айналдырып жіберген. «Ер Кәкше, Ер Қосайдың» колға
түскен бір-ак түрлі әңгімесі бар. Мұның қысқаша мазмұны мы-
нау:

Ер Көкше, Орманбет хан өлгендеге, он сан ногай бөлгендеге, Манашы деген сүйнә, Балқан деген тауына барып жатады. Содан, Манашы деген досымен жауға аттанып, үлкен қыргын соғыста екеуіне де қылыш, найза, соккы көп тиіп, Ер Көкше жолда өледі.

Ер Көкшениң өлеңіндеге Манашы деген досына және қасындағы жолдастарына айтқан сөзі:

...Ей, жігіттер, жігіттер!
Е, Манашым, Манашым!
Жауырын жағып карашы!
Тезектің отын калаши!
Омырткамда он жара, –
Оңгарыла алмай келемін.
Кабыргамда қырық жара, –
Кімбылдай алмай келемін.
Толарсакта токсан екі жара, –
Толғана алмай келемін.
Как жауырынымда бір жара,
Сүм жүректе бір жара, –
Карға жұнді камыс ок
Шаш етектен тиіпті,
Көк желкеден шығыпты, –
Бөрінен денді сол жара...

Манашы елге келген сон, Көкшениң Қосай атты жас баласы әкесінің кегін алуға 4 – 5-ақ жігіт болып аттанып, көп қыншылықтан кейін әкесінің кегін алып қайтады. Сонынан жау келіп Қосайдың елін шабады. Қосайдың наизамен шаншып өлтіріп кетеді. Қосайдың катыны Қосайға адамның өтін құйып тірілтіп алады. Қосай түсінде аян берген әкесінің ақылымен жаудың бастығы Теміrbай алыпты үйіктап жатқан жерінде өлтіріп, жауды жеңеді...

Мініе «Ер Көкше мен Ер Қосай» өңгімесінің қыскаша мазмұны осы. Бірақ өңгіме тым оғаш ертекке айналған.

Ер Көкше, оның баласы Ер Қосай тарихта болған адам. Ер Көкше – ногайлы-қазактың уак руынан шықкан батыр.

ЖЕЛКІЛДЕК ӘҢГІМЕСІ

«Желкілдек» те тым бүлдүр ертек болып кеткен өңгіме. Мұның қыскаша мазмұны мынау:

Орманбет хан жұз токсан екі жасап отырғанда, Өзтемір деген інісі үйде жокта, Орманбет елін жау шауып, Орманбетті өлтіріп кетеді.

Күнікей, Тінікей деген қызын олжа қылады. Өзтемір жау шапқан елінін орнына келіп жылап жатқанда, түсінде біреу аян береді. «Сарыбайдың жеті жасар ұлы бар. Аты әлі қойылған жок. Сол атса оқ, шапса қылыш өтпейтін батыр болады. Барып сонын атын кой. Кегінді сол әпереді» дейді. Өзтемір Сарыбайға келіп, баланың атын Желкілдек деп қояды. Желкілдек Орманбеттің кегін алады. Жаудың бастығы «Телегей кәлірді» өлтіреді...

«Ер Қекше, Ер Қосай» ертегі де, «Желкілдек» ертегісі де, «Орманбет ханының (Орманбет бидін) елін жау шауып, Орманбетті жау өлтіріп кеткен уақиғамен байланыскан өнгіме-ертектер...

ЕСКІЛІКТЕН ҚАЛҒАН ӨҢГІМЕЛЕРДЕГІ КӨП КЕЗДЕСЕТИН ҮЙРЕНШІКТІ АУЫСҚАҚ СӨЗДЕР, АУЫСҚАҚ ТАҚЫРЫП, АУЫСҚАҚ ЖАЙТАР

I

Енді ескі өнгімелердегі көп кездесетін үйреншікті ауысқақ сөздерді, ауысқақ жайтарды көрсете кетейік.

Жаугершілік, шабыншылық замандардың уақиғаларынан, ногайлы дәүірінен сөз болып келген өнгіме-жырлардың денінде Орманбет бидін аты аталып өнгімеленеді. Орманбет биді, Орманбет хан деп те атайды. Әнгіме-жырдың көбінде:

...Орманбет би өлгенде,
Он сан ногай бүлгенде... –

деп басталатын жыр алдында жүреді. Орманбет елі – ногайлы екенін айтып отырады.

Онан сон ертегі қара сөз өнгімелерде: «Ертеде, бір Орманбет деген хан болған екен...» деп келеді.

Жырлы-өнгімелерде: «Орманбеттің он сан ногайлы деген елі бар екен...» деп отырады.

Осы бөлімдегі келтірген жырлы-өнгімелердің көбінде Орманбет бидін аты аталады.

Сөйтіп, ескі ел әдебиеті – Орманбет би заманын ногайлы дәүірінің корытынды түйіні тәрізді қылыш жырлайды. Мысалы: 1. «Едігे батырдың» жырында «Токтамыс хан ордасынан қашарда айткан екен» деген сөз былай басталады:

...Ей, жігіттер, шоралар!
Орманбет би өлгенде,
Он сан ногай бөлгенде,
Саназар батыр жауынан
Жаралы болып келгенде,
«Алашты алаш!» болғанда,
Анаса хан болғанда,
Аязды құнде каршылдап,
Арасат оты жанғанда,
Бура мұздан тайғанда,
Шықырлаған бұрышын,
Бас көтеріп түрганда,
Ханнан кайрат кеткенде,
Биге медет жеткенде,
Хан кашып би куганла, –
Хан Токтамыс корланып,
«Байтағым» деп зарланып,
Айтып жылай жөнелді...

2. «Ер Тарғынның» жырында, Тарғын батыр Ақша ханның қызы Ақжүністі алып қашып, «Еділдегі Орманбеттің он сан ногайына барады. Сол елдің батыры болып қалады...» дейді.

3. «Ер Кекшениң» жыры былай басталады:

...Уак ұлы Камбар екен.
Камбар ұлы – Ер Кекше...
Ер Кекше жас екен.
Жас та болса, бас екен...
Он сан ногай бүлгенде,
Орманбет хан өлгенде,
Ол барып жатыпты,
Манан деген сұнына,
Балқан деген тауына...

4. «Желкілдек» өңгімесі былай басталады:

«...Бұрынғы заманда, Орманбет деген хан болған. Хан жүз токсан екі жасаған...» және сол өңгімеде Орманбет хан айтты деген мынадай сөзі бар.

...Жүз токсан екі жасағам,
Каздың етін асағам...

5. «Жабай» батырдың жырында:

...Он сан ногай бүлгөнде
Орманбет хан өлгенде,
Қырық жылдай атыскан,
Қызыл каша батыскан,
Найзаменен салыскан,
Қылышпенен шабыскан,
Айбалтамен кагыскан...
Жердің жүзі шаң болды.
Мылтык-наиза каш болды,
Кімдер олді, кімдер тірі, –
Біле алмады бірін-бірі;
Ат мойныңда жал калмай,
Қызыл бетте каш калмай,
Беденінде әл калмай, –
Қанды соғыс көп болды,
Талай киын кеп болды,
Соғыс қанды бүлдірді,
Жұрек, бауырын тілдірді.
Жылағанды құлдірді.
Найзаменен ілдірді...

«Козы Көрпеш – Баянның» жырыбы былай басталады:

...Орманбеттен аттанды он сан ногай, –
Біреуінің ақылы он сан колдай, –
Карабай, Сарыбайдай бай етіпті, –
Екеуі заманыңда байлығы орай.

Орманбеттен аттанды он сан ногай,
Біреуінің ақылы он сан колдай,
Күміс мылтық мойныңда аңға жүріп,
Екі бай қызық көрді талай-талай.

Орманбеттен аттанды он сан ногай,
Біреуінің ақылы он сан колдай,
Ер Козы екем етіпті етіз жұбай,
Біліп айтқан кісіге жайы солай...

Міні, сүйтіп, ескіліктен шығып келген жырлар, өнгімелер –
Орманбет би мен он сан ногайды жырлай келді.

Ал Орманбет кім?

Орманбет, Ер Тарғынның әкесі – Естерекпен туыскан. Орманбет би атанған, ногайлының бii. Бұл тарихта белгілі адам...

II

Онан сон, ескіліктең батырлар жырларының денінде батырлар – бала тілеп зарлап жүрген адамдардан өулиенің мейрімімен туған жалқы балалар болады. Бала беруші өулие – Баба Тұкті Шашты Әзіз болады (Ахмет Яссави). Не оның әкесі – Баба Омар өулие болады... Осы бөлімде келтірген батырдың көбінін түсі сондай дөлінген. Едіге батырды тіпті, Баба Тұкті Шашты Әзіздін бел баласы қылады.

III

Сол ескілікten шығып келген жырлы-әнгімелерде, бір ханның екі қызы болса, олардың аттары: Қанікей мен Тінікей болады.

Мысалы, «Едіге батыр» әнгімесіндегі Токтамыс ханның екі қызының аттары: Қанікей мен Тінікей.

«Шора батырдың» кара сөзбен айтылған әнгімесіндегі Шора шапқан қалмақ ханы Караманнның екі қарындасының аттары: Қанікей мен Тінікей.

«Қобыланды батыр» әнгімесіндегі – Қобыланды, Қараман, Қарлыға, Орак – төртеуі соғысып женіп шапты деген қалмақ ханы Алшағырдың екі қарындасының аттары: Қанікей мен Тінікей.

«Желкілдек» әнгімесіндегі Орманбет ханның екі қызының аттары: Қанікей мен Тінікей.

IV

Және ескілікten шығып келген жырлы-әнгімелердегі қалмак хандарының, яки батырларының аттары көбінесе Қараман (яки Қаражан) болады. Кей әнгімеде ногайлы батырының да аты Қараман болады.

Мысалы: «Қамбар батыр» жырындағы, Қамбардың соғыскан қалмақ ханының аты Қараман.

«Шора батырдың» кара сөзбен айтылған әнгімесіндегі Шораның соғысып женген қалмақ ханының аты Қараман.

«Алпамыс батыр» әнгімесіндегі қалмақ батырының аты – Қаражан. Онан сон, «Қобыланды батыр» жырындағы, Қобылан-дының құрдасы, Кият руының батырының аты да Қараман.

Онан сон, батырдың, өсіресе қалмак батырларының астында көбінесе қара қасқа ат болады.

Мысалы: «Кобыланды батыр» әңгімесінде, Кият косыны мен Кобыландының аттанып келіп шапқан Қазан қаласындағы Қазан батырдың астында қара қасқа ат болады.

Және сол «Қобыланды» жырында, Қобыланды, Қараман, Орак, Қарлыға – төртеуінің шапқан қалмак ханы Алшағыр батырдың астында қара қасқа ат болады.

Бертінгі заманда шықкан «Абылай хан» жырында, Абылай-мен жекпе-жекке шыққанда қалмак батырының да астында қара қасқа ат болады.

Онан сон, «Қамбар батырдың» жырында Қамбардың аты Қара қасқа ат. Міне, ескі жырларда, ескі әңгімелерде, осындай-осындаид бір жырдан бір жырға, бір әңгімeden екінші әңгімеге ауысқан тәрізді сөздер аз болмайды.

Және әр әңгімеде кездесетін үйреншікті суретті жырлар да аз болмайды, батырдың ашуы келгенін көбінесе былай суреттейді:

...Катуланып каттаанды
Бұырқанып бұрсанлы,
Мұздай темір құрсанлы,
Кабагынаң қар жауып,
Кірпігінен мұз тамып,
Ар жак пенен бер жакка,
Найзасын ұстап бармакка...

Садак тартардағы батырды көбінесе былай суреттейді:

...Қорамсаққа кол салды.
Бір салғанда мол саллы,
Көп оғының ішінен.
Сүр жебе деген оқ алды.
Суырып алған сүр жебе,
Көп оғына жол салды.
Кезегендей кезеді.
Сұрагандай созады,

Алтын ердің касы деп,
Астындағы аттың басы деп
Как жүректің тұсы деп,
Өлер жерің осы деп,
Толыксып келген дұспанга,
Толғанып тұрып тартады...
Кірістен шығып кетеді,
Дұспанға таман жетсіді...
Сауытын жарып өтеді...

II. ЕРТЕДЕГІ ЖЫРЛЫ ӘҢГІМЕЛЕР

Ноғайлы дәуірінен шықкан жырлы әңгімелерден ел арасына көп жайылып, баспа сөзіне шығып, белгілі болған екі үлкен әңгіме бар. Оның біреуі – «Қозы Қөрпеш – Баян», екіншісі – «Қызы Жібек». Бұл екі жырлы-әңгіме сол ескіліктегі билер билеген дәуірдің, үстем таптың санасымен құрылған біраз салтын көрсетеді.

Бұл екі жырлы-әңгіменің мазмұнындағы, сол замандағы үстем таптың дегенімен құрылған салт-сана мәселелерін бұл арада талқыламайық, әңгімелердің қысқаша мазмұндарын көлтірсек, сол әңгімелердегі салт-сананың өзі де айқын көрінеді. Әуелі «Қозы Қөрпеш – Баян» әңгімесінің қысқаша мазмұнын көлтірейік.

ҚОЗЫ ҚӨРПЕШ – БАЯН ӘҢГІМЕСІНІН ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

«Он сан ноғайлы Орманбеттің заманында» Қарабай, Сарыбай деген екі бай болыпты. Екі бай Мұз тауына көшіп келіпти.

Қарабайдың да, Сарыбайдың да малы көп екен, бірақ екеуі де балаға зар екен. Екі бай бір күні елсіз тауда анда жүріп кездесіді. Сөйлесіп отырып, балаларының жоқтығын мұн қылып айтады. Екі «мұнды» бай «құдай десіп» дос болады.

Катындары буаз екен.

«Егер катындарымыздың екеуі де үл тапса – үлдарымыз дос болсын. Екеуі де қыз тапса – қыздарымыз дос болсын. Біреуіміздің катыннымыз үл, біреуіміздің қыз тапса – құдай дескен «құда болайық» деседі.

Сөйтіп, екі бай «құдай десіп» дос болып, іштегі балаларын атастырып, баталасады.

Кешікпей екеуіне бір буаз марал кез болады. Қарабай буаз маралды атпайды, Сарыбай атады. Сарыбай атқан буаз маралдың іші жарылып ішінен егіз бұзауы шығып, аңырап жетім қалыпты. Сарыбай жетім қалған егіз бұзаудың карғыс киесінен корқып, мойнына кісесін салып, «ақсарбас» айтады.

Екі бай анда жүргенде екеуінің де катындары босанып, Сарыбайдың катыны ұл тауып, Қарабайдың катыны қыз тауып, ауылдарынан шапқыласып келіп екі байдан сүйінші сұрасады. Екі бай қуанып, ауылдарына қайтып келе жатканда, жолшыбай Сарыбай өледі.

Сарыбайдың туа жетім қалған баласының аты Козы Қөрпеш болды. Қарабайдың қызының аты Баян болды. Қарабай тоқсан саба толтырып Сарыбайға бата оқыды. Жетім қалған Козы Қөрпеш қадірсіз болып, аяғын басып жүргенде ит тістеген сүйекті кемірді.

Қарабай «қызыымды жетім ұлға бермеймін» деп өз ағайында-рымен Мұз тауынан түнделетіп көше жөнелді.

Сарыбайдың руынан Тайлак би деген би елін жиып: «Жетім ұлдың жесірі кете ме?» деп кенеске салды. Соңсaн, Тайлак би он бір кісі болып Қарабайды қуып барып, іштene қылмай қайтты. Қарабай бойын аулаққа салуға ұзакқа көшті. Жолшыбай шөлден малдары өле бастанды. Бірге көшіп шыккан ағайын жүрттың көбі Қарабайға еріп көше беруді қойып, әр жерде қалып койды.

Қарабайдың тоқсан құлы бар еді. Солардың ішінде Қодар деген үздік, мықты біреуі бар еді. Егерде малын шөлден қырылдырмай аман алып шықса, Қарабай Ақ Баянды сол Қодарға бермек болады. Қодар бір өзі әлденеше құдық қазып су табады.

Қарабайдың малы қоныстың жайсызыдыынан калжырады. Қарабай онда да Қодарға: «Жаксы қонысты да тауып берсен Ақ Баянды саған берер едім...» – деді. Жаксы қонысты да Қодар тапты:

...Құлын-тайым қырылды тамам, Қодар.
Бір су тауып берсеңші, маман Қодар.
Осы жерден бір суды тауып берсең, –
Ақ Баянды берермін саган, Қодар.
Қодар құлдың мілгени күреіт азбан,
Аяғын аксай басып коразданған.
Қарабайдың бір айткан созіменен,
Тогыз құдық Қодар күл жалғыз казған...
Қарабай со өткеннен арман өтті.
Арман күлга сөйлеспей елден не өтті?

Сол көшкеннен түйенің комын алмай,
Ұзын бұлак жаткан жерге жетті.
Шашыракты көтерген қалам дейді,
Адамзатка бұйырган сөлем дейді,
Кодаржан, жасы коныс тауып берсөн,
Ләк Баянды берсөннің саган дейді...
Кодар құл сол заманда жанның ері,
Токсан құллың ішіндегі кокжад бері.
«Жақсы коныс, Қарабай, мен табайын,
Алты құлаш бедеуді әткел бері!..»
Кодар құл со бедеуге мініп алды.
Екі месті байланып суга барды.
Кодар құл сол бедеуге мінгениң соң,
Бұлдыр қагып Құсмұрының жетіп барды.
Үйде жаткан Баянды есіне алды,
Құсмұрынан болжайды Аяқөзді,
Ағып жаткан Аяқөз суга барды...

Содан Қодар бастаған Қарабай Аяқөзге келіп, түйелерінің комын алып жайласты.

Аяқөз өлкесінде отырған қалмақтың Манап ханы «Қызының балама берсін» деп Карабайға кісі жіберді. Карабай: «Қызымының билігі Қодарда» деген соң, Қодар: «Қызды өлсем де бермеймін» деп жауап қайырды.

Қалмақтың Манап ханы сонсон Қарабайды ерулікке шакырды. Қодарға сөлем айтып жіберді. «Жалғызымды Қодаржан алсын да, Баянды менің балама берсін» деді.

Қодар ханның қызын көрмек болып, ұнатса алып, Баянды ханның баласына бермек болып, Қарабайдың ауылында бір ерекек қалмай ерулікке жүрді.

Сарыбайдың інісі болған Айбас құл деген Карабайдың сонынан куып кеп ізделеп кеткен еді. Сол Айбас енді ерулікке келе жатып жолдан қайтты. Онашада Баянмен сөйлесуге ауылға барды. Баянмен онашада сөйлесіп сыр ашты. Айбас:

«Әдейі жүрген жұмысым Козымен екеуіннің косылуын еді. Ашып жауап берсөн еліме қайтамын!» – деді.

Баян Козыға сөлемдемеге алтын жүзігін, алтындаған тақиясын, алтындаған домбырасын беріп, мықты ат мінгізіп, касына екі жігітін жолдас қылыш беріп Айбасты қайырды. Айбас неше күн жүріп, жолай әр жерде қосалқы аттарын қалдырып, Баянның беріп жіберген тақиясын, домбырасын, киім-кешектерін, бақырын қалдырып, Мұз тауындағы еліне барады.

Козының шешесі Баян туралы Қозыға ешбір сөз айтқызбай кояды.

Бір күні Козы балалармен ойнап жүреді. Қозының қасында, әлгі Карабайдың ауылынан Айбасқа жолдас болып еріп келген Істі, Телеу деген екі жігіт болады. Козы балалармен тобелескенде, «маған болыспай қарап тұрдың» деп Істіні ұрады. Істі ашулаңып: «Сені Ақ Баяннан айырған мен бе едім?» – дейді.

Козы Істіден бұл сөзді қайтадан сұрап, «атастырған жесірі» Ақ Баян екенін, оның кетіп қалғанын ең бірінші рет естіп біледі.

Алтын сакасын шиіріп тастап келе жатып, бір кемпірдің өрмегін үзіп кетеді. Кемпір ашуланып: «Қу жетім, менін өрмегімді үзгендей, сенен Ақ Баянды айырған мен бе едім!..» – деді.

Козы өрмегін жалғап беріп, бұл сөзді кемпірден де қайта сұрады. Кемпір айтады:

Бұл бала меніменен ерекісken,
Өзі жетім бір сорлы күнін кешкен.
Карабай Мұз тауынан асып кеткен,
Қолар деген бір құлы еріп кеткен.
Он сан ногай болғанда Орманбет ол,
Ордың карагашы болғанда бектерлөп ол,
«Қызымы жетім ұлға бермеймін!» деп,
Карабай көше қашып кеткені ол...

Сонсоң, Козы шешесіне келіп айтып, шешесінің «барма» дегеніне болмай, бармақ болады.

Бұрын көрмеген, отарда жатқан төрт түлік малына барып ат мінеді. Қамданады. Жұрттан Карабайдың кеткен жолын сұрап алып, Баянды іздел жүріп кетеді.

Козы неше күн жүріп, бір кемпірдің жалғыз үйіне келді. «Атыннан түсіп демал» деген кемпір сөзіне болмай, Карабайдың ауылын сұрады. Кемпір Қозының кім екенін сұрап біліп, өзі Қозының кіндік шешесі болып шыкты. Козы кемпірден Карабайдың ауылының жайын біліп, кемпірдің ақылымен аттарын тастап, Карабайдың ауылына тазша бала болып баруға жаяу кетті. Дарада Карабайдың қойын бағып жүрген тазша баланы өлтіріп, соның киімін киіп, қойышы болып, «Қозекем» Карабайдың ауылының жөніне қарай койды канттатты. Кешке койдың алдынан шыққан Карабай «Қозекемді» танымады. Баянның бір зерелі койы бар екен, – «Қозекемді» сол танып, «Баян іздел келіп «Қозекеме» жолыксын»

деп әдейі ақсаған болып, далада калды. Ертең «Қозекем» түйеге мініп аксак койдың қасына келіп тұрганда, жорға атпен Баян келіп, койышға ұрысып, койды өңгерт, – дейді. Қозекем өңгертіп жатып, Баянның санын шымшып алды. «Тазша құл, жемес астан үміт қылдың ба!» – деп Баян зекіреді. Сол жерде Қозекем танытады.

Сонсон, түнде Қозекем Баянның құймесіне барып, Баянның қасына жатты. Қозекемнің алтын айдары құйменін ішін жарық қылып жіберді. Ертенінде Баян Қозының келгенін шешесіне, сінлісіне айтып, олар келіп онашада Қозымен көріспіп амандасты.

Сонымен Қозы мен Баян бір жатып жүргенде Қодар көріп қалып, «Баян тазшамен бір жатып жүр» деп жұртқа айтады.

Сонсон, Қозы Қөрпеш пен Баян екеуі атка мініп далаға шығып кетті. Сондарынан Қодар қуып келіп Қозымен ұрысып, Қодардың астындағы аты өліп ауылға жаяу қайтты. Баян Қозы Қөрпешке: «Енді мені алып қаш!» – деп еді, Қозы алып қашпады. «Алып қашпаймын. Елінді ырза қылып аламын!» – деп Баянды үйіне қайырды. Өзі Аяқөздің аяғындағы бір шок теректің түбіне келіп жатты.

Ұйықтайын деп еді, қасына бір ак сәлделі адам келіп: «Мен ата-бабанның аруағымын. Бұл ара қауіпті жер. Мен сені қүзетіп тұрайын, атынды, каруынды, тонынды маған бер!» – деп Қозыдан бәрін сұрап алып, қарауылда отырып ұйықтап калды. Қодар келіп алмаспен әлгі аруақтың басын кесіп алып қанжығасына байлап алып кетті. Басты әкеліп: «Ай, байынның басы!» деп Баянның алдына таставады.

Баян жылап басты алып, сандығына салып алды. «Қозы Қөрпеш өлді» деп ел үркіп көше жөнелді. Баян елге ермей жұртта жалтызы қалды.

Қозы Қөрпештің кіндік шешесі тұс көріп, Карабайдың елінің көшкенін біліп, кара нарларына жүгін артып Қарабайдың жұрттың келіп, Баянға жолықты. Баянның сандығындағы басты көріп: «Бұл Қозы Қөрпештің басы емес, Қозы Қөрпеш тірі болса керек. Менін көрген тұсім бойынша, ол шок теректің түбінде болар. Мен сол араға барып шатыр тігейін. Осы араға Қодар бір келер. Сен бір айла қылып соның көзін жоғалт!» – деп кетті.

Бака айғырмен жұртқа Қодар келді. Баянға: «Енді сені мен алмағанда кім алады. Төмен қарай кетейік, жер панаға!» – деді.

Баян: «Енді мені сен алмағанда кім алады! Енді мені алып барып Қозы Қөрпештің өлігін көрсет!» – деді.

Қодар Баянды мінгестіріп алып келді.

Баян «шөлдедім» деп кебісімен құдықтан Қодарға су алғызып ішіп тұрып, пышакпен Қодарды өлтірді. Сөйтіп, өліктің басына келіп жылады... Содан кейін Баян келе жатса, алдында шатыр тұр. Келсе шатырда Қозы Қөрпеш қылан ұрып отыр екен.

Екеуі ойнап-құліп сонда жатты. Қемпір екеуіне тамақ істеп беріп жүрді. Сол араға елінен Қозыны Айбас іздең келді. Қозы Қөрпештің тірілгенін естіп және Айбастың келгенін естіп, Қозының екі балдызы, енесі және Айбастың сол елдегі Парманбек деген досы – төртеуі іздең шыкты. Жолшыбай үшеуі өліп, Парманбек жалғыз келіп Айбаспен қөрісті. Соңсона Айбас өлді. Әдей, «Қозы Қөрпеш өлді» деген хат жазып, екі бұрышын аттың кекіліне байлап жіберді. Екі ат Мұз тауында елге барған сон, кекілдеріндегі хатты алып оқып, «Қозы Қөрпеш өліпті» деп Тайлак би елді жиып төрт сан кол алып аттанды. Қозының шешесі бірге жүрді. Төрт сан қолмен келіп Тайлак би Қозы Қөрпешті тірі тапты. Тайлак би колды жіберіп Жайсан қөлінің ар жағынан Қарабайдың елін қайта көшіртіп өкелгізді. Өлген аруақ пен Айбасқа бейіт салды. Қозы Қөрпештің суретін салды. Баянның өнін, келбетін салды. Қодардың өнін, келбетін салды. Аяқөздегі бейіт «өлген аруақ пен Айбастікі.»

ҚОЗЫ ҚӨРПЕШ – БАЯН ӘҢГІМЕСІ ТУРАЛЫ

«Қозы Қөрпеш – Баян» әңгімесі казақ атаулы елден басқа да түрік рулатының көбінің ескі ел әдебиетінде бар. Бірақ өзге түрік рулатының бәрінікінен де, казақ атаулы елдің ескі ел әдебиетіндегі «Қозы Қөрпеш – Баян» әңгімесі өрі толық, өрі көлемді. Және дені өлеңмен айтылған.

«Қозы Қөрпеш – Баян» әңгімесінің бытыраған, шашылған түрік елдерінің көбінің ескі ел әдебиетінде барлығына қарағанда, әңгіме өлеңдерінің сөз құрылышына, сөз тізіміне қарағанда, өлеңнің сарын қүйіне қарағанда, – бұл әңгіменің, ескірек заманнан шығып келгені байқалады.

Жаугершілік замандарда ұstem тапта, ұstem таптың ықпалымен құрылған батырлар қадірлі болып жүрген замандарда батырлар жыры көбірек айтылса, жаугершіліктен саябырлау заманда, байлар тұрмысын суреттеген, бай балаларының қылған «жігіттіктерін» әңгімелеген жырлар көбірек айтылған.

«Қозы Көрпеш – Баян» әңгімесі, екі байды суреттейді. Сол екі байдың ұлы мен қызының іште жатқанда «атастырылғанын», ұлының істеген «жігіттіктерін», қызының сол билер дәуіріндегі үstem санаға «іркілмей жанын кигандығын» суреттейді. Әрине, байдың тұрмысын суреттегенде, байдың қарашыларын да, бақташы-құлдарын да коса суреттейді.

Екі байдың ұлы мен қызын, сол дәуірдегі үstem таптын үstem санағы бойынша, мактап, жастарға, жұртқа «ұлғі» қылғандай қылып суреттейді.

«Қозы Көрпеш – Баян» әңгімесінің де, «Қыз Жібек» әңгімелесінің де мәнісі осы.

Жаугершіліктен шола заманда тұрмыс майданының алдынғы катарына батырларды ұстап дәріптеу байларға онша қажет болмай тұрган заманда, тұрмыс майданының алдынғы катарына байдың балалары шығып жыр болған.

Міні сондай жыр болып, көп айтылған әңгіменің бірі – «Қозы Көрпеш – Баян».

Кебінесе батырлықты ғана суреттеген батырлар әңгімелеріндей емес, мұндай әңгімелер сол замандағы әйел, ерек, қыз бен жігіт арапарында көбірек айтылған. Қыз бен жігіттің бірін-бірі «іздеп тауып», бір-біріне «ынтық» болып, талай бөгеттерден, талай қындықтан өтіп, қосылып, айырылып және қосылып жүргендеріндегі уакиғалар және сол замандағы жұртты «қызықтырыған» байлар тұрмысын суреттеген әңгімелер – билер, байлар табының санасының үstemдігінің астындағы елдің әйел, ерек, қыз-бозбалаларына «қызықты» әңгіме болып көрінетін сиякты.

«Қозы Көрпеш – Баян» әңгімесін «қызықты» әңгімеп, байлар, билер табының ықпалындағы қазак арасында тым көп жырлаған.

Бұл әңгіменің қазак арасында 4 – 5 түрлі бар. Сол 4 – 5 түрлі «Қозы Көрпеш – Баян» әңгімесінің бір-бірінен мазмұн ретінде де айырымдары бар. Бірінде Қозы Көрпеш Баянды алады. Бірінде Қозы Көрпешті Кодар өлтіреді.

Біздің сол көптеген түрлілері бар әңгіменің ішінен бұл кітапқа кіргізгеніміз – Радлов жазып алғып бастырған нұсқасы. Ен бұрын жазылып баспаға шыққан нұсқасы осы Радлов бастырғаны болар дедік. Ескі ел әдебиетінің неғұрлым бұрын жазылғаны, түп нұсқасына таяулау болар дедік.

Байлар, билер, батырлар, хандар табының үstem санағы, «Қозы Көрпеш – Баян» жырында Қозы Көрпешті намысын жібер-

мейтін байдың қайратты ұлы қылыш суреттейді. Ал Қозы Қөрпештің «намысын жібермеу» үшін істеген қайраты – сол замандағы үstem таптың салт заның корғау болады. Сол жолда Қозы Қөрпеш нақақ адамды өлтіргенін де «өнерге» санайды. Ол замандағы өлгі үstem таптың салт-санасы бойынша, іште жатқан қызды да біреудін меншікті мұлкі қылыш койса, ол мұлік сол меншіктеген адамдікі ғана болу керек.

Мұны бұзған адам салт заның бұзған саналып, айыпты болған. Баян қыздың әкесі Қарабай салт заның бұзып кетсе, «меншік иесі» саналған, қыздың «атастырығаны» – Қозы Қөрпеш салт заның күшпен орындаушы болады. Сол замандағы өлгі үstem таптың үstem санасы – өзінің салт заның ешкімге бұздырмашыларды, ал егерде, біреу бұзғандай болса, оны күшпен орындаушыларды дәріппел мактап жыр қылған.

Үstem таптың салт заның күшпен орындаушы Қозы Қөрпешті де дәріппел, мактап: «міне, жігіт болсан, осындай бол!..» – деп жыр қылған.

Ал салт заның бұзуши Қарабайды балағаттаған. Онсон Баян сұлуды салт занына (құлдық занына) мойынсұнғызып, салт заны үшін жанын киғызып суреттеп, оны да мактап, «ұлғі» қылышп: «міні, қыз болсан, осындай бол!..» – деп, жыр қылған.

Салт занына, құлдық занына құл болған Баянды сол заманың үstem санасы дәріппел, сұлудап суреттейді. Және үstem сана, сол сұлуды, Қозы Қөрпеш сынды мактаған бай баласына «ынтық», «ғашық» қылады. Бұл «тумаған» әйелді де еркектің меншігі қылған билер табы билеген тұрмыстың және ол тұрмыстан туған санасының әбден сүйекке сіндіре берген тәрбиесінің тудырған жайты.

Қарабайды боктағанда, салт заның (бата) «бұзған» Қарабай «дүниекор», дүние үшін жалғыз қызы Баян сұлуды малшығолына саудалады – деген жәнмен каралап суреттеген.

Бұл арасынан, дүниекор бай мыкты малайының қүшін қайтіп пайдаланғандығы айқын қөрінеді. «Ак Баянды саған берем» деп Қарабай, Кодар жылқышыны отқа да айдайды, суға да айдайды... Жанын аямай мал бактыру үшін Кодарды алдап кораздандырып кояды... Және бұл әнгімеде бай баласының қойышыны өлтіре салуының соншалық онай болғаны қөрінеді...

Ақырында, Тайлақ би қол жиып аттанып, салт заның күшпен орындаған Қозы Қөрпешті іздең келіп тауып алады. Салт заның

бұзып, жат елге көшіп кеткен Карабайды қайтарып, өз еліне көшіріп әкеледі.

Сейтіп ақыры, билер табының, билер дәүірінің үстем санасы – бәрін бұрынғы орнына кайта кондыруышыны Тайлак би қылады... «Қозы Қөрпеш – Баян» өнгімесінде коспа сөздер тым көп, жаңылыс сөздер де аз емес сиякты. Әңгіменің түп мәнісінің өзгеруі де зор болу керек.

Өлең күрүлісінін, сөз тізімінің қандай екеніне мысал үшін мына бір өлендерін келтірейік:

...Манап ханының сүйіншісі келді дейді.
«Баян сұлуды балама берсін» дейді.
«Бұл Баянның билігін білмеймін» деп,
«Қодар білсін!» – Карабай депті дейді.
Манап ханының сүйіншісі келді дейді.
«Баян сұлуды балама берсін» дейді.
Қодар құлдың құші көп болғаннан соң
«Өлсем де Ақ Баянды бермен!» дейді.
Манаптың үәзірі қайтып барды,
Карабайдың ақылын тартып барды.
«Қодар деген бір құлы бермеді!» деп,
Сол жауапты Манапка айттып барды...

Міні, «Қозы Қөрпеш – Баян» өленінің сөз күрүлісі, сөз тізімі, сөз «кестесі» осындай болып келеді. Мұндай жабайы өленді ескі заманда, әр үйдің отының басында кім көрінген-ақ айттын болу керек. Негұрлым заманның шикі, ескілігіне қарай бара берсөн, солғұрлым, ол шикі заманның сөздері де, өлендері де ән мен сарын қүйде жабайы, көріксіз, тұрсіз, шикі, меніреу, мақау бола береді.

Кап току бұрын шыққан да, кілем току соң шыққан. Адам баласы ең әуелі көркемдіктен, әдеміліктен көрі, шаруаға керектілікті бұрын іздейді. Әуелі, «сұлуынан жылуы!» – дейді. Шаруаға керектігі табылып, керектік қанағаттанғаннан кейін, әдемілікті, сұлулықты іздейді.

Жанағыдай құрылған «Қозы Қөрпеш – Баян» өлендерін әдемі, шебер сұлу құрылған деп кім айттар екен?..

Мұндай қазак ауылындағы кез келген қатынның колынан келетін, жібі доғал иірілген коңыр қаптың бопыл токуындей өленді, ескіліктегі қазак ауылында әркім-ақ айта алатын.

Мысалы, қалмақтың Манап ханы айтты деген сөзді былай өлең қылған:

...Ерулікке шакырдым, келсін дейді,
Менің кызымыды көрсін дейді.
Кодарға бұл сәлемді айта бар деп,
Баянды ұлымға берсін дейді.
Менің кызымыды Кодар көрсін дейді.
Баянды менің ұлымға берсін дейді.
Менің де жалғыз кызыым бар еді ғой,
Кодаржан сол кызымыды алсын дейді.

Міні, осындай өлеңді кім айта алмайды.

Бұл «Қозы Көрпеш – Баян» әңгімесіндегі ең тәуірлеу айтылған дерлік өлеңі – өлген «аруақты» Қозы Көрпеш деп, Баянның өлік басына келіп айтқан сөзі. Ол сөзі мынау:

...Жалғызыым, жатырмысың җалғыз окка?
Арқапанан күн өткендей жапың жок па?
Атасы бай болса да, қыз берменіз,
Артында құйрығы жок, жалы жокка!
Жалғызыым, жатырмысың жайнай, жайнай?
Көрсем ішім қүйеді оттай кайнай.
Сені өлтірген Кодарды мен де өлтірдім,
Козекем, тұра келші енді сайрай!
Жалғызыым, жатырмысың, жайнай, жайнай?
Көрсем ішім қүйеді оттай кайнай.
Өштес, кектес Кодарды алып келдім,
Козекем, тұра келші енді сайрай!
Жалғызыым, жатырмысың жер бауырлап?
Кара жүнді косалак оқты ауырлап?
Шыбын жапың бар болса тұра келші,
Баян келді касына құсай зарлап!
Жарқынным, жарыктығым, жан жолдасым,
Баян келді касына жандай досың!
Елің менен жұртыннан тірі айырылып,
Карағым, неғе келдің бір мен үшін?
Жарқынным, жарыктығым, жан жолдасым,
Баян келді касына жандай досың!
Елім менен жұртымнан тірі кетіп,
Карағым, мен де келдім бір сен үшін!..

«Қозы Көрпеш – Баян» өлеңінің сарын күйі де жауынгершілік замандікіндей емес, баяу, марғау, ырғалған түйе аяны тәрізді.

Жауынгершілік заманындағы өлен, жырлардың сарын, күйі, жауға шығып жалтылдаған жауынгер батырдың суретін сездірсе, «Қозы Көрпеш – Баян» өлеңінің сарын, күйі, ырғалып көшіп,

манаурап қонған қоңыр тымакты көшпелінің суретін сездіргендей болады. Екеуінің сарын, күйінің айырымы өте айқын сезіледі. Екеуінің сарын, күйі екі айқын суретті елестетеді.

Жал-күйрығы сұзілген, бауырынан жараған, жер тарпып, жұлқынған сәйгүлік ат. Ол аттың үстіндегі ақ кіреуке қынама сауытты, темір дұлығалы, алмас қылышын жарқылдаткан, желекті найзасын шүйірген жауынгер батыр мен ырғалған көштің қасындағы, манаурап қонған ауылдың сыртындағы, ток торы атқа мініп мал қайырған қоңыр тымакты кісінің суреті – екеуі екі түрлі сарын, күй туғызытындығы түсінікті жайт болу керек.

«Тарғын батырдың» жырында, Тарғын калың жауға кіргенде, қолындағы кару-жараптарымен, астындағы Тарлан атымен серттесіп айтқан сөзімен жауға кіргенін мынандай жырмен айтқан:

...Козы жауырын, ку жебе
Алтыннан ойған алпыс көз,
Тартатүғын шак болды.
Кигаш салып жауырыным,
Тарта алмасам, маган серт!
Талайдан бермен жұмсаған,
Кан көрмессің, сусаган,
Канға тойсаң жусаган,
Тауға салсам – тас кескен,
Кеудеге салсам – бас кеткен,
Алты карыс ак болат,
Қынаптан алып сурып,
Шабалмасам – маган серт!
Айдаһардың тіліндей,
Салсам – кеткен білінбей,
Карагайға саптатқан,
Шыбар тұға шұлғыған,
Талай жауда мактатқан,
Төрт қырлаган көк сұнгі,
Жау ішінде желлініп,
Толғамасам – маган серт!
Толғауыма шыдамай,
Толықсысан – саған серт!
Қылша мойнын төнкерген,
Ұмтыла шапкан Тарланым,
Тіл жіберсөң – саған серт!
Сен желігіп жүргенде,
Тая шапсам – маган серт!
Көк лашындай шүйіліп,
Қабағы тастай түйіліп,
Алдалап Тарғын шабады,

Ай бетінен кіреді,
Күн бетінен шыгады.
Койга тиген борілей,
Үркіт жауды қырады.
Ақ алмасы жарқылдап,
Талай жауды турады.
Тарлан атты бұлады.
Саллы келіп қамшыны,
Сауырынан Тарланың
Тер моншактан тамшыды,
Қысылды батыр, қысылды, –
Қысылмай батыр не қылсын, –
Сауытын қаңға малшыды...
Толғады батыр наизаны,
Жаумен жалғыз ойнады,
Жауды еркіне коймады.
Шүйіріп атқан көк сүнгі
Тірі де канга тоймады...

Міні, осы жырдың елестеткен суреті мен сарын қүйі, екпінімен «Козы Көрпеш – Баян» өлеңінің елестеткен суреті мен сарын қүйі екеуі ескіліктегі билер, байлар табы билеген тұрмыстың екі түрлі қалпын көрсетеді. Жаугершілік замандағы батырлар жырының сарын қүйі, сөз суреті, жал-құйрығын ысқыртып жүйткіген жүйріктің үстінде ақ алмасы жарқылдаған жауынгер жігіттің суретін, екпінін елестетсесе, «Козы Көрпеш – Баян» өлеңі тәрізді өлең мал бакқан, бұйыққан малшы мен қоңыр тымақ байдың болмыстарын елестетеді.

Козы Көрпеш Карабайдың қойшы баласын өлтіріп, қойшы баланың киімін киіп, қойшы болып, қойды кешіктіріп айдан келе жатқанда, алдынан Карабай шыққанын әңгімелеген арасын мынадай өлең қылған:

...Сол тазшапың киімін киіп алды,
Сықылды сол тазшадай бола калды.
Бұрын койлы жаймаған сорлы шіркін,
Луыл жөніп біле алмай кепкес калды.
Карабай кесе жатыр жер сабалап,
Астында көк шолагын бес төбелеп,
«Мүнша койды сен тунде әпкелді!» – деп,
Ашууланып келеді бірдеме деп.
«Кебенектің ішінде бүйіктаппышын,
Күнге сүйтіп бүйігын үйіктаппышын,
Аластың деп, Карабай, сөге корме –
Әлде болса ауылға жуыктаппышын...»

Міні, «Козы Көрпеш – Баян» өлеңдері осындай. Өлеңдерінің сарын, күйі де, «кебенектің ішінде күнге бұйырып», ырғалып, ма-наураған, мақау сарын, күйі...

ҚЫЗ ЖІБЕК ӘҢГІМЕСІНІҢ ҚЫСКАША МАЗМУНЫ

Бұрынғы өткен заманда Ақ теніз деген көлді мекендеп, Қара теніз жағасын жайлабан Кіші жұз ішінде, Жағалбайлы руында Базарбай деген бай бар екен.

Мұның Төлеген, Сансызбай деген екі баласы бар екен. Базарбай жұрттан аскан бай болса да, балаларына жастай қыз айттырмапты: «Балаларым ер жеткен сон, өздерінің тандаған қызын алсын» депті. Төлеген жігіт болып, өз елінен қыз қарастырып ешкімді ұнатпай жүреді. Сөйтіп жүргенде, алыс елден бір саудагер келіп, «Ақ Жайық деген жерді мекендейген Алты Шекті деген елдің қызы сұлу болады» деп мактаған сон, Төлеген қанша мал алып, көп жігіт ертіп сол елді іздел аттанады. Төлеген көшкен елдей ырғалып жылқысын айдал, бірталай күн жүріп Ақ Жайыққа келеді. Бір жерге шатыр тігіп жатып, жар салады.

«Қыз көремін, келіп көрінген қыз ұнаса да, ұнамаса да бір жорға беремін!..» – дейді.

Талай қыз келіп көрінеді, ешкайсын Төлеген жактырмайды. Көрген қызына бір жорға ат беріп қайыра береді. Сол Ақ Жайықтағы Алты Шектінің Сырлыбай деген ханы бар екен. Ханының алты ұлы бар. Онсоң Қыз Жібек деген бір қызы бар екен. Қыз Жібек – баласының кенжесі екен. Қыз Жібек жұрттан аскан сұлу, өзі пан, өзі ерке екен. Талай жігіт алмақ болып келіп, ала алмай қайтады екен. Сырлыбай ханының шаруасын басқарған Қаршыға деген бір жыршы шешен уәзір бар екен. Төлегеннің данқын естіп, Қаршыға Төлегенді іздел келіп, танысып, «Саған Жібек лайық» деп Төлегеннен екі жорға алып, Жібекті көрсетуге Төлегенді ертіп жөнелді.

Бірнеше күн жүріп келіп, Сырлыбайдың қөшіп бара жатқан еліне килігеді. Сырлыбайдың елінің қыздарының сұлулығы рас болды. Шұбар ырғатылып қөшіп бара жатқан елдің қөш бойында Төлеген талай сұлуды көреді. Кез болған қыздың сұлулығына қайран болып, «Жібек осы шығар!..» – деп көк жорға атты су-мандағы қасына жетіп барады. Артынан келген Қаршыға:

«Жібек бұл емес!..» деген соң, ілгері өтіп жөнеледі:

...Базарбайдың Толсеген,
Артынан келіп Каршыға:
«Жібек емес!..» деген соң
Онаң да өтіп жонеген.
Енді онаң да отеді,
Жаңа бір қошке жетеді.
Кош алдына караса,
Бір қыз кетіп барады:
Таң мезгілі болғанда
Шолпаниң тұган жұлдызы,
Кигені алтай қырмызы.
Бейістен шығып келмесе,
Бұл жалғанда хор қызы,
Сондай-ак болып туар ла
Адамзаттың бір қызы!..
Осы екен деп Кыз Жібек,
Жетіп келді касына
Базарбайдың Толеген...
Артынан келіп Каршыға:
«Жібек емес!» деген соң,
Онаң да өтіп жонеген...
Асып жүрді тез енді,
Бір көмеккес Жібекті,
Толеген мырза кезеңді.
Каршыға мен Толсеген
Жагалай салды озенде.
Сол уақытта алдынан
Бір кош шыкты түбектен.
Кош алдына караса,
Бір қыз кетіп барады,
Отыз түіс жетелеп
Сары мая үлкестен.
Мұрыныңығы сары жәз,
Бүйдасын ескен жібектен.
Толған айдай толықсып,
Ақ сазандай бұлықсып,
Бұралып кетіп барады,
Неше алуан қылықсып.
Мұны көріп Толеген
Атының басын бұрады.
Әнгіме дүкен куралы:
«Осы ма деп, Кыз Жібек?..»
Каршығадан сұрады...
Каршыға жетіп келеді.
Әзіл айтып құледі.
«Бұл емес деп, Кыз Жібек!..»

Онан да өтіп жөнеді...
Атына камшы басады,
Түлпардан тұған көк жорға ат,
Аузынан көбік шашады.
Жер тарлынып жапуар
Ауыздықты басады.
Алдындағы белестен
Оргытып келіп асады.
Тағы айқасты бір көшке:
Көш алдына караса
Бір қыз кетіп барады,
Жанасалай сұлудың
Касына жетіп кеседі.
Төлеген мырза көреді:
Көш алдына сұлудың,
Он қыз нөкөр касында,
Ақ маңдайы жарқылдап,
Танадай көзі жалтылдап,
Алтын шашбау шашында,
Қырық нарга жүк арттырган,
Камка зерлі кілемі,
Жүк үстінә жаптырган.
Казыналы қырық нарга
Жібектен арқан тарттырган.
Дүниес бешпен, белсендіп,
Бұл дүниені кен салып,
Алтынды камшы колға алып,
Ақ жыландай толғанып,
Бұралып кетіп барады,
Жын соккандай теңселіп...
«Осы екен деп, Қыз Жібек»,
Жетіп келді касына,
Базарбайдың Толеген...
Артынан келіп Каршыға:
«Жібек емс!..» деген сон,
Онан да өтіп жөнеген...
Төлегеннің мінезі
Болып кетті наладай.
Осындаи болып аз жердесі
Он бір қыз етті соулетпен,
Бәрі де калды жарамай...
Тағы айқасты бір көшке:
Көш алдына караса,
Бір қыз кетіп барады,
Орта бойлы, дембелше,
Алтынды камзол жендеши,
Сипатына караса,
Бұрынғы қыздан өзгеше:
Алтын шынын кесседей,

Екі көздің шарасы,
Бейістен шыккан шамшырак,
Козінің rayhar карасы,
Туган айдай илген,
Екі кастың арасы.
Сымга тартқан күмістей,
Он саусактың саласы.
Сондай-ак болып туар ла
Адамзаттың баласы!..
«Осы екен деп Кыз Жібек»,
Жетіп келді касына,
Базарбайдың Төлеген.
Артынан келіп Каршыға:
«Жібек емес!» деген сон
Онан да өтіп жөнеген...
Енді онан да өтеді,
Және бір көшкес жетеді,
Көш алдына караса
Бір кыз кетіп барады:
Кара жорға мінгелі,
Кара торқа кигені,
Екі көзі сұрмелі,
Бұл сиякты перизат,
Кыз іздеген Төлеген,
Жок еді сірә көргені.
Сексен түйс комдаган,
Сексен түйе үстінде
Алтыны жагдан орнаған,
Асбаһаны кілем бар,
Жібектен гүлін торлаган
Кыз сипаттың караса:
Ак бетінде кіршік жок, –
Айдың көлдің куындай.
Екі көзі жалтылда,
Батырдың алтын туында.
Сойлекен сөзі мазалы, –
Бал шараптың суынлай.
Аузынан шыккан лебізі, –
Сары алтынның буында.
Осы екен деп Жібек кыз,
Жетіп келді касына,
Базарбайдың Төлеген.
Артынан келіп Каршыға:
«Жібек емес!» деген сон
Онан да өтіп жөнеген...
Онан да өтіп Төлеген
Атка камышы салады.
Тұлпардан туган көк жорға ат,
Оттай көзі жапады.

Сымга тарткан күмістей,
Сүмбедей болып барады...

Ақыры Кыз Жібектің көшіне жетеді. Кыз Жібектің сұлулығы да, кербездігі де жұрттан асқан.

Кыз Жібек «бетіме тозан тиеді» деп түймелеген күймелі арбаға мініп көштен озып кеткен екен. Төлеген мен Қаршыға Жібектің күймелі арбасын қуып жетеді. Арбасының түймелеп қойған күймесін Жібек ашпайды. Бұларға көрінбейді.

«Жұзінді көрсет» деп Қаршыға ағасы тілек қылған соң, Жібек арбасының күймесін ашып Төлегенге қарайды. Бір-екі ауыз калжын айтысады, екеуі бір-біріне ұнайды.

...Кыз Жібектің дидары –
Коғалы көлдін құрагы.
Көз сипатын қарасаң, –
Хор қызының шырагы.
Дүрі гауһар сырғасын
Көтере алмай түр құлагы.
Бой пұскасын қарасаң –
Бектер мінген пырагы...
Кыз Жібектің актығы –
Наурыздың акша қарындай.
Ак бетінің қызылы –
Ак тауыктың канындай.
Екі беттің ажары –
Жазғы түскен сағымдай,
Білеғінің шырайы –
Айбалтанның сабындей,
Оймак ауыз, күмар көз –
Іздеңен ергс табылды-ай...
Кыз Жібекті Төлеген
Ақылымен танып түр,
Көз мейірі қанып түр.
Бейістен шыккан шамшырап –
Көзі жайнап жанып түр.
Белі нәзік – талып түр.
Тарткан сымнан жілішке –
Үзіліп кетпей нағып түр!

Ақырында, Төлеген – күйеу, Жібек – қалындық болып, екеуі бірсызыра «қызық» дәурен сүріп жүреді.

Бір мезгілдер болғанда Төлеген еліне жүрмек болады. Жібек жаман түс көріп, Төлегеннің жолының қатерлі болатынын сезеді.

«Еліне көзір жүрмесін!» деп женгесіне айтқызыады. Төлеген болмайды. Келесі жылы жазға салым қазбен бірге келмекші болып еліне жүреді.

Еліне аман-есен келеді. Бар уакиғаны айтады. Төлегеннің кайнына енді асығып жазға салым баруын әкесі мақұл көрмейді. «Төлеген жазға салым қайнына жүретін болса ешкім касына еруші болмасын» дейді.

Сонымен жүргенде жаз бола бастады.

Әуеде канқылдақ каз өтті. Төлегеннің «қазбен бірге келермін» деген үәдесі есіне түсіп, кайнына жүрмек болды. Жылаған шешесімен, інісімен коштасып, інісіне қайнының жолын, жөнін айтып, «кешікsem іздерсін» деп жүріп кетті.

Төлеген жалғыз жүріп отырды, бірнеше күндер болғанда, Жібектін елінің шетіне таянғанда, «Қособаның көлі» деген көлге келгенде, мұның алдында алпыс кісі жау шығады. Бұлар Қызы Жібекке құмар болып, арманда қалған Арғын, Алты Шектінің жігіттері екен. Өздері ала алмай, алыстан келген Төлеген алатын болған соң, намыс қылып, Төлегенді өлтірмекші болып жолын тосып жүр екен. Бастығы Бекежан деген екен.

Қамалаған алпыс арғынмен Төлеген соғыс салып жөнеледі. Бесіннен намаздыгерге шейін алғызбай барады. Намаздыгерге таянғанда шелдеген көк жорға ат жүрмей қалады. Сол арада жау жетіп камалап атысады. Жаудың бастығы Бекежан жалғыз курайдай бетіне ұстап келіп, алпыс қадам жерден атып Төлегенді жығады. Жау Төлегенді тонап, көк жорға атты алып кетеді. Төлеген елінен шыкканда бірге ұшып шығып жолдас болып келген әуедегі алты қазға мұның шағып, айдалада зарлап жатып өледі...

Содан күндер, айлар, жылдар өтеді.

Бір күні Төлегеннің көк жорғасына мініп Бекежан Қызы Жібекке келеді. Бір тойда отырған Жібектің тұсына келіп өлең айтады.

Бекежан Төлегенді өлтіріп көк жорға атын алғанын Жібекке білдіреді. Жібек жылап, Төлегенді Бекежан өлтірген екен деп ағаларына шағады. Ағалары Бекежанды өлтіреді.

Қызы Жібек енді капалықпен, кайғымен болады. Бір күні қалмактын Корен деген ханы Сырлыбай ханның Жібек деген жүртттан аскан сұлу қызы бар дегенді естіп, тоғыз мын әскермен келіп Шектіні басады. «Сырлыбай Жібекті бермесе, елін шабамын!..» – дейді.

Сырлыбай қорықканынан Жібекті бермек болады. Жібек жылап, «Мені боса да қалмақта беретін болса, қырық күн той, отыз күн ойын қылып берсін!» дейді.

Той қылады.

Қырық күн тойы бітіп, отыз күн ойыны басталған кезде Жағалбайлыдан Төлегенді іздеп інісі Сансызбай мен Шеге деген ақын келеді. Бұлар жиын ойынның үстіне келіп, жиынның ортасында бір үйде зарлап «Төлегеннің өлгені рас болса, жесірін іздеп келіп алатын Жағалбайлыда ешкімнің болмағаны ма?..» – деп, өлең айтып отырған Жібектің сөзін естиді. Шеге ақын топқа жалғыз жаяу кіріп, Жібектің тұсына келіп Жібекті көріп, Жібекпен өлең айтысып отырып, еттеп кім екенін білдіреді. Сансызбайдың іздеп келгенін білдіреді.

Жібек қуанады. «Сансызбайды әкеліп көрсетініз, сөзінізге сонда әбден нанайын!..» – дейді.

Шеге Жібекке Сансызбайды көрсетеді. Бұлар көп ішінде елеусіз амандасады.

Сол арада Жібек бұлармен уәде байлап, ертен ауыл көшкенде, қалмак ханы Кореннің екі тұлпарының бірін мініп кашпак болып, табыспак жер айтады.

Ертенінде Қорен қалмақтың Сандалкөк деген тұлпарын алдап мініп, Жібек табыспак жерде отырған Шеге мен Сансызбайды келіп қосылып, Жағалбайлыға қарай бет түзейді.

Корен қалмак Сырлыбайдың елін қысып, басы Қаршыға қылып, жиырма қазакты жолбасшылыққа алып, өскерінін жартысын алып Жібекті қуады.

Қалмақтың өзгесінің аты жете алмайтын болған соң Қорен өзі Қазмойын қара тұлпармен жалғыз қуады. Қорен таяғанда Сансызбай, Шеге мен Жібекті ілгері жіберіп, өзі Қоренді тосып алып, «жекпе-жекке» кезектесіп атысып, Қоренді өлтіріп, Қазмойын қара аргымакты жетелеп Жібек пен Шегеге келіп қосылады. Сонымен еліне аман-есен келеді.

Қалмақтың құған өскері Сансызбайдың еліне келеді. Сансызбай қалмақты қырады. Сонсон және кайтадан аттанып, Ақ Жайыққа келіп, Шектіні камап жатқан қалмак өскерінің қалғанын қырады.

ҚЫЗ ЖІБЕК ӘҢГІМЕСІ ТУРАЛЫ

«Қыз Жібек» әңгімесінде де «Козы Көрпеш – Баян» әңгімесі тәрізді, байдың ұлы мен қызын жыр қылады. Мұнда да билер дәуірінің үстем санасы, екі байдың ұлы мен қызын дәрітеп жыр қылыш, жастарға, жүртқа «үлгі» кыла суреттейді.

Хандар, билер, байлар, батырлар үстемдігі жүрген заманда жаугершілік, жауынгершілік, шапқыншылық кездерінде тұрмыстың алдыңғы катарына, темір құрсанып, ақ алмасын ыскыртқан батырлар шықса, шапқыншылықтан саябырау кездерде ел арасында қыз ізден жүріп қылышын жарқылдаткан бай балалары тұрмыстың алдыңғы катарында көрінген. Жаугершілік, шапқыншылық кездерде батырлар ардакталып, байлардың төбесіне көтеріп, істеген кайраттары дәріптелініп жыр болып, үстем таптың ықпалындағы ел ауызына әңгіме болып жайылса, шапқыншылықтан шолалау кездерде ел арасында қыз ізден жүріп қылышын жарқылдаткан бай балалары дәріптелініп жыр болған...

Ана жылғы Герман соғысында, орыс байларының офицер болған балалары – соғыс майданына барып батырлық көрсету қолдарынан келмей, жандарын аяп, ел ортасындағы каланың көшесінде жүріп коразданып, қылыштарын жарқылдатып «қара халықты» билеп, үйде отырып еріккен бай әйелдеріне «құмарлы» жыр болған. Ал патша, тәре, байлар табынын шокпарын соғып, қылышын ханға бояған Кузьма Крючков деген казак-орыс дәріптеліп жыр болған.

Ескі заманда да осы тәрізді болған сияқты. Қыз Жібек жырындағы екі ру бектер сол жаугершіліктен саябыр болған кездегі, алтындаған ат-тұрмандарын, қактаған күміс кемерлерін, гауһарлаған сырғаларын, шаштарына тақкан алтын шолпыларын жарқылдатып байлыққа мастанып, «Бізден басқа кім бар» деп жүргендер.

Булардың да жаугершіліктен саябыр кезде, алтын тұрман, күміс кемер, алмас қылыш, гауһар сырға, алтын шолпыларын жарқылдатып, «Ел ішінде бізге тең келетін кім бар» деп сайран салып жүргендері – әлті соғыс майданынан қашық жerde, иығындағы алтын оқа, беліндегі күміс қынапты қылыштарын жарқылдатып, көшеге сыймай жүрген байдың офицер балаларының жүрістері тәрізді.

Хандар, билер, байлар, батырлар дәуіріндегі, тыныштықтау жердегі «батырлар», ардактылары осылар болған. Және, сол

замандағы ұstem таптың ықпалындағы ел аузына жыр болып тара-
ушылар осылар болған.

«Қыз Жібек» жыры ногайлы рулары ыдырап, бытырап бөлі-
ніп-бөлініп кеткен замандағы байлар түрмисын суреттейді. Жыр-
дың өзінің айтуынша, Жағалбайлы руының мекендеген жері –
Ақ теніз деген көл, жайлайтын жері Қара теніздің жағасы.

Қара теніздің жағалары, Қырымның далалары – қалын но-
ғайлының мекендеген, жайлаган жерлері екендігі тарихта белгілі
нәрсе. Онсон Ногай хан өлген соң ногайлының көшілігін Ал-
тын орданың Тоқта ханы еріксіз көшіріп, Еділ – Жайық бойлары-
на жер аударғаны да тарихта белгілі нәрсе.

«Қыз Жібектің» әңгімесі бойынша, Төлегеннің елі, жағалбай-
лы руы – Қара тенізді жайлайтын ел. Ал Қыз Жібектің елі шекті,
Бекежанның елі арғын Ақ Жайыктың бойын мекен қылатын ел.
Қара тенізді жайлайтын ел – Төлеген елімен Ақ Жайыкты жайлайтын Қыз Жібек, Бекежанның елдерінің арасы саудагерге жұз
күндік жер дейді.

Міне, мұнын бәрі де тарихқа, шындыққа үйлесетін жайт...
«Қыз Жібек» жыры «Қозы Көрпеш – Баян» жырынан көрі, сол
өз заманындағы байлар түрмисын толығырақ суреттейді.

«Қозы Көрпеш – Баян» жырында, билер дәуіріндегі ұstem
сана Қозы Көрпешке тумай «атастырган» «қалындығын» іздетеді.
Карабай бұзған «салт занын» Қозы Көрпешке күшпен орында-
тырады. Баян сұлуды салт занына берік қылады. Карабай бұзған
салт занын, салт «намысын» күшпен орындаушы Қозы Көрпеш-
ке Баян сұлуды құмар қылады.

Сейтіп, билер дәуіріндегі ұstem сана: «Міне, жігіт болсан
Қозы Көрпештей бол!.. Қыз болсан, Баян сұлудай бол!..» дейді.

Ал «Қыз Жібек» жырында, билер дәуіріндегі ұstem сана, салт
 заны бойынша, жұрттан асқан байлыққа сатып алатын сұлу
 іздетеді. Жұрттан асқан байлықпен Төлегенге ханның қызын ал-
 ғызады. Ханның қызы болғанда, – жұрт асқан сұлу, жұрт асқан
 пан, кербез қызын алғызады. Бойына ешкімді тен көрмей жүрген
 ханның қызы Жібек сұлуға да байлығы, салтанаты жұрттан ас-
 қан Төлегенді үнатқызады. Сейтіп, билер дәуіріндегі ұstem сана:
 «... Міне, жігіт болсан, Төлегендей бол!.. Қыз болсан, Жібектей
 бол!» дейді.

Билер дәуіріндегі ұstem сана солай деп бір қояды да, Төлеген
 өлгендे, мактаулы Жібекті салт занына, құлдық занына басын

байлаған «қайратты» қыз қылады. Айттырған жігіті өлген сон, «салт заңы» бойынша, Қыз Жібек өзін сол өлген жігіттің еліне, ағайынына, туысқанына тиісті, мұлік-мұра, «әменгер» санаған болады. Билер дәуіріндегі үстем сана Қыз Жібекті Төлегеннің туысына, оның елінің жігіттеріне сырттан «құмар», сырттан «ғашық» қылады. Іздеп келген Сансызбайдың «етегіне» жабыстырады...

Және сол билер дәуіріндегі үстем сана, Қыз Жібекті «айттырып» өлген Төлегеннің інісі Сансызбайды – салт «намысын», салт заңын жоктаушы, «әменгерлік» заңын күшпен орындаушы байдын мықты, қайратты «батыр» баласы қылады.

Сөйтіп тағы да: «... Міні, жігіт болсан, Сансызбайдай бол... Қыз болсан, Жібектей бол!..» деген корытынды шығарады.

Міні, билер дәуіріндегі үстем таптың үстем сана жемістерінің бір алуаны осы.

«Қыз Жібек» жырында да, Төлеген мен Қыз Жібекті үйлестіріп косатын, Сырлыбай ханға Төлегенді күйеу қылатын, Сырлыбай ханға қалмақ ханы қыр көрсеткенде араға жүретін – Сырлыбай ханның уәзірі Қаршыға жыршы. Онсон Сансызбайды Қыз Жібекке алып келіп косатын да Шеге жыршы.

Бұл екеуі де жаугершіліктен шола кездегі байлардың «Бізден басқа кім бар» деп «дәуірлеген» тұсындағы, хандардың, байлардың сөздеріне «ие» болып, байларға «ат ұлтан» болып жүрген уак билер...

«Қыз Жібек» жыры, өзінше, түр жағынан қарағанда, шебер жазылған деуге болады. Әрине, жырдың түр жағының кемдіктері де бар. Кемдіктерінің бірі, адамды «сұлу» деп мактап сипаттағанда, сол «сұлу» деген адамның «қандай сұлу», несі сұлу екендігін толькайта алмайды. Тек «тамаша сұлу еді» дейді. Онсон «сұлу» деп сипаттаған адамдарының жаратылыстарын, денелерін, мінездерін сипаттап – «сұлу» демейді. Қобінесе байлығын, пандығын, кербездігін, киімдерінің қымбат нөрседен істелген екенін айтып, тұрмандарының, аттарының, сырғаларының, шашпау, шолпыларының қымбат бағалы екенін айтып – «сұлу» дейді.

Оған, әлгі, көшкен Шектінің «сұлу» қыздарын сипаттаған жырлары да мысал болады.

...Он қыз нөкер касында,
Алтын шашпау шашында,
Кырық нарга жұқ арттырған,

Қамқа зерлі кілемді
Жұқ үстінے жаптырган.
Қазыналы қырық нарға,
Жібектен аркан тарттырган.
Әсемдіктің бөрін де
Бул жаһанин арттырган.
Дүрие бешпен белсеніп,
Бул дүниенің кең салып,
Алтынды камшы колға алып,
Бұралып кетіп барады
Жын соккандай теңселіп...

Міні, Төлегеннің есін кетірген «сұлудың» бірі осы.

«Алтынды қамшы», «дүрие бешпен», «алтынды шашпау», «жібек аркан», «камқа зерлі кілемді қырық нарға арткан қазына» — бұл қызды «сұлу» дейді. Қыз Жібекті де «сұлу» деп сипаттағанда, осындай жарқылдақ тана-моншактарын, асыл тастарын, алтын-гауһарларын, кербездігін, пандығын, байлығын мактай, «сұлу» дейді:

...Қыз Жібектің күрметі, —
Жаһанин аскан сәулеті. —
Ләйлі—Мәжінүн болмаса, —
Өзгеден аскан келбеті.
Үш кызы бар касында,
Өзі он төрт жасында.
Кебісінің өкшесі, —
Бұхардың гауһар тасында
Алтын шашпау шашында... —

дейді.

Төлегеннің «артықтығын» айтып мактағанда, тек жұрттан артық байлығын айтады. «Сексен жігіт қосшы алды, он бес жігіт басшы алды, 250 жорға ат алды...» — деп мактайды:

...Төлеген Ақ Жайыққа жүрмек болды.
Тәнірінің жазған ісін көрмек болды.
Басшы болып сол елді тапқан жаңға,
Жұз жамбы сүйіншіге бермек болды.
Жаратты бір кара көк тұлпар атты,
Өзі жорға жануар құс канатты.
Тұрманының барлығын алтындағы,
Күміспен төрт аяғын тағалатты.
Шамширак тас орнатты жүген ерге,
Басшы, қосшы, жұз жігіт алды бірге.

Тогыз нарга алтын мен күміс артып,
Бес жігіт алды тағы қызметкерге,
Ерлерге жәрдем болсын бір құдайы,
Қырық түйе болды азық кант пен шайы.
Азық-тұлік әммесін даярлап ап,
Жөнелді туғанинан сон, наурыз айы...

Солай, байлығын дәріппет келеді де:

...Айдың өткен пешесі,
Лай караңғы кешесі.
Падышадан кем емес,
Ер Төлеген мүшесі!.. –

дейді.

Сұлулықты, жаксылықты байлықпен өлшеп, байлықпен бағалау, – жалпы байлар табының дәуірлеп түрган кезіндегі әдебиеттерінің белгілі бір «түрсіз» жайты. Бұл дәуірлеп түрган кезіндегі байлар әдебиеттің белгілі түрі... және белгілі мазмұны... Міні, мазмұн жағын былай койғанда, түр ретінде, жалпы осындай кемшіліктегі болмаса, «Қызы Жібек» жыры – өзінше шебер жазылған нәрсе деуге болады. Мысалы, Төлеген мен Қаршыға құймелі арбадағы Жібекті қызып келе жатқандағы көк жорға атпен сыйыртып келе жаткан Төлегенді былай суреттейді:

...Тұлпардан туган көк жорға ат
Ор кояндай секірді.
Каршығамсөн ілесіп,
Атка қылды өкімді...
Алмас қылыш сартылдап,
Алтынды жүген жарқылдап,
Көк жорға тұлпар қырланды –
Екі көзі жалтылдап,
Өміллірік – сом алтын –
Омырауда алқылдап,
Дүбірлейді кара жер,
Көк жорға ат басса солқылдап.
Үршыктай саны сымбылдаң,
Кояндай жоны бұлтылдап,
Алмас қылыш белінде,
Колында наиза қылтылдап,
Терт түяктан шықкан от,
Шакпак тастай жылтылдап,
Құлак салсаң дыбысы –
Тау сүйндай сынқылдап,

Колтығынан аккан тер,
Тебінгіден сылқылдан...
Шамның жаңған шырағы,
Жердің болмас жырағы.
Жеті қырдан асканда,
Сынғырлаған конърауды,
Естіді сонда күлағы.
Нелер келіп, не кептес,
Ер жігіттің басына,
Коңырау дауысы келген сон,
Көк жорға атты ағызып,
Жетіп бір келді касына...

Онсоң отауда отырған Төлегенге Қыз Жібектің келуін былай жырлайды:

...Кісі бойы кереует,
Алтын тактың ұстінен,
Кояндай карғып түседі.
Ақ мандайы жарқылдан,
Танадай көзі жалтылдан,
Жүйрік аттай ойқастап,
Құнан койдай бой тастап,
Қалмайын деп үялып,
Жан-жагын қарап байқастап,
Кер марадай керіліп,
Сары майдай еріліп,
Төнірі берген екі аяқ,
Бір басуга ерініп,
Үйден шыкты Қыз Жібек,
Көрінген көзге дүниенің
Бәршәсінен жерініп...
Ауыл алды бел еді.
Белден көшкен ел еді.
Аткан октай жылысып,
Ор кояндай ығысып,
Қылан етіп, қылт етіп,
Сылан етіп, сылт етіп,
Мықындары былқылдан,
Тау суындағы сынқылдан,
Сүмбіледей жылтылдан,
Айдынды туған Қыз Жібек,
Отауга карай жөнелі...

«Қыз Жібек» жырының жалпы сарын, күйі – жаугершілік дәуірінің сарын, күйіндей, екпінді, жүйткіген сарын, күйімен айтылған.

ТҮЙІН

Жалпы «білер дәуіріне» балаған ескі ел әдебиетінің нұсқаларын осы «Кыз Жібек» әңгімесімен бітіріп, бұл дәуірдің әдебиеті туралы айтылып келген сөздердің акырғы түйінін осымен түйдік...

ЖАЛҒАС ӘҢГІМЕ

Енді бұл жалпы «білер дәуіріне» балаған ескіліктегі ел әдебиеті туралы айтылған сөздерден кейінгі, жалғас айтылатын сөздеріміз – қазак атанған елдің акырында болса да, шаруашылық түріне өзгеріс кіріп, хандық құрылышы, билер дәуірі іріпшіріп, қазак атаулы ел орыс патшасына бағынған дәуірде шықкан әдебиет нұсқалары туралы болады.

Оны бір бөлек, 2-ші кітап қыламыз...

*Алматы.
8-наурыз. 1931 жыл*

СӨЗ СОҢЫ ОРНЫНА

Коммунист партиясы мен кенес үкіметінің ұлт саясатын дұрыс жүргізу жөнінде ұлken ірі мәселенің бірі тіл мәселесі.

Байтақ еңбекшілер бұкарасы, жұмысшылар табы кенес жұмысын, газет-журналын, колөнер, ғылым, әдебиетін өз ұлты тілінде, ұлттық түрпіттә жүргізбеген күнде ұлт үшін алдымен мектеп оқуы окушының ана тілінде болмаған күнде ұлт мәселесі дұрыс шешілмейді.

Кенес үкіметі бұрынғы «бұратана» ұлттарға автономия беріп, әр ұлттың тағдырын сол ұлттың жұмысшылары мен байтақ еңбекшілер бұкарасының колына беруімен катар бұл ұлттар ішінде мындаған политехникалық еңбек мектептерін ашып, окуды окушының ана тілінде жүргізіп отыр.

Бұл коммунистік шараның көрнекті нәтижесі, іс жүзіндегі көрінісі. Кенестер одағы құншығысындағы жұз пайыз хат танымайтын «бұратана» еңбекшілердің бұрынғыдан аса сауаттанып, әр ұлттың еңбекшілері әлденеше мындаған тұракты газет-журналдарды өз тілдерінде шығарып оқып отыргандығы; газет-журнал оқып саясаттың, ғылымының, шаруашылық білім алып партияның басшылары мен шаруашылығын, тұрмысын, салт-санасын бүтіндей өзгертіп социализмнің данғыл жолына түсіп отыргандығы.

Коммунист партиясының ұлт саясатын Маркс-Ленин жолымен дұрыс шешү арқасында патша Ресейдің отары, жарты отары болған кенес құншығысын «бұратана» ұлттары, олардың бірі қазак халқы, сырт пішіні, түрі ұлттық, ішкі манызы пролетариаттық мәдениет орнатып отыр, орнатып ұлгергелі отыр.

Бұл ұлы тілекті социализм орнату тілегін аяқтаудың ірі құралдарының бірі болған мектеп сабағын окушының тілінде жүргізу жұмысында дегенмен кемшиліктеріміз жоқ емес. Кемшиліктеріміз көп. Олардың бастыларының бірі – әр ұлттың өз тілінде басылып шықкан, Маркс-Ленин жолына дәл келетін оку құралдарының, кітаптарының жеткілік-сіздігі, жазаласан жоктығы. Бар еді, жеткілікті еді деп бұған ешкім талааспаса керек.

Қырағы коммунистер партиясы, пролетариат жұртшылығы бұл кемшілікті мезгілінде шешіп, есептеп, тиісті шара колданып отыр. Коммунистер партиясының қазақстандық өлкелік комитеті бұл күнге дейін Қазақстан ұлттары тілдерінде басылып шықкан кітаптарды сапа жағынан, Маркс-Ленин жолына дәл келуі жөнінен тексеріп түзеуге, жанжагынан тексеріп, кемін тез толтыруға деректив беріп отыр.

Бұл күнге дейін болмаған, аса керекті кітаптардың бірі қазак әдебиеті тарихы. Қазақша жазылып, басылып шықканша орысша кітаптарды пайдалана тұратын пәндер де бар. Мәселен: есеп, химия, физика. Ал қазак әдебиетін қазақ тілінен басқа тілде оқытып болмайды. Кітап жоқ деп оқытпай коюға тағы болмайды. Сондықтан қазак әдебиеті тарихы ең керек кітаптың бірі болулы.

Енді бұл аса керекті кітаптың жазылып, басылып шығуы жағына келдік. Октябрь төнкерісіне дейін бізде қазақ әдебиеті, тасқа басылып шықкан қазақ әдебиеті болмаған. Басылып шықкан әдебиет байлар табының әдебиеті болған. Байтак енбекшілер бұқарасының әдебиеті сол енбекшілердің өздерімен бірге кой баккан салак койшының, кен казған жұмышшының, су тасып, күл шығарған малай-батырактың ауыздағын шығып, жеммен бірге көшіп, ол қаранды жактағы оліктей сұлаған сар даланы кезіп жүрген.

Тендік нұрын шашкан қызыл күн туғаннан кейін енбекшілер жұртшылығы бұл «ұшарын жел, конарын сай білген» әдебиетті жиыстыруға, тұракты етуге, тап тартысының құралы етуге кіріскен: жас ақындардың шығармалары, олендері, көркем әнгімелері газет-журналға басыла бастаған. Ал ана өткен кара құндердің жазылып кеткен әдебиет жинактарын жинастырып жұмырлап шығару онай жұмыс болмаулы.

Бұл жұмыстың өте киын болғанының басты себебі қазак елінің жазба тарихының жоқ болғандығы. Тарих жоқ болғасын ауыздан ауызға, буыннан буынға көшіп, кирап, бұзылып жамалып, тотығып жүрген әдебиет жұрнактарын жұмырлап Маркс-Ленин жолымен құрау онай болып па? Қай олен мен кай шығарманың кай дауірде, кай жағдайда шыкканын, қандай әлеуметтік, жіктік, таптық құйді көрсеткенін бірден біле кою онай болып па?

Міне, сол жоқ тарих әлі жоқ. Әдебиет тарихын құрастыру жөніндегі сол қыншылық әлі күнге калыбы бұзылмай карап тұр.

Ұлы құрылыштың, социалистік құрылыштың бір тарауы мәдениет жұмысы мұндай кемшілікке, жеткіліксіздікке қарап күтіп тұрмак па? Жоқты жүре тауып, «көшті жүре түзеп» ілгері баса берген. Қазақстанда жалпы міндетті бастауыш оқу жүргізілді. Саятсыздықты жою жұмысы ұлы қарқынға тұсті, орта дәрежелі мектептер көбейді, жоғары дәрежелі мектептер ашылды. Бастап педагогика институты ашылды. Бұл институтқа қазақ әдебиетін оқыту керек болды. Бұрынғы бастауыш, орта дәрежелі мектептердегідей қазақ әдебиетін ауызша оқыту жоғары дәрежелі мектепте мүмкін болмады. Институтта қазақ әдебиетін оқытушы

Сейфолла ұлы Сәкен жолдас бұл қыншылыкты шеккеннен қазак әдебиеті туралы кітап жазуға кіріскең.

Бұл «Қазак әдебиеті» сол Сәкеннің жазып шығарған кітабы.

Сәкен басты ақындарымыздың бірі, шығармалар, өлең жазуға аса үста. Бірақ ақын тарихшы бола бермейді. Қайта ақын қебіне тарихқа шорқақ келеді. Сол тарихқа шорқақ, ыстық қанды ақындардың бірі Сәкен болса да ғажап емес. Дегенмен жоктық қысып, амалсыздан Сәкен тарихшы болған.

Бұлай бола тұрса да бұл кітапқа Сәкен үлкен енбек сінірген. Бұл қүнге дейін сирек ұшырайтын ауыз әдебиет жұрнактарын тауып алып кітабына кіргізген. Бастаң аяқ кітаптың ұзын бойына тап жолын тұтынған. Эрбір өлеңнің таптық жігін аша отырган. Кітаптың басында қазак халқының тарихы туралы бірқатар мәліметтер келтіріп, қазак әдебиетінің жұрнактарын дәүір-дәүірге жіктең, тарихпен байланыстырып отырган.

Мұның үстіне бұл кітаптың тағы бір ерекшелігі бар. Ол мынау: Сәкен қазак тарихын, қазак ауыз әдебиетін зерттеу барысында қазак атаңып отырган түрік-монгол руладының бір кезде Ноғай ханының карашылары болып, сол ханының атымен «ноғайлы» деп атағанын анықтаған. Сәкеннің бұл табысы жалғыз қазак ішінде емес, бүкіл түрік-монгол елдері арасында талас, айтыс көтеретін табыс. Бұл табыс – бүкіл жер жүзін қазактан өрген етіп, бүкіл түрік-монгол елдерін қазактан «енші алып шықкан» етіп, қазакты «дүниенін кіндігі» етіп көрсетуі тар мандай үлтшылдардың да – қазак елінің озіндік ауыз әдебиеті жоқ, мaldanyp жүргендерінің барлығы жаттікі, ногайдікі деуші мәселені саяз тексерген бір беткей европалық ғалымдардың да індеріне су жібереді. Біздін Сәкеннің бұл табысын ғылымдық табыс дәрежесіне жеткізе бағалап отыргандарымыздың себебі – біріншіден, келтірген дәлелдерінің салмақтылығы болса, екіншіден, бұл кітапты оқып шықкан тарихшы профессор Асфандиярұлы Санжар жолдастың кітапты дұрыс жазылды деп таныған беделді пікірі.

Бұл кітап сыйнан етіп, «сымға тартқан күмістей» жұмырланып шықкан «әдебиет тарихы» емес, әлінше марксшілдік талдау көрген, Маркс-Ленин жолына дәлдестірілген, затышы диалектика әдісімен жиналған қазак әдебиеті тарихының материалдары. Қөп үміт, аз қанағатқа ұшырап қалмасын деп оқушыға мұны баса ескертеміз. Дегенмен кітап қазак әдебиеті тарихына құрал бола алады. Кітап байтак оқытушылар, оқушылар бұқарасының сыйнан етіп талқыра түскеннен кейін келесі қайта басылуарында «әдебиет тарихы» болып шығады деп сенеміз. Оның үстіне әдебиет тарихын жазуға үлкен жәрдемші болатын қазак тарихы да кешікпей шығады рой.

Бұл Сәкеннің қазак әдебиеті туралы бірінші кітабы. Екінші кітабы жазба әдебиет туралы болады. Қазактың жазба әдебиетіне, әсіресе төңкерістен кейінгі әдебиетіне Сәкен жетік азаматтарымыздың бірі. Оның үстіне Сәкеннің «Тар жол тайғақ кешу» деген кітабы тегінде төнке-

рістен кейінгі казак әдебиетінің көмескі түрде болса да желісі екендігіне дау жок. Сондыктан кітаптың екінші томы бұдан да ғері көркемірек болып шығады деп сенеміз.

Сөз сонында оқушыға бұл кітаптың техникасындағы бірнеше кемшілік болып қорінетін мінездерін көрсетіп отеміз:

Жазушының бір әнгімені әлденеше жерде қайталап айтып отырып-ғандыбы бар. Бұл жазушының нақты сипаттаймын деген тілегінен шыккан құбылыс. Бұл туралы кітап жұмырланып шыккан әдебиет тарихы емес деп біз жоғарыда айтканбыз. Әдебиет тарихының материалы болғасын мұндай қайталап айтулар болып тұрады.

Екінші, Сәкен жаратылысты, тұрмысты суреттеген жерлерінде мазмұндарын ақындық, қанатты сөздермен сөйлеп; жал-құйрығын ұшырып, желбіретіп, жындандырып келеді де, жәй әнгіме жерлерінде аяң-бұлкілге түседі. Мұнысы ескі Мәскеу қаласындағы аласа жер-қыстаулармен катар 7 — 8 катар биік үйлердің тұрганы сиякты болып қорінеді. Мұның себебін де ақынға тарихшы болу кейде киындау соғады деп біз жоғарыда ескерткенбіз. Бұл кемшілік те кітаптың қайта басылуында туゼледі.

Бұл кітапты барлық мектептерде әдебиет сабагында колданып, сынап, кемдігін көрсетіп екінші басылуында мінсіз етіп шыгару байтак оқытушылар жұртшылығының міндеті.

Жолдыбай ұлы M.
Алматы қаласы,
1931 жыл, 22-қараша

ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

1964 жылы Сәкен шығармаларының алты томдығын шығарғанда соңғы сөзді жазу маған тапсырылып, 6 томда осы күйінде жарияланып еді. Мен сол енбекіме титтей де кол тиғізбей кайтадан жариялауды орынды көріп отырмын.

«Қазақ әдебиеті. I-кітап. Билер дәүірінің әдебиеті» яғни Сәкеншепел орысшағанда «Казахская художественная литература. I-ая книга. Литература феодального периода» окулығын алғаш 1964 жылы жариялану хикаясын баяндап берсем, екі коянды бір окпен атып аламыз. Біріншіден, қыскартулар жайымен танысадыздар, екіншіден, соңғы сөз бұрынғысынан да толыса түсіп, ғылыми принциптің жүзеге аскандығынан хабардар боласыздар.

«Қазақ әдебиеті» деген жоғары оқу орнының студенттеріне арналған тұнғыш окулықты совет дәүірінде шығару көп киындыққа түсіп еді. Оған ҚКП Орталық Комитеті мен Лито араласты.

Шығарушылар алқасы: Д.Әбілев, М.Базарбаев, Т.Жароков, И.Жарылғапов, Т.Қекішев, С.Мұқанов, Ә.Тәжібаев, Е.Ысмайлов, томның редакторлары Аскар Лекеров, Айтбай Хангелдин катысқан даулы да сұсты мәжіліс өткізілді. Әсіресе Т.Жароков, М.Базарбаев пен Аскар Лекеровтер ел-жүрт құлактанып калған соң мұның бетінен каулы іліккен Едіге, Шоралар, бүгінгі күннің талабына кайшы келетін ой-пікірлер сыйлынып, сзызылып тастауға тиіс деген ойларын литодан горі үрейлене айтты. Әдеби мұраны жариялаудың ғылыми шарттары сакталсын деген пікірге «басымыз да, партбилетіміз де біреу» дегендер болды. Тіпті «бұл енбекті шығармай-ақ кояйық, кейін академиялық басылым болған кезде бір жөні болар» дегенге ойыса бастағанда Сәбит Мұқанов сөз алған-ды.

— Эрине, коммунистік партияның каулы-каарларын бұлжытпай орындауга тиіспіз. Бұған мен косыламын. Ал сонау 1944 жылғы Едіге жайлы каулының бізге тікелей катысы жок. Татардың «Едігесі» мен «Қазактың Едігесінде» үлкен айырма бар. Бұларды «Едіге» атына бола күйдіре беруге болмас.

Былай істейік. Сәкеннің биыл 70 жылдық тойына бұл кітапты шығарайық. Өйткені қазақ тарихынан көп мәлімет береді. Ол елге керек. Бұл бір. Екінші, жүрексініп отырындар фой. Ал мұраны орынсыз жұлмалай беруге аруақ құдайдың өзі карсы, сондыктан «Сәбиттің осы маекен

көрген құқайы» дегенді мәтелге айналдырып алдындар ғой, тағы да бір рет Сәкен үшін отқа түсіп көреін. Мен бұған қатырып алғы сөз жазып берейін. Лито да ... қысар, — деп тығырыктан шығарып жіберген еді. Сәбен 5 – 6 қүннен кейін «Казак әдебиетінде жана эра» деген алғы сөзінде «мына енбек қазактың әдебиеттану ылымына алғашқы тартылған сүрлеу» деп алады да кобірек дау тудырған мәселеге, әсіреке «Сәкен казак тарихына біраз шолу жасаған. Колденен қараған кісіге бұл шолу нақ осы кітапқа қажет емес сиякты. Расында олай емес. Сәкен бұл кітабын жазған шакта казак тарихы жүйеге койылмаған, казак тарихында марксистік енбектер әлі жасалмаған кез. Сәкен бұл кіріспе тарауды жазбаса, толғағалы отырған әдебиет мұралары да тольық түсінікті болмас еді. Кіріспе тарау кітаптың кейінгі әдебиеттік мол жағын ашып беретін кілт рөлін аткарып тұр» деп тарихи шолуға жасалған шабуылдың бетін кайырса, Едіге, Шораларға байланысты қысыр ойларды Сәкен жеке адамнан өрбіген қаһарға ұшырамағанда бүтінгі күн ынғайымен түзетер еді. Өйткені «бұл кітап қәзіргі үрпакқа да, болашак үрпакқа да пайдалы шығарма. Сондықтан да бұл кітап азгантайғанда қажетті қысқартумен өзгеріссіз басылып отыр» деп пысықтап жату идеологиялық теперіштің күшті болғанын ангартса керек.

Солай бола тұрса да бұл кітапты «ішкі литоларымыз» аяды деп айта алмаймын. Осы көп томдыққа кайтадан дайындалғанда қасқыр қаламдардың талай ізін көріп, алғашқы калпына түсіру талай бейнетке кезіктірді. Олардың не екенін жол-жонекей корсетіп отырамыз.

Терминнің калыптаспауына байланысты «Билер дәуірінің әдебиеті» деген косымша атаву талайларды шошындырған болатын. Ал кітаптың «Сейфуллин С. Казахская художественная литература. I-ая книга. Литература феодального периода» дегеніне ешкім назар аудармады.

Қазактың оқыған момын азamatтарының бірі Молдағали Жолдыбаев жазған «Сөз басы орнына» деген алғы сөзді алып калды. «Молдағали алашордалықтан сау емес шығар» деген коркыныш үрейлендіріп алған еді. Енді оны «Сөз соны орнына» деген тақырыппен орналастыруды орынды тауып отырмыз.

«Казак тарихынан қысқаша мағлұмат» деген тарауда талай «қасқыр тартқан», яғни алынып калған сөздер, сойлемдер көп. Соның бірі – «Едіге батыр өлген соң және Едігемен жауласқан» деген тіркесті, «Казактың белгілі шежіреші Шәкәрім Құдайбердіұлының айтуыша» деген сиякты құдікті атауларды, кісі аттарын арам бездей сылып тастан отырған.

Асан кайғы, әсіреке Мұрат ақынның Еділ мен Жайыкты орыстар алды деген ой, олек кездессе қысқартып тастан беріпті.

«Еділ менен Жайыктың
Бірін жазға жайласып,
Бірін қыста қыстасаң

деген шумактардың саяси мәні бүгінгілерді бұлдіреді деп есептеліпті. Мұндай шумактар едәуір, солардың бәрін қалпына келтіруге тура келді.

Баспа литоларының қаһарына көбірек ұшыраған «Екінші бөлім», яғни «Ертедегі жырлы әңгімелер, яки ногайлы дәуірінен калған әдебиет нұскалары» болды. Басқа мәтіннен Едіге, Шоралардың аты өшірілсе, енді оларға арналған беттер, талдаулар, тараулар алынып қалды.

Ногайлы заманында жырланған эпостарды әңгімелдеуді Сәкен ылғи Едігеден бастап отырады. Мәселен сонын дәлелі ретінде «Онан соң Едіге батырдың жырын алып қарайық» деген тарихи шұрайлы, оқушыға айрықша кажетті дерегі мол, әсіресе Едіге мен Токтамыс карым-қатынасын әңгімелейтін талдауды алып қалған. Сондай қысқартуға Шора батыр да ұшыраған.

Ал осы бөлімнің ең негізгі «Батырлар әңгімесі» деген бірінші тарауында ең алдымен әңгіме болатын «Едігенін» қысқаша мазмұны және «Едіге батырдың әңгімесі туралы» деген ең сүбелі талдаулары, бесінші кезекте «Нәрік ұзы Шора батыр әңгімесінің қысқаша мазмұны» деген түсіндірмелері алынып қалып, «советтік түсінікке» зиянын тигізбегенімен, казак тарихындағы атакты батырлар бұл жалғанда болмағандай күй кешкен. Бүгінгі ұрпактың өз тарихын шындалп білмейуіне, білем деуішлердің осы құні шатастыра берулеріне осылай «жагдай» жасалған болатын.

Тұнғыш окулықтың, яғни қазак фольклористикасының негізіне каланып, құні бүгінге шейін ғылыми квалификациясы колданып, қазак әдебиеттану ғылымын өркендестуге әлі де улесін қосып келе жатқан мәнді енбекті мүмкін қадірінше алғашқы басылымы денгейінде беріп отырмыз. Қазақ КСР ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты бұрынғы алты томдықтан 1986 – 1988 жылдары Сәкен шығармаларының бес томдығын шығарғанда осы «Қазақ әдебиеті. I кітап. Билер дәүірінің әдебиеті» атты ғылыми зерттеу мұқты окулықты кайтып шығаруға дәттері дауаламапты. Сол басылымның редакциялық коллегиясының сырттай белгіленген мүшесі болған уақытта бұл мәселе жөнінде «не істей лайык» деген әңгіме болды дегенді естімен едім.

Әдеби-ғылыми мұраны каз-қалпында бүрмаламай, жұлмаламай қалып оқушыға жеткізуге рухани азаттығымыз, тәні тәуелсіздігіміз мүмкіндік беріп отырган заманды әрқашан онтайлы да ойлы пайдалануға не жетсін.

Тұрсынбек КӘКШҰЛЫ,
профессор

МАЗМҰНЫ

Сәбит Мұқанов. Қазақ әдебиетінде жаңа эра	5
Сөз басы	10
Казақ тарихынан қысқаша мағлұмат	12
Казақ атанған руладың ескіліктері түрмис күйі, санасы, тіл өнері туралы қысқаша шолу	51
I. Басынан кешірген дәуірлері	—
II. Жүрген жерлері	52
III. Шаруашылығы, түрмисы	53
IV. Батыры	54
V. Биі	55
VI. Діні	57
VII. Үстем табы	60
VIII. Әдебиеті	61
IX. Әдебиет негізі	63
Ауыз әдебиеті және оның дәуірлері	65
Билер дәуірінен калған әдебиет нұскалары	66
Бірінші бөлім	68
I. Ертектер	69
Түье, арыстан, касқыр, тұлқі, бөдене	75
Тұлқі, койши, аю	77
Тоғыз Тонқылдақ, бір Шіңқілдек	79
Шық бермес Шығайбай мен Алдар Қосе	82
Алдар Қосе мен Тазша койши	84
Алдар Қосе мен егінші	85
Хан мен өтірікші тазша бала	—
Ертектегі заттардың қысқаша мәндері	87
II. Салт өлен-жырлары	92
Тойбастар	—
Жар-жар	94
Сынсыма	105
Жұбату мен үгіт	—
Беташар	108

Бесік жыры	122
Коштасу мен осиет жырлары	125
Естірту, көніл айту	132
Естірту нұсқалары	133
Көніл айту	137
Жоктау	138
III. Ескіліктегі дін салтынан туған өлең-жырлар, тақпактар	148
Ескіліктегі мейрам тақырыпты айтылған өлең-жырлар	151
Баксының жырлары	153
Шақыру, арбау, байлау жырлары	165
Бәдік	171
Жарапазан	176
IV. Мал туралы, «қадірлі» жануарлар туралы әңгіме, өлең, қүй, жырлары	182
Бес түлік майдың иелері туралы	184
Түрлі майдың касиет, мінез, мүше, түстері туралы	192
Қасиетті ақку құс туралы	208
V. Жастық ойын-күлкі өлең, тақпактары	226
Айтыс өлендері	235
Жұмбак айтысу	237
Жаңылтпаш	243
Балалар ойыны	244
VI. Билер сөздері	252
Екінші бөлім	284
Ертедегі жырлы әңгімелер, яки ногайлы дәуірінен калған әдебиет нұсқалары	—
«Ногай» атымен калған азғана, көгентүп елдің тілі мен казак атанған елдің тілі және ескі өл әдебиеті	314
I. Батырлар әңгімесі	326
Ескіліктен калған әңгімелердегі көп кездесетін үйреншікті ауысқақ сөздер, ауысқақ тақырып, ауысқақ жайттар ..	375
II. Ертедегі жырлы әңгімелер	380
Түйін	405
Жалғас әңгіме	—
Сөз соны орнына	406
Халық қазынасы	410

Кітапты шығаруға жауапты —
«Қазығұрт» баспасының директоры
Теміргали КӨПБАЕВ

СӘКЕН (САДУАҚАС) СЕЙФУЛЛИН
Көп томдық шыгармалар жинағы

Жетінші том

Оқу құралы

Редакторлары
Ұлан Оспанбай,
Әсия Орынбаева

Суретшісі
Нұран Айымбет

Техникалық редакторы

Гүлмира Ақажанова

Терген
Гаянәр Отарбаева

Беттеген
Ниязбай Оразымбетов

531т.

Терүгө 16.03.07. жіберілді. Басуға 05.06.07. көл қойылды.
Калыбы 84x108 1/1. Оффсеттік басылым. Карш түрі Таймс.
Шартты баспа табагы 21,84. Есенті баспа табагы 24,0.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 920.

«Казығұрт» баспасының компьютег орталығында теріліп, беттелді.

«Казығұрт» баспасы, 050057, Алматы қаласы,

Гагарин даңғылы 186 «А» үй, 4-оффис.

Телефон (факс): 275-18-18

e-mail: kazygurt@list.ru

<http://www.kazygurt.kz>


Тапсырыс берушінің файлдарынан

Казакстан Республикасы «Атамұра корпорациясы»

ЖШС-нің Полиграфкомбинатында басылды.

050002, Алматы қаласы, М.Макатаев көшесі, 41

ISBN 9965-22-208-8



9 789965 222085